

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Абай атындағы ҚАЗҰПУ
Психология институты

НАМАЗБАЕВА Ж.И.

ЖАЛПЫ ПСИХОЛОГИЯ
(жоғары оқу орындарына арналған оқулық)

Алматы, 2006ж.

Намазбаева Ж.И. Жалпы психология: Оқулық. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Психология институты, 2006. – 249б.

Пікір жазғандар:

психология ғылымдарының докторы Хамза Б.М.,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жампеисова К.К.

Бұл оқулық 7 бөлімнен тұрады. Қазақ тіліндегі «Жалпы психология» оқулығында алғаш рет келесі жаңа бөлімдер енгізілген: жалпы психологияға кіріспе, психиканың физиологиялық негіздері, шетел психологиясының жалпы сипаттамасы, тұлға және іс-әрекет, топ және ұжымдағы топаралық қатынастар. Сонымен қатар, оқулықта Қазақстан ғалымдарының психологиялық зерттеу нәтижелерінің кейбір материалдары орын тапты.

Абай атындағы Қаз ҰПУ-дың ОӘБ шығаруға ұсынған

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің **Психология институты** 2006

Автордан

Психологияның қажеттілігі, адам туралы маңызды ғылыми пән екендігі мәлім. Бірақ, өкінішке орай осы уақытқа дейін, біздің елімізде психологиялық ғылым мен тәжірибе өз орнын әлі таппады. Басқа, елдерде ол маңызды ғылыми салалардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанда ғылыми психологиялық кадрларды даярлау – ең өзекті, ауқымды мәселе. Осы мәселенің туындауы, біздің елімізде алғаш рет Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде **Психология институтінің** ашылуына мүмкіндік туғызды. Себебі, бұл Қазақстан бойынша Мемлекеттік жоғары оқу орнында алғашқы ашылған институт.

Психология саласындағы негізгі және қолданбалы зерттеулерді жетілдірумен қатар Психология институтына әртүрлі мамандықтардағы психологтарын, яғни әскери психология, заң психологиясы, практикалық психология, басқару психологиясын даярлау ұсынылды. Осы оқу орнына екінші мамандықты алу үшін түсуге болады.

Бұл кездейсоқ жағдай емес. Егеменді еліміздің қарқынды даму барысында мұндай кадрларды даярлауға Абай атындағы ҚазҰПУ-дің психология саласындағы қызметкерлері аса қуанышты. Әрине, бұл университеттің ректоры академик Т.С.Садыков және оның қызметкерлері әр қашанда егеменді еліміздің белсенді психологиялық тұрғыдағы ғылыми тәжірибесі әлемге танымал болуына өз үлестерін қосты.

Кадрларды сапалы тұрғыда даярлауын жүзеге асыру үшін, оларды оқу-әдістемелік құрал-жабдықтарымен қамтамсыз ету қажет. Осыған байланысты бірінші кезекте, мемлекеттік тілімізде “Жалпы психология” атты осы оқулық даярланды.

Жалпы психология фундаменталдық пән болып табылады, оның негізінде психологияның әртүрлі тармақтарын сипаттайтын түрлі психологиялық пәндерді оқытылу жалғасады.

Оқулық психологиялық, психологиялық-педагогикалық бөлімдерінің студенттеріне, магистранттарына, аспиранттарына, оқытушыларға және психологияға деген қызығушылығы бар адамдарға арналған.

Осы оқулықтың жазылуы мен даярлауына көмегін тигізген аса қадірлі әріптестеріме, яғни Ж.К.Ибраимоваға, Г.Т.Бекмуратоваға, Т. Ш.Исабековаға өзімнің алғысымды білдіремін.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЖАЛПЫ ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Жалпы психология пәні

Адам - көптеген ғалымдардың зерттеу пәні болып келеді. Адамзаттың өзінің тарихын, шығу тегін, тілдері мен салт-дәстүрлерін тануында психология ғылымы ерекше орын алады. Ежелгі ойшылдар адам үшін басқа адамнан артық қызық объекті болмайтынын қателеспей айтқан. Психологияның зерттеу пәнінің негізіне, адам болмысының табиғаты, психикалық құбылыстары, үрдістері, қасиеттері кіреді. Адам дамуының заңдылықтары және оның ерекшеліктері туралы ғылыми ілімдердің жүйесі жалпы қоғамның дамуы үшін қажет. Бірақ, адам жеке өзіндік арнайы мәселелері бар әртүрлі ғылымдардың амалдары арқылы кешенді зерттеулердің объектісі болып саналады. Гуманитарлық ғылымдар әлеуметтік үрдістерді зерттеген кезде психологиялық факторларды ескеру қажеттілігі туындайды. Бірақ әрбір ғылым өз пәнінің ерекшеліктерімен айрықшаланады. С.Л. Рубинштейн /1/ “Жалпы психология негіздері” еңбегінде (1940) былай деп жазды: “Психология зерттейтін құбылыстардың арнайы шеңбері анық әрі айқын көрінеді. Бұған біздің өміріміздің ішкі мазмұнын құрайтын және бізге тікелей тән уайымдар сияқты сезімдер, ойлар, ұмтылыстар, тілектер, ниеттер, қабылдаулар және т.б. жатады...”. Психиканың алғашқы сипаттамалық ерекшелігі – жеке адамда тікелей өзіндік уайымдарының болуы – тікелей сезімнің негізінде ғана білініп, басқа ешқандай тәсілдермен қабылданбайды. Жаратылыстың әсемдігі қалай әдемі әрі жарық сипатталса да зағип (соқыр) оны білмейді, ал саңырау оның үнінің саздылығын тікелей қабылдаусыз сезбейді, өз басынан сүйіспеншілікті өткермеген адамға бұл сезімнің барлық ерекшелігін, шығармашылығының ләззатын және күрестің күшеюін, басқаша айтқанда, адам тек өзі ғана басынан кеше алатынды ешқандай психологиялық трактат алмастыра алмайды.

Психологияның ерекшеліктерін, ежелден, адам ақылы тысқары құбылыстар ретінде қабылдап келе жатқандықтан, оларды ғылыми тұрғыдан анықтау қиындыққа соқтырады. Шынайы бір заттың қабылдануы заттың өзінен түбегейлі айырмашылықта болатыны айдан анық. Тәннен жанды бөлек, ерекше нәрсе түрінде қабылдауды мысал ретінде келтіруге болады. Адамдар мен жануарлардың өлетінін, адамның түс көретінін ежелгі адамдар да білген. Осыған байланысты адам екі бөліктен тұрады деген сенім пайда болған: сезілетін тәннен және сезілмейтін жаннан; адамның тірі кезінде жаны тәнінде болады, ал жан тәннен ажырағанда – адам өледі. Адам ұйқыда жатқанда жаны басқа жерге уақытша орын ауыстырады. Осылайша, психикалық үрдістер, ерекшеліктер, күйлер ғылыми талдаудың пәні болмас

бұрын, адамдардың бірі-бірі жайлы психологиялық қарапайым ілімдер жинақталған.

Адамның психика туралы нақтылы көзқарасын оның жеке өмір тәжірибесі қалыптастырады. Қоғамдық және жеке тәжірибелерден алынған психологиялық қарапайым мәліметтер, бірлесіп еңбек ету үрдісінде, бірлесіп өмір сүру кезінде басқа адамның әрекеттері мен қылықтарына дұрыс жауап қайтаруға қажетті шарттар болып саналатын, ғылымға дейінгі психологиялық ілімдерді құрайды. Бұл ілімдер қоршаған адамдардың мінез-құлықтарына бағыт-бағдар беруіге дұрыс ықпал етуі мүмкін. Алайда олар дәлелсіз, тереңдетілмеген жүйесіз болып табылады. Біз оларды тек өз тәжірибеміз арқылы ғана емес, сонымен қатар көркем әдебиет, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыздар, мысалдар арқылы меңгереміз. Міне, осылар қазіргі заманғы психологияның барлық психологиялық теориялары мен салаларының бастаулары болып саналады.

Ғылым ретінде психология нені сипаттайды? Оның ғылыми ілімдеріне не кіреді? Бұл сұраққа жауап беру ойлағандай оңай емес. Бұл сауалға жауап беру үшін ғылыми психология тарихының әрбір даму кезеңіндегі психологиядағы ғылыми ілімнің мағынасы туралы көзқарастың қалайша өзгеретініне үңілу қажет. Психология көне әрі жас ғылым. Оның мыңжылдық өткені бола тұрса да, келешегі де зор. Оның жеке ғылыми пән ретінде тарлауына жүз жылға жетер-жетпес уақыт болды, бірақ басты мәселесі, философия пайда болғаннан бері, философиялық ой ретінде кездеседі.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында, белгілі психолог Г.Эббингауз /2/ психологияның тарихы қысқа, ал тарих алдындағы кезеңдері ұзақ, - деп психология туралы қысқа да нұсқа айтты. Бұл жерде, тарих ретінде, философиядан бөлініп табиғи ғылымдарға жақындау және жеке эксперименттік әдістерді ұйымдастыру кезеңі, - деп аталған психиканы зерттеудің кезеңі айтылған. Бұл XIX ғасырдың соңғы ширегінде болды, бірақ психологияның қайнар бұлағы ғасырлар қойнауында жатыр.

Пәннің атауы ежелгі грек тілінен аударғанда, психология (*псюхе*-“жан”, *логос*-“ілім”) жан туралы ілім дегенді білдіреді. Кең таралған көзқарастар бойынша, алғашқы психологиялық түсініктер діни нанымдармен байланысты болды. Шындығында, ғылымның ақиқатты тарихы көрсеткендей, ежелгі грек философтарының ертедегі көзқарастары адамның алғашқы білімімен тығыз байланыста болатын практикалық таным үрдісінде пайда болады және жаратылысты – жалпы, жанды – жеке, - деп санайтын мифологиялық нанымдары бар дінге қарсы туып келе жатқан ғылыми ой күресі барысында дамиды. Жанды зерттеу және түсіндіру – психология пәнінің қалыптасуының алғашқы кезеңі болып табылады. Сонымен, психология алғашында жан туралы ғылым ретінде анықталды. Алайда жан дегеніміз не деген сұраққа жауап беру оңай болмады. Әр түрлі тарихи кезеңдердегі ғалымдар бұл сөзге әр түрлі мазмұн берді. Психиканың мәніне деген ғылыми көзқарастардың қалыптасуы және дамуы әрқашанда философияның негізгі мәселесінің

шешіміне – материя мен сананың, рухани және материалдық субстанциялардың ара қатынасына – байланысты болған.

Дәл осы мәселе төңірегінде бір-біріне диаматериялы қарсы екі философиялық бағыттар пайда болды: идеалистік және материалистік. Идеалистік философия өкілдері психиканы материядан тыс, жеке болатын, бірінші болатын құбылыс ретінде қарастырады. Материалдық түсінік психиканы материядан туындайтын, екінші құбылыс түрінде көрсетеді.

Идеалистік философия өкілдері материядан тәуелсіз ерекше рухани бастаудың бар екендігін мойындайды, олар психикалық әрекетті материалдық, тумайтын әрі өлмейтін жан түрінде қарастырады. Ал барлық материалдық заттар мен үрдістерді сезімдер мен түсініктер ретінде немесе қандайда бір “абсолютті рух”, “жаратылыстық ерік”, “идеялар” сияқты жұмбақ құбылыстар ретінде қарастырады. Адамдар психикалық құбылыстарды ерекше, тылсым күштердің – адам туған кезде тәніне еніп, ал өлгенде ұшып кететін жан мен рухтың - әрекеттері, - деп тәннің құрылысы мен қызметі туралы қате көзқараста болған кезде идеализм пайда болды. Алғашқыда жан әр түрлі ағзаларда болатын жіңішке ерекше дене немесе тіршілік иесі деп түсіндірілді. Дін пайда болған кезде, жан тәннің өзіндік көшірмесі, адамды тастап кеткеннен соң мәңгі өмір сүретін қандай да бір “басқа дүниемен” байланыста болатын, денесіз және өлмейтін рухани тіршілік иесі ретінде ұғыныла бастады. Осының негізінде идея, рух, сана-бірінші, барлық тіршіліктің қайнар бұлағы, ал табиғат, материя – екінші, идеядан, санадан, рухтан туындайды, - деп тұжырымдайтын философияның әртүрлі идеалистік жүйелері пайда болды.

Психиканы адамның рухани өмірінің көрінісі және ол барлық материалдық табиғат бағынатын заңдарға бағынбайды, - деп қарастырған идеалистік философия, адам психикасын түсінудегі материалдық көзқарасты көптеген ғасырларға ығыстырды. Жан туралы көзқарастар қандайда болмасын метаморфозаларды бастан өткерсе де, жанды өмірдің қозғаушы көзі деген тұжырым тұрақты болып қалды. Тек XVII ғасырда ғана Рене Декарт психологиялық ілімдердің дамуының жаңа кезеңін бастады /2/. Ол тек ішкі ағзалардың жұмысы ғана емес, сонымен қатар ағзаның әрекеті – оның басқа сыртқы денелермен әрекеттестігі – де жанды қажет етпейді дегенді көрсетті. Оның идеялары психология ғылымының кейінгі тағдырына ерекше ықпал етті. Декарт бір мезгілде екі ұғымды енгізді: сана және рефлекс. Алайда ол өз ілімінде кенеттен жан мен тәнді қарама-қайшы қояды. Ол өзара тәуелсіз екі субстанцияның – материя мен рухтың – бар екендігін айтады. Сондықтан психология тарихындағы бұл ілім “дуализм” (латын тілінен dualis – “қосалқы”) деген атаққа ие болды. Дуалистердің көзқарасы бойынша психикалық құбылыстар мидың өнімі мен қызметі емес, мидан тыс әрі одан тәуелсіз өздігінен болады, - деп санайды. Философиядағы бұл бағыт объективтік идеализм деген атқа ие болды.

Дуалистік ілімдердің негізінде ХІХ ғасырдағы психологияда психофизикалық параллелизм (яғни психикалық және физикалық құбылыстар қатарлас - өзара тәуелсіз, бірақ бірге – деп тұжырымдайтын) деген идеалистік теория кеңінен таралды. Психологиядағы бұл бағыттың басты өкілдері – Вундт, Эббингауз, Спенсер, Рибо, Бине, Джемс және басқалар /2,3/.

Шамамен, осы уақыттан бастап психология пәні туралы жаңа түсініктер пайда болады. Сезіну, ойлау, тілеу қабілеттерін сана деп атай бастады. Сонымен, психика санаға теңестірілді. Жан психологиясы орнына сана психологиясы келеді. Алайда, сана ұзақ уақыт бойы басқа табиғи үрдістерден оқшауланған ерекше құбылыс ретінде түсінілді. Философтар сананы құрайтын қарапайым “элементтері” бар, субъективті сезінудің нәтижесі немесе құдайдың ісі, - деп санай отырып, саналы өмір жайында әр түрлі тұжырымдарды айтты. Бірақ барлық идеалист-философтарды “психикалық өмір - өзін-өзі бақылау арқылы ғана танылатын және себебін түсіндіруге объективтік ғылыми талдаудың шамасы келмейтін субъективтік ерекше жаратылыстың көрінісі” деген ортақ пікір біріктірді. Мұндай түсінік кең таралды, ал көзқарас сананың интроспективтік ұғымы арқылы белгілі болды. Осы дәстүр бойынша психика санаға теңестіріледі. Осы ұғымның салдарынан сана өзімен-өзі шектелді. Бұл психиканы объективтік тұрмыстан және субъектінің өзінен түбегейлі алшақтауын білдірді.

Психологияның жеке ғылым ретінде қалыптасқан уақытынан басталатын дамуы, ХІХ ғасырдағы екінші жартысындағы әртүрлі мақсаттағы және зерттеудің әртүрлі әдістерін пайдаланатын өзара ауыспалы теориялардың үздіксіз күресіне ұштасты. Бірақ ХІХ ғасырдың соңындағы теориялардың барлығы және ХХ ғасырдың теорияларының бір бөлігі сананың интроспективтік психологиясының төңірегінде жасалды. Бұл теория психологиялық зерттеулер пәнінің шынайы қоршаған ортадан және адамдардың практикалық әрекеттерінен тыс қаралатын, адамға түсінікті уайымдар аумағының шектелеуімен сипатталады. Сана мен мидың ара қатынасы туралы мәселе дуализм ұстанымының басымшылығымен осы теориялар арқылы шешімін табады.

Сананың құрылымының, мазмұнының және белсенділік деңгейінің әр түрлі сипатталуы - интроспективтік психология шеңберіндегі теориялар арасындағы негізгі айырмашылық болып саналады. Ереже бойынша, сипаттамалардың біреуі жетекші ретінде айқындалды. Әдетте, осының негізінде сананың идеалистік психологиясының бес түрін атап көрсету қажет:

- сана элементтерінің теориясы, негізін салушылар В.Вундт және Э.Титченер, Вюрцбург психология мектебінің кейбіреуінің осыған қатысы бар;

- сана актілерінің психологиясы, Франц Brentanoның атымен байланысты;

- сана ағымының теориясы, Уильям Джемс жасаған;
- гештальтпсихология – ерекше аумақтар теориясы;
- Дителдің сипаттамалық психологиясы.

Қоршаған жаратылыспен белсенді әрекеттесетін нақты адамның орнына сананың қойылуы осы теориялардың ортақтығы болып табылады; шынайы адам осының ішіне еніп кетеді. Барлық іс-әрекеттер сананың белсенділігіне келіп тіреледі.

Осы кезде психологияда эксперименталдық әдіс бола тұрса да, психикаға ұғымдық емес, сипаттамалық көзқараспен қарау - барлық аталған теориялардың негізгі ерекшелігі болып саналады. Вундт /2,4/ 1879 жылы Лейпцигте алғашқы эксперименталды психологиялық лабораторияны ұйымдастырды. Сана психологиясында төмендегідей мағынадағы эксперимент жасалуы мүмкін. Зерттеуші нақтылы сыртқы жағдайларды жасай отырып, осы кездегі үрдістер ағымын бақылайды. Алайда, адамның өзін-өзі, жеке ішкі күйлерін, сезімдерін, ойларын бақылауы түріндегі бұл бақылаулар интроспекция (“ішке үңілу”) әдісі деген атқа ие болып, арнайы сипатта болады. Мұндай бақылауда басты ғылыми талап – объективтілік – болмайды. Осының нәтижесінде ХХ ғасырдың басында, біріншіден, ғылыми объективтік білімнің дамуының сұрауларының салдарынан, және әлеуметтік-экономикалық талаптардың салдарынан, екіншіден, - интроспективтік психологияның дағдарысқа ұшырайтыны белгілі болды.

Адамның мінез-құлқын қадағалауға мүмкіндік беретін құралдарды жасауды талап етуші, капиталистік өндіріс әдісінің дамуына байланысты пайда болған, көптеген практикалық мәселелер алдында “сана психологиясы” әлсіз болды. Бұл ХХ ғасырдың екінші онжылдығындағы пайда болған психологияның жаңа бағытына әкелді. Бұл бағыттың өкілдері психологиялық ғылымның жаңа мағынасын жариялады. Оған психика да емес, сана да емес сырттан бақыланбайтын, адамның қозғаушы жауап қайтаруларының жиынтығы ретінде түсіндірілетін мінез-құлық енді. Бұл бағыт “бихевиоризм” (ағылшын тілінен behaviour-“мінез-құлық”) деген атқа ие болды. Бұл психология пәні жайлы көзқарастардың дамуының үшінші кезеңі еді. Бихевиоризм негізін салушы Дж.Уотсон /2,4/ қоршаған ортаға бейімделуші тіршілік иесінің мінез-құлқын зерттеуді психология міндеті,- деп білді. Бір онжылдық ішінде ғана бихевиоризм бүкіл әлемге таралды және психология ғылымының ең басты ықпал етуші бағыттарының біріне айналды.

Сонымен, психология алғашқыда – жан туралы ғылым, содан соң психология – жансыз ғылым, және соңында психология – санадан тыс ғылым. Психология пәнін осылайша түсіну келесі дағдарысқа тез алып келді. Расында, мінез-құлықты бақылай отырып, біз шындығында объективті фактілерді зерттейміз, бірақ мұндай объективтік алдамшы немесе біздің әрбір қылығымыздың, мінез-құлық актілеріміздің артында біздің ойымыз,

сезіміміз, тілектеріміз тұрады. Ойды, сезімді, ниетті білмей тұрып, мінез-құлықты білу мүмкін емес.

Психология пәнін түсінудегі дағдарыстардың себебі болып аталған теорияларды қалыптастырған философияның әдістемелік ұстанымдары саналады. Осылайша сана психологиясы тұрмыс пен сана арасындағы, объективтік пен субъективтік арасындағы қатынастардың негізгі мәселелерін идеализм принципі тұрғысынан шешті. Олар үшін материалдық пен психикалық арасында айырмашылық болмады. Осылай, жалған бастапқы философиялық принциптер психология пәнін айқындауға жол бермеді.

Осы тығырықтан диалектикалық материализм философиясы шығарды. Диалектикалық материализм барлық тіршіліктің бір ғана көзін – материяны - мойындайды, ал психиканы, ойлауды, сананы материядан туындайтын, екінші ретте қарастырады. Осылайша, философиялық материализм монистикалық ілім, материалистік монизм (грек тілінен: “монос” - жалғыз) болып табылады. Ол ғылым мен тәжірбиенің мәліметтеріне сүйене отырып, олардың дамуына байланысты өзінің қорытындыларын анықтай түседі және тереңдетеді.

Диалектикалық материализм көзқарасы бойынша материя бірінші болып саналады; психика, сана – бұл екінші, объективтік шындықтың мида бейнеленуі. Бұлайша материалдылық (шынайы заттар мен құбылыстар) пен идеалдылық (олардың сезімдер, ойлар және басқалар түрінде бейнеленуі) өзара қарама-қайшы болады. Егер ақиқаттың мидағы бейнеленуінің физиологиялық механизмін қарастырсақ, онда сезімдер, ойлар, түйсінулер және т.б. мидың – материалдық мүшенің – қызметі, сыртқы тітіркену қуатының сана айғағына айналуының нәтижесі болғандықтан, идеалдылық пен материалдылық айырмашылығы абсолюттік сипатта емес, салыстырмалы сипатта болады. Психика мен сана ми қызметінен бөлінбейді және де басқа ешқандай амалмен білінуі мүмкін емес.

Психиканы, сананы және материяны осылайша түсіну дүниенің материалдылығы туралы диалектикалық материализмнің бастапқы бабымен тұтастай келіседі. Дүниеде мәңгілік қозғалыста болатын және әр түрлі қасиеттері бар мәңгілік материядан басқа ешқандай бастау жоқ. Сонымен қатар, материя қозғалысы дегеніміз тек орын ауыстыру ғана емес, оның кез-келген өзгеріске ұшырауы. Бұған материяның дамуы да, оның жаңа қасиеттерінің пайда болуы да жатады.

Материяның дамуы дегеніміз оның төменгі түрлерінен жоғары түрлеріне өтуі, материя қозғалысының төменгі түрінен жоғары түріне өтуі. Алғашқыда тек қана органикалық емес материя, өлі табиғат болды. Материяның белгілі бір даму сатысында, оның ұзақ та көп жылғы эволюциясының нәтижесінде органикалық материя пайда болды, материя қозғалысының жаңа түрі, оның жаңа қасиеті - өмір пайда болды. Материя дамуының үрдісінде өсімдіктер, жануарлар және ақырында адам өзінің санасымен – материяның ең жоғары туындысымен пайда болды.

Кеңес психологиясына сүйенетін, диалектикалық материализм дәрежелерінің жүйесіндегі бейнелеу дәрежесі негізгі мағынаға ие болады. Дәл осы дәреже арқылы психиканың неғұрлым жалпы және маңызды сипаттамасы айқындалады: психикалық құбылыстар объективтік шындықтың әр түрлі формалар мен субъективтік деңгейлер түрінде бейнелеу ретінде қарастырылады. Психологиядағы бейнелеу теориясы тұжырымдамалар, түсініктемелер, фактілер лабиринтінде жол табуға, психология ғылымының пәнін анықтауға, зерттеудің әдістерін жасауға мүмкіндік беретін жалпы әдістемелік бағытының рөлін атқарады.

Органикалық материяның қасиеті ретіндегі психиканың сапалық ерекшелігін не құрайды?

Материя тұтасымен бейнелеу қасиетіне ие. Психика мидың қызметі, материяның қасиеті бола тұра, бейнелеудің ерекше түрі ретінде, психиканың дамуының шарты ретінде білінеді. Бейнелеудің арнайы түрі болып, психика, материяның даму үрдісі кезінде, оның қозғалысының бір түрінен басқа түріне ауыса отырып пайда болады. Биологиялық эволюция барысында заң жүзінде пайда болған психика оның маңызды факторы болып табылады. Бейнелеу ағзаның ортамен неғұрлым кең көлемді көптеген байланысқа түсуін қамтамасыз етеді.

Сырқы, физикалық өмірсіз ішкі психикалық өмір бола алмайды. Яғни өзінен тәуелсіз әрі тысқары объективтік шындықты психика, сана бейнелейді, бұл ұғынылған болмыс. Ақиқат болмаса, бейнелеу туралы айтудың мағынасы жоқ. Кез-келген психикалық акт – бұл шынайы шындықтың бөлшегі. Психиканың өзіндік ерекшелігі болып оның болмысының шынайы жағы да, оның бейнесі де болуы есептеледі.

Сонымен, психиканың қызметі шындықтық қасиеттері мен байланыстарын бейнелеуден және осы негізінде адамның әрекеті мен мінез-құлқын реттеуден құралады. Психикаға диалектикалық-материалдық көзқараспен қарау, психиканың шындықтан ажыратылған және оған ешқандай қатысы жоқ тұйық дүние емес екендігін көрсетеді.

Диалектикалық материализм принципінің тұрғысынан қарағанда психологиядағы ғылыми ілімнің пәнін не құрайды? Бұған алдымен, психикалық өмірдің нақты айғақтары жатады. Психикалық өмір айғағы ретінде есті, яғни адамның жеке тәжірибелерді жинақтау қабілеттілігін алайық. Бірақ психология ғылымы психологиялық айғақты сипаттаумен ғана шектелуі мүмкін емес – оны түсіндіру қажет, яғни осы айғақтар, осы құбылыстар бағынатын заңдылықтарды ашу керек. Теориялық және эксперименталдық зерттеулер дәл осы мақсатқа бағындырылған. Ғылыми таным құбылыстар арасындағы қайталанатын, маңызды, тұрақты, қажетті байланыстарды (қатынастарды) анықтаудан тұрады. Сонымен, ес қызметінің өз заңдылықтары болады. Естің көптеген түрлері болатыны белгілі. Мәселен, материалды қайталау есте сақтауға ықпал етеді, ал құрылымы жақсы жасалған материал, байланыссызға қарағанда, оңай әрі тез есте сақталады.

Психика заңдылықтарын анықтау, заңды деп санауға болатын байланыстар мен қатынастарды анықтау міндеті ғылымдағы күрделі міндеттердің қатарына жатады. Қатаң ғылыми көзқарас объективтік заңдылықты анықтауды ғана емес, оның әрекеттерінің саласын, сонымен бірге оның әрекет жасай алтын ғана жағдайларын табуды талап етеді. Сондықтан психологиялық айғақтармен бірге психологиялық заңдылықтар да психологиядағы зерттеудің тақырыбы болып саналады.

Бірақ заңды байланыстарды білу, заңдылықтарды айқындауға себепші болатын нақтылы механизмдерді өздігінен ашпайды. Психология міндетіне психологиялық айғақтар және заңдылықтармен қатар, психикалық әрекеттің механизмдерін орнықтыру да кіреді. Ал механизмдер осы немесе басқа психологиялық үрдісті жүзеге асыратын нақтылы анатомо-физиологиялық аппараттардың жұмысын қажет ететін болғандықтан, психология бұл механизмдердің табиғаты мен әрекетін басқа ғылымдармен бірге зерттейді. Мәселен, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді естің негізіне әртүрлі механизмдер жатаныны белгілі.

Психология ғылымын зерттеу нәтижелері бұл пәннің барлық салалары мен тармақтарын дамытып отырудың іргетасы болып есептеледі. Сондықтан бұл пәнді оқып меңгеруде мынандай негізгі екі бөлімін қарастырамыз:

- а) психикалық үрдістер; б) тұлғалық қасиеттер;
- а) психикалық үрдістер: түйсік, қабылдау, ойлау мен сөйлеу, қиял және елес, ес;
- б) тұлғаның қасиеттері: зейін, сезім және эмоция, ерік, темперамент, мінез, қабілет.

Сонымен, психология дегеніміз психиканың айғақтарын, заңдылықтарын және механизмдерін зерттейтін ғылым.

Жалпы психологияның міндеттері

Психология алдында тұрған теориялық және тәжірибелік міндеттердің көпшілігіне байланысты қазіргі уақыттағы психология ғылымы қарқынды даму үстінде. Психикалық әрекеттің даму барысындағы оның заңдылықтарын оқытып, үйрету психологияның негізгі міндеті болып табылады. Соңғы онжылдық көлемінде психологиялық зерттеулер шеңбері айтарлықтай кеңіп, жаңа ғылыми бағыттар мен пәндер пайда болды. Психология ғылымының ұғым аппараты өзгеріп, жаңа жорамалдар мен тұжырымдамалар үздіксіз пайда болып, психология жаңа эмпирикалық мәліметтермен толығуда. Б.Ф.Ломов /5/ “Психологияның әдіснамалық және теориялық мәселелері” деген еңбегінде қазіргі кезеңдегі ғылым жағдайын сипаттай отырып, қазіргі уақытта “психология ғылымының әдіснамалық мәселелерін және оның жалпы теориясын өңдеуге қажеттілік кенеттен артуда”, - деп айтты.

Психология зерттейтін құбылыстар аумағы өте кең. Ол күрделілік деңгейі әртүрлі - сезім мүшелеріне әсер ететін объектінің жеке түрлерінің қарапайым айырмашылығынан бастап тұлғаның мотивтік күресіне дейін болатын адамның күйлері мен қасиеттерін, үрдістерді қамтиды. Бұл құбылыстардың кейбіреулері жеткілікті зерттелген, ал басқаларын сипаттау қарапайым бақылауларды тіркеумен ғана шектеледі. Зерттелетін құбылыстар мен олардың байланыстарын жалпы және дерексіз сипаттау теория болады, - деп көпшілік санайтынын ерекше атап айтқан жөн. Алайда мұнымен теориялық жұмыс бітпейді, сондай-ақ бұған жиналған білімдерді салыстыру мен интеграциялау да, оларды жүйелеу де және т.б. кіреді. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты болып зерттелетін құбылыстардың мағынасын ашу саналады. Осыған байланысты әдіснамалық мәселелер пайда болады. Егер теориялық зерттеу айқындамаған әдістемелік принципке сүйенсе, онда теориялық білімнің эмпирикалықпен алмастырылуының қаупі туады.

Психикалық құбылыстардың мағынасын түсінудегі диалектикалық материализм дәрежесінің рөлі маңызды болады. Б.Ф.Ломовтың /5/ аталған еңбегінде психологиялық ғылымдардың негізгі дәрежелері анықталып, олардың жүйелік өзара байланысы, олардың әрқайсысының жалпыға ортақтығы, сондай-ақ, бір-біріне келтірілмейтіндігі көрсетілген. Психологияның төмендегідей негізгі дәрежелері бөлініп айтылған: бейнелеу дәрежесі, әрекет дәрежесі, тұлға дәрежесі, қарым-қатынас дәрежесі, - сондай-ақ жалпыламалық деңгейі бойынша дәрежеге теңелетін ұғымдар - бұл “әлеуметтік” және “биологиялық” ұғымдар. Адамның әлеуметтік және табиғи қасиеттерінің объективтік байланыстарын, әлеуметтік және биологиялық детерминанттарының даму барысындағы қатынасын анықтау ғылымның күрделі міндеттерінің бірін білдіреді.

Алдыңғы онжылдықтардағы психология пәнінің теориясы басым болғаны белгілі. Оның қазіргі уақыттағы қоғам өміріндегі рөлі қарқынды түрде өзгерген. Ол өнер кәсіптегі, мемлекеттік басқарудағы, медицинадағы, мәдениеттегі, спорттағы, білім беру жүйесіндегі және т.б. ерекше кәсіби практикалық әрекеттің аумағына айналуға бастады. Психологиялық ғылымды практикалық міндеттерді шешуге енгізу, оның теориясының даму жағдайларын да маңызды өзгеріске ұшыратады. Шешілуі психологиялық құзырды талап ететін, адам факторының рөлінің көтерілуімен анықталатын мәселелер қоғам өмірінің барлық салаларында әртүрлі түрде пайда болады. “Адам факторы”, - деп адамдардың нақтылы әрекеттерінен көрінетін адам бойындағы әлеуметтік-психологиялық, психологиялық және психофизиологиялық қасиеттердің кең шеңберін түсінуге болады. Бұл жерде біз психология алдына қоғамдық тәжірибе (олардың саны өте көп, өйткені адам бар жердің бәрінде шешілуі “адам факторын” қажет ететін мәселелер бар) қойып отырған барлық міндеттерді атап айтпаймыз, бала психикасының дамуын түсінудегі психологияның маңыздылығына қысқаша тоқталамыз. Халық ағарту жүйесінің барлық қатарларында (мектепке дейінгі білім беру,

орта, жалпы білім беру мектебі, арнайы орта білім беру, жоғары мектеп) психологияға тиісті мәселелер туады. Психикалық құбылыстардың жүйесін түгелдей дерлік тұлғаның қарапайым сезінулерінен бастап, психикалық қасиеттеріне дейін зерттеу олар бағынатын объективтік заңдылықтарды ашуға бағытталған. Бұл зерттеудің ғылыми негізін жасаудағы, қоғамдық мәселені шешудегі, оқу және тәрбие ұйымдарын жетілдірудегі маңызы зор.

Психология ғылымы шешетін қолданбалы мәселелердің рөлін қоғамның мойындауы білім беру мекемелерінде тармақталған психологиялық қызметті қалыптастыру идеясына әкелді. Қазіргі уақытта мұндай қызмет өзінің дайындалу, даму кезеңінен өтуде. Сонымен қатар, ғылым мен оның нәтижелерінің тәжірибеде қолданылуы арасындағы байланыстырушы қатар болады, - деп ойластырылуда.

Қазіргі кезеңдегі психология және оның ғылымдар жүйесіндегі орны мен салалары

Психологиялық мәліметтердің басқа ғылымдарда қолданылуы және керісінше, психология олардың нәтижелерін қаншалықты шамада қолдануға құзырлы екені, психологияның ғылымдар жүйесінде алатын орнына байланысты болады. Қандайда бір тарихи кезеңдегі ғылымдар жүйесіндегі психологияның алатын орны психологиялық білімдердің даму деңгейін өзінің жіктеу үлгісінің жалпы философиялық бағытын айқын көрсетті. Қоғамның рухани дамуының тарихындағы білімнің ешбір саласы, ғылымдар жүйесіндегі орнын, психология сияқты өзгерткен емес. Қазіргі кезде академик Б.М.Кедров /4/ ұсынған «сызықтық емес» жіктеу жалпыға ортақ болып саналады. Ол тақырыптары ұқсас ғылымдар арасындағы байланыстардың жобаларының көптігін көрсетеді. Ұсынылған үлгі - бұрыштары табиғи, әлеуметтік және философиялық ғылымдарды білдіретін үш бұрыш пішінді. Осылай орналастыру ғылымның осы әрбір негізгі топтарының әдісі мен пәнінің, қойылған міндетке байланысты үшбұрыштың бір бұрышына бағытталған, психология пәні мен әдісіне жақын екендігін көрсетеді.

Психологияның жалпы ғылыми білімдер жүйесіндегі негізі қызметінің мағынасы мынада: ғылыми білімнің басқа аумақтарындағы нәтижелерін белгілі бір қатынаста талдай отырып, Б.Ф.Ломовтың /5/ айтуы бойынша, зерттеуінің объектісі адам болатын, барлық ғылыми пәндердің интеграторы болып саналады. Белгілі психолог Б.Г.Ананьев /6/ психология адам туралы мәліметтерді нақты ғылыми білім деңгейінде талдауға ыңғайлы екенін көрсете отырып, бұл мәселені толығымен өңдеді.

Психологияның аталмыш ғылымдар үшбұрышымен байланысының сипатына толығырақ тоқталайық. Психологияның негізгі міндеті болып психикалық әрекеттердің даму барысындағы заңдылықтарды зерттеу саналады. Бұл заңдылықтар адам миындағы объективтік дүниенің

бейнеленуін, осыған байланысты оның қылықтары қалай реттелетінін, психикалық әрекет қалай дамитынын және тұлғаның психикалық қасиеттері қалай қалыптасатынын ашып көрсетеді. Психика объективтік шындықтың бейнеленуі екені белгілі, сондықтан психологиялық заңдылықтарды зерттеу, алдымен, психикалық құбылыстардың адамның өмірі мен іс-әрекетінің объективті жағдайларына байланысты болатынын білдіреді.

Сонымен бірге адамдардың кез-келген іс-әрекеті әрқашанда адам өмірінің объективтік жағдайларына ғана емес, сондай-ақ олардың субъективтік сәттерімен арақатынасына байланысты болады. Материалдық психология субъективтік және объективтік жағдайлардың әрекеттестігіне шынайы ғылыми негіз береді. Қандай күрделі болса да барлық психикалық құбылыстардың материалдық негізінің қызметін бас миы қабыршығындағы уақытша байланыстар жүйесі атқарады. Осы байланыстардың қалыптасуы және қызмет жасауы салдарынан психикалық құбылыстар адамның іс-әрекетіне ықпал етуі мүмкін – оның қылықтарын реттеп, бағыттайды, адамның объективтік шындықты қабылдауына ықпалын тигізеді.

Сонымен, психикалық құбылыстардың адам өмірі мен іс-әрекетінің объективтік жағдайларынан заңды тәуелділікте болатынын анықтай отырып, психология осы әсерлердің бейнеленуінің физиологиялық механизмдерін де ашуы керек. Психология физиологиямен, соның ішінде, жоғары жүйке әрекетінің физиологиясымен тығыз байланысын сақтауы қажет.

Физиология ағзаның қызметін жүзеге асыратын механизмдерін, ал жоғары жүйке әрекетінің физиологиясы ағзаның қоршаған ортамен “теңесуін” қамтамасыз ететін жүйке жүйесі жұмысының механизмдерін қарастырады. Осы үрдістегі қоздыру мен тежелудің негізіне жататын жүйке талшығының жұмыс істеу заңдылықтарының, жүйке жүйесінің әртүрлі “қабаттарының” және күрделі жүйке құрылымдарының атқаратын рөлдерін оңай байқауға болады. Талдау мен жинақтауды жасауға, жүйке байланыстарының түйісуіне себепші болатын бұл құрылымдар адамның психикалық әрекеттерінің негізгі түрлерін зерттеуші-психологқа, оларды қарапайым сипаттаумен ғана шектеліп қоймай, әрекеттің бұл күрделі түрлері қандай механизмдерге сүйенетінін, қандай аппараттар арқылы жүзеге асырылып, жүйелерде білінетінін көрсетуі үшін қажет. Бірақ психология ғылымының негіздерін меңгеру үшін физиологияны ғана білу жеткіліксіз болады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған, психологияның жеке ғылымға айналуына, оның табиғи біліммен бірлесуі себеп болды. Бұған психологияға эксперименттік әдістің (Г.Фехнер) енгізілуін де жатқызуға болады. Психологиялық ілімдердің табиғи-ғылыми теориясын рефлекторлық құрайды (И.М.Сеченов, И.П.Павлов, сондай-ақ ірі физиологтардың еңбектері: Л.А.Орбели, П.К.Анохин, К.М.Быков, Н.И.Красногорский, А.А.Ухтомский, Н.А.Бернштейн, И.С.Бериташвили) /1,2,6,7/. Қазіргі кезеңдегі психологияның негізгі мәселелерін өңдеуге Ч.Дарвиннің /7,10/

эволюциялық идеялары үлкен ықпал етті. Олар тіршілік иесінің ортаның ауыспалы жағдайға бейімделуі кезіндегі психиканың рөлін анықтауға, психикалық әрекеттің төменгі түрден жоғары түрге көтерілуінің мағынасын түсіндіруге мүмкіндік берді.

Психолог өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі айырмашылықтарды анық білуі керек. Енгізілетін біркелкі ортадағы біржасушалылардың тіршілігінен, ортадағы белсенділігіне өлшенбейтін жоғары талаптар қойылатын, жер үстінде тіршілік ететін көпжасушалылардың күрделі өміріне өтуі кезінде, тіршілігінде не өзгертін екенін анық білуі қажет. Жоғары омыртқалылар мен жәндіктер дүниесінің арасындағы айырмашылықты жете меңгеруі керек. Бейімделудің осындай жалпы биологиялық принциптерін білмей, жануарлардың мінез-құлқының ерекшеліктерін анық түсіну мүмкін емес, адамның психикалық әрекетінің күрделі түрлерін түсінуге тырысу өзінің биологиялық негізін жоғалтады. Психология ғылымының пәнін құрайтын айғақтарды биологиялық айғақтарға теңестіруге мүлдем болмайтынын естен шығармау керек.

Психологияның қоғамдық ғылымдармен байланыста болуы аса маңызды. Тарих, экономика, этнография, әлеуметтану, өнертану және т.б. қоғамдық ғылымдар оқытатын құбылыстар мен үрдістерді зерттеу, психологиялық мәселелердің пайда болуына әкеледі. Адамның жеке және топтағы мінез-құлқының механизмдерін білмей, мінез-құлқтың, әдеттің, әлеуметтік көзқарас пен бағыттың таптауырын қалыптасуының заңдылықтарын білмей, көңіл-күйді, сезімді, психологиялық климатты зерттемей, тұлғаның психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін, оның қабілеттерін, мотивтерін, мінезін, тұлғааралық қатынастарын және т.б. зерттемей, әлеуметтік құбылыстар мен үрдістерді толық ашып көрсету мүмкін емес. Қысқаша айтқанда: әлеуметтік үрдістерді зерттеу кезінде психологиялық факторларды ескеру қажеттігі туады. Психологиялық факторлар әлеуметтік үрдістерді өздігінен анықтамайды, керісінше, олардың өзі осы үрдістерді талдау кезінде ғана түсінікті болады. Адамның психикалық әрекетінің негізгі түрлері қоғамның тарихы барысында пайда болып, тарихта қалыптасқан заттық әрекеттер жағдайында жүзеге асырылады, еңбек ету барысында, құрал мен тілді пайдалану кезінде пайда болған амалдарға сүйенеді.

Айтылғаннан психологияның қоғамдық ғылымдармен байланыста болуының қаншалықты маңызды екенін көруге болады. Егер жануарлардың мінез-құлқының қалыптасуында биологиялық шарттар негізгі рөлді атқарса, адамның қалыптасуында осындай рөлге тарихи қоғамдық шарттар ие болады. Алдымен психикалық әрекеттердің адамға тән болатын түрлерін зерттейтін, қазіргі заманғы психология ғылымы, қоғамдық ғылымдардан қоғамның негізгі даму заңдарын біріктіретін тарихи материализмнен алынатын мәліметтерді есепке алмай бірде-бір қадам жасай алмайды. Адамның психикалық әрекетін қалыптастыратын қоғам жағдайларын тиянақты

қадағалау ғана психологияның берік ғылыми негізге ие болуына мүмкіндік береді.

Психология мен педагогиканың байланысына ерекше тоқталу керек. Бұл байланыс барлық кезде болатыны анық. К.Д.Ушинский /7,9/ былай деп айтқан: “Адамды жан-жақты тәрбиелеу үшін, оны жан-жақты зерттеу керек”. Психологияның тәжірибелік мағынасы осыдан анық көрінеді. Егер педагогика психологиялық құбылыстардың табиғаты жайлы білімге сүйенбесе, онда ол педагогикалық кеңестердің қарапайым жиынтығына айналып, мұғалімге көмек беретін шынайы ғылым болуын тоқтатады. Педагогика салаларының барлығының (жалпы теорияның, дидактиканың, жеке әдістемелердің, тәрбиелеу теориясының) дамуы кезінде, психологиялық зерттеуді қажет ететін мәселелер пайда болады. Психологиялық үрдістер қозғалысының, динамиканың, білімнің қалыптасуының, дағды мен икемділіктің, мотивтер мен қабілеттер табиғатының, адамның жалпы психикалық дамуының заңдылықтарын білу, білім берудің түрлі сатысындағы білімнің мазмұнын анықтау, білім мен тәрбие беру, неғұрлым нәтижелі әдістерді жасау және т. б. сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді шешу үшін маңызы зор.

Қазіргі заманғы оқушыға нені үйрету керек? Ғылымның мектеп үшін жинақтаған кең көлемді ақпараттарының ішінен нені, қалай алу керек? деген сауалдар бойынша болатын өткір талқылаулар тудырған мәселелер тобы жиналып қалды. Әртүрлі жас ерекшелік сатысындағы адам психикасы дамуының мүмкіншіліктері мен резервтері қандай екенін және олардың шегі қайда екенін психология анықтауы қажет.

Педагогика тәрбиелеу мәселесіне бағытталған кезде, психологияның қажеттілігі байқалады. Дамушы қоғамның талаптарына сәйкес тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеудің мақсаты болып табылады. Ал бұл мақсатқа жету тұлғаны қалыптастырудың заңдылықтарын зерттеуді қажет етеді: оның бағытын, қабілеттерін, қажеттіліктерін, дүниетанымын және т.б. Айтылғанның бәрі қазіргі заманғы психология ғылымдар түйісінде екенін білдіреді. Ол біріншіден, философиялық, екіншіден табиғи, үшіншіден әлеуметтік ғылымдар арасындағы аралық орынды алады.

Психология басқа ғылымдар байланыстарының барлығында өзінің мағынасын, өзінің теориялық принциптерін және өзінің осы мағынаны зерттеу әдістерін сақтайтынын естен шығармау керек. Білімнің ерекше саласы ретіндегі психологияда арнайы пәндердің бірқатары бірігеді (мәселен, психофизиология және әлеуметтік психология). Олар бір-біріне сай емес болып көрінсе де, ғылымның бір саласына жатады. Олардың ортақ міндеті – психикалық құбылыстарды зерттеу. Барлық арнайы психологиялық пәндердің бірігетін базасы болып, негізгі психологиялық мәселелерді эксперименттік және теориялық түрде өңдейтін, жалпы психология саналады. Психологиялық пәндер жүйесінің зерттейтін басты объектісі біреу. Бұл – адам, оның психикалық үрдістері, күйлері және қасиеттері.

Психологиялық білімнің даму ерекшеліктері психологияның басқа ғылымдармен байланыста болуына ғана тәуелді болмайды. Олар қоғамдық тәжірибе талаптарының күшеюіне де байланысты анықталады. Алғашқыда, психология, теориялысы басым пән болғаны белгілі, ал қазір ол өзінің танымдық рөлін сақтап отырып, өнер кәсіптегі, мемлекетті басқарудағы, білім беру жүйесіндегі, денсаулық сақтаудағы, мәдениеттегі, спорттағы және т.б. кәсіби практикалық іс-әрекеттің саласы болып қалыптасуда.

Сонымен, қазіргі кезеңдегі психология - қалыптасудың әртүрлі сатысында тұрған және тәжірибенің түрлі салаларымен байланысқан ғылыми пәндердің тармақталған жүйесін білдіреді. Әдетте, психология салаларын жіктеудің негізгі принципі деп әрекеттегі психиканың даму принципін айтады. Сондықтан психология салаларын жіктеудің негізі ретінде адамның іс-әрекетінің сан алуан түрлерін пайдаланады. Осының негізінде психологияның төмендегідей салалары бөлініп шығады:

Еңбек психологиясы адамның еңбек ету әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастырудың психологиялық аспектілерін зерттейді және психология ғылымының жеке салалары болып табылатын бірнеше бөлімдерден тұрады: инженерлік психологиясы, авиация психологиясы, ғарыш психологиясы.

Педагогикалық психология адамға білім және тәрбие берудің психологиялық заңдылықтарын зерттейді. Ол оқушылардың ақыл-ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз-шәкірт арасындағы өзара қарым-қатынастарыды реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады. Педагогикалық психология келесі реттегі тармақтарға бөлінеді: а) оқыту психологиясы – дидактиканың психологиялық негіздерін, оқыту мен білім берудің негізгі әдістемелік мәселелерін, балалардың ақыл-ойын қалыптастыру сияқты өзге де мәселелерін зерттейді; ә) тәрбие психологиясы – гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының, еңбекпен түзету педагогикасының психологиялық негіздеріне қатысты мәселелерді қарастырады.

Медициналық психология дәрігердің іс-әрекетінің және аурудың мінез-кұлқының аспектілерін зерттейді. Ол мынадай бөлімдерден тұрады: психикалық құбылыстардың мидың физиологиялық құрылымдарына қатынасын зерттейтін *нейропсихологиядан*; адамның психикалық әрекетіне дәрілердің әсер етуін зерттейтін *психофармакологиядан*; адамның денсаулығы мен оны нығайтуға арналған шараларды жүзеге асыру жүйесін, оның әдіс-тәсілдерін айқындайтын *психопрофилактика* және *гигиенадан*; адамның психикалық ауытқушылықтарын зерттейтін *патопсихологиядан*; психикалық ауытқушылықтары бар адамдардың өзіндік психикалық ерекшеліктерін зерттеп, психотерапевтикалық көмек көрсететін *клиникалық психологиядан*.

Заң психологиясы құқыққа қатысты мәселелерді реттеу және оларды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді. Бұл сала сот психологиясы, қылмыс психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы деп аталатын тармақтардан құралады. Сот психологиясы сот айыптаушылар, куәлар, сот тергеуін жүргізу, олардан жауап алу тәрізді т.б. жағдайлардың психологиялық астарларын қарастырады. Қылмыс психологиясы қылмыскердің жеке басы мен оның зиянды әрекеттерінің сырын ашады. Еңбекпен түзету психологиясы тұтқындағы адамдарды сендіру не күштеп істету арқылы қайта тәрбиелеудің жолдарын қарастырады. **Әскери психологиясы**, әскери әрекеттер кезіндегі адамның мінез-құлқын, басшылар мен олардың қарамағындағылар арасындағы қатынастардың психологиялық жақтарын, әскери азаматтардың отаншылдық қасиеттерін қалыптастыру, психологиялық насихаттың және кері насихаттың тәсілдерін және т.б. мәселелерді зерттейді.

Спорт психологиясы спортшылардың іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым-қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін, психологиялық даярлығын іздестіре келе, оларды жаттықтыру және күш-қаутын жинақтау деңгейін, жарыстарды ұйымдастыру, өткізу мәселелерінің психологиялық факторларын зерттейді. Әрбір ел мен халықтың спорт өнеріндегі ерекшеліктерін де ескере отырып, оларды жаттықтыру міндеттері анықталады.

Психология тармақтарын жіктеудің негізі ретінде дамудың психологиялық аспектілерін алуға болады. Бұл жағдайда даму принципі пайдаланылады. Енді психология саларының келесі қатарын қарастырамыз:

Даму психологиясы, әр адамның жасына байланысты психикалық заңдылықтарын, ерекшеліктерін, тұлғаның психологиялық қасиеттерін және әртүрлі психикалық үрдістердің онтогенезін зерттейді. Бұл сала келесі реттегі тармақтардан құралады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жасөспірім психологиясы, ересек адам психологиясы және геронтопсихология. Осы сала оқыту мен ақыл-ойдың дамуын және олардың өзара байланысы мен іргелі мәселелерін зерттеп, оқыту ісіндегі адамның ақыл-ойын, сана-сезімін жетілдірудің тиімді жолдарын түрлі әдістер арқылы өрістетуге болады деген мәселелерді қарастырады.

Арнайы психология. Бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына шалдыққандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әр қилы аурулардың себептерін қарастырады.

Арнайы психологияның мына тармақтары, атап айтқанда: *олигофренопсихология* – ми зақымы ауруымен туған адам психологиясының дамуын, *сурдопсихология* – саңырау не керең болып туған балалар психикасын, *тифлопсихология* – нашар көретіндер мен соқырлардың психологиялық дамуын зерттейді.

Салыстырмалы психология психиканың филогенетикалық түрлерін қарстырады. Мұнда адам мен хайуанаттар психикасын салыстыра отырып зерттейді. Олардың психикасындағы айырмашылықтары мен ерекшеліктері ажыратылады. Бұл саланың жануарлар психологиясын зерттейтін тармағы әрбір түр мен тектің, олардың тобындағы жан-жануар, жәндіктердің құлқын, әрқилы механизмдерін қарастырады. Мысалы: өрмекші, құмырсқа, ара, ит, құс, жылқы және маймылдың психикасы едәуір деңгейде зерттелген. Қазіргі кезде бұл тармаққа биология мен психологияның тоқайласқан жерінде *этиология* деп аталатын тармақ қосылып отыр. Бұл орайда, киттер сияқты дельфиндердің де қылықтары бақылауға алынып, хайуанаттар құлқындағы туа пайда болатын механизмдер зерттелуде.

Әлеуметтік психология адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерімен айналысады. Бұл сала адамдардың белгілі бір негізде ұйымдасқан топтары мен кездейсоқ топтары арасындағы өзара қарым-қатынастағы психологиялық құбылыстардың сырын зерттейді. Қазіргі кезеңде әлеуметтік психология қарқынды түрде дамуда. Әсіресе саяси, экономикалық қоғамның күрделі мәселелрі. Сонымен қатар, үлкен, ірі топтардағы психологиялық-әлеуметтік жағдайлары. Бұл мәселелердің құрамына жалпы бұқаралық байланыстар: радио, теледидар, баспасөз т.б. кіреді. Әртүрлі топқа жататын адамдарға осы құралдар арқылы алуан түрлі хабарлар, көпшілікке тән талғамдар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, иланулар мен сенімдер, қоғамдық көңіл-күйлер жайлы әсер етудің психологиялық астарлары жеткізіледі. Бұған топтық психологияға қатысты мәселелер, этностық және ұлттық психология сипаттары, дін психологиясының өзекті мәселелерін зерттеу де жатады. Шағын топтардағы психологиялық-әлеуметтік жағдайлары жайлы мәселелер. Мұнда оңашаланып тұрақталған топтардағы адамдардың бірігуі, олардың өзара қарым-қатынастарының сыры мен жағдайы, топ ішіндегі жетекшінің алатын орны, әр түрлі топтық типтер болып саналатын ассоциациялар, корпорациялар, ұжымдар, ресми және бейресми топтар арасындағы қатынастар, сол топтардың шеңбері, олардың бірігуінің себептері мен мақсат-мүдделері, шоғырлану деңгейі зерттеледі.

Қоғамдағы адамның қасиеті мен әлеуметтік-психологиялық орны. Азамат - әлеуметтік психологияның зерттеу объектісі. Осы ретте олардың жоғарыда аталған топтарда қандай рөл атқаратыны және соларға бейімделу ерекшеліктерін зерттейді. Сондай-ақ, қоғамдағы азаматтың өзін-өзі бағалай білуін, оның ұстамдылығы мен бағыт-бағдарын, ұжымшылдығы мен өзімшілдігін, тұрақтылығы мен болжампаздығын зерттеуге мән беріледі. Әлеуметтік психологияның тармақтары, яғни этностық психология, ұлт психологиясы және дін психологиясы әлеуметтік өмір тынысын жан-жақты қамтиды.

Басқару психологиясы адам әрекетін тиімді түрде ұйымдастыру, басшылық ету ретінде қарстырылып, ұйымдастырудың белгілі бір мақсатын шешуге бағытталады. Сонымен қатар, басқару ісінің әлеуметтік-психологиялық

мәселелерін шешу, басқарушы қызметтің және оған қойылатын талап-тілектерін ескеру, басшы қызметкердің тұлғалық қасиеті мен басқару тәсілін дұрыс жолға қою мәселелерін қарастырады.

Көркем, әдебиет пен ғылыми-шығармашылыққа қатысты психология. Соңғы кездерде зерттеле бастаған сала. Бұл салада шығармашылық адамның жасампаздық қызметі, өзіндік ерекшеліктері, белсенділігі айқын көрініп, ғылыми жаңалықтарды ашудағы ішкі түйсігі, сезімдік рөлі т.б. сипаттары зерттеледі. Бұл сала бойынша әсемдікті қабылдау және оның адам жан дүниесін байытуға ықпал ету факторлары туралы мәселелер қарастырылады. Психологиялық аспектілерді қазіргі замандағы маңызды мәселелер ішінен (бейбітшілікті сақтау үшін күрес, қоршаған ортаны қорғау, ғарашты меңгеру және т.б.); адамдардың күнделікті өміріндегі сауалдардан (тұлғалар арасындағы дау-дамайларды шешу, эмоционалдық күйден шығару және т.б.) байқауға болады. Бұл табиғи құбылыс, өйткені бұл мәселелер қалайда болмасын адамға қатысты, мұндай кезде бізді алдымен оның психикасы қызықтырады.

Жалпы психология салаларының ішінен ерекше орын алатынын айта кеткен жөн. Ол басқалармен бір қатарда тұратын психология ғылымының тармағы емес: бұл - психология айқындаған жалпы заңдылықтарды сипаттау кезінде қолданылатын ерекше атау. Психологияның тарихы мен әдістемелерінің, психикалық құбылыстардың пайда болуының, дамуының және байланысының жалпы заңдарын зерттейтін теориялары мен әдістерінің мәселелерін шешу жалпы психологияның міндеттеріне жатады. Ол танымдық және практикалық әрекеттерді зерттейді. Жалпы психология саласындағы зерттеудің нәтижесі – психология ғылымының барлық саласы мен бөлімдерінің дамуына негіз болады.

Жалпы психология, пәні психологияның жалпы теориялық ұстанымдары мен маңызды әдістері туралы ғылыми ұғым береді. Қарастыруға ыңғайлы болу үшін, бұл ұғымдар үш негізгі дәрежелерге біріктіріледі: психикалық үрдістер, психикалық күйлер және психикалық қасиеттер, немесе ерекшеліктер, тұлғалар.

Жалпы психологияның принциптері

Детерминизм принципі

Детерминизм, психика өмір сүру үлгісімен анықталып, өмір сүру үлгісі өзгерсе, ол да өзгереді дегенді білдіреді. Жануар психикасын табиғи сұрыптау, ал адам санасының дамуын қоғамдық даму заңдары, өндіріс әдісінің даму заңдары анықтайды.

Детерминизм психикалық құбылыстар және олардың мағынасы туралы сауалдармен байланысты. Психологиядағы детерминистік көзқарас диалектикалық-материалистік дүниетанымды меңгеру үрдісі кезінде дамыды.

XX ғасырдың басындағы философиялық күресте детерминизм мәселесі өзекті болды. Детерминистік көзқарас интроспективтік әдістемені және оған сай психологиялық зерттеу ұйымдардың ығыстырды. Өзін-өзі бақылаудың орнына объективтік әдіс ие болды. Объективтік әдіс – адамға не әсер ететінін анық білуге, осы әсерлерге сапалық және сандық сипаттама беруге, сыртқы реакцияларды, көрінетін мінез-құлықты тіркеуге, тітіркендіргіштерді салыстыруға мүмкіндік беретін психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру.

Детерминизм принципін жүзеге асырудағы басты кезең болып Выготскийдің тарихи-мәдени концепцияны жасауы саналады. Бұл концепцияның мағынасы мынада: психикалық үрдістердің табиғи механизмдері адамның онтогенетикалық дамуы барысында тарихи-қоғамдық факторлардың ықпалынан, адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасау барысында түрленеді.

Қоршаған ортамен ара-қатынастар кезінде сыртқы дүниені қабылдайтын және оған қарсы тұратын саналы жай адам ғана емес, сонымен қатар объективтік шындықты белсенді қабылдайтын және оны түрлендіретін, әрекетті адам болатыны туралы идея детерминизм ұстанымын жүзеге асырудағы екінші кезең болды. Психикалық құбылыстардың қалыптасуындағы іс-әрекет рөлінің мағынасын С.Л.Рубинштейн /1/, А.Н.Леонтьев /8/ және т.б. атап көрсеткен.

Детерминизм ұстанымы психологияның теориясы мен тәжірибесінде тағы бір мәселені – психикалық дамуды, оқытуды және тәрбиелеуді – жүзеге асырады.

Психикалық дамудың қозғаушы күштерін сипаттау үшін, детерминизмді кезекпен пайдалану үрдісі кезінде, психологтарды үнемі психика дамуындағы биологиялық пен әлеуметтіліктің ара-қатынасы, ішкі заңдылықтар мен сыртқы әсерлердің қатынасы, даму мен оқытудың ара-қатынасы және т.б. жайлы сауалдар қызықтырды.

Психологиядағы детерминистік көзқарасты жүзеге асыру жолдарының бірі болып психиканың ми әрекетіне қатынасының мәселесін шешу табылады. Детерминизм бұл кезеңде психикалық құбылыстарды түсінудегі физиологиялық заңдылықтарды қолдану түрінде көрінді.

Рубинштейн /1/ 50-жылдары бұл принциптің әдіснамалық ұстаным мағынасында болатынын атап көрсетті. Рубинштейн детерминизм принципін психикалық құбылыстардың табиғаты мен мәнін талдау үшін қолданды, ол оларды материалдық дүние құбылыстарының жалпы өзара байланыстарында қарастырады.

Іс-әрекет пен сана бірлігінің принципі

Сана мен әрекет ұғымдары – психология ғылымының негізгі дәрежелері. Бұл принцип 30-жылдары жүйелі түрде жасала бастады

(С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, Б.Г.Ананьев, Б.М.Теплов және т.б.) /1,6,7,13/.

Әрекеттің, мінез-құлықтың және сананың бірлігі туралы ережені алғаш рет Рубинштейн ұсынды. Ол былай деп жазды: “Әрекет пен сана – екі түрлі жаққа бағытталған аспектілер емес, олар теңдікті емес, бірлікті – органикалық біртұтастықты құрайды” /13/.

Бұл принцип маңызды әдістемелік мағынаға тез ие болды. Онда сананың іс-әрекетсіз және іс-әрекеттің санадан тыс болуы мүмкін еместігі атап айтылды. Осылайша сананы әрекет арқылы зерттеуге мүмкіншілік пайда болып, сана мен психиканы объективті зерттеуге жол ашылды. Сонымен, сана мен әрекет бірлігінің принципі психологияның барлық объективтік әдістерінің негізі болды.

Бұл принципті енгізу, әрекеттің құрамы мен құрылымын ашуда теориялық және әдіснамалық мәселелерді тудырды. Сана психологиясындағы “психика – бұл ішкі, ал әрекет – сыртқы” деген көзқарасқа тойтарыс беру керек болды. Шынында да психика, сана іштегі бір нәрсе емес, сондай-ақ әрекетті де, тек қана сыртқы деуге болмайды: ол сыртқы түрде болады, бірақ оның бұл түрі әрекетті біркелкі сипаттамайды. Жеке адамның барлық психикалық ерекшеліктері мен санасы әрекетте көрініп қана қоймай, сонда қалыптасады: тұлғаның психикалық қасиеттері – оның мінез-құлқының нәтижесі, әрі алғы оның шарттары. Бұл сана мен әрекеттің бірлігін білдіреді.

Рубинштейннің /1/ анықтамасы бойынша, әрекеттің өзі сыртқы мен ішкінің бірлігі болып табылады. Бұл кезде сана мен психика әрекеттің ішкі сипаттамалары болады, ал әрекеттің ерекшелігі – іштен бақыланатын мінез-құлық түрінде болуы – психиканың өзінің сипаттамасы ретінде қарастырылады. Сонымен, психолог психика туралы айта отырып, жеке құбылыстың ғана емес, сонымен қатар әрекеттің жақтарын немесе бөлінбейтін бөлігін меңзейді. Психика туралы айтқанда, әрі іштей, әрі сырттай сипатталатын біртұтас жүйе елестейді. Сана мен әрекет бірлігінің принципі ғалымдарға мінез-құлықты, іс-әрекетті зерттей отырып, әрекетті мақсатқа жеткізетін ішкі психологиялық механизмдерді анықтауға, яғни психиканың объективтік заңдылықтарын ашуға мүмкіндік береді.

Даму принципі

Дамудың дәрежесі, философия негізі бола тұрып, психология ғылымының ұғымдар жүйесінде де жетекші болып саналады. Даму идеясы психологияға Ч.Дарвиннің /11/ эволюциялық теориясының ықпалымен енді және баланың, ал кейінірек ересек адамның психологиясының қалыптасуына негіз болды. Рубинштейн былай деп жазды: “Психиканың дамуы біз үшін – зерттеудің тек қызықты саласы болып қана қоймай, сонымен қатар психологияның барлық мәселелерін зерттеудің әдісі немесе жалпы принципі

де болды. Енді барлық құбылыстардың заңдылықтары олардың дамуында, олардың қозғалуы және өзгеруі, пайда болуы және жойылуы үрдістерінде ғана танылады” /1/.

Психология үшін даму принципі ерекше маңызды, өйткені ол зерттейтін құбылыстар, Ломовтың /5/ айтуынша, “ерекше жоғары динамикалығымен” айрықшаланады. Психикалық құбылыс шынайы даму үрдісі кезінде пайда болып, өзгереді.

Жалпы психологияның әдістері

Ғылым – алдымен зерттеу болып табылады, сондықтан ғылымның пәнін анықтау, оның сипаттамасын жоққа шығармайды, оған оның әдістерін анықтау да енеді. Әдістер – ғылым пәнін таныстыратын тәсілдер. Психология – жеке әдістері немесе әдістемелері бар біртұтас жүйе. Ғылым әдістері заңдылықтарды ашады, бірақ олардың өздері ғылым пәнінің негізгі заңдылықтарына сүйенеді. Сондықтан ғылымның даму барысында оның әдістері дамып, түрленіп отырады.

Зерттеу әдісі әрқашанда қандай да бір әдістемені білдіреді. Ғылым, ғылыми психологиялық зерттеудің объективтілігіне жалпы талаптар қояды:

1. Психологиялық объективтік зерттеудің принципі, зерттеу пәнінің ерекшеліктеріне тәуелді болатын, әртүрлі әдістемелік амалдар арқылы жүзеге асырылады. Психика мен сана ішкі және сыртқы көріністерімен бірге зерттеледі.

2. Біздің психология психикалық пен физикалықтың теңдігін емес, бірлігін көрсетеді, сондықтан, кейде психологиялық үрдістердің физиологиялық талдауы физиологиялық зерттеуге енсе де, психологиялық зерттеу оған енбейді.

3. Біз психиканың материалдық негіздерінің оның органикалық негіздеріне теңелмейтінін байқадық, адамдардың ойының үлгісін олардың өмір үлгісі, адамдардың санасын – қоғамдық тәжірибе көрсетеді.

4. Психологиялық заңдылықтар даму үрдісі барысында ашылады. Дамуды зерттеу арнайы саласы ғана емес, сонымен қатар психологиялық зерттеудің арнайы әдісі болып табылады. Генетикалық принцип біздің әдістемеміздің негізгі принципі болады.

Психология, кез-келген ғылым сияқты, әр түрлі әдістердің біртұтас жүйесін қолданады. Психология әдістерінің төрт түрлі тобын атап көрсетейік:

1. Ұйымдастыру әдістері: салыстырмалы әдіс (жас ерекшелік, іс-әрекеті бойынша әртүрлі топтарды салыстыру); лонгитюдтік әдіс (бір адамдарды ұзақ уақыт бойы бірнеше қайтара зерттеу), кешендік әдіс (зерттеуге әр түрлі ғылым өкілдері қатынасады, бір объектіні әртүрлі амалдар арқылы зерттейді).

2. Эмпирикалық әдістер. Оған бақылау және өзін-өзі бақылау, эксперименттік әдістер (табиғи, қалыптастырушы, лабораториялық); психодиагностикалық әдістер (тестер, анкеталар, сауалнамалар, социометрия, әңгімелесу, сұхбат); іс-әрекет нәтижелерін талдау; биографиялық әдістер енеді.

3. Мәліметтерді өңдеу әдістері: сандық (статистикалық) және сапалық (материалдарды топтарға бөлу, талдау).

4. Коррекциялық әдістер: аутотренинг, топтағы тренинг, психотерапевтикалық әсер ету әдістері, оқыту.

Ұйымдастыру әдістері

Зерттеудің екі негізгі түрі арқылы психика дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтарын білуге болады: көлденең және бойлық (лонгитюдтік). Екеуінің де бірқатар ерекшеліктері мен кемшіліктері бар. Қазіргі лонгитюдтік зерттеулер баланың соматикалық және психикалық дамуын тіркеуді мақсат етеді.

Р.Готтшальдт егіздерге 20 жыл бойы лонгитюдтік психологиялық зерттеулер жасады. Конституциялық және әлеуметтік факторлардың әсерін зерттеу үшін, егіздер ыңғайлы модель болып табылады. Бұл мәселе егіздер әдісі деп аталатын, лонгитюдтік зерттеуді егіздерге қолдануды талап етті /4/.

Көлденең кескін әдісіне қарағанда, лонгитюдтік әдістің ерекшеліктері көбірек:

-лонгитюдтік зерттеу жекелеген жас кезеңдері бойынша мәліметтерді көлденең өңдеуге мүмкіндік береді;

-ол екі кезең арасындағы дамудың өзгеріс шамаларын айқынырақ көрсетуге мүмкіндік береді. Лонгитюдтік зерттеулер әрбір баланың дамуының жеке динамикасы мен құрылымын анықтайды;

-тек лонгитюдтік зерттеу ғана, дамушы тұлғаның жеке компоненттері арасындағы байланыстар мен қатынастарды талдауға, дамудың дағдарыс кезеңдерінің мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Лонгитюдтік зерттеудің басты кемшілігі: оларды ұйымдастыруға және жасауға көп уақыт қажет.

Психикалық дамуды көлденең немесе кескінді зерттеулердің мәні мынада: дамудың ерекшеліктері туралы қорытындылар, әр түрлі жастағы, әр түрлі даму деңгейіндегі, әр түрлі тұлғалық ерекшеліктері, клиникалық реакциялары және т.б. бар, салыстырмалы балалар топтарының бірдей сипаттамаларын зерттеулер негізінде жасалады. Бұл әдістің негізгі ерекшелігі: зерттеудің салыстырмалы жылдамдығы – қысқа уақыт ішінде нәтижелерге жету мүмкіндігі.

Алайда таза көлденең кескіндегі зерттеулер статикалық болып қалып, даму үрдісінің динамикасы, оның үздіксіздігі жайлы қорытындылар жасауға

мүмкіндік бермейді, ал осылайша алынған көптеген даму заңдылықтары жуық шамада ғана болады.

Салыстырмалық әдістің мәні: даму барысындағы жекелеген психологиялық актілер мен мінез-құлық механизмдерін қарастырып, басқа ағзадағы ұқсас құбылыстармен салыстыру. Бұл әдіс зоопсихология мен бала психологиясында кең таралған. Бұл әдіс “салыстырмалы генетикалық” деген атаққа ие болып, В.А.Вагнердің, Л.С.Выготскийдің психологиялық ілімдерінен ерекше орын алады. Выготский жоғары психикалық функциялардың тарихын зерттей отырып, салыстырмалы генетикалық әдісті жас шамасының психологиясы мен жалпы психология (әсіресе, тіл мен ойлауды зерттегенде) мәселелерін шешуде қолданды /4,9/.

Психологиядағы эмпирикалық әдістер

Психология жеке ғылым ретінде қалыптасқаннан бері психологияның эмпирикалық әдістерінің тобы негізгі болып саналады. Эмпирикалық әдіс өзіне бақылау және өзін-өзі бақылау, эксперименталдық әдістерін енгізеді.

Бақылаудың психологияда екі негізгі түрі болады: өзін-өзі бақылау немесе интроспекция және сыртқы, немесе объективтік бақылау. Дәстүрлі интроспекциялық психология өзін-өзі бақылауды психологиядағы жалғыз немесе негізгі әдіс деп есептеді. Бұл, психиканы өз-өзіне тұйықталаған ішкі әлемге айналдыратын жалпы принциптің зерттеу әдістерінде қолданылуымен байланысты болды.

Өзін-өзі бақылау арқылы өз психикасын тану, қалай да болмасын сыртқы әрекеттің бақылауы арқылы, жүзеге асырылады. Сонымен, өзін-өзі бақылауды психологиялық танымның негізгі немесе жалғыз әдісіне айналдыру орынсыз болып табылады. Психологиядағы бақылаудың объективтік әдістер арқылы жүргізілгені жөн.

Объективтік бақылау. Бақылау әдісінің қолданылуы ішкі мен сыртқының, объективтілік пен субъективтіліктің бірлігінен басталуы қажет. Бұл психологиядағы барлық объективтік әдістерінің ішіндегі ең қарапайымы және кең қолданылатыны. Бақылау ғылыми әдіс болуы үшін жалпы негізгі шарттардың орындалуы тиіс.

Бірінші негізгі талап – нақты мақсаттың болуы: нақты мақсат бақылаушыны басқаруы керек. Мақсатқа байланысты, үлгі арқылы көрсетілген, бақылау жобасы болуы тиіс. Бақылаудың жобалануы және жүйеленуі, оны ғылыми әдіс ретінде сипаттайды.

Бақылау айғақтарды тіркеумен ғана шектелмей, қайта бақылаулар арқылы жорамаларды қалыптастыратындықтан, ғылыми танымдық әдіс болып табылады.

Объективтік бақылау әдісінің басты ерекшелігі: психикалық үрдістерді табиғи жағдайларда зерттеуге мүмкіндік береді. Бірақ бұл әдіс зерттеудің

басқа әдістерімен толықтырылуы керек. Бақылау тәртібіне төмендегідей талаптар қойылады:

- а) мақсат пен міндетті анықтау;
- ә) объектіні және жағдайды таңдау;
- б) зерттелетін объектіге барынша аз әсер ететін және қажетті ақпаратты жинауды қамтамасыз ететін бақылау әдісін таңдау;
- в) бақыланатын объектіні тіркеу әдісін таңдау;
- г) алынған ақпаратты өңдеу және нәтижелену.

Бақылау әдісінің негізгі кемшіліктері: бақылаушының көзқарасы, мақсаты, психологиялық күйі, тұлғалық ерекшеліктері бақылау нәтижесіне ықпал етуі мүмкін; мәліметтерді қорытындылау қиындық тудырады; бақылау көп уақытты қажет етеді.

Эксперименттік әдіс. Эксперимент – себеп-салдар байланыстарын қарастыру мақсатындағы зерттеу әрекеті. Оның мәні мынада:

1. Зерттеуші зерттелетін құбылысты өзі тудырады және оған белсенді ықпал етеді.
2. Эксперимент жасаушы құбылыс жағдайларын өзгерте алады.
3. Эксперимент нәтижелерді бірнеше рет шығара алады.
4. Эксперимент математикалық формулалар арқылы белгіленетін санды заңдылықтарды орнатады.

Экспериментті ғылыми әрекет ретінде қарастырғанда қажетті зерттеу кезеңдері мен міндеттерінің жүйесін белгілеуге болады:

I – зерттеудің теориялық кезеңі. Бұл кезеңде төмендегідей мәселелер шешіледі:

- а) зерттеудің тақырыбы мен мәселесін айқындау,
- ә) зерттеудің пәні мен объектісін анықтау,
- б) зерттеудің міндеттері мен жорамалдарын анықтау.

Пән зерттеулерінің шегін анықтау кезінде төмендегілерді ескеру керек: 1) зерттеудің мақсаты мен міндеттерін; 2) зерттеу объектісін; 3) эксперименттің материалдық және уақыт мүмкіншіліктерін; 4) жеке түсініктемелік теорияда көрсетілген мәселені ғылыми өңдеудің нәтижелерін.

II – зерттеудің әдістемелік кезеңі. Бұл кезеңде эксперименттің әдістемесі мен эксперименттік жоба жасалады. Эксперимент әдістемесі зерттеу тақырыбын эксперименттік жағдайдың айнымалысы ретінде көрсетуі керек. Экспериментте екі айнымалы болады: тәуелді және тәуелсіз.

Эксперимент жасаушы өзгертетін фактор тәуелсіз; өзгерісін тәуелсіз айнымалы тудыратын фактор тәуелді айнымалы деп аталады.

Эксперимент жобасы мыналарды сипаттайды: 1) эксперимент бағдарламасын құруы; 2) эксперименттік мәліметтерді өңдеудің математикалық жобасы.

III – эксперименттік кезең. Бұл кезеңде эксперименттік жағдайға, бақылауға, эксперимент жүрісін басқаруға, сыналушының реакциясын өзгертуге байланысты тәжірибелер тікелей жасалады.

IV – аналитикалық кезең. Бұл кезеңде нәтижелерді сандық талдау, алынған айғақтарды ғылыми жинақтау, жаңа ғылыми жорамалдарды және тәжірибелік нұсқауларды қалыптастыру жүзеге асырылады.

Эксперимент психология әдісі ретінде психофизика мен психофизиология саласында пайда болып, психологияда кең таралды. Эксперименттің қолданылуы қарапайым түйсік үрдістерінен бастап жоғары психикалық үрдістерге дейін таралды. Эксперимент сипаты да өзгерді: жеке физикалық тітіркендіргіш пен оған сәйкес психикалық үрдістің қатынасын зерттеуден нақты объективтік жағдайлардағы психикалық үрдістердің өздерінің жүру заңдылықтарын зерттеуге ауысты.

Эксперимент пен бақылау арасындағы аралықты білдіретін эксперименттің өзіндік бір нұсқасы болып, орыс ғалымы А.Ф. Лазурский (1910) ұсынған, *табиғи эксперимент* саналады. Оның негізгі тенденциясы-зерттеулердің эксперименттігін жағдайдың ақиқатпен қиылыстыру. Бұл әдістің мәні мынада. Зерттелетін әрекет жағдайларына эксперименттік ықпал жасалады, ал әрекеттің өзі оның табиғи түрінде бақыланады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің мәселелерін шешетін табиғи экспериментті психологиялық- педагогикалық эксперимент деп атайды.

Адам психологиясын өзгертетін және оған әсер ететін амал ретіндегі эксперимент эксперименттік әдісіне кіреді. Оның мұндай түрі қалыптастырушы эксперимент деп аталады. Қалыптастырушы эксперимент психикалық жаңа құрылымдардың психологиялық-педагогикалық амалдардың қалыптасуының жобасы мен моделінің мазмұнын және оларды қалыптастыру жолдарын болжайды. Балалармен оқу-танымдық жұмыс жасау үрдісі кезіндегі сәйкес психикалық жаңа құрылымдардың шығу заңдылықтары мен шарттары зерттеледі. Қалыптастырушы эксперименттің негізін салушылардың бірі В.В.Давыдов /4,14/. Қалыптастырушы эксперимент - балаларды оқыту мен тәрбиелеудің дамушы эксперименттік әдісі.

Психологиялық тестілер

КСРО-да (ал психодиагностика бұл кезеңде көбінесе тестология ретінде дамыды) тестілерге деген көзқарастар жан-жақты болды. Бір жағынан, диагностикаға қызығушылық өте зор болып, психологтар бұл мәселемен құлшына айналысты, екінші жағынан, ережелер мен көзқарастардың көпшілігі сыни қатынастың пайда болуына әкелді. Л.С.Выготский /9/ “интеллект” ұғымының айқын емес екендігін атай отырып, тестілердің “өзекті дамуды” ғана диагностикалауға бағытталғаны үшін сынға алды. Ол, психиканың жаңа құрылымын, сапалық өзгерістерін диагностикалауының қажеттілігін белгілей отырып, оларды Бине шкаласы арқылы жасауға мүмкін болмайтынын айтты. С.Л.Рубинштейн /1/ “сыналушылардың барлығына ортақ мәселенің шешілуінің бір сәтіне біртұтас үрдісті теңестіре” отырып, тестілер тұрақты, олар “үрдістің, операцияның жүру барысын бөлшектеп”

көруге мүмкіндік бермейді, - деп санады. Сондай-ақ, тестілердің мазмұнында теориялық негіз жоқ, - деп сыналды. Тест тапсырмаларының құрамы қандай да бір теориялық түйсіктер бойынша емес, бұрынғыдай, тест авторларының конструкторлық ойларының кездейсоқ әсері бойынша анықталды. Тестердің көмегімен жүргізілген зерттеулердің барлығы, тест жетістіктері сыналушылардың белгілі бір әлеуметтік-экономикалық деңгейіне байланысты болатыны туралы қорытындыны дәлелдеді.

Тест деген ағылшын сөзі “сынақ” деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғымды американдық ғалым Дж.Кэттел өткен ғасырдың аяғында енгізді. А.Бине мен Т.Симонмен бірге балалардың ақыл ойының дамуын анықтау үшін өз жүйесін жасаған кезден бастап тестілер тәжірибелік мағынаға ие болып кең тарала бастады /15/. Тест дегеніміз не? Тест - күрделі техникалық құралдарды қажет етпейтін стандартты, қысқа сынақ. Тест әдісі бастапқыда бірқатар теріс көзқарастар туғызды. Олардың біреуінің мәні мынада: егер екі адам бірдей тестіні шешсе немесе шешпесе, онда бұл айғақтың психологиялық мәні әртүрлі болуы мүмкін – бірдей жетістік әртүрлі психологиялық үрдістер салдарынан болуы мүмкін. Тестінің шешілуінің немесе шешілмеуінің сыртқы айғағы сәйкес психикалық актілердің ішкі табиғатын әлі айқындамайды. Алғашқыда тестер арқылы сыртқы мәліметтерді статистикалық өңдеудің негізінде тұлға туралы қорытындылар жасауға тырысты. Дамудың әр түрлі жолдарынан өткен және әртүрлі жағдайларда қалыптасқан жеке адамдарға бірдей стандарттық тестілерді ұсына отырып, олардың шешіміне байланысты бұл сыналушы адамдардың қабілеттілігі туралы тұжырым жасаған кезде, нәтижелердің даму жағдайларына байланысты болатынын ескермей, қателік жіберген.

Дегенмен мұның бәрі тесттілеудің зерттеуде тиімсіз екенін білдірмейді. Қазіргі уақытта тестілеу әдісін басқа әдістермен бірге психологияда қолданады. Оның көмегімен белгілі бір қабілеттілікті, іскерлікті, икемділікті анықтауға, тұлғаның кейбір қасиеттерін тура сипаттауға, қандай салада жұмыс істеуге бейім екенін анықтауға және т.б. жүзеге асуда.

Тестінің диагностикалық құндылығы ғылыми эксперимент деңгейіне және психологиялық айғақтың растығына байланысты болады. Жеткілікті негізделмеген және тексерілмеген психологиялық тестілер педагогикалық тәжірибені шығынға ұшырататын маңыздық қателіктердің себебі болуы мүмкін.

Сауалнама, сұхбат, анкеталық әдістері

Сауалнама мақсаты: сұранушылардан объективтік және субъективтік айғақтар туралы ақпарат алу.

Психологиялық зерттеулерге қолданылатын сауалнама әдістері екі негізгі түрге бөлінеді: 1) “бетпе-бет” сауалнама алу – белгілі бір жоба бойынша зерттеуші жүргізетін сұхбат; 2) сырттай сауалнама алу - өз бетінше

арналған анкеталар. Ауызша сауалнама алу психологиялық зерттеулерде дәстүрлі қолданылатын әдіс болып табылады, әртүрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың психологтары ертеден бері пайдалануда.

Сауалнамалар қолданылатын психологиялық зерттеулер аумағы:

- зерттеудің алғашқы кезеңінде, барлау жобасы бойынша жұмыс үрдісінде, сұхбат ғана қолданылады. Сұхбат мәліметтері арқылы зерттелетін мәселеге қатысты айнымалылар белгіленіп, жұмыс жорамалдары ұсынылады;

- сауалнама зерттелетін айнымалылардың байланысын өлшеуге мүмкіндік беретін мәліметтерді алу үшін, бастапқы ақпараттарды жинаудың негізгі амалы болады;

- басқа әдістер, сауалнаманың басқа бір түрі арқылы алынған мәліметтерді ұлғайту және қадағалау, нақтылау үшін сауалнама қолданылады.

Сұхбат екі түрге бөлінеді: стандартты және стандартты емес. Стандартты сұхбаттың сауалдары мен олардың реті алдын-ала анықталады, олар барлық сұранушылар үшін бірдей. Зерттеуші сауалдарды өзгерте алмайды. Ал стандартты емес сұхбатта, керісінше, сауалдарды өзгерте беруге болады.

Анкеталық (сырттай сауалнама алу) әдістің өз ерекшеліктері бар. Сыртқы сауалнама әдісін көпшіліктің пікірі мен көзқарасын білу үшін қолданады. Анкета сұхбатқа қарағанда құпиялықты және ашық жауапты қамтамасыз етеді. Алайда белгілі бір жұмыс жорамалары болмаса, анкеталық әдісті жүргізуге болмайды. Сұхбат әдісіне соншалықты қатаң талаптар қойылмайды. Стандартты емес сұхбаттың ерекшелігі - неғұрлым терең ақпарат алу, сауалнаманың құбылмалылығында; кемшілігі - сұранушылардың санының аздығы. Әдетте, анкеталық әдіс пен сұхбатты бірге жүргізу ұсынылады, өйткені бұл әдістеме сұранушылардың көпшілігін қамти отырып, талдауға қажетті материалды қысқа мерзім ішінде алуға мүмкіндік береді.

Әңгімелесу

Әңгімелесу әдісі зерттелетін мәселені толықтыру үшін қолданылатын қосымша амал. Әңгімелесу зерттеу міндеттеріне байланысты жобалы түрде ұйымдастырылуы қажет. Әңгімелесуде қойылатын сауалдар, зерттелетін үрдістердің сапалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған тапсырмалар түрінде болуы мүмкін. Алайда мұндай тапсырмалар неғұрлым табиғи, әрі стандартты емес болуы қажет. Әңгімелесу жобалы бола тұрып, шаблонды-стандартты сипатта болмай, ол әрқашанда неғұрлым идеялы болып, басқа объективтік әдістермен үйлесуі керек.

Биографиялық (өмірбаян) және коррекциялық әдістер

Биографиялық әдістің материалы ретінде хаттар, күнделіктер, өмір баяны, бала шығармашылығының туындылары, қолтаңбалары және тағы басқа қолданылады. Көптеген жағдайларда психологиялық зерттеу мақсатымен бір емес, психикалық әрекеттердің жаңа жақтарын аша отырып, бір-бірін толықтыратын бірнеше әдістерді пайдаланады.

Қазіргі кезеңдегі психология әртүрлі жолдар арқылы адамның практикалық әрекетіне ықпал етеді. Психологиялық көмек, тек объективтілік бар жағдайда ғана емес, сондай-ақ субъективтілік сәтсіздіктерді уайымдау жағдайларында да көбірек көрсетіледі және тиімді болады. Бұл уайымдар өте өткір болуы мүмкін және адам өз-өзінен, қоршаған ортадан, жалпы өмірден түңілгенде шығады. Мұндай жағдайларда тек кеңес беру ғана емес, сондай-ақ психотерапевтік көмекті қажет етеді. Егерде адамның уайым-қайғысы ауруға айналса, дәрігер көмегіне жүгінуге тура келеді. Алайда көп жағдайларда медициналық емес психотерапевтік көмек қажет етеді. А.А.Бодалев пен В.В.Столин /16/ жазғандай мұндай көмек медициналық көмектен екі түрлі айырмашылығы бар: 1) сәтсіздік табиғаты адам ағзасында болатын ауру үрдістерінде емес, оның тұлғалық ерекшеліктерінде, өмір жағдайының ерекшелігінде және айналасындағылармен қарым-қатынасының сипатында болады; 2) көмек сұраушылар объективті тұрғыдан ауру емес, субъективті тұрғыдан өздерінің ауру екенін мойындамайды.

Мұндай жағдайларда, психологиялық көмек қандай түрде жасалса да, ол жалпы сипатымен, өз бағытының жекелігімен ерекшеленеді және көмек сұраушының тұлғасына, оның сезіміне, уайымына, көзқарасына, әлем көрінісіне, айналасындағылармен қарым-қатынасының құрылымына - терең үңілуіне негізделеді. Бұл үңілу, арнайы психодиагностикалық әдістерді қажет етеді. Алайда, психодиагностика өздігінен мағынасыз, оның мәліметтері баланың өміріне немесе дамуына ыңғайлы жағдайлар жасау үшін, психологқа тұтынушымен немесе баламен ары қарайғы жұмыс бағдарламасын анықтауға мүмкіндік беру үшін қажет. Осы жерде психолог жұмысының коррекциялық әдістері туралы айту керек. Психокоррекциялық жұмыстың негізгі бағыттарын сипаттайық.

Аутотренинг. Аутогендік жаттығулар әдісінің пайда болуы және енгізілуі неміс психотерапевті И.Г. Шульцтің /15,16/ атымен байланысты. Аутогендік жаттығу - психогигиена мен психопрофилактиканың, сондай-ақ төтенше жағдайдағы адам күйін басқарудың әрекетті амалы. Бұл әдістің танымалдылығы өмір жылдамдылығына, адамның жүйке жүйесіне түсетін жүктеулердің артуына байланысты болады.

Аутогендік жаттығуларда жүйке жүйесінің жағдайына ықпал етудің үш негізгі жолы қолданылатыны жайлы белгілі психотерапевт Л.Л.Примак жазды /15,16/.

Бірінші жол қанқаның бұлшық еттері мен демалу тонусының орталық жүйке жүйесіне әсер ету ерекшеліктерімен байланысты. Жүйке жүйесі мен

тонус арасынадағы байланыс бұлшық еттердің тонусын саналы өзгерту арқылы психикалық белсенділік деңгейіне ықпал етуіне мүмкіндік береді. Адамның сергектік күйі әрқашанда бұлшық еттің жоғары тонусын қалыпты түрде ұстап тұруымен байланысты болады. Әрекеттің күшеюіне байланысты тонус та көтеріледі. Бұл маңызды физиологиялық заңдылық аутогендік жаттығулардың барлық жүйесінің негізіне жатады. Аутотренингті меңгеру үшін дененің бұлшық еттерін толық босатуды алдын-ала үйрену керек.

Жүйке жүйесіне ықпал етудің екінші жолы сезім бейнелері мен елестетуді пайдаланумен байланысты болады. Сезім бейнесі - бұл адам денсаулығы мен психикалық күйіне ықпал етуші белсенді құрал.

Ағзаның психофизиологиялық функцияларына ықпал етудің үшінші жолы айтылып ғана қоймай, сондай-ақ ойдағы сөздің реттеуші және бағдарламалаушы рөлімен байланысты болады. Ішкі сөздің бұл қасиеті жаттығулардың тиімділігін арттыру, жарыс кезінде ішкі резервтерді жинақтау үшін, спортта ертеден қолданылады.

Қиын жағдай туған кезде, ауытқыған функциялардың орнын толықтыру үшін, жүйке жүйесі тұрақты адам ағзасы бұл резервтерді өздігінен белсенді қозғалтады. Алайда көптеген жағдайларда бұл болмайды, өйткені адам өзінің жүйке жүйесінің зор мүмкіншіліктерін білмейді. Аутотренинг жаттығулары адамның резервтік мүмкіншіліктерінің өсуіне ықпал етіп ғана қоймай, сонымен қатар мидың бағдарламалаушы механизмдерінің қызметін тұрақты жетілдіріп отырады.

Топтық тренинг. Топтық немесе басқаша айтқанда, әлеуметтік психологиялық тренинг ретінде қарым-қатынас саласындағы білім беру және іскерлікке үйретудің өзіндік түрлерін, сондай-ақ оларға сәйкес коррекция түрлерін түсінуге болады. Топтық тренинг амалдарымен шешілетін мәселелер шеңбері кең әрі алуан түрлі, сондықтан тренинг түрлері де әртүрлі болады. Әлеуметтік психологиялық тренингтің барлық түрлерін екі үлкен топқа бөлуге болады:

- әлеуметтік икемділікті дамытуға бағытталған (мәселен, пікір сайысын жүргізе білу, тұлғааралық дау-дамайларды шешу);
- қарым-қатынас жасау жағдайын талдау тәжірибесін тереңдетуге мақсатталған;

Әлеуметтік психологиялық тренинг әдістері екі үлкен салаға бөлінеді: топтық пікір сайыс және ойындар. Топтық пікір сайыс әдісі көбінесе белгігі бір жағдайларды, топтың өзін-өзі талдау түрінде пайдаланылады. Әлеуметтік психологиялық тренингтің ойын әдістерінің ішіндегі рөлдік ойындар әдісі кең таралған. Аталған әдістердің әр біреуі жеке қолданылуы мүмкін, бірақ олар көбінесе, бірнеше әдістер жиынтықтары енетін кешендік бағдарламалардың құрамдық бөлігі болады.

Біріншіден топтық тренингтің барлық әдістері топтық ықпалдың үйрету тиімділігін қолдануға бағытталуымен сипатталады. Екіншіден бұл

әдістер үйренушінің белсенділік принципін зерттеу элементтерін үйретуге енгізу арқылы жүзеге асырады.

Қазіргі уақыттағы топтық тренинг тәжірибесі қолданбалы психологияның қарқынды дамушы саласы болып табылады. Әлеуметтік психологиялық тренинг әртүрлі саладағы кәсіби мамандарды даярлауда қолданылады: жетекшілерді, мұғалімдерді, дәрігерлерді, психологтарды және т.б. Ол ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер динамикасын коррекция жасауға, ата-аналар мен балалар арасындағы қатынастарды жақсартуға, жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуін коррекция жасауға және т.б. пайдаланылады.

Психиканың даму кезеңдері туралы қазіргі кездегі түсініктер, сана туралы ұғым

Психика мен оның дамуының пайда болу мәселесі, яғни генезисі тығыз байланыста болады. Сондықтан психиканың даму үрдісіне деген жалпы көзқарас психиканың пайда болу мәселесінің теориялық шешімінің ерекшеліктерімен сипатталады.

Бұл мәселені принциптік тұрғыдан шешудің бірнеше жолдары бар екені белгілі. Ой философиясы тарихындағы “антропсихизм” деп аталатын бұл көзқарас Р.Декарттың атымен байланысты. Оның мағынасы мынада: психиканың пайда болуы адамның пайда болуымен байланысты, психика тек адамда ғана болады. Осылайша адам психикасының тарихының басталуы мүлдем сызылып тасталған. Бұл көзқарасты жақтаушылар қазіргі уақытта да кездеседі. Басқа, қарсы теория, панпсихизм жайлы, яғни табиғаттың жалпылама жандылығы туралы, ілім деп аталады. Бұл қарама-қарсы көзқарастар аралығында, танымал көзқарас, биопсихизм бар. Биопсихизмнің мәні: ол психиканың кез-келген материяның қасиетімен емес, тек қана тірі материяның қасиетімен танылады /5,7/.

Айтылған мәселені шешетін тағы да бір көзқарас ол психиканы кез-келген тірі материяның қасиеті емес, жүйке жүйесі бар ағзалар ғана таниды. Бұл көзқарасты нейропсихизм концепциясы деп атайды.

Материалистік психология бұл концепциялардың біреуін де сөзсіз қабылдай алмайды. Психология ғылымы мүлдем басқа жағдайлардан пайда болып, өз алдына психиканың шығу тегі туралы сауалға жауап іздеуге, өмірдің бұл күрделі түрін тудыратын шарттарды сипаттауға тырысады. Өмірдің пайда болуының негізгі шарты болып, қоршаған ортамен зат алмасусыз тіршілік ете алмайтын, ақуызды күрделі молекулалардың пайда болуы саналатыны белгілі. Олар өздерінің тіршілігі үшін қоректенуге және тіршілігіне қолдау беретін заттарды қоршаған ортадан игеруі қажет; сонымен бірге олар өздерінің қалыпты тіршілігін бұзатын қажеті жоқ заттарды сыртқы ортаға шығарып отыруы тиіс. Бұл екі үрдістер – ассимиляция және диссимиляция – зат алмасудың құрамды бөліктері және бұлар ақуызды күрделі құрылымдардың тіршілік етуінің негізгі шарты болады.

Бұл ақуыз күрделі молекулалар (коацерваттар) пайдалы заттардың әсеріне немесе осы заттардың игерілуіне себін тигізетін шарттарға және олардың ары қарайғы тіршілігіне қауіп төндіретін жағымсыз әсерлерге жауап қайтаруға мүмкіндік беретін ерекше қасиеттерге ие. Мәселен, бұл молекулалар қоректік заттардан басқа, бейімделуге ықпал етуші жарыққа да, жылуға да жағымды жауап қайтарады. Олар шамадан тыс әсер етушілерге, олардың қалыпты тіршілігіне кедергі жасайтын механикалық немесе химиялық әсерлерге жағымсыз жауап қайтарады. Зат алмасу үрдісіне енбейтін бейтарап әсерлерге олар жауап қайтармайды.

Коацерваттардың индифференттік әсерлерді жауапсыз қалдыра отырып, зат алмасу үрдісіне енетін әсерлерге реакциясы тітіркену деп аталады және органикалық емес материядан органикалық материяға өту кезінде байқалады. Осыдан кейін мынандай қорытынды жасауға болады: кез-келген тірі ағза барлық сыртқы тітіркендіргіштерге талғаммен қарайды және осылайша тірі материяның жаңа қасиетін - өзін-өзі реттеуді қалыптастырады. Тітіркену – бұл биологиялық бейнелеудің қарапайым түрі, өсімдіктер мен жан-жануарлар эволюциясының барлық кезеңдеріндегі барлық тірі ағзалар оны меңгерген. Бұл - маңызды биологиялық (биотикалық) ықпалдардың әсеріне тірі ағзаның жауап қайтару қабілеттілігі. Сонымен, органикалық дүниеге өту кезінде-ақ бейнелеудің жаңа түрі пайда болады. Тірі материяға өту кезіндегі бейнелеудің дамуы, оның алғашқыда, кейбір жағдайларда органикалық емес дүниедегі бейнелеуге тән болатын тік таңба мінезін жоғалтуынан білінеді. Алайда ол өзінің кездейсоқ енжар мінезін де жоғалта отырып, алғаш рет дене тіршілігінің қажетті шарты болып қалыптасады.

Өмірлік маңызды әсерлерге қатысты тітіркену үрдістері, тітіркенудің арнайы жоғары түрлерін білдіру және оларды келесі ұрпақтарға бере отырып сақтау, әдетте өсімдіктер өмірі деп аталған, өмірдің даму кезеңін сипаттайды. Өсімдік тамырының топыраққа тереңдеп өсуі немесе жарықтың түсуіне байланысты өзегінің қисая өсуі, немесе өсімдіктің күн сәулесіне қарай бұрылуы сияқты құбылыстар – мұның бәрі биотикалық әсерлерден тітіркенудің нәтижесі. Өсімдіктер өміріне маңызды бір жағдай тән. Биотикалық әсерлерге алмасудың күшеюімен жауап қайтаратын өсімдіктер, тікелей зат алмасу үрдісі кезінде, бөгде әсерлерді “байқамайды”. Олар қоршаған ортаға белсенді бейімделе алмайды. Мәселен, жарық немесе ылғал көздері тіптен жақын бола тұрып, оған тікелей әсер етпесе, жарықтың немесе ылғалдың болмауынан қурап қалуы мүмкін.

Тіршіліктің бұл енжар түрінен эволюцияның келесі кезеңіндегі тіршілік түрлері – жануарлар өмірінің кезеңдері – бірден ерекшеленеді. Психикалық бейнелеудің бастапқы түрінде болатын сезімталдық кез-келген, тіпті өте қарапайым, өміршең денеге тән болатын тітіркенудің дамуы барысында пайда болады деген жорамалды А.Н.Леонтьев /8/ енгізді. А.Н.Леонтьевтің жорамалы бойынша, жануарлар, тікелей зат алмасуға енетін биологиялық маңызды әсерлерге ғана емес, өмірге қажетті әсерлердің пайда болуын білдіретін болса, биологиялық маңызы жоқ, “бейтарап” әсерлерге де жауап қайтарады. Басқаша айтқанда, жануарлар қоршаған ортаға белсенді бейімделіп, тіршілікке қажетті жағдайларды іздейді және ортаның кез-келген өзгерісіне жауап қайтарады. Тіршілікке қажетті әсерлердің пайда болуын білдіретін бейтарап, биологиялық маңызы жоқ тітіркендіргіштерге жауап қайтару қабілеттілігін сезімталдық деп атайды. А.Н.Леонтьевтің жорамалына сәйкес, сезімталдықтың пайда болуы психиканың пайда болуының объективтік биологиялық нышаны /1/.

Егер бейтарап тітіркендіргіштер тіршілікке маңызды әсерлердің пайда болуын білдіре бастаса, онда сезімталдық тіршілік етуді оларға байланысты түбегейлі өзгертеді. Ең бастысы мынада: тіршілік иесі қоршаған ортаға белсенді бейімделе бастайды, ондағы әрбір өзгеріске белсенді жауап қайтара бастайды, яғни өсімдіктер әлеміне қарағанда, жеке мінез-құлықтың құбылмалы түрлерін қалыптастыра бастайды.

Алғашқыда мұндай жеке құбылмалы мінез-құлықтар баяу қалыптасады бірақ, бұған қарамастан, біржасушалылар жылуға сезімтал болғанымен, жарыққа сезімтал болмайтындығын эксперимент жүргізу кезінде-ақ (мысалы, неміс ғалымы Брамштедт жасаған эксперимент) байқауға болады. Егер оларды бір бөлігі жарық, бір бөлігі қараңғы бірқалыпты жылытылған камераға салсақ, олар камерада біркелкі таралады. Егер, керісінше, камераның бірқалыпты жарықтанған бір жағын қыздырса, олар камераның қыздырылған шетіне жиналады. Алайда, камераның қыздырылған шетіне ұзақ уақыт жарық түсіріп, қыздырылмаған шетін қараңғыласа, онда жағдай өзгереді, температураның көтерілуінің сигналын білдіретін жарыққа біржасушалылар сезімтал бола бастайды. Өсімдіктерден өзгешелігін білдіретін, қарапайым тіршілік иелерінің мінез-құлқы салыстырмалы түрде қарағанда, баяу өзгереді, және де пайда болған өзгерістер осылайша баяу жоғалады.

Биотикалық әсерлерге қатысты, сезімталдықтың және тіршілікке маңызды әсерлердің пайда болуы мен олардың іздерінің жай сақталуын білдіретін бейтарап тітіркендіргіштерге қатысты тітіркенудің сипатталған үрдістері біржасушалы жануарлардың тірлігін қолдауға жеткілікті, бірақ көпжасушалыларға ауысқанда олар жеткіліксіз болады.

Көпжасушалыларға ауысуы тірлік ету жағдайларын айтарлықтай қиындатады: сыртқы ортаға бейімделудің белсенділігі арта түсіп, күрделі қозғалыстар мен қозудың тез пайда болуын қамтамасыз ету қажеттілігі туады. Бұл көпжасушалы құрылысының айтарлықтай күрделенуіне, тітіркенудің арнайы рецепция талшықтарының бөлініп шығуына және эволюцияның кейінгі кезеңдеріндегі бұлшық ет талшықтары орындайтын функцияны тудырушы талшықтардың пайда болуына, сондай-ақ диффузиялы, тор тәрізді жүйке жүйесінің сипатында болатын, қарапайым жүйке жүйесінің құрылуына әкеліп соғады.

Мұның бәрін ішек құрылымының түріне (мысалы, медуза, актиния немесе теңіз жұлдызы) жататын, қарапайым көпжасушалыларға қатысты дене құрылысынан анық көруге болады. Көпжасушалылардың бұл даму кезеңі қозудың өткізгіштігінің бірнеше есеге үдеуімен (тор тәрізді жүйке жүйесінің пайда болуының салдарынан) сипатталады. Алайда өзінің артықшылықтарына қарамастан, диффузиялы жүйке жүйесінің шектеулері болады: қозу тор тәрізді жүйке жүйесі арқылы жануардың барлық денесіне біркелкі таралады. Қабылдап қана қоймай, сонымен қатар алынған ақпаратты өңдейтін, жадылайтын тұрақты жетекші мүшенің болмауы, бұл деңгейдегі

мінез-құлық мүмкіншіліктерін айтарлықтай шектейді. Бұл кемшіліктер эволюцияның кейінгі кезеңдерінде, әсіресе, жер беті тіршілігіне ауысқанда және анағұрлым күрделі ганглиозды жүйке жүйесінің қалыптасуы кезінде жойылады.

Жер бетіндегі тіршілікке өту тіршілік ету жағдайының қиындауына байланысты болады.

Психикалық бейнелеу тек биологиялық тұрғыдан тітіркендіргіштерге жауап қайтарудан ғана көрінбей, сонымен қатар ортаның биологиялық мәні бар белгілерінен әсер алған жағдайда хабарлай алған кезде ғана көзге түседі. Басқаша айтқанда, психикалық тітіркендіргіштер арасындағы ең қарапайым байланыстардың өзін бейнелей алу қабілеттілігінен басталады. Соның нәтижесінде алда болатын оқиғаны алдын ала болжау механизмі қалыптасады, ал мұның өзі алда болмақшы әсерге тойтарыс беруге даярлануды қамтамасыз етеді. Мәселен, жәндіктер дыбысы немесе иісі арқылы өзіне қажетті тамақты және басқа жыныстағы әріптесін тауып алады. Алайда дыбыс та, иіс те биологиялық қажетті қанағаттандыра алмайды, олар тек тамақтың бар екендігі немесе екінші жәндіктің ұрғашы не еркегі екендігі туралы белгі ғана береді. Гүл иісі араның ұшу бағытын реттейді т.б.

Жануарлар әлемінің психикасының эволюциялық дамуы

Жүйке жүйесінің эволюциясының келесі кезеңі жоғары омырқасыздарда, әсіресе, жәндіктерде неғұрлым күрделі болатын ганглиозды жүйке жүйесінің (алғаш рет - құрттарда) пайда болуына әкеледі. Ганглиозды жүйке жүйесінің пайда болуы сияқты, соның көмегімен мінез-құлықты қалыптастыру да тіршілік эволюциясындағы маңызды көтерілісті білдіреді.

Неғұрлым қарапайым омырқасыздардан (құрттардан), өткен кезеңдегімен салыстырғанда, жүйке жүйесінің мүлдем жаңа принцип бойынша ұйымдасқанын байқауға болады. Бастың алдыңғы шетінде химиялық және тактильді рецепторлар мен барлық талшықтар жинақталған жүйке орталығы болады. Бұл аппараттар химиялық, термикалық, жарық өзгерістерін, сондай-ақ сыртқы ортадағы ылғалдылық өзгерістерін қабылдайды. Бұл сигналдар бас ганглиесында өңделеді, және қозғаушы серпілістер түрінде пайда болатын мінез-құлық “бағдарламалары”, әрбіреуі дененің жеке бір сегментіне сай келетін, жүйке ганглиеларының тізбегі бойымен таралады. Диффузиялы жүйке жүйесінің құрылысының принципінен өзгеше, жаңа принцип – жүйке жүйесінің орталықтануы - пайда болады. Құрттың бас жағы жетекші рөлге ие болады, ал сегментарлық ганглиелар автономдығын сақтайды. Құртты екіге бөлген кезде мұны оңай байқауға болады: алдыңғы жартысы қалыптасқан қозғалысын сақтай отырып, топыраққа көміле бастайды, ал артқы жағы кескінсіз ирелеңдей бастайды.

Құрттардың жағдайындағы жүйке жүйесінің күрделенуі олардағы неғұрлым жетілген қалыптасудың түрлерін, жаңа өздері игерген мінез-құлық түрлерін байқауға мүмкіндік береді. Мұны белгілі американдық психолог Иеркс көрсетті /11/. Ол құрттарды сол жақ ұшына электр тоғы берілген Т-тәріздес түтікшеге (қарапайым лабиринт) салады. Экспериментті бірнеше рет қайталаған соң жауын құрты электр соққысынан қашуға және оңға қозғалуға “бейім” болады (150 сынақ). Егер осы тәжірибені ұзақ үзілістен кейін қайталаса, “үйрену” екі есе жылдам болады (80 сынақ). Осыдан ганглиозды жүйке жүйесіндегі мінез-құлықтың жаңа түрлерінің қалыптасуына мүмкіндік беріп қана қоймай, қалыптасқан бейімділіктерді сақтайды, басқаша айтқанда, жауын құртында естің белгілі бір түрі болады.

Мінез-құлықтың кейінгі эволюциясы сыртқы ортадан арнайы ақпаратты қабылдауға мүмкіндік беретін күрделі рецепция аппараттарының пайда болуымен және ортаның тұрақты күрделі жағдайларына жануарлардың бейімделуіне көмектесетін күрделі бағдарламалардың дамуымен байланысты болады. Бұл әсіресе, жәндіктерден көрінеді. Яғни, жәндіктердің күрделі фоторецепторы, кейде мыңдаған жеке ұяшықтардан тұратын, фасетті көз сипатында болады. Ал омыртқалылардың фоторецепторы заттың бейнесін қабылдауға және бейнелегіш аппараттың – хрусталиктің көмегімен бейненің

тұнықтығын өзгертуге мүмкіндік беретін, бізге белгілі, біртұтас көз пішінінде болады.

Жәндіктерде күрделі фоторецептормен қатар, арнайы тактильді - химиялық рецепторлар (мұрттарында), дәм сезгіш рецепторлар (ауызда және аяқтарында), вибрациялық рецепторлар (аяқтары мен қанаттарында) болады. Бұл рецепторлық аппараттардың қозулары жүйке талшықтарының бойымен таралады және осы серпілістерді туа біткен мінез-құлық бағдарламаларының күрделі жүйесіне аударатын алдыңғы ганглиеға келеді. Жәндіктердің мінез-құлық бағдарламаларының қызықтылығы соншалықты, тіпті арнайы қарастыруды талап етеді.

Күрделі бағдарламалардың туа бітуі мен тұқым қуалауы және инстинктивтік мінез-құлық түрінде таралуы, олардың ерекшелігі болып саналады. Бұл бағдарламаларды миллиондаған ұрпақтар қалыптастырады және дене құрылысының ерекшеліктері сияқты олар да тұқым қуалайды. Жәндіктердің туа біткен бағдарламаларының мысалдары өте көп. Олардың кейде күрделі болуы соншалықты, тіпті кейбір зерттеушілер оларды саналы мінез-құлық мысалы ретінде қарастырады. Мәселен, маса жұмыртқаларын су бетіне салады және де оларды тез кеуіп кететін құрғақ жерге ешқашан салмайды. Офекс арасы личинкалары қорексіз қалмас үшін, жұмыртқаларын жұлдыз құрт денесіне салады. Сондай-ақ тор тоқушы өрмекші жайлы, араның ұяшық жасап, оларды балмен толтырып, бетін торлап тастауы жайлы айтуға болады. Мұның бәрі көптеген авторларға инстинкттерді саналы мінез-құлыққа жақындатып айтуға негіз берді.

Бұл мінез-құлықтың жұмбақ түрін этологтардың кейінгі зерттеулері ғана ашты /11/. Олар күрделі іс-әрекеттің артында қарапайым механизмдер тұрғанын, ал инстинктивтік мінез-құлықтың бағдарламалары - бейімделгіш актілердің туа біткен циклдерін іске қосатын қарапайым талаптанулар арқылы пайда болатынын көрсетті. Осылайша, масаның жұмыртқаларын су бетіне салуы судың жылтырауына байланысты, сондықтан суды жылтыраған айнамен алмастырсақ, маса жұмыртқаларын айнаның бетіне сала бастайды. Ал өрмекшінің торға түскен шыбынға ұмтылуы шыбынның қозғалуына байланысты, егер торға камертонды тастасақ, өрмекші оған да ұмтылады.

Сипатталған механизмдер туа біткен мінез-құлық үрдістерін түсінуде айтарлықтай қадам жасауға және мінез-құлықты қарапайым сипаттаудан, оның инстинктивтік түрінің саналы түрінен қаншалықты айырмашылықта болатынын көрсетуге мүмкіндік береді. Барлық айтылған бақылаулар омыртқасыздарда болатын, туа біткен мінез-құлықтың күрделі бағдарламалары, жануардың тіршілік жағдайын білдіретін қарапайым сигналдар арқылы жүзеге асатынын анық көрсетеді. Мәселен, бал арасының балы бар гүлдерді талғауы кезінде гүлдің түсі сияқты сипат түрлеріне жауап қайтарады. Ара әртүрлі геометриялық пішіндегі суреттері бар қант ерітіндісі құйылған ыдысқа түскенде, үшбұрыш, төртбұрыш сияқты қарапайым пішіндерді әрең ажыратады, ал бес, алтыбұрышты жұлдызша тәріздес

пішіндерді тез тауып алады. Бұл зерттеулер араның қажетті пішінді таңдап алуына себепші факторы болып – пішіндердің геометриялық қарапайымдылығы емес, олардың табиғи тітіркендіргіштерге – гүл пішіндеріне – ұқсауы болатынын көрсетті.

Осы сияқты нәтижелерді араның түсті ажыратуына жасалған эксперименттер де көрсетті. Олар таза түстерден гөрі, гүл түсіне жақын аралас түстерді тез ажырататынын көрінді. Мұның бәрі мінез-құлықтың туа біткен бағдарламаларын іске қосатын сипаттарды бөліп алудың шешуші факторы болып тіршілік етудің табиғи шарттары саналатынын білдірді.

Зоологтар мен психологтар жасаған зерттеулер туа біткен инстинктивтік мінез-құлықтың тағы бір маңызды ерекшелігі болатынын көруге мүмкіндік берді /11/. Инстинктивтік мінез-құлықтың туа біткен бағдарламасы тек белгілі бір, тұрақты жағдайларда ғана мақсатты болады. Бұл жағдайларды шамалы өзгертсек, туа біткен бағдарламалар “саналы” мінезі мен мақсаттылығын жоғалтады. Мұны төмендегі мысалдардан көруге болады. Араның бір тұқымында мақсатты мінез-құлықтың қалыптасқаны байқалды. Ол өз олжасын салатын інге кірмес бұрын оны сыртқа қоя тұрып, ін ішінің бос екеніне көз жеткізген соң ғана олжасын енгізіп, ұшып кетеді.

Ара інге кіріп кеткен кезде, сырттағы олжаны бірнеше сантиметрге жылжытып қойса, іс айтарлықтай өзгереді. Бұл жағдайда ара олжаның орнында емес екенін көріп, оны қайта орнына әкеледі де, өзі жаңа ғана қарап шыққан інге, қайта кіріп кетеді. Араның бұл мінез-құлық бірнеше рет қайталана беруі мүмкін. Мұндай бақылаулар бал арасына да жасалады (ұяшықтардың түбін кесіп тастау). Мұның бәрі туа біткен мінез-құлықтың “инстинктивтік” бағдарламаларының механикалық, жанама екенін және өзінің “саналылығын” белгілі бір тұрақты жағдайларда ғана сақтайтынын көрсетті.

Жануарлар тұрақты өзгеріп отыратын орта жағдайларына қалай бейімделеді? Олар салатын жұмыртқалар саны өте көп. Дүниеге келген дернәсілдердің шамасы ғана тірі қалады және де тұқым түрін сақтау үшін, осы шаманың өзі жеткілікті.

Сонымен, инстинктивтік әрекеттердің бағдарламалары түрлі тітіркендіргіштердің көпшілігін қарастыра алмайды, осылайша жануарлардың қабылдау мүмкіншіліктері шектеледі. Бұл жағдайдағы шындықты қабылдау жекелеген әсер етушілерге сезімталдықты, қарапайым сезінуді, білдіреді. А.Н.Леонтьевтің /8/ ұсынысы бойынша, психика дамуының бұл кезеңін жануарлардың бірқатар түрін қарастыратын қарапайым сенсорлық психика кезеңі деп атайды.

Жануарлардың құбылмалы дара мінез-құлық

Жануарлардың жер бетіндегі тіршілікке бейімделумен тіршілік түрлері де үлкен өзгеріске ұшырайды: қоректенуі қиындайды, орта құбылмалы

болады, ал тұрақты түрде өзгеріп тұратын ортаға бейімделу қиындай түседі. Осымен бірге көбею түрі де өзгереді. Әрбір дернәсіл өзіне ұқсайтын 2-3, кейде 5-6 ғана өндіреді, және жекелеген дернәсілдердің тірі қалуы тұқым түрін сақтаудың шарты болады. Мұның бәрі жаңа, өзгергіш дара мінез-құлықтың қалыптасуына биологиялық қажеттілік тудырады. Мінез-құлықтың бұл түрі төменгі омыртқалылардың бастапқы жаратылысында болып, эволюцияның кейінгі сатыларында үлкен орынға ие бола бастайды.

Қоршаған ортаға бейімделудің қиындауы, ортаның құбылмалылығына жеке бейімделу мүмкіншіліктерінің, бейімделудің жеке құбылмалы түрлерінің пайда болуы эволюция үрдісі барысында жаңа жүйке аппараттарының қалыптасуына әкеледі. Олар сырттан сигналдарды қабылдап және туа біткен мінез-құлықтың жобаланған бағдарламаларын іске қосып қана қоймай, сонымен қатар алынған ақпараттарды талдап, мінез-құлықтың жаңа құбылмалы дара түрлерін тудыратын жаңа байланыстарды жасайды. Мұндай аппарат ретінде, құрылысы өткен эволюцияның ұзақ жолын білдіретін, бас миын айтады. Жануардың бас миы бір-бірінің үстінде тұратын деңгейлер немесе қабаттар қатарының түрінде құрылған. Ми өзегінде орналасқан төменгі деңгейлер ағзаның ішкі күйін реттейді және олар жүйке түйіндері (ганглиелар) түрінде құрылған. Төменгі омыртқалыларда көбірек болатын бейімделудің ең қарапайым туа біткен бағдарламаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бұл деңгейлер инстинктивтік әрекеттен аз ғана өзгеше болады. Мұндай ми құрылысының мысалы ретінде, инстинктивтік және аз құбылатын мінез-құлық түрлерінің орындалуын қамтамасыз ететін, бақа миын айтуға болады (қағазбен жасалған эксперимент).

Неғұрлым жоғары деңгейде ұйымдасқан жануарларда өзек аппаратының үстіне, қабықасты түйіндері мен көне қабыршықтан тұратын, күрделі құрылымдар, ал жоғары омыртқалыларда – көбірек дамиды және төменірек деңгейдегі құрылымдарды толығымен қалыпты басқара бастайтын, үлкен жарты шарлардың жаңа қабық құрылымы орналасқан. Қабықасты құрылымдарының аппараттары құстар мен жорғалаушыларда басым бола бастап, кейінірек мінез-құлықтың туа біткен қарапайым түрлерімен байланыстағы дара құбылмалылықтың сипатына ие болатын жеке мінез-құлықтың жұмсақ түрлерін қамтамасыз ететін көне қабыршықтың аппараттары қалыптасады. Олар, әзірше, жануарға туа біткен және оның экологиясының (яғни оның тіршілік етуінің тұрақты биологиялық түрлері) ерекшеліктерін білдіретін бейімділік әрекеттер түрлерінде болады.

Кейде, жануарлар өмірінің қалпын кескіндейтін, өте күрделі туа біткен мінез-құлық бағдарламалары қарапайым ынталандырулар салдарынан болу мүмкіндігін талдау көрсетеді. Мысалы, жаңа туылған жануардың күрделі ему икемділігі, оның биологиялық тіршілік етуін білдіретін әртүрлі сигналдардың салдарынан болады: күшіктің ему икемділігі жұмсақ жүннің ықпалынан, қозыда шүйдесінің қараюынан және т.б. Бұл мысалдар, бас мидың жоғарырақ бөлігінің аппараттары жүзеге асыратын табиғи мінез-құлықтың

негізгі түрлері, жануарлардың тіршілік ету жағдайларының әсерінен эволюция барысында қалыптасқан, туа біткен мінез-құлық бағдарламаларымен тығыз байланысын сақтайды.

Жоғарыда сипатталған аппараттарына, жоғары жарты шарлардың жүйке жүйесінің жоғарырақ деңгейі, дене салмағына байланысты салмағы көбірек орын ала бастайтын, бас миының жаңа қабығының келесі аппараты бейімделеді:

Кит	арыстан	ит	маймыл	адам
1/10,000	1/540	1/250	1/100	1/40

Жануарлардың жоғары жарты шарларының эволюциялық даму өлшемі жануарлардың негізгі мінез-құлықтарының қалпын реттеуде шешуші рөл атқара бастайды. Бас миы қабығының негізгі қызметі, тек қана сигналдарды қабылдап қана қоймай, сонымен қатар мінез-құлықтың қалыптасқан көрнекті бағдарламаларын да іске қосуға, сыртқы ортадан түскен ақпараттарды талдауға мүмкіндік береді және де оның өзгерісіне бейімдейді, осы өзгерістерге сәйкес жаңа байланыстарды қамтып, жаңа құбылмалы-дара мінез-құлықты қалыптастырады.

Жоғары омыртқалылар эволюциясының соңғы кезеңдерінде қуатты дамиды бас миының үлкен жарты шарларының қабығы экологиялық жағдайлардың тікелей әсер етуінен қалыптасады. Сонымен бұл - ақпаратты талдау мен жинақтаудың күрделі түрін қамтамасыз ететін аппарат және дара-құбылмалы мінез-құлықты қалыптастыратын негізгі мүше. Бас миының қабығы арқылы іске асырылатын дара - құбылмалы мінез-құлықтың механизмі инстинктивтік мінез-құлық механизмінен айтарлықтай күрделі. Нәтижесінде жануарлардың орта жағдайларына белсенді бейімделуіне ынталануларының бірі (қоректену, қауіп төну) қоршаған ортадан бөлініп, жануардың қажетті мақсатқа жетуіне және төніп тұрған қауіптен сақтануына себепші болатын, мінез-құлықтың жаңа бағдарламалары мен жаңа байланыстарының пайда болуына әкеледі.

Жануардың құбылмалы-дара мінез-құлық түрлерін жағдайлар және олардың қалыптасу кезеңдерін сипаттау қызықтырады. Осындай мінез-құлық түрлерінің пайда болуының шарттары мен кезеңдерін көптеген зерттеушілер тиянақты зерттеген, бірақ олар жануар қажетті мақсатына қалай жетіп және мінез-құлықтың қандай жолдармен пайда болатынына ғана ерекше көңіл аударған.

Осы мәселелерді шешу үшін зерттеушілер “бейімділікті жасау” деп аталатын әдістемесін қолданды. Жануар темір торға салынып, тамағы одан қоршауланып (мәселен, ілгекпен жабылған есік арқылы) қойылады. Есікті ашу үшін жануар басқышты басуы немесе аяғымен ілгекті қозғауы керек. Ал басқа бір әдістің мәні мынада: жануар ұшына жем (мақсат) қойылған күрделі

лабиринтке жіберіледі. Зерттеуші жануардың жалған жолдардан өтіп, мақсатқа жеткізетін қажетті жолды тапқанын байқаған.

И.П.Павлов /10/ қолданған “классикалық шартты рефлекс” әдісінен күрделі бейімделулерді қалыптастырушылар немесе “аспапты шартты рефлекс” эксперименттерінің айырмашылығы мынада: жануардың олжалы немесе олжасыз болуы оның белсенді әрекеттеріне, басқаша айтқанда, жасаған ұмтылыстарының сипатына байланысты болады. Бір жағынан, жануардың мінез-құлқының жаңа құбылмалы дара түрінің болуын зерттеу әдісі, жануардың мінез-құлқының белгілі бір түрлерін зерттеу кезіндегі И.П.Павловтың әдісінен тиімді болды. Екінші жағынан, бұл әдіс өзінің физиологиялық айғағы бойынша тиімсіз еді.

Осыған байланысты жануар алдындағы міндеттердің шешілуіне әкелетін мінез-құлықтың құбылмалы - дара түрлерін тудыратын механизмді әртүрлі зерттеушілер әртүрлі түсіндіреді. Кейбіреулері (Э.Торндайк, Д.Уотсон), жануарды мақсатқа жеткізетін мінез-құлықтың жаңа түрлерін, жануарға есікті ашып тамақты алуға мүмкіндік беретін кездейсоқ қозғалыстан, ретсіз сынақтар мен қателіктер салдарынан пайда болады деп санады. Мұндай кездейсоқ қозғалыстарды қолдау және бірнеше рет қайталау ұқсамайтын қозғалыстарды ығыстыруға, ал сәттілерін бекітуге әкелді /5,11/.

Басқа ұстанымдағы авторлар тобы мәселелердің шешілуінің сәтті тәсілдерін тудыратын ережелерді қарастырды. Э.Толмен, К.Креч /11/ және басқалар, мәселені шешуге тырысатын жануардың қозғалысы ауытқы, кездейсоқ сипатта болмайды және жануар мақсатқа жетуге тырысып, жағдайды талдап, қозғалыстың қажетті бағытын таңдау кезінде, бейімделу әрекеті үрдісінде пайда болады деп санады.

Осының салдарынан мақсатқа бағытталған жануардың ұмтылыстары азаяды және мақсатқа қажетті қозғалысты реакциялардың пайда болуына әкеледі. Мақсатқа талпынушы жануардың мінез-құлқының күрделі бағдарламалары кейде кездейсоқ емес, жаңа жағдайларға белсенді бейімделуі кезінде пайда болуын американдық зерттеушілердің бірнеше бақылаулары айқын көрсетеді.

Бұл айғақ күрделі лабиринт ішіндегі жануардың (атжалманның) қажетті жолды іздеуі кезіндегі әрекеттерін талдау барысында тіркелді. Зерттеу лабиринт ішіндегі жануардың ұмтылыстары кездейсоқ болмай, мақсатқа жалпы бағытталатынын көрсетті. Сондықтан, лабиринтта бір рет жетістікке жеткен жануар, үлгіге кері бағытта орналасқан лабиринт тығырықтырына қарағанда, көрсетілген жол бағытындағы лабиринт тығырықтарына жиірек кіреді. Сонымен, лабиринттегі жануар қозғалыстары кездейсоқ сипатта болмайды, яғни орта жағдайына белсенді бейімделудің нәтижесі болып табылады.

“Латенттік үйрету” деп аталатын эксперименттер осының айғағы болады.

Американдық зерттеушілер эксперименттерінде лабиринтті өтіп шығу мақсатымен салынған жануарлардағы бейімделудің жылдамдығы, лабиринт бойымен жай ғана жүруге және лабиринт жағдайына бейімделуге мүмкіндік берілген, жануарлардың бейімделу жылдамдығымен салыстырылды /11, 18/. Бұл мынаны көрсетті: бірінші топтағыға қарағанда, екінші топтағы жануарларда қажетті бейімділік тезірек қалыптасты. Мұның бәрі, арнайы тапсырмаларды орындау кезінде қалыптасқан қозғалыс бағдарламаларының, рефлексдердің механикалық тізбегі емес, бейімделу әрекеті кезіндегі жануарда қалыптасатын күрделі динамикалық үлгілер болып табылатынын көрсетеді.

Омыртқалылардағы бейімделу әрекетінің мұндай жаңа түрлерін қалыптасуына екі ерекшелік тән. Біріншісінің мағынасы мынада: бейімделуді немесе ізденуді белсенді қозғалыстардан бөлуге болмайды және мұндағы қажетті қозғалысты табу, қозғалыс бағдарламасын орындауға себеп болмай, сынақ қозғалыстарының орындалуы кезінде қалыптасады; екіншісінің мағынасы: жануарлардың бейімделу әрекеттері сияқты жоғары деңгейде жасалған мінез-құлықтың жаңа түрлері де жануар тіршілігінің ерекшелігімен тығыз байланыста болатын мінез-құлықтың табиғи түрлеріне тәуелді болады. Мәселен, шөп қоректі жануарлардың (сиыр, қой) бейімделу әрекеті шектеулі енжар сипатта болады және әрекеттің құбылмалы - дара жаңа түрлері баяу қалыптасады. Керісінше, табиғи жағдайдағы жыртқыштардың (жыртқыш құстар, түлкі) бейімделу әрекеттері белсенді ізденістер түрінде болып, құбылмалы жағдайға сәйкес келетін мінез-құлықтың жаңа түрлері анағұрлым тезірек қалыптасады.

Туа біткен мінез-құлық бағдарламаларының құбылмалы-дара жаңа әрекет түрлерімен мұндай тығыз байланыста болуы аталған даму кезеңіндегі жоғары омыртқалылардың да мінез-құлқына тән.

Жануарлардың интеллектуалдық мінез-құлқы

Эволюция баспалдағының шыңындағы омыртқалыларда “интеллектуалдық” мінез-құлық деп атауға болатын мінез-құлықтың жаңа құбылмалы-дара түрлері пайда болады. Соңғысының ерекшелік мәні мынада: тапсырмаларға бейімделу, қозғалыс сынақтары болмай, мәселе шешімінің үлгісі қалыптаса бастайтын олардың қосымша алғы шарттары болады. Бұл уақыттағы қозғалыстар аталған күрделі әрекеттің орындаушы бөлігі ғана болады. Сонымен, эволюцияның жоғары кезеңдерінде ерекше күрделі мінез-құлық түрлері қалыптаса бастайды. Олардың күрделі құрылымына мыналар енеді:

- мәселе шешімінің нұсқасын жасауға әкелетін бейімделуге бағытталған зерттеуші әрекет;

- мақсатқа жетуге бағытталған мінез-құлықтың құбылмалы бағдармаларын қалыптастыру;
- орындалған әрекеттерді бастапқы ниетпен ұштастыру.

Күрделі әрекеттердің мұндай құрылымына оның өзін-өзі реттеуші сипаты тән: егер әрекет қажетті нәтижелілікке әкелсе, онда ол тоқтатылады, ал егер ол қажетті нәтижелілікке әкелмесе – жануар миына сәйкес сигналдар келіп, мәселені шешу ұмтылыстары қайта басталады.

Жануарлардың мінез-құлқының бұл түрін екі маңызды құбылыс ерекшелейді: экстраполяциялық рефлекс және естің күрделі түрлерінің дамуы. Кейбір жануарлар мінез-құлқынан олардың заттың тікелей қабылдануына бағынбай, оның қозғалыстарын қадағалап, күткен объектінің орын ауысуына бейімделуі эксперимент жүзінде анықталған. Экстраполяциялық рефлекс құбылмалы-дара мінез-құлықтың жоғарырақ интеллектуалдық түрлерін қалыптастырудағы маңызды бастаулардың бірі болып табылады.

Интеллектуалды мінез-құлықтың қалыптасуының маңызды шартын тудыратын екінші бастау болып, қабылдаудың өспелі күрделілігі мен естің беріктігі саналады. Бұл айғақты кейінге қалдырылған реакциялар эксперименттері анық көрсеткен. Жануарды байлап, оның көзінше жәшікке жемді салады. Аз уақыттан кейін жануарды босатады: егер оның есінде із сақталса, онда ол жәшікке жүгіреді, егер сақталмаса, ешқандай әрекет жасамайды. Әр түрлі жануарлардағы бейнелі есте сақтаудың ұзақтығын мысал үшін көрсетейік:

- | | | |
|----------|---|-------------------|
| атжалман | - | 10-20сек. дейін |
| ит | - | 10 мин. дейін |
| маймыл | - | 16-48 сағ. дейін. |

Жоғары жануарлардың (маймылдардың) интеллектуалдық мінез-құлқын жүйелі түрде зерттеулерін белгілі неміс психологы В.Келлер /18/ бастады. Мінез-құлықтың бұл түрін зерттеу үшін, Келлер маймылдарға мақсатқа тікелей жетуге мүмкіндік бермейтін, қиын жағдайлар жасады. Маймыл тамағын алу үшін не айналмалы жолды пайдалануы, не бұл мақсатқа арнайы құралды қолдануы керек болды. Мәселен, маймылды үлкен темір торға кіргізіп, оның жемін сыртқа, қолы жетпейтін жерге қояды. Оны ол тек тордың артқы қабырғасындағы есік арқылы ғана ала алатын болады.

Келлер жасаған зерттеулер келесі көріністі байқауға мүмкіндік берді. Алдымен, маймыл тамақты тікелей алғысы келіп, оған қарай созылады немесе секіреді. Содан соң маймыл бұл табыссыз ұмтылыстарды тоқтатып, қозғалмай отырып, жағдайды бақылай бастады. Мәселе шешімі тікелей болатын сынақтар кезеңінен бақылау ұмтылыстары жағдайларының кезеңіне ауысып, маймылдың қозғалысы алдын ала жасалған “шешім жобасының” орындалуы ғана болады.

Жануарлардың тапсырманы интеллектуалды тұрғыда шешуге қалай келетінін түсіндіру өте қиын, және бұл үрдісті әр түрлі зерттеушілер әртүрлі

сипаттайды. Кейбіреулері маймылдың мінез-құлқының бұл түрлерін адам интеллектісіне жақындатуға болады деп санап, оларды шығармашылықтың ашылу құбылысы түрінде қарастырады. Австриялық психолог К.Вюлер /11,18/, маймылдың құралды қолдануын алдыңғы тәжірибелерден (ағаштағы өмір сүретін маймылдар жемісті алуы үшін бұтақты тартуы керек болған) өтуінің нәтижесі ретінде қарастыру керек дейді. Қазіргі кезеңдегі зерттеушілердің пікірі бойынша, интеллектуалдық мінез-құлықтың негізін жеке заттар арасындағы күрделі қатынастардың көрінісі құрайды. Жануарлар заттар арасындағы қатынастарды ұғынып, осы жағдайдың нәтижесінен басым бола алады. Маймылдардың мінез-құлқын бақылаған И.П.Павлов /10, 11/ олардың интеллектуалдық мінез-құлқын “қолмен ойлау” деп атады.

Сонымен, жоғары сүт қоректілерге тән интеллектуалдық мінез-құлық өзінің ерекше жоғары дамуына адам тәріздес маймылдарда жатады. Ол тек қана адамға тән, мүлдем басқа, жаңа типтегі психиканың дамуы тарихы – адам санасының даму тарихы басталатын психиканың жоғары даму шегін білдіреді. Біз байқағандай, адам санасы тарихының алдын жануарлар психикасының күрделі әрі ұзақ даму үрдісі құрайды. Бұл жолдың негізгі кезеңдері мен оның заңдылықтарын анық көруге болады. Жануарлар психикасының дамуы олардың биологиялық эволюция үрдісі кезінде болып, осы үрдістің жалпы заңдылықтарына бағынады.

Сонымен, жануарлардың күрделірек ортаға бейімделуі қарапайым жүйке жүйесі мен арнайы сезім мүшелерінің бөлінуіне әкеледі. Осының негізінде, ортаның жекелеген ерекшеліктерін бейнелеу қабілеттілігі – қарапайым сенсорлық психика пайда болады. Жануарлардың жер беті тіршілігіне өтуі және (осының нәтижесінде) бас миы қабығының дамуына байланысты болатын перцептивтік психика – жануарлардың біртұтас заттарды бейнелеуі – пайда болады. Мидың, қабылдау мен әрекет жасау мүшелерінің аса жетіле дамуына әкелетін тіршілік шарттарының қиындауы, жануарларға заттардың объективтік қатынастарын заттар жағдайлары түрінде сезіне қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен, психиканың дамуы жануарлардың ортаға бейімделуінің қажеттілігімен анықталады және психикалық бейнелеу, осы бейімделу барысында оларда қалыптасатын, сәйкес мүшелердің қызметі болып саналады.

Психиканың бірнеше даму сатылары болады. Психиканың қарапайым түрі – жүйке жүйесінің болмашы қасиеті бар тіршілік иелері, мәселен, құрт тағы басқа жәндіктер дүниесінде кездеседі. Бұл жәндіктерге тек сыртқы ортаны шамалау, бағдарлау ғана тән. Олар тек биологиялық мәнді зат пен әсер етуші объектінің жеке қасиеттері арасындағы байланыстарды бейнелеуге қабілетті. Психиканың бұл сатысы сенсорлық (сезімдік) деп аталады. Мұнда тікелей әсер етуші, оның үстіне, түгелдей зат емес, оның кейбір қасиеті ғана бейнеленеді. Мәселен, өрмекші өрмек пен тамақтың (өрмекке түскен шыбын) арасындағы байланысты бейнелендіреді, бақа жейтін қоректік затын түсі мен формасына қарап ажыратады, ара тамағының

түсі мен иісіне, ал жылан болса, тек формасы емес, сонымен қатар өз жемтігінің денесінің қызуына реакция жасайды және т.б.

Тіршілік иесінің, әсіресе жүйке жүйесінің құрылысы неғұрлым күрделеніп әртүрлі мүшелердің атқаратын қызметі мейлінше ажыратылса, сондай-ақ ағзалар қызметінің бірігуі белсенді бола түскен сайын, психиканың бейнелеу функциясы да күрделене түседі және оның басқару әрекеті кемелдене береді. Бұл, әсіресе жүйке жүйесінің жоғары бөлігінің қалыптасуы кезінде анық байқалады. Осыдан психикалық іс-әрекеттің перцептивтік деп аталатын екінші сатысы басталады.

Барлық сүтқоректілердің әрекеті осы екінші сатыдағы ерекшеліктермен сипатталады, олардың бәрінің де миы жақсы дамыған. Бұл саты үшін, бір объектінің кей кездері тіпті күрделі объектінің де әр түрлі қасиеттерін синтетикалық тұрғыдан бейнелей алу қабілеті тән. Осы жерде енді заттық бейнелей алу туралы айтуға болады. Мәселен, ит өз иесін дауысы, киімі, иісі тағы басқа көптеген белгілері арқылы тани алады. Алайда, арнайы жүргізілген зерттеулердің көрсеткеніндей объектілерде қайсы бір қасиеттері жануар үшін өте маңызды болса (сигнал ретінде), ал екінші біреулерінің маңызы аз болуы мүмкін. Жануарлардың бір белгілерді түсіне қоюы, оны дұрыс ажырата алуы, ал екінші бір белгілерді ажырата алмай, қателесуі, қайтерін білмей, тайқақтауы – міне, осыдан.

Жоғары сатыдағы сүтқоректілерге қарапайым тұрғыда ойлау қасиеті тән.

Бұлардың ішінен, әсіресе маймылдар, бәрінен бұрын антропоидтар немесе адам тәріздес маймылдарды айту керек. Олардың миы мейлінше дамыған, өзінің құрылысы жағынан адам миына өте ұқсас, әрі басқа жануарларға қарағанда, олардың психикалық іс-әрекеті анағұрлым бай және күрделі. Психиканың бұл сатысын интеллект сатысы деп атайды. Маймылдар тек ғана заттың белгілі бір қасиеттерін, не бүтіндей өзін, біріктіру арқылы бейнелеп қоймайды, сонымен қатар заттардың арасындағы байланысты да бейнелей алады. Зоопсихолог Ю.Войтонис /11/ атап көрсеткендей, маймылдардың осындай қабілетке ие болуы бағдар-зерттеу рефлексі күшті дамығанына байланысты болады. Өйткені бұл рефлекс олардың өзіндік қажеттеріне айналып кеткен. Академик И.П.Павлов /10/ Роза дейтін антропоид маймылдың әрекеттерін бақылай келіп, “ол ақыл-ой жаттығуларынан көрі асқазан рахатын бірінші кезекке қояды”, - деп атап көрсеткен еді.

Байқампаздық маймылдарды заттар арасындағы байланысты “ашу” деңгейіне итермелейді. Ми жарты шарлары қыртысының дамуы тұтас жағдайларды және заттар арасындағы бір жағдай төңірегінде болатын сан қилы байланыстарды бейнелей алуға мүмкіндік береді.

Павловтың атап көрсеткеніндей, маймылдардың ойлау қабілеті бар. Олардың ой түюі нақтылы, бірден іс жүзіне асады. Әрине, бұл маймылдар сөйлей алмайды, сондықтан танып білген нәрсесін жадында сақтау, болмыстан бір қадам алшақтап, абстракты түрде ойлау арқылы қайта қалпына келтіру мүмкіндіктері жоқ.

Сонымен, маймыл тамақты жеу алдында шөлін қандырып алу үшін бөшкедегі суды пайдаланды делік. Алайда, егер бөшкені басқа жерге ауыстырып, ал тағамды соның жанындағы көлшікке, тақтай үстіне тастасаң, маймыл тағамның айналасындағы суды ішпейді, жанындағы тұрған бөшкеге ұмтылады. Демек, оның түсінігінде жалпы су туралы ұғым жоқ, тек ғана бөшкедегі сұйықтың шөл қандыратындығы туралы ғана мағлұмат бар. Маймылдар үйір-үйір болып жүріп өмір сүреді (тек орангутангтар ғана отбасымен бөлек тұрады). Әр үйірдің басында шектеусіз билікке ие және ерекше артықшылық жағдайдағы бастаушысы болады. Маймылдар арасында белгілі бір дәрежеде ынтымақтастық қатынастар болады: олар бір-бірінің жүніндегі қоқысты тазалайды, ауа-райының қолайсыз кездерінде бір-бірін жылытады, жауларына бірлесе қарсы тұрады, қауіп төне қалғандай болса бірге қашып құтылады.

Бастаушының іс-әрекеті өзгелері үшін белгі ретінде ұғынылуымен бірге қауіптен сақтандыратын немесе маймылдардың өзара көңіл-күйін білдіретін дыбыстық белгілер де болады.

Ғалымдар соңғы ондаған жылдардан бері дельфиндер тіршілігіне баса назар аударып келеді, дельфиндерді психикалық-жүйкелік жаратылысы жағынан жоғары дамыған жануарлар қатарына жатқызуға болады екен. Неміс физиологы М.Тидеман /11,20/ дельфин миының даму дәрежесіне таңданғандығын айтқан болатын. Мұндай даму дәрежесі дельфинді адам мен орангутаннан кейінгі үшінші орынға қоюға, сөйтіп оның ақыл-ой қабілетінің де сол деңгейде екендігін тошылауға мүмкіндік береді. Мәселен, адамның миы орта есеппен 1,4 килограмм болса, дельфиннің миы – 1,7 килограмм, ал ми қыртысындағы иірімдер адамның миындағыдан екі есе көп.

Ғалымдардың бақылаулары мен арнайы тәжірибелері дельфиндерде шапшаң қабылдау және “ойлау” қабілетінің бар екендігін дәлелдеп отыр. Ағылшын зерттеушісі Д.Лиллидің /11/ айтуына қарағанда, өте шапшаң есептейтін кибернетикалық қондырғының көмегісіз дельфиндердің психикалық іс-әрекетін зерттеу мүмкін емес.

Швейцария профессоры А.Портман /11,20/, адам мен жануарларды интеллектік сынау әдісімен зерттей келіп, мынадай деректерді жариялады: адам 215 балл алған (бірінші орын), дельфин-190 балл (екінші орын), піл үшінші, ал маймыл төртінші орынды иеленген.

Дельфин тәртіптің, дағдының кез-келген түріне өте тез және оңай үйренеді, баулуға көнбіс келеді. Олардың қатынасқа үйірлігі мен дыбыстық белгілерінің сан қырлылығы таң қалдырады. Дельфиндер бір-біріне ұдайы көмектеседі, мәселен, жаралыларын сүйемелдейді. Дельфиндердің суға батқан адамдарға көмекке келуінің талай-талай мысалдары кездесіп қалып жүр. Сонымен, интеллектік мінез-құлық жоғары дәрежедегі дамыған жануарларға, яғни маймылдарға, дельфиндерге, пілге тән. Жануарлардың интеллектік мінез-құлық әрекеті адам санасы қалыптасуының алғы шарты болып табылады.

Мүлдем басқа ерекшеліктермен сипатталатын дамудың мүлдем басқа түрін адам психикасы – адам санасы білдіреді. Психика дамуын басқаратын заңдылықтардың өзгеруі салдарынан адам санасының пайда болуы, оның басты ерекшелігі болып саналады. Егер жануарлар әлемі тарихында, психика дамуының заңдылықтарына бағынатын жалпы заңдылықтар болып биологиялық эволюция заңдылықтары саналса, адам психикасының дамуы тарихи қоғамдық заңдылықтарға бағына бастайды.

Адам және жануарлар психикасының айырмашылықтары

Өмірдің дамуы жануардың физикалық құрылымының өзгеруіне және оларды қоршаған болмыстарды бейнелеу қызметін атқаратын мүшелердің пайда болуына әкеледі. Бұл қызметтің сипаты неге тәуелді болады? Бұл қызмет неге кейбір жағдайларда, мәселен, жеке қасиеттердің бейнеленуі түрінде, ал басқа жағдайларда – біртұтас нәрселердің бейнеленуі түрінде болады? Бұл жануарларды қоршаған ортамен байланыстыратын жануар әрекетінің объективтік құрылымына тәуелді болады. Тіршілік жағдайлары өзгергенде, жануардың құрылымы мен әрекеті де өзгереді, осылайша, психикалық бейнеленудің жаңа түрін тудыратын, қайта қалыптасқан мүшелері мен олардың қызметтерінің қажеттілігі пайда болады. Жануарлардың психикасын қарастыра отырып, біз алдымен, оның түрлері арасындағы айырмашылықтарды атап көрсеттік. Енді, жануарларды сапалық айырмашылықтары мен әрекеттерін және олардың психикасын адам әрекеті мен санасымен байланыстыра қарап, осы әртүрлі формаларды сипаттайтын ортақ нәрсені анықтау керек.

Жануарлардың барлық әрекеттерінің адам іс-әрекетінен бірінші айырмашылығы мынада: ол тікелей биологиялық әрекет. Басқаша айтқанда, жануар әрекеті тек затқа, биологиялық қажеттілікке ғана қатысты болып, табиғатқа инстинктивтік, биологиялық қатынастары шеңберінде қалады. Бұл жалпы заңдылық. Осыған байланысты жануарлардың қоршаған болмысты психикалық бейнелеу мүмкіншіліктері де олардың биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын нәрселердің қасиеттері мен ерекшеліктерінен ғана тұратын болғандықтан, бұл мүмкіншіліктер шектеулі болады. Сондықтан, адамға қарағанда, жануарларда болмысты объективтік нәрсе ретінде бейнелеу болмайды. Сонымен, қоршаған болмыстың кез-келген нәрсесі, жануарға, оның инстинктивтік қажеттілігімен бірге көрінеді. Жануар психикасының адам санасынан айырмашылығының мәні, ол жануарлардың өзі сияқтыларға қатынасы олардың басқа сыртқы объектілерге қатынасынан өзгеше болмайды, яғни жануарларда қоғам болмағандықтан, бұл қатынастар да олардың инстинктивтік-биологиялық қатынастарына жатады. Кейбір авторлар жануарларда еңбек бөлінісі болады деп санай отырып, ара, құмырсқа және басқа “қоғамдық” жануарлар өмірлерінен мысалдар келтіреді. Ал адам өмір тіршілігінде еңбектің маңызы зор екендігі

бәрімізге мәлім. Өйткені, еңбек адамның дене бітімін жетілдіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге оның психикалық жетілуінің, сананың қалыптасуы мен дамуының негізгі факторы болып табылады. Сонымен қатар еңбек, адамды қоғамдық тіршілік иесіне айналдырады, биологиялық жан иесі еңбектің арқасында адам дәрежесіне көтерілді.

Еңбек арқылы сыртқы дүниені тану құралы ретіндегі сана қалыптасады. Адам өзін-өзі танып, өзінің табиғи күшін алдына қойған міндеті мен еңбек материалдарына қарай реттей білуге үйренеді. Демек, еңбекте өзіндік сана-сезім де қалыптасады.

Адам еңбектің көмегімен өзін айнала қоршаған табиғатты ғана өзгертпей, сонымен бірге өзі де өзгеріп, дамиды. Қоғамдық өндіріс қажеттіліктерді қанағаттандыру заттарын жасай отырып, жаңа қажеттіліктерді де туғызды және оларды жетілдіріп те отырды. Тіпті ең қарапайым деген қажеттіліктің өзі адамға тән сипат алады. Жануарға қарағанда, адам құралдарды пайдаланып қана қоймай, оларды жасайды. Құралдарды жасау алғашқы адамның әрекетін түбегейлі өзгертті. Құралды жасау жұмысы тікелей биологиялық мотив (қоректі қажет ету) тудыратын жай әрекет ғана емес: принципі бойынша ол мағынасыз, ештеңемен анықталмай, құралды аңшылыққа қолдану арқылы мағынаға ие болады. Басқаша айтқанда, ол орындалатын әрекетті білумен қатар құралдың келештегі қолдансын білуді де талап етеді. Ол құралдың жасалуының негізгі шарты бола тұрып, сананың алғашқы көрінісі деп аталуы мүмкін, яғни саналы әрекеттің алғашқы түрі болып саналады.

Құралды жасау әрекеті адамның мінез-құлқының барлық құрылымын түбегейлі қайта құруға әкеліп соғады. Жануардың мінез-құлқы әрқашанда қажеттілікті қанағаттандыруға ғана бағытталған болатын. Құрал жасаушы адамның мінез-құлқының құрылымы күрделі сипатта болады: қажеттіліктерді тікелей қанағаттандыруға бағытталған әрекеттен, кейінірек ғана мағынаға ие болатын, арнайы әрекет бөлініп шығады.

Адамның психикалық дамуында алғашқы адамдардың қоғамдық санасында бейнеленген өндірістік қатынастардың маңызы зор. Қалыптасып келе жатқан қоғамдық сана өз тарапынан, жеке адамдар санасында өзінің таңбасын қалдырып отырды.

Жануарлардың бір-бірімен өзара қарым-қатынастарының ерекшеліктерін олардың “сөздерінің” өзгешелігі көрсетеді. Бір жануардың басқаға дыбыстар арқылы әсер етуі жануарлардың қарым-қатынасын білдіретіні белгілі. Бұл кезде адамның сөздік қарым-қатынасын сипаттайтын үрдіс бола ма? Олардың сырттай ұқсастығы болатыны рас. Іштей бұл үрдістер түбегейлі өзгеше болады. Адам өз сөзінде бір объективтік мазмұнды білдіреді және өзіне айтылған сөзге дыбыс түрінде ғана емес, сөзде айтылған ақиқатқа жауап береді. Жануарлардың дауыспен қарым-қатынас жасауы бұдан мүлдем өзгеше болады. Мәселен, топтасып өмір сүретін құстарда топқа төніп тұрған

қауіпті білдіретін арнайы дыбыстар болады. Жануарлардың бұл дыбыстарында объективтік нәрсенің тұрақты мағынасы болмайды.

Адам санасының пайда болуы және оның психологиялық сипаты психика дамуының жоғары, жана кезеңінің басталуын білдіреді. Санадағы бейнелеудің жануарларға тән психикалық бейнелеуден айырмашылығы – бұл зат болмысының бейнеленуі.

Адамның саналы әрекетінің ерекшеліктері үш түрлі сипатта болады. Бұл ерекшеліктердің біріншісінің мәні мынада: адамның саналы әрекетінің биологиялық мотивтерге байланысты болуы міндет емес. Кейде, адамның саналы әрекеті биологиялық ықпалдар мен қажеттіліктерге бағынбай, олармен үйлеспей, тіпті олардан басым болады (мысалы: батырлық).

Адамның саналы әрекетінің екінші ерекшелігі, бұл жануарлардың мінез-құлқына қарағанда, оның ортадан алған көрнекті әсерлер арқылы айқындалуы міндет емес. Адам орта жағдайын жануарларға қарағанда әлдеқайда терең білдіреді.

Үшінші ерекшелігінің мәні, ол адамның білімділігі мен іскерлігінің басым көпшілігі оның өзіндік тәжірибесінің нәтижесі болмай, ұрпақтың тарихи-қоғамдық тәжірибесінмен меңгеріледі. Бұл адамның саналы әрекетін жануардың мінез-құлқынан түбегейлі өзгеше екенін көрсетеді.

Адам санасының дамуы әрқашан да жалпы тарихи үрдістің барысына бағынышты болды, оны қоғамдық болмыс, яғни сол қоғамның өмірі белгілейді. Ал бұл өмірдің аса маңызды шарты материалдық өндіргіш күштердің, оның ішінде еңбек құралдарының даму дәрежесі болып табылады. Мысалы, тас заманындағы адамның санасы қола мен темір құралдар жасап, оларды пайдалана білетін адамдардың санасынан әлдеқайда қарапайым келеді.

Адамның санасы мен тілі

Тілдің пайда болуы – адамның күрделі құрылымды саналы әрекетін қалыптастыратын екінші шарт. Сыртқы әлем нәрселері, олардың әрекеттері, сапалары, өзара қарым-қатынастары белгіленетін белгілер (символдар) жүйесін тіл деп түсінген жөн. Сөйлемге біріктірілген сөздер адамға ақпаратты сақтауға, беруге және басқа адамдардың тәжірибелерін меңгеруге мүмкіндік беретін негізгі қатынас құралы болып табылады. Тілдің шығу тегі туралы сауалдар, көптеген болжамдар мен теориялардың тақырыбы болды. Кейбіреулер оны рухани өмірдің көрінісі деп санап, оның “құдайдан келгенін” айтты. Басқалары тілді жануарлар әлемінің эволюциясынан шығаруға тырысты. Бірақ тілдің шығу мәселесінің ғылыми шешімін адам тарихына өтуде алғаш пайда болған, қоғамдық еңбек қатынастарынан іздеу керек.

Тіл алғаш рет адамдардың еңбек үрдісі кезінде жасайтын қарым-қатынас түрлерінен шықты деп болжауға негіз бар. Күнделікті бірлесіп

әрекет жасау, бірлескен еңбек әрекетіндегі нәрселерді білдіретін ақпаратты біреуге беру қажеттілігіне әкелуі сөзсіз. Нәрселердің бұл алғашқы белгілері жай дыбыстар түрінде болды. Тек бірнеше мың жылдан кейін ғана дыбыстық тіл жекелеген түрде практикалық әрекеттен бөліне бастады.

Заттарды, олардың қимылдарын, сапаларын немесе қатынастарын білдіретін белгілер жүйесі, ақпаратты беру құралы ретіндегі тіл, адамның саналы әрекетінің ары қарай қайта құрылуында маңызды болды. Сондықтан еңбекпен бірге тіл де сананың қалыптасуының негізгі факторы болып табылады.

Тілдің пайда болуы адамның саналы әрекетіне үш маңызды өзгеріс енгізді:

- тіл сыртқы әлемнің заттары мен құбылыстарын жеке сөздер немесе олардың тіркестері түрінде көрсете отырып, бұл заттарды бөліп алуға, оларға зер салуға және есте сақтауға мүмкіндік береді. Тіл қабылданатын әлемді еселеп, алынған ақпаратты сақтауға мүмкіндік береді және ішкі дүниелердің әлемін жасайды;

- тіл сөздері нақтылы заттарды білдіріп қана қоймай, олардың маңызды ерекшеліктерін абстракциялайды, қабылданатын заттарды белгілі бір дәрежелерге жатқызады. Сонымен, тіл арқылы абстракциялау мен қорытындылау үрдістері жасалады. Тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, ойлаудың да маңызды құралы болады;

- тіл адамның қоғамдық тарихында жинақталған ақпараттарды беруші негізгі құрал болып табылады. Адамда тілдің пайда болуы жануарларда болмайтын психикалық дамудың мүлдем жаңа түрін тудырады, сананы дамытудың маңызды құралы болып табылады.

Сананың болуы, өзімен бірге еңбек үрдісі кезінде пайда болатын тілдің болуымен ғана байланысты. Бірақ адамның жеке санасының болуы қоғамдық сананың болуымен байланысты.

Сана адамның барлық психикалық функцияларының жалпы сапасы болып табылатын бейнелеудің ерекше түрі ретінде түсіндіріледі. Өзара қатынастағы барлық психикалық функциялардың дамуы, адамда сыртқы әлемнің іштей бейнеленуі қамтамасыз етеді.

Психологияны қызықтыратын жеке сананың дамуы мен қалыптасуы қоғамдық санамен үздіксіз байланыста болады. Сана – бірлескен психика түрі, адамның еңбек әрекетінде қалыптасуының тарихи-қоғамдық жағдайлардың нәтижесі. Сана – қоғамдық болмыс.

Сананың төрт негізгі сипаттамасы бөлінеді:

1. Сана – қоршаған әлем туралы ілімдердің жиынтығы. Сана құрылымына барлық танымдық үрдістер енеді: түйсік, қабылдау, ойлау, қиял, ес.

2. Санада субъект пен объект айырмашылықтарының бекітілуі. Органикалық әлем тарихында тек адам ғана қоршаған ортадан өзін бөліп,

оған өзін қарсы қоя алады. Тіршілік иелері ішінен тек адам ғана өзін тануға қабілетті, яғни өзінің психикалық әрекетін өзіне бағыттай алады.

3. Мақсатты іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді. Сана қызметі: әрекеттің мақсатын, оның мотивтерін қалыптастырады, еріктік шешімдер қабылдайды, әрекеттердің орындалу барысын қадағалайды және т.б.

4. Сондай-ақ, сана құрылымына белгілі бір қатынастар да енеді.

Тіл – сананың барлық аталған арнайы қасиеттерінің қалыптасуы мен болуының міндетті шарты. Тіл – тарихи-қоғамдық тәжірибені немесе қоғамдық сананы білдіретін ерекше объективтік жүйе екені белгілі. Нақтылы бір адам меңгеретін тіл осы адамның шынайы санасы болады.

Тілдің белгілері жоғары жүйке қызметін жетілдіреді, соның нәтижесінде жануарларда болмайтын екінші сигналдық жүйе қалыптасады.

Сөйлеу тілінде таным деңгейін жаңа сатыға көтереді. Себебі, сөз нақтылы бір атаудың алуан қырын танымның жалпы шеңберінде қорытып, жинақтап береді. Демек, ойлаудың жаңа түрі дамиды. Ол жоғары сатыдағы жануарлардың пәрменді және нақтылы-бейнелі ойлауынан өзгеше дерексіз ойлау жетіледі, ал дерексіз ойлау дегеніміз - сананың өзегі.

Тіл – біздің саналық болмысымыздың формасы – қарым-қатынас шеңберін кеңейте түседі. Қарым-қатынас үрдісінде адамдар сыртқы ортаны да, өзін де терең әрі жан-жақты тани түседі. Демек, еңбекпен қатар сөйлесу де сана мен адамдардың өзіндік сана-сезімінің дамуының маңызды факторы болып табылады. Қарым-қатынас жасау – қоғамдық өмір факторы. Қарым-қатынас үрдісінде психологиялық қауымдастықтар қалыптасады, яғни өз заңдары бар қоғамдық психология пайда болады.

Философ Ю.К.Мельвиль: /19/ “Адамның бүкіл рухани дүниесі оның өзге адамдармен қарым-қатынасында ғана пайда болады және дамиды. Ал қарым-қатынас үрдісінде адамдардың тек өз жеке басының ғана емес, сондай-ақ адамдардың қоғамдық санасы да қалыптасады”, - деп атап көрсетті.

Тілдің арқасында адамдар өткен ұрпақ тәжірибесін жинақтап, сақтап және келер буынға тапсыра алатын болашаққа көз жіберіп, өз ісінің нәтижесін шамалайтын еңбекті, өмірді, әлеуметтік күресті жоспарлай алатын болды.

Сананың негізгі қасиеттері

Сана психика дамуының жоғары сатысы ретінде, ең алдымен, жалпыны және болмыстағы елеуліні тану қабілеті сияқты қасиетімен ерекшеленеді. Жалпыны білу адамның болмыста мейлінше дұрыс бағдар ұстауын қамтамасыз етеді, істі біліп әрекет жасауына, өзін дұрыс алып жүруге мүмкіндік береді. Жалпыны біле отырып адам әрбір жеке міндетті практикалық тұрғыдан шеше алады. Заңдылықтарды біле отырып, белгілі бір оқиғаның болатынын алдын ала болжай да аласыз. Жалпы мен елеулі жайындағы білімдерді жинақтау ғылымды И.П.Павловтың /22/ сөзімен

айтқанда, “болмысты және өз басымызды дұрыс алып жүруге жоғары бағдарлылықты” қалыптастырады. Ғылым, өнер, мәдениет (сөздің кең мағынасында) қоғамдық сананы құрайды.

Жеке адамның санасы мен қоғамдық сана диалектикалық бірлікте болады. Жеке адам санасы оның болмысын ғана бейнелеп қоймайды, сонымен қатар адамзат жинақтаған білімді меңгеру нәтижесі де болып табылады. Екінші жағынан, қоғамдық сана жеке адамдар мен бұқара көпшіліктің шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесінде қалыптасады.

Сана объективтік болмыс жайында қорытылған білімнен ғана емес, сондай-ақ сол болмысқа белгілі түрдегі қатынастардан да көрініп отырады. Демек, адам өзін табиғаттан бөліп алады, белгілі автономия танытады, белгілі дәрежеде бағалай отырып, оқиғаларға байқастап жанасады. Адам қатынастарды интеллектуалды (бағалау арқылы) және эмоционалды (сүю, ұнату, өшпенділік, жек көру, жирену түрінде көрінеді) сипатта болуы мүмкін. Көп жағдайларда саналы қатынастар интеллектуалды-эмоционалды сипатта, екеуі аралас келеді. Сана адамның шығармашылық қабілеттілігінен көрінеді. “Адамның санасы объективті дүниені бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар оны жасайды”/13/.

Хайуан еш нәрсені де орната алмайды. Егер ол өзі мекендеген жердің жағдайын өзгертсе оны саналы түрде түсініп істемейді, оның тіршілік етуі соған жеткізеді. Адам дүниені саналы түрде өзгертуге талаптанады, оны өз қажетіне бейімдегісі келеді, тіпті ол табиғаттың жеке элементтерінен табиғатта кездеспейтін жаңа заттар жасайды. Шығармашылық адамның бүкіл Жерді мекендеуіне және ғарышқа да жол табуына мүмкіндік береді.

Сананың аса маңызды оның есеп беруі болып табылады. Адам өзінің ниеті мен күйзелісі, ойы мен түйсігі туралы өзіне-өзі есеп береді, демек, сана тек қана сыртқы білімді емес, өзін білуді де қамтамасыз етеді, яғни сана өзіндік сана-сезім түрінде де көрініс табады. Адам есеп беруінің арқасында өз күшін реттей алады, өзін түзетіп және дамытып отырады.

Білім негізінде жеке адамның іс-әрекетіндегі және мінез-құлқындағы саналылық мөлшерін анықтауға болады. Жеке адам мінезі мен іс-әрекетінде білімге сүйенеді, ол өткендегіні ескеріп және болашақты болжай отырып, неғұрлым тиімді тәсілді таңдап алады. Бұл ретте адам өзін-өзі бақылайды және өз күшін жоспарына қарай реттеп отырады.

Өзіндік сана-сезім

Адамның жануарлардан айырмашылығы – ол өзін танитын және білетін, өзін түзетіп және жетілдіріп отыруға қабілетті тіршілік иесі.

Өзіндік сана-сезім – сананың өзінді білу мен өзіне қатынастың бірлігі ретінде көрінетін бір түрі. Өзіндік сана-сезім сыртқы ортаны және өзінді өзің танудың бейнелеуінен біртіндеп қалыптасады.

Басқаларды тану арқылы өзінді тану. Жас бала бастапқыда өзін қоршаған ортадан бөліп қарамайды. Ол ойыншықты қозғап та, аяғының

қимылдатып та – бірінен-бірін айырмай ойнай береді. Бірте-бірте ол өзін, өзінің мүшелері мен тұтас денесін қоршаған заттардан бөле қарап, ажырата бастайды. Бұл физикалық саралау үрдісі сыртқы дүние мен өзін танудың нәтижесінде және алғашқы кезде проприоцептивтік деңгейінде (өз мүшелерінің қалыпты жайы мен қимыл қозғалысын сезіну) өтеді. “Баланың өзін-өзі аңғаруынан кейін, есейген соң өз санасының актілеріне сын көзбен қарауға, яғни өзінің бүкіл ішкі дүниесін сырттан келіп қосылатын барша құбылыстардан бөліп қарауға, оны талдауға және сыртқымен салыстыруға – бір сөзбен айтқанда, өз санасының актіні зерттеуге мүмкіндік беретін өзіндік сана-сезім туады”¹ – деп, И.М.Сеченов /19/ дәріптеген. Күрделі психикалық құбылыстарды, әсіресе өз басының қасиеттерін танып білу іс-әрекет және қарым-қатынас үрдістерінде өтеді. Қарым-қатынас үрдісінде адамдар бірін-бірі біліп, біріне-бірі баға береді. Өзгенің осындай бағалауы әр адамның өзін-өзі бағалауынан көрініс танытатын болады.

Адамның өзін-өзі тануда, оны басқаның бағалауы мен ұжымдық бағаның маңызы ерекше. Егер бір адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын сыңар жақты бағалау тұрақты сипат алса, онда сол адам өзінің қабілеті немесе мінезі жайындағы осы сыңар жақ бағаны малданып алады да соған мойын ұсынады.

Өзін-өзі тану өзіндік сана-сезімнің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Өзін-өзі тану – адамның өз психологиялық және физикалық ерекшеліктерін зерттеп білуі. Адам өзін тікелей де, жанама түрде де танып біледі.

Өз іс-әрекеті мен мінез-құлқын талдау арқылы адамның өзін-өзі тани алуы. Өзін жанама тану өз іс-әрекетінің нәтижелерін талдау жолымен жүзеге асырылады. Белгілі бір саладағы жетістіктерін талдай және бағалай отырып, жұмысқа жұмсалған уақыт пен күшті есептей отырып, өз қабілеттерінің деңгейін анықтауға болады. Қоғамдағы өз мінез-құлқын бағалау арқылы адам өз басының адамгершілік және психологиялық ерекшеліктерін танып біледі. Жанама танымда өзін-өзі зерттеп жүрген жеке адамға айналасындағылардың өзі жайындағы көзқарасын талдаудың да маңызы зор. Жақын адамдардың, қызметтес жолдастардың объективті бағасы өзінді тереңірек танып білуіне көмектеседі.

Өз басының қасиеттеріне берген өз бағасы мен басқа жұрттың бағасын салыстыру да маңызды. Ол өз танымының өзгелердің ойымен бірдей шығушықпауын, өзін-өзі не артық, не кем бағалап жүргенін айқындауға мүмкіндік береді.

Бұдан шығатын қорытынды, басқа адамдармен неғұрлым кең қарым-қатынаста болу өз басының жағымды және жағымсыз жақтарын жан-жақты салыстыруға, танып білуге көмектеседі екен.

Өзін-өзі байқау арқылы өзін-өзі тану. Тікелей өзін-өзі тану, өзін-өзі байқау формасында көрінеді. Қабылдау, елестету, ойлау үрдістерінде адам белгілі бір сәтке зейінін психикалық іс-әрекет объектісінен жеке басының жағдайына аударады және оны бағалайды. Өзін-өзі бақылау осыған негізделген. Адамның өзін-өзі байқауы үшін байсалды, қалыпты жағдай

неғұрлым қолайлы болады. Психикалық іс-әрекеттің сылбырлығы немесе оның шамадан тыс шиыршық атуы өзін-өзі тану мен өзін-өзі байқаудың мүмкіндігін кемітеді. Жүрек алып-ұшып, тым өрепкіген сәтте, бір нәрсемен құштарлана әуестену немесе бір нәрсені шоғырландыра көру кезінде өзін-өзі бақылау мүмкіндігі тарыла түседі. Мұндай жағдайда адамның өзінің көңіл-күйі туралы өзіне-өзі есеп беруі толық қанды болмайды. Сондықтан өзін-өзі байқау неғұрлым толық әрі айқын болуына жеткізетін шекара табалдырықтар деген болады.

Көп ретте, өзін-өзі байқауға есте қалғандар бойынша өзіне-өзі есеп беруді, яғни есте сақталған іздерді немесе есте қалған бейнелерді талдауды жатқызады. Адам есінде қалған оқиғаның барлық мән-жайын: сыртқы жағдайды, өз көңіл-күйін, қылықтарын қаз қалпында елестетуге тырысады. Бұл ретте ол құбылыстар арасындағы себептік байланыстарды қалпына келтіруге және оқиғаны жүйелей жаңғыртуға күш жұмсайды. Психологияда мұндай құбылысты ретроспекция (өткенді қалпына келтіру) деп атайды. Көптеген психологтардың ойынша, инстропспекция, немесе өзін-өзі байқау әрқашанда тек ретроспекция болып табылады. Бұл әлбетте, тіпті де бұлай емес. Ретроспекция туралы сол кездегі көңіл, яғни сондағы күйзеліс қайта жаңғырған жағдайда ғана айтуға болады. Мұндайда зейін психикалық іс-әрекет объектісінен субъектіге, сол адамның, яғни сондағы күйзелісіне ауысады. Алайда санада психикалық іс-әрекеттің басқа да түрі болуы – күйзелу мен сол күйзелуді талқылаудың бір мезгілде көрініс табуы мүмкін.

Үлкен ми жарты шарының қыртысында, бір мезгілде және қосарлана, жоғары жүйке қызметінің екі түрлі ағысы жүріп өтеді деуге негіз бар: оның бірі - әсер етуші объектіні ой бейнесі немесе күйзеліс түрінде бейнелеумен, ал екіншісі - алғашқы ағысты талдау, бағалау және түзетумен байланысты. Жүйке қызметінің екінші ағысы шындығында да И.П.Павлов /10/ “күзетші орталық деп атаған, ұйқының да, сергек күйдің де тыныштығын қорғайтын үрдіс болса керек. Психологиялық, субъективтік тұрғыдан қарағанда бұл біздің “мен” деп жүргеніміз болып шығады. “Мен” деп аталатын бұл жүйеде белгілі бір шапшаңдық пен ми қыртысының басқа да орындар да болып жататын үрдістер тұрақты түрде бейнеленеді. Басқа сөзбен айтқанда, “Мен” - мидың психикалық қызметін бақылаушы әрі бір мезгілде оған бұйрық беруші қондырғы.

Тіпті санадан тыс өтіп жатқан сияқты болып көрінетін шегіне жете жетілдірілген, әбден машықтандырылған әрекеттің өзі де, шынында, тұрақты түрде байқалатыны баршаға белгілі. Оны аяқ астынан жіберілген қателіктердің дереу түзетілу фактілері дәлелдейді. Қолы қолына жұқпай қимылдайтын ең тәжірибелі деген тоқымашының өзі төмен түсіп кеткен тұзақты көтеру үшін бір сәтке тоқуды тоқтата қояды.

Жеке адамдар іскерлігі мен дағдылануына қарай өз психикасын әртүрлі деңгейде байқай алады.

Өзін-өзі тану адамның өз басының жақсы жақтары мен кемшіліктеріне белгілі бір көзқараста болуына әкеліп жеткізеді. Қайсыбір адамдар өз мінезінің дұрыс жақтарын білумен қатар өз басындағы кемшіліктерін батыл сынап алады. Басқалар өзі жіберген қателіктері мен кемшіліктерін көре-біле тұра, оларын жөндегісі келмейді, өз басының кейбір қадір-қасиетін арқа тұтып, тоқмейілсінуге салынады. Ақырында, өз бойындағы өнегелі іс-қылығын байқамай, тек жаңсақ басуларын жіпке тізіп, өзін не қабілетсіз, не жігерсіз санайтын адамдар да кездеседі.

Тек адамның өзі жайындағы біз бірінші келтірген көзқарас қана өзіңді түзету ісінде көмектеседі және өзіңді-өзің тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге жеткізеді.

Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі тәрбиелеу. Өзін-өзі тану адамға өз басын жетілдіру үшін, сондай-ақ өмір және еңбек жоспарларына сәйкес өз іс-әрекетін жолға қойып отыру үшін қажет. Адам өз күшін біле отырып, оны еңбекте барынша тиімді пайдалануға ұмтылады. Бұл үшін ол өзінің қимылы мен әрекетін, қылығы мен мінез-құлқын бақылап және талдап отырады. Адам өзін-өзі бақылау арқылы іс-әрекетіндегі қателіктерін байқайды, еңбегін дұрыс ұйымдастыра алады. Өзін-өзі бақылау жедел сипатта болады және сол сәтте өтіп жатқан әрекетті ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Демек, ол өз бойындағы жақсы мен жаманды аңғаруға, сол арқылы болашақ өмір жолыңды құруыңа көмектеседі. Егер ешқандай күш салу іс-әрекетті жақсарта алмаса, онда адам өз бойында белгілі бір қажетті қасиетті дамытудың немесе қалыптастырудың ұзақ мерзімді жоспарын жасайды.

Өзін-өзі тәрбиелеу адам дамуының жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Өзін жетілдірумен айналыса бастаған адам тәрбиелеудің объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісіне де айналады, яғни оны тек қоғам тәрбиелеп қана қоймайды, ол өзі күш жұмсап та тәрбиеленеді.

Сана және санадан тыс құбылыстың байланыстары

Әрбір адамның ішкі дүниесін құрайтын білімдердің, қатынастардың, уайымдардың көпшілігін ол саналы түрде түсінбейді. Санадан тыс құбылыс - әрбір адамның психикалық әрекетінің міндетті құрамды бөлігі. Санадан тыс құбылыс туралы алғаш рет Платон /7/ айтты. Алайда санадан тыс құбылыс мәселені арналған 1-халықаралық жиналыс 1910 жылы Бостонда (АҚШ) ғана өтті. Сол кезде-ақ ғалымдар санадан тыс құбылыстың адамдар ара-қатынастардың, өнер туындыларының, эмоциялар табиғатының, тұқым қуалаушылықтың, мінез-құлықтың әртүрлі мәселелерін талдау кезінде ескеру керек болатын фактор екенін мойындады. Олар санадан тыс құбылысты түсіндіруші фактор деп атаған, бірақ оның ерекшеліктері мен заңдылықтарын ұғыну жолдарын ұсынбады. З.Фрейдтің еңбектері пайда болғаннан кейін ғана бұл дәстүр бұзыла бастады. Ол санадан тыс құбылысты зерттеудің жаңа дәуірін бастады. Санадан тыс құбылыстың мәселесін түсінудің қазіргі

кезеңдегі концептуалдық талдау негізгі екі бағытқа бөлінеді: психоанализ теориясы (негізін салушы З.Фрейд) және психологиялық нұсқауларды мойындамау теориясы. Бұлар – психикамен жалпы байланыстыра санадан тыс құбылыстың феномен әрекетінің екі түрлі тәсілі. Психоанализ сана мен санадан тыс психикалық әрекеттің бірін-бірі жоққа шығарушы элементтері ретінде қарастырады. Мақсат қою психологиясы керісінше, психиканың біртұтастық идеясына негізделеді – адам тұлғасының негізгі бірлігі туралы түсінікке сүйенеді /22/.

Санадан тыс құбылыс феноменологиясы жайлы қазіргі кезеңдегі түсініктер төмендегідей баптарды ашуға мүмкіндік береді.

Айқын түсіну аумағынан, ағзаның ішкі және сыртқы орталарынан бір мезетте келіп түсетін сигналдардың барлығының аз бөлігі ғана өз көрінісін табады. Айқын түсіну аумағына тап болған сигналдарды адам өз мінез-құлқын саналы түрде басқаруға пайдаланады. Қалған сигналдарды да ағза кейбір үрдістерді реттеу үшін қолданады, бірақ санадан тыс деңгейде. Қазіргі кезеңдегі түсінік тұрғысынан қарағанда, сана мен санадан тыс құбылыс үйлесімді бірлікте жұмыс істейді. Біздің алдымызда мінез-құлық стратегиясын таңдауды қиындататын және шешімнің жаңа тәсілін талап ететін мән-жайлар пайда болған кезде, бұл мән-жайлар ашық сананың аумағына тап болады. Шешім қабылданған соң-ақ, стратегия табылысымен-ақ мінез-құлықты басқару санадан тыс құбылыс саласына беріледі, ал сана жаңадан пайда болушы қиыншылықтарды шешуге босатылады. Әрбір белгілі бір сәттегі барлық үрдістердің аз бөлігі ғана саналы түрде реттелетініне қарамастан, сана ұғынылмайтын үрдістерге де белгілі бір ықпал етеді. Санадан тыс құбылыс, сананың тікелей қатысуынсыз болып жатқан, мінез-құлықтың реттелуіне әсер етуші факторлардың барлығын біріктіреді.

Көптеген зерттеушілер санадан тыс құбылыстар аумағына сондай-ақ: түс көру кезінде пайда болатын психикалық құбылыстар; ұғынылмайтын тітіркендіргіштер тудыратын жауап реакциялары; машықтанған қозғалыстар; мақсаты түсініксіз, әрекетке итермелеуші кейбір түрткілер де жатады деп санайды. Санадан тыс құбылысты психиканың төменгі деңгейі деп санауға болмайды, өйткені бұл адам санасының қоғамдық жағдайларымен шарттанып, онымен үздіксіз байланыста болатын адамға тән психикалық құбылыс.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ПСИХИКАНЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ Орталық жүйке жүйесінің құрылысы мен қызметі. Қоршаған әлемді қабылдау.

Адамның психикалық әрекетінің қызметінің заңдылықтары, оны жүзеге асыру ерекшеліктері мен құрылысын түсіну үшін, адамның психикалық әрекет жасаушы негізгі мүшесі – адам миы – қалай құрылғанын және адамның әр түрлі көріністегі психикалық өмірімен қандай қатынаста екенін білу керек.

Органикалық әлемнің қарапайым біржасушалы жануарлардан адамға дейінгі эволюциясының барысында мінез-құлықтың физиологиялық механизмдері үздіксіз күрделенуде. Біржасушалы ағзаның жалғыз жасушасы тіршіліктің барлық функцияларын атқарады. Бұл мүше сезеді, қозғалысқа келтіреді, тамақ қорытады. Алайда, оның мүмкіншіліктері шектеулі. Жоғары қалыптасқан жануарлардың мүшелері арнайы әрекеттерге сәйкес болады. Ол сигналдарды қабылдау функциясын атқаратын (бұл рецепторлар) жасушалардың пайда болуынан көрінеді. Басқа жасушалар бұлшық еттер жұмысын жүзеге асырады (эффекторлар). Алайда мамандандыру мүшелерді мен функцияларды бөледі, ал ағзаның біртұтас тіршілігі олардың арасындағы үздіксіз байланысты талап етеді. Бұл біртұтас жұмыс істейтін орталық жүйке жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Омырқалылардағы жүйке жүйесі құрылысының жалпы жобасы бірдей. Жүйке жасушалары немесе нейрондар – жүйке жүйесінің негізгі бөлшегі. Нейрон, дендриттер (қозуды қабылдайды) және аксон (қозуды береді) деп аталатын жасуша денесі мен тарамдардан тұрады. Аксонның дендриттермен немесе дененің басқа жүйке жасушасының денесімен түйісуі синапс деп аталады. Жүйке жүйесінде жаңа байланыстарды жасау механизмін түсіндіруде синапсқа ерекше көңіл бөлінеді.

Орталық жүйке жүйесі (ОЖЖ) арқа және бас миынан тұрады. Оның әр бөлігі әр түрлі күрделі жүйке әрекетін орындайды. Ми бөлігінің қайсысы жоғарырақ болса, соның функциясы күрделірек болады. Арқа миы бәрінен төмен орналасқан. Ол жеке бұлшық еттер тобы мен ішкі мүшелердің жұмысын реттейді. Оның үстінде созыңқы ми мишықпен бірге орналасқан. Ол ағзаның күрделі функцияларын реттейді. Одан жоғары орталық жүйке жүйесінің бөлімі – ортаңғы ми орналасқан, ол күрделі қозғалыстарды және дененің жалпы жағдайын реттеуге қатынасады. Созыңқы және ортаңғы ми бас миының өзекті бөлігін құрайды.

Орталық жүйке жүйесінің жоғарырақ бөлімдері бас миының үлкен жарты шарлары түрінде болады. Үлкен жарты шарлар құрамына жүйке жасушаларының жиынтығының түбінде жатқан – қабықасты түйіндері енеді. Жарты шарлардың бетінде жүйке жасушаларының қабаты – бас миының

қабығы орналасқан. Оның беті (2000см^2 шамасында) қатпарлар қатары және иірімдер түрінде болады. Қабықасты түйіндері мен оларға жақын орналасқан көру дөңбешктерін қосып, қабық астары деп атайды. Қабық қабықтың астарымен бірге рефлекторлық әрекеттің ең күрделі түрлерін жүзеге асырады.

Жүйке жүйесінің барлық бөлімдері өзара тығыз байланыста жұмыс істейді, бірақ әрбіреуінің ағзаның әртүрлі реакцияларындағы рөлі бірдей емес. Арқа миы, бас миының өзекті бөлігі, созыңқы және ортаңғы ми, туа біткен шартсыз рефлекстердің рефлекторлық орталықтарының жиынтығы болып табылады. Арқа миында аса қарапайым рефлекстер (мәселен, тізе рефлексі) орталықтары бар. Дене мен аяқтардың қанқа бұлшық еттерінің жұмысын реттеуші рефлекторлық орталықтармен бірге арқа миында ішкі мүшелер жұмысын реттеуші орталықтар да орналасқан.

Бас миының өзекті бөлігі бірқатар күрделі және өмірге маңызды шартсыз рефлекторлық актілерді жүзеге асыратын орталық аппарат болып саналады. Олардың қатарына ему рефлексі, шайнау және жұту жатады. Бұл рефлекстердің барлығын реттеуші рефлекторлық орталықтар созыңқы мида орналасқан. Кейбір қорғаныс рефлекстерінің: түшкіруді, жөтелуді, жас бөлінуді реттеуші жүйке орталықтары да сонда орналасқан.

Ортаңғы мида қозуды көз бен құлақтан қозғаушы салаға беретін орталықтармен бірге, қарашықты кішірейтетін орталық та орналасқан. Созыңқы мида орналасқан дем алу мүшелерінің, жүрек тамырлар жүйесінің, сондай-ақ ағзаның ішкі ортасының қалыптылығын сақтайтын басқа жүйелердің жұмысын реттеуші жүйке орталықтары орналасқан. Мишық қызметі: жүргенде, жүгіргенде, секіргенде және т.б. ағзаның тұрақты тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін, дененің барлық бұлшық еттерінің күйлерін реттеп отырады.

Қабық астары (зейін дөңбешіктері мен үлкен жарты шарлардың қабықасты түйіндері) күрделі шартсыз рефлекторлық әрекетті қамтамасыз етеді. Көру дөңбешіктері қабық астарының түйсік орталығы, ал қабықасты түйіндері қабық астарының қозғаушы аппараты болып табылады.

Адамның саналы әрекетінің мүшесі болып үлкен жарты шарлар қабығы саналады. Сондықтан адам психикасы мен үлкен жарты шарлары қабығының өзара қатынасы басты мәселе болып табылады. Ғылымда бұл мәселе функционалдық таралу немесе қабықтағы психикалық функцияларды тарату мәселесі ретінде белгілі.

“Психикалық қабілеттіліктерді “жайылдырмау” теориясын қалыптастырудағы алғашқы қадамды ХІХ ғасырдың басында Ф.А.Галль /1,11/ жасады. Ол әртүрлі психикалық “қабілеттіліктердің” субстраты болып осы қабілеттіліктердің дамуы барысында қалыптасатын, бас миы қабығының жүйке талшықтарының шамалы бөліктері саналады. Галль, түрлі қабілеттіліктер адам миында айқын таратылмаған және оларды бас қаңқасындағы шығыңқы бөліктер арқылы анықтауға болады, - деп айтқан.

Бұл тұжырым ғылымның “френология” деп аталатын арнайы саласының негізін салды. Галльдің пікірі бойынша, бас қаңқасындағы доғал бөліктерді зерттеу арқылы адамның өзіндік ерекшеліктері туралы тұжырым жасауға болады. Бұл адам миындағы функцияларды таратпау туралы алғашқы сенімдік-материалдық көзқарас еді.

1861 жылы француз ғалымы П.Брока /21/ сөйлеудің қозғаушы орталығын анықтай отырып, қабықтағы функцияларды жайылтпаушылық туралы қазіргі заманғы ілімнің негізін салды. Кейін неміс психиатры К.Вернике /21/ (1873 жылы) сөздің естілмеу (сөзді түсінудің бұзылуы) орталығын тапты. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан басталған клиникалық бақылаулар зерттеулері мынаны көрсетті: ми қабығының шектеулі бөліктерінің зақымдалуы нақтылы бір психикалық функциялардың тоқталуына әкеледі. Бұл бас миы қабығындағы жекелеген бөлімдері нақтылы бір психикалық функцияларға жауапты жүйке орталықтары түрінде қарастыруға негіз болды.

Гистологиялық зерттеулер және физиологиялық бақылаулар мынаны көрсетті: бас миының қабығы жоғары сараптағыш аппарат болып табылады, бас миының әртүрлі аумақтары бірдей құрылмаған және ми қабығының құрамына енетін нерондар бір әрекетке бейімделген. Кейінгі зерттеулер рецепторлық, сенсорлық және қабықтық орталықтардың бір қатарын анықтады. Көптеген зерттеулер нәтижесінде қабық картасы көріне бастады. Үлкен жарты шарлардың барлық бетін әртүрлі функцияларда атқаратын бірнеше үлкен бөлімдерге бөлуге болады. Оларды бас миының аумақтары деп атайды. Жарты шарлардың артқы бөлігі, алдыңғы жағындағы төбелік және шекелік аумақтарға өтетін, шүйделік аумақ болып табылады. Көлемі бойынша үлкенірек болатын жарты шардың алдыңғы бөлігі – адамда біршама дамыған, маңдайлық аумақ. Осылайша, көру тітіркендіргіштерін талдау және жинақтау қабықтың шүйделік аумағында болады; дыбыс тітіркендіргіштерін талдау және жинақтау – шекелік аумақтың жоғары бөлімдерінде; сезім тітіркендіргіштері мен бұлшық ет – сүйек аппаратында пайда болатын тітіркендіргіштерді талдау және жинақтау – төбелік бөлімдердің алдыңғы жағында; және т.б.

Адам немесе жануар өміріндегі тітіркендіргіштер түрінің қайсысы маңызды болса, бас миы ауданы осы тітіркендіргішті сезінетін сезім мүшесіне “жұмыс істейді”.

Алайда, күрделірек психикалық үрдістер кезіндегі функция мүшелердің біртұтас жүйесінің бірлескен күрделі әрекетін, яғни күрделі функционалдық жүйені білдіреді. Күрделі психикалық үрдістердің мида қалыптасуын түсіну үшін, адам миының функционалдық ұйымдасуы туралы қазіргі заманғы мәліметтерді нақты білу қажет. Мұндай ұйымдасудың принциптерін психолог А.Р. Лурия жасады /1/.

Ақпаратты қабылдайтын және өңдейтін, өз әрекеттерінің бағдарламаларын жасайтын және олардың орындалуын қадағалайтын,

адамның бас миы біртұтас жұмыс істейді. Психикалық әрекетті қамтамасыз етуде өзіндік ерекше рөлдер атқаратын, бас миының үш негізгі блогын бөліп көрсетеді. Олардың біріншісі, ақпаратты қабылдау және қайта өңдеу үрдістеріннің, сондай-ақ бағдармаларды жасау үрдістері мен олардың орындалуын қадағалайтын үрдістердің нәтижелі болуын қамтамасыз ететін, қабық тонусын ұстап тұрады. Екінші блок, сыртқы әлемнен адамға келетін ақпараттардың қабылдануын, өңделуін және сақталуын қамтамасыз етеді. Үшінші блок мінез-құлық бағдарламаларын жасайды олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді және реттейді, олардың нәтижелі орындалуын қадағалайды.

Аталған блоктарды қысқаша сипаттайық. Бірінші блок – қабық тонусының блогы немесе мидың энергетикалық блогы. Қалыпты тіршілік үрдістері және мінез-құлықты өзін-өзі реттеуі үшін қабықтың тиімді тонусын тұрақты ұстап тұру қажет. Тек осындай тонус қана маңызды сигналдарды дұрыс таңдайды, олардың таңбасын сақтайды, мінез-құлықтың қажетті бағдарламаларын жасайды және олардың орындалуын қадағалайды. Бұл үрдістердің жүзеге асырылуы үшін қабықтың тиімді қозуы қажет. Физиологтардың көптеген бақылаулары мен эксперименттері мынаны көрсетті: бұл үрдістегі өзекті мидың жоғары бөліктерінің (гипоталамус), көру дөңбешіктерінің құрылымдары мен бас миы қабығымен екі жақты байланыста болатын, тор тәріздес талшықтар жүйелерінің (“ретикулярлық формация”) атқаратын рөлі зор. Бұл құрылымдар бірінші блоктың негізі болып табылады.

Қабықтың тұрақты тонусы екі бастау арқылы болады. Қабықтың сергек күйінің бірінші бастауы болып сыртқы әлемнен келетін тітіркендіргештердің тұрақты ағымы саналады. Қабық тонусын тұрақты ұстап тұратын екінші бастау болып ағзаның ішкі алмасу үрдістерінен келетін сигналдар саналады. Аштық күйінің көрсеткіші болатын, ағза күйі жоғары өзектің және гипоталамус аппараттарымен реттеледі. Ретикулярлық формация арқылы қабыққа берілетін бұл құрылымдардың импульстары қабықтың тонусымен оның сергек күйін қалыпты ұстап тұратын екінші бастау болады. Қабықтың қалыпты тонусын ұстап тұратын ретикулярлық формацияның жоғарғы өзек аппараттарына, үлкен жарты шарлардың ішкі бөлігінде орналасқан және мидың “энергетикалық” блогының қызметіне қатынасатын, қабықтың көне аппараттарын да қосуы керек.

Құрамына жоғарғы өзек, ретикулярлық формация және көне қабық аппараттары енетін мидың бірінші блогы қабықтың жалпы тонусын (сергектігін) және қозу іздерін ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз етеді. Бұл блок қызметі қандайда бір сезім мүшелерімен арнайы байланыста болмайды және қабықтың жалпы тонусын қамтамасыз ете отырып, “модальды – арнайы емес” сипатта болады.

Ақпаратты қабылдау, өңдеу және сақтау блогы

Сипатталған бірінші блок ақпаратты қабылдауға да және өңдеуге де, мінез-құлықтың бағдарламаларын жасауға да қатынаспайды. Екінші блок, сыртқы әлемнен сезім мүшелері әкелетін сигналдарды талдау және жинақтау жұмысымен тығыз байланысты. Ол бас миы қабығының артқы бөлімінде орналасқан аппараттардан тұрады және бірінші блокқа қарағанда, модальды – арнайы сипатта болады. Бұл блоктың аппараттарын қабылдаушы жүйелердің (анализаторлардың) орталық (қабықтық) бөлімдері ретінде қарастыруға болады.

Қабықтың бұл бөлімдерінде сәйкес қабылдаушы (рецепторлық) аппараттардан келетін талшықтар тұйықталады; бұл жерде, келіп түскен көру, есту және тактильдік ақпараттардың өзіндік сипаттары анықталып тіркеледі. Бұл аймақтардың күрделірек бөлімдерінде олар біріктіріледі, жинақталып, күрделі құрылымдар түрінде жасалады. Қабықтың бұл аймақтары жіңішке жасушалы құрылыс түрінде болады. Шеткі сезім мүшелерінен талшықтар тікелей келіп түсетін қабық аймақтары бірінші немесе проекциялық аймақтар деп аталады. Проекциялық аймақтармен шектесетін қабық аймақтарын екінші немесе ассоциативтік-проекциялық аймақтар деп аталады.

Әрбір бірінші немесе проекциялық аймақтың үстінде екінші немесе ассоциативтік-проекциялық аймақ орналасқан. Бұл жерге келіп түсетін талшықтар шеткі рецепторлардан тікелей келмейді, олар қорытынды импульстарды әкеледі немесе қабықтың екінші аймағына біріншісінен келеді. Бұл аймақтың құрамына енетін нейрондардың көпшілігі бірінші аймақтың нейрондары сияқты емес. Олар жеке бөлшектенген сипаттарға емес, көбінесе, модальды арнайы тітіркендіргіштер кешеніне жауап қайтарады. Олардың кейбіреулері түрлі модальдағы тітіркенулерге жауап қайтара отырып, мульти-модальды сипатта болады. Бұл екінші аймақтардың мағынасы мынада: төменгі қабықасты өзектерінен немесе қабықтың бірінші аймақтарынан келетін тітіркенулерді біріктіреді және оларды белгілі қозғалмалы динамикалық құрылымдар түрінде белгілейді.

Сезім қабығының бірінші аймақтары түсетін ақпаратты құрамды бөлшектерге бөлу қызметін талдау атқарады, ал қабықтың осы бөлімдерінің екінші аймақтары біріктіру емесе субъектіге жететін ақпаратты күрделі өңдеу қызметін атқарады.

Қабықтың бірінші және екінші аймақтары талданушы блоктың қабық ақпараттарын жоққа шығармайды. Олардың үстінде қабықтың үшінші аймақтарының аппараттары орналасқан. Бас миы қабығының үшінші аймақтары ерекше дәрежедегі адам құрылымдары болып табылады. Қабықтың үшінші аймақтары онтогенезде өте кеш жетіледі. Олар әртүрлі талдағыштардан бас миы қабығына келіп түсетін ақпараттарды біріктіреді.

Қабықтың үшінші аймақтары, алынған ақпараттарды күрделі түрде өңдеу және белгілеу үшін қажетті, маңызды аппарат болып табылады.

Іс-әрекетті бағдарламалау, реттеу және қадағалау блогы

Бас миының үшінші бөлігі адамның белсенді іс-әрекетін бағдарламалауды, реттеуді және қадағалауды жүзеге асырады. Оған үлкен жарты шарлардың алдыңғы бөлігінде орналасқан аппараттар енеді, онда бас миының маңдай бөлігі жетекші орын алады.

Адамның саналы әрекеті ақпаратты алудан және өңдеуден басталып, ниеттердің қалыптасуымен, әрекетердің қажетті бағдарламаларын жасаумен және бұл бағдарламалардың сыртқы (қозғаушы) немесе ішкі (ақыл-ой) актілерінде орындалуымен аяқталады. Бұл үшін, қажетті ниетті жасайтын және ұстап тұратын, әрекеттің арнайы бағдарламаларын жасайтын, оларды қажетті актілерде іске асыратын және жасалып жатқан әрекеттерді тұрақты қадағалайтын аппарат керек.

Бұл функциялардың барлығын мидың алдыңғы бөлімдері мен олардың маңдай бөліктері атқарады. Мидың артқы бөлімдері сияқты алдыңғылары да ретикулярлық формацияның төменгі құрылымдарымен тығыз байланыста болады. Бұл жерде қабықтың маңдай бөлігінде қалыптасқан импульстарды өткізетін және осылайша, ағзаның белсенділігін реттеп шықпайтын талшықтар да кіретін талшықтар сияқты ерекше көрсетілген.

Мидың алдыңғы бөлігінің проекциялық немесе бірінші аймақтары болып алдыңғы орталық иірім немесе қабықтың моторлық аумағы саналады: оның үстінде екінші, премоторлық алаң; оның үстінен жоғары жеке маңдайлық немесе префронтальдық қабық құрылымдары орналасқан. Мінез-құлықты қалыптастыру үшін ми қабығының маңдай бөлімдерінің маңызы зор. Мидың алдыңғы бөлігінің қызметі рефлекторлық доғаның классикалық түсініктерінде көрсетілмегендіктен, оған ғылыми анықтама берілмеген: мидың маңдай бөліктерінің зақымдалуы қарапайым қозғалыстардың бұзылуына әкелмеді, сөздің бұзылуын да, сезімталдықтың өзгеруін де тудырмайды. Сондықтан көптеген зерттеулершілер бас миы қабығының маңдай бөлігін “мақау аймақ” ретінде бағалап, ол арнайы қызметтерді атқармайды деп санады. Зерттеушілер миды өзін-өзі реттеуші күрделі жүйе түрінде қарастыра бастағанда бұл көзқарастар өзгерді. Осы көзқарастардың арқасында мидың маңдай бөлігінің қызметін нақтырақ анықтауға мүмкіндік туды.

Ретикулярлық формациямен тығыз байланыста болатын, мидың маңдай бөліктері алдымен, белсенді рөлге ие болатын аппарат болып шықты. Осылайша, қабықтың көтеріңкі тонусын талап ететін күшті ой жұмысы, маңдай бөліктеріндегі бірігіп жұмыс істейтін, синхронды қозатын орындардың санын көбейтеді.

А.Р.Лурия /11/ мен оның шәкірттерінің бақылаулары мынаны көрсетті: мидың маңдай бөліктерінің екі жақты зақымдалуының салдарынан ауру адамдар ынталануларын берік ұстай алмайды, әрекеттің күрделі бағдарламасын сақтамайды, бағдарламаға сай емес серпілістерді тоқтата алмайды және осы бағдарламаға бағынатын әрекетті реттемейді. Олар қойылған міндетке өз зейінін тұрақты қоя алмайды және оны орындаудан оңай жалтарады.

Жасалатын әрекетті мидың маңдай бөлігінің тұрақты қадағалауы маңызды рөл атқарады. Миының маңдай бөлігі зақымдалаған ауру адам өз әрекеттерінің нәтижелерін бастапқы ынтасымен байланыстырмай, өз әрекетіне сын көзбен қарамай, өз қызметтерін мойындамайды және оларды түзете алмайды. Мидың маңдай бөлігі адамның әрекетін өзін-өзі реттеуші механизмінің маңызды бөлшегі болатынына осы негіз болады.

Мидың қызметінің негізгі физиологиялық механизмдері туралы жалпы түсініктер

Психикалық әрекеттің негізі болатын ми жұмысының барлық күрделі түрлері рефлексдер типі бойынша құрылған. Барлық рефлексдер екі үлкен топқа бөлінеді: шартсыз және шартты. Бас ми қабығынан төмен жатқан жүйке жүйесінің бөліктері жүзеге асыратын өзгермейтін және туа біткен рефлексдер шартсыз рефлексдер деп аталады. Шартсыз рефлексдер салдарынан ағза сыртқы әлемге шектеулі түрде ғана бейімделеді, өйткені бұл шамалы рефлексдер тітіркендіргіштерге жауап ретінде пайда болады және әдеттегідей стандартты сипатта болады. Сондықтан ағза шартты рефлексдер арқылы ортаның құбылмалы жағдайына толығымен бейімделмейді. Алайда орта құбылмалы болатындықтан, онымен бірге өзгертін басқа жауап түрлері қажет болады.

Ағза өмірінің барысында қалыптасатын және жоғары жануарлардың бас миы қабығы арқылы жүзеге асатын реакцияның құбылмалы жаңа түрлері шартты рефлексдер деп аталады. Мәселен, егер итті тамақтандыра алдында оның күркесіне электр шамын жақса кейінірек шамның жарқ ете түсуінің өзінен-ақ (бұл парықсыз немесе индифференттік деп аталатын тітіркендіргіш) иттің аузынан сілекей ағады. Сөйтіп шамның жарығы ит үшін тамақ берудің сигналы болады. Өзіне ішкізіп жүрген ащы дәрінің ақ ұнтақты талай көрген жас бала мұндай ұнтақты көрсе–ақ болғаны, оны қазір ішкізбейтін болса да, оның аузына жағымсыз ащы дәм пайда болады.

Шартты рефлексдер қалыптасқан кезде, ағза үшін бұрын маңызды болмаған тітіркендіргіш, ағза үшін маңызды басқа тітіркендіргіштің сигналы болады. Бұған дейін маңызды болмаған (индифференттік) тітіркендіргіш осылайша сигналдың жаңа қызметіне ие болады.

Шартсыз рефлексдерді тудыратын тітіркендіргіштер шартсыз деп аталады; шартты рефлексдерді тудыратын және сигналдық мағынада болтын

тітіркендіргіштер шартты деп аталады. Шартты рефлексдердің қалыптасуы мида бұрын болмаған, жаңа уақытша байланыстардың қалыптасуын білдіреді. Жоғары сатыдағы жануалар мен адамдардағы бұл байланыстар психиканың басты субстраты болатын, үлкен жарты шарлардың қабығында қалыптасады.

Шартты рефлексдердің қалыптасуы, басқаша айтқанда – уақытша байланыстардың түйісуі – үлкен жарты шарлар қабығының негізі қызметі болып табылады. Сондықтан бас ми қабығының әрекеті түйістіру әрекеті деп аталады.

Сезім мүшелеріне әсер ететін тітіркендіргіш бас миы қабығының белгілі бір орталықтарын қоздырады. Бұл қозу орнында қалып қоймай, жақын қабық астарын қамти отырып, қабық бойымен таралады немесе иррадиацияланады. Барлық бағыттағы қозулардың таралуы бір қалыпты болмайды. Бас миы қабығындағы көбірек қозу болған орынды доминанта – қозу ошағы деп атайды. Егер бас миы қабығында доминанта пайда болса, онда кез-келген тітіркендіргіш тудырған қозу осы ошаққа тартылады, оның бағытымен таралады.

Шартты рефлексдердің қалыптасуы үшін қандай да бір басқа күшті тітіркендіргіштер болмауы қажет. Егер шартты байланыс жасау кезінде басқа күшті тітіркендіргіш әсер етсе, онда қабықтың басқа бөлімдерінде тежелу пайда болып, шартты рефлектің қалыптасуы қиындайды.

Шартты рефлексдердің қалыптасуы үшін бас миы қабығының әрекеттік күйінің де маңызы зор. Қазіргі физиологиялық ұғымдар ағзаның жалпы сергектегі туралы айтады. Жалпы белсенділік құбылыстары ретикулярлық формацияға байланысты болады. Оның негізгі қызметі мынада: ол ағзаның тежелу күйінен (ұйқыдан) қозу күйіне (сергектікке) өтуін ұйымдастыруға қатынасады.

Уақытша байланыстарды түйістіру ми қабығының негізгі біріктіру әрекеті болып табылады. Қабық, біріктірумен бірге, талдау қызметін де атқарады. Шартты рефлексдер құрылымының негізінде болатын ми қабығының бұл күрделі аналитика-синтетикалық әрекетті ағзаның өмір жағдайларына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Үлкен жарты шарлар қабығындағы жүйке үрдістері нақтылы бір орыннан басталып, жүйке жүйесінің басқа бөлімдеріне таралады. Бұл құбылыс иррадиация деп аталады. Иррадиацияға қарсы үрдіс болып жүйке үрдістерінің концентрациясы, яғни олардың шектеулі бір орынға жинақталуы, саналады. Жүйке үрдісінің екеуі де, қозу мен тежелу иррадиацияланады және концентрацияланады. Бұл – жүйке үрдістерінің үлкен жарты шарлар қабығының бойымен қозғалысының негізгі түрі. Қозу мен тежелудің иррадиациясы мен концентрациясы бірқатар жағдайларға, алдымен, тітіркендіргіштер мен олар тудыратын жүйке үрдістерінің күшіне байланысты болады.

Жүйке үрдістерінің өзара индукция заңы жүйке жүйесінің қызметінде маңызды рөл атқарады. Бұл заң бойынша, жүйке үрдістерінің әрбіреуі қозу және тежелу – қарама-қарсы үрдісті тудырады немесе күшейтеді. Бас миы қабығының белгілі бір бөлімінде пайда болған қозу өз маңайындағы бөлімдерде тежелу үрдісін тудырады (теріс индукция). Белгілі бір орында пайда болған тежелу маңайындағы бөлімдерде өзіне кері қозу үрдісін тудырады (дұрыс индукция).

Өмірдің шынайы жағдайларындағы тітіркендіргіштер бір-бірінен оқшау болмайды. Әдетте олар бір мезгілде немесе бір қалыпты жағдайда пайда болады. Кез-келген зат – бір мезеттегі тітіркендіргіштер кешені. Ортаға бейімделу үшін, бір жүйені екіншісінен айыра отырып, ми тітіркендіргіштердің біртұтас жүйелеріне жауап қайтаруға мүмкіндік жасауы керек. Жекелеген тітіркендіргіштерді біртұтас кешенге біріктіруге мүмкіндік беретін, үлкен жарты шарлардың синтетикалық қызметін бас миы қабығының жүйелік қызметі деп атайды.

Динамикалық стереотиптің немесе белгілі бір тітіркендіргіштер кешеніне жүйенің реакциясы қабық жұмысының жүйелі екенін білдіреді. Бас миы қабығының жүйелік жұмысы әрекеттің күрделі түрлерін ғана жасауға мүмкіндік беріп қоймай, сонымен қатар жүйке байланыстарын құру және сақтау кезінде жоғары үнемділікке жетуге мүмкіндік береді. Егер белгілі бір байланыстар жүйесі болса, адам жүйенің бір элементі арқылы оны біртұтас қабылдай алады, және де бұл білім мен ынтаны бекіту механизмін жеңілдетеді.

Психиканың рефлекторлық сипаты

Адам анатомиясын зерттейтін шынайылықты сынаушылар мен дәрігерлер ертеде-ақ психикалық құбылыстардың ми қызметімен байланыста болатыны туралы болжам айтқан және психикалық ауруларды ми қызметінің бұзылуының нәтижесі деп қарастырған. Зақымдалу, жаралану немесе аурулар салдарынан болған бас миындағы өзгерістері бар ауру адамдарды бақылау бұл көзқарастар сүйенетін тіректер болды. Мұндай ауру адамдарда көру, есту, ойлау, еске сақтау, және сөйлеу қабілеттерінің зақымдалып, қозғалысының бұзылуы және т.б. сияқты психикалық әрекеттің кенеттен ауытқуы байқалатыны мәлім. Алайда психикалық әрекет пен ми қызметінің байланысын анықтау психиканың ғылыми зерттеуі жолындағы алғашқы қадамы ғана болды. Бұл айғақтар психикалық әрекет негізіне жататын физиологиялық механизмдерге әлі де түсінік бермейді.

Барлық психикалық әрекеттердің рефлекторлық табиғатын табиғи-ғылыми жасаудағы және негіздеудегі орыс физиологиясының, соның ішінде, екі ұлы өкілдерінің – И.М.Сеченовтың (1829-1905) және И.П.Павловтың (1849-1936) еңбегі зор /10,11/.

И.М.Сеченов /19/ өзінің атақты “Бас миының рефлекстері” деген еңбегінде рефлекторлық принципті бас миының барлық қызметіне тарата отырып, осылайша адамның барлық психикалық әрекеттеріне таратты. Ол “саналы және санадан тыс өмірдің барлық актілері өздерінің шығу тегі бойынша рефлекстің мәні”, - деп көрсетті. Бұл психиканы рефлекторлық тұрғыдан түсінудің алғашқы ұмтылысы болды. И.М.Сеченов бас миының рефлекстерін толық талдай отырып, олардағы үш басты қатарды атап көрсетті: бастапқы қатар – оның сезім мүшелерінің сыртқы тітіркендіргішті миға беретін жүйкені қоздырғыш үрдісіне айналдыруы; ортаңғы қатар – мида қоздырғыш және тежегіш үрдістерінің, және осының салдарынан психикалық күйлердің (сезімдердің, ойлардың, сезінулердің және т.б.) пайда болуы; соңғы қатар – сыртқы қозғалыс. Осымен бірге И.М.Сеченов рефлекстің ортаңғы қатары өзінің психикалық элементімен бірге оның табиғи бастауы мен соңы болып табылатын қалған екі қатардан (сыртқы тітіркендіргіш пен жауап қайтару әрекетінен) оқшаулануы мүмкін емес. Сондықтан барлық психикалық құбылыстар – жалпы рефлекторлық үрдістің бөлігі. Рефлекстің барлық қатарлары арасындағы үздіксіз байланыстар туралы И.М.Сеченовтың тұжырымы психикалық әрекетті ғылыми түсіну үшін маңызды. Психикалық әрекет сыртқы ықпалдардан, адамның әрекеттерінен бөлек қаралуы мүмкін емес. Ол тек субъективтік уайым ғана бола алмайды: егер бұлай болатын болса, онда психикалық құбылыстар ешқандай шынайы өмірлік мағынаға ие болмас еді. И.М.Сеченов психикалық құбылыстарды қалыпты талдай отырып, олардың барлығы біртұтас рефлекторлық актіге, қоршаған ортаның ықпалына, адамның бас миы басқаратын ағзаның біртұтас реакциясына енетінін атап көрсетті. Психикалық әрекеттің рефлекторлық принципі И.М.Сеченовқа адамның барлық әрекеттері мен қылықтары сыртқы әсерлер салдарынан болатыны жайында, детерминациялану жайлы психология ғылымы үшін маңызды қорытындыны жасауға мүмкіндік берді. Ол былай деп жазды: “Кез-келген қылықтың бастапқы себебі әрқашанда сыртқы сезімтал қоздырғышта болады, өйткені онсыз ешқандай ойдың болуы мүмкін емес”. Сонымен бірге И.М.Сеченов сыртқы жағдайлардың әрекеттерін жай ғана түсінуге қарсы ескертулер айтты. Мұнда сыртқы әсерлердің болуы ғана емес, сондай-ақ адамның басынан өткен барлық әсерлердің жиынтығы да, оның өткен тәжірибесінің барлығы да маңызды болатынын И.М.Сеченов бірнеше рет көрсеткен. Сонымен, И.М.Сеченов рефлекстің ми қатарын, оның табиғи бастауы (сезім мүшелеріне әсер етуден) мен соңынан (жауап қайтару қозғалысынан) оқшаулап қарау дұрыс емес екендігін көрсетті.

Психикалық үрдістердің рөлі қандай? Бұл жағдайлардың өзгерістеріне сәйкес әрекет жасататын сигналдың немесе реттегіштің қызметі. Психикалық жауап қайтару әрекетінің өздігінен реттелуі болмайды, ол сыртқы әлем жайлы ақпарат келетін, сақталып, өңделетін мидың сәйкес бөлімдерінің қызметі, қасиеті болады. Психикалық құбылыстар – бұл мидың сыртқы (қоршаған ортаға) және ішкі (физиологиялық жүйе түрінде ағзаның күйі)

әсерлерге реакциясы, яғни психикалық құбылыстар – қазір (түйсік және қабылдау) және өткен уақытта (ес) әсер еткен тітіркендіргіштерге жауап ретінде пайда болатын және осы әсерлерді қорытындылайтын немесе нәтижелерін болжайтын (ойлау, қиялдау) әрекетті қалыпты түрде реттегіштер. Сонымен, И.М.Сеченов психиканың рефлекторлық және әрекеттің психикалық реттелуі жайындағы идеясын ұсынды /19/ .

И.П.Павловтың /10/ еңбектері мен оның мектебінде әрекеттің рефлекторлық принципі өзінің дамуына және эксперименттік негізіне ие болды. И.П.Павлов И.М.Сеченовтың психикалық әрекетті мидың рефлекторлық әрекеті түрінде түсінуінің дұрыстығын дәлелдеді, оның негізгі физиологиялық заңдарын ашты, ғылымның жаңа саласын – шартты рефлекстер туралы ілімді, жоғарғы жүйке әрекетінің физиологиясын қалыптастырды.

Ағзаға әсер етуші тітіркендіргіштер мен ағзаның жауап қайтару реакцияларының арасында уақытша байланыстар пайда болады. Бұлардың пайда болуы бас миы қабығының басты қызметі болып табылады. Ми әрекеті түріндегі кез-келген психикалық әрекет үшін жүйкенің уақытша байлынысы болып негізгі физиологиялық механизм саналады. Кез-келген психикалық үрдіс миға тітіркендіргіштер әсер етпесе, өздігінен пайда болуы мүмкін емес. Кез-келген психикалық үрдістің және кез-келген уақытша байланыстың соңғы нәтижесі – сыртқы әсерге жауап ретінде іштен шығатын әрекет. Бұл жағдайлардың барлығы объективтік ақиқаттың бейнеленуінің механизмін айқындайды. Сонымен, жоғарғы жүйке әрекеті туралы ілім психикалық құбылыстарды материалдық тұрғыдан түсінудің табиғи-ғылыми іргетасы болады.

Уақытша жүйке байланыстарының маңыздылығын мойындау кез-келген психикалық әрекеттің физиологиялық механизмі болып саналмайды, бірақ, психикалық құбылысты физиологиялық құбылысқа теңестіреді. Психикалық әрекет физиологиялық механизммен ғана емес, оның мазмұнымен, яғни ақиқаттың мидағы бейнесімен де сипатталады. Адам мен жануарлардың сыртқы ортамен әрекеттестіктерін мидың басқаруының заңдылықтарына деген И.П.Павловтың /10/ көзқарастарының жиынтығы, екі сигнал жүйесі туралы ілім деп аталады. Жануар үшін заттың кескіні шартты рефлекстің түрі бойынша мінез-құлықты өзгеріске ұшырататын, қандайда бір шартсыз тітіркендіргіштің сигналы болып табылады. Қандай да бір шартты тітіркендіргіштің (мысалы, шам) шартсыз тітіркендіргіштің (тамақ) әрекетімен үйлесуі шартты рефлексті тудырады. Осының нәтижесінде бас миындағы екі орталық (көру және тамақтану) арасында уақытша жүйке байланысы пайда болады және жануардың екі әрекеті (көру және тамақтану) бірігіп кетеді. Шамды жағу – сілекейдің бөлінуін тудыратын тамақтандыру сигналы болады. Жануарлар өз мінез-құлықтарында, И.П.Павловтың бірінші сигнал жүйесінің сигналдары (“бірінші сигналдар”) деп атаған, сигналдарды

басшылыққа алады. Жануарлардың барлық психикалық әрекеттері бірінші сигнал жүйесінің деңгейінде жүзеге асырылады.

Адамдағы бірінші сигнал жүйесінің сигналдары да, мінез-құлықты реттеп бағыттай отырып, маңызды рөл атқарады (мысалы, бағдаршам). Алайда, адамның жануарлардан айырмашылығы, оларда бірінші сигнал жүйесімен қатар екінші сигнал жүйесі болады. Екінші сигнал жүйесінің сигналдары болып сөздер, яғни “екінші сигналдар” саналады. Бірінші сигнал жүйесінің сигналдары сөздер арқылы алмастырылуы мүмкін. Сөз бірінші сигнал жүйесі сигналдарының әрекеттерін тудыруы мүмкін, яғни сөз – бұл “сигналдардың сигналы” /10/.

Сонымен, психика – ми қасиеті болып саналады. Түйсіну, ой, сана – ерекше түрде ұйымдастырылған материяның жоғары өнімі болып табылады. Ағзаның психикалық әрекеті көптеген арнайы дене құрылымдарының көмегімен жүзеге асырылады. Олардың біреулері әсерлерді қабылдайды, ал екіншілері оларды сигналдарға түрлендіреді, мінез-құлықтың жобаларын жасап және оларды қадағалайды, үшіншілері бұлшық еттерді қозғалысқа келтіреді. Бұл барлық күрделі жұмыстар ортада өзін белсенді ұстауға мүмкіндік береді.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ШЕТЕЛ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Ғылым білімінің сұранысының дамуына байланысты, XX ғасырдың басында сананың интроспективтік психологиясының дағдарысы байқалды. Интроспективтік психология практикалық өңдеуді қажет ететін мәселелерді шеше алмады. Қоғамның қарқынды дамуымен анықталатын, тәжірибе сұраныстарын бұрынғы субъективтік әдістер қанағатандыра алмады. Жаңа объективтік әдістерді жасау қажет болды.

Психология ғылымының көрнекті тарихшыларының бірі – М.Г.Ярошевский /22/ сана психологиясының дағдарысына, осыған дейін Францияда кең таралған, невропатология мен психиатрия саласындағы зерттеулер нәтижелері себеп болды, - деп санайды. Бұл зерттеулер кейде адам психикасында санадан тыс құбылыстар болатынын көрсетті. Санадан тыс құбылыстар аумағы клиникалық және эксперименталдық талдауға түсті. Көлемді зерттеулерді Шарко (1825-1893) жасады. Оның басшылығымен атақты француз психологы Пьер Жане (1859-1937) психоанализ негізін салушы Зигмунд Фрейд (1856-1939) жұмыс істей бастады. Атақты француз психологы Альфред Бине объективтік әдістерді жасай бастады. Ол балалар ақыл-ойының деңгейін анықтайтын тестілер жасады. Интроспективтік әдіс, балаларға ұсынылған тапсырмалар шешімінің нәтижелерін немесе өнімдерін объективтік талдаумен салыстырғанда, екінші кезекте болды /22,24/.

Сонымен, XX ғасырдың басындағы психиканы эксперименталдық зерттеулер, психология сана туралы ғылым ретінде анықталуы мүмкін емес деген тұжырымға әкелді.

Бұл кезеңдегі психологияның дамуына Ч.Дарвиннің /11/ эволюциялық ілімі үлкен ықпал жасады. Бұл ілім мынаны дәлелдеді: психикалық құбылыстарды қоршаған ортадан, тіршілік иесінің бейімделу әрекетінен бөлек қарастыру мүлдем мүмкін емес. Эволюциялық теория ықпалымен жануарлар психикасы мен балалар психикасын зерттеу жұмыстары жасала бастады. Бұл зерттеулер интроспекцияны қолдану мүмкіндігін ысырып тастады, адам психикасына генетикалық және салыстырмалы тұрғыдан қарауды бекітті.

Осындай әртүрлі ықпалдардың бәрі, психологияда жаңа психологиялық теориялар қатарының пайда болғанын көрсетті. Бұл теориялардың өкілдері сана психологиясын психиканың жаңа концепциясымен алмастыруға немесе толықтыруға тырысты.

Бихевиоризм

Ғылым тарихы, XX ғасырдың басында, жоғарыда айтылған барлық себептер салдарынан өз объектісі ретінде сананы емес, адамның мінез-

құлқын қарастыратын бағыттың пайда болғанын көрсетеді. Мінез-құлқық психологиясы АҚШ-та ерекше дамыды. Л.И.Анцыферова /2/ былай деп жазды: дәл осы жерде “интроспективтік әдіске негізделген психология, капитализмнің қарқынды дамуы тудырған, мұндай дағдылық міндеттемелер алдында мүлдем жәрдемсіз болып қалды, адамның дағдылық әрекетін қажетті жаққа қарай өзгерту және қадағалаудың нақтылы мәселесін шешуге көмектесетін психология керек болды”.

Осының негізінде, психологиядағы бихевиоризм бағытына сай келетін, белгілі бір философиялық жүйе (прагматизм) жасалады.

Американдық психолог Дж.Уотсон (1873-1958) 1913 жылы психологияны, сана психологиясының ұғымдары орын алмайтын, мінез-құлқық туралы ғылым түрінде көрсетті. Ол психологиядағы зерттеулердің тақырыбы мен әдісі бұған дейін жансақ түсінілді деп айтып, психология ілімінің тақырыбы ретінде сананы емес, мінез-құлқықты, ал субъективтік әдістің (интроспекцияның) орнына объективтік әдісті пайдалануды қажет деп жариялады. Батыс психологтары мұны “бихевиористік революцияның” басталуы, - деп бағалады. Бихевиоризм – бұл прагматикалық бағыт және ол тез дамушы капиталистік экономика сұраныстарының салдарынан пайда болды. Бихевиористер мақсаты: психологияны “мінез-құлқықты басқаратын және оны болжайтын” ғылым саласына айналдыру /2/.

Дж.Уотсон адам мінез-құлқықнда туа біткен ештеңе жоқ және оның кез-келген көрінісі – сырттан ынталандырудың өнімі, - деп айтты. Ол мінез-құлқық ұғымына бір жақты ғана мағына берді. Ол ағзаның ортаға қатынасын “ынта-реакция” формуласымен анықтады. Осылайша бихевиористер психологиялық ғылымды “психикасыз психологияға” айналдырды.

Дж.Уотсонның 1925 жылы шыққан “Бихевиоризм” кітабының мағынасы мынандай еді: сыртқы тіртіркендіргіштерге әсер ете отырып, кез-келген қалыптағы кез-келген мінез-құлқық бар адамды “жасап шығуға” болады. Адамның өзіндік және туа біткен сенімдері ғана емес, оның қатынастары мен көзқарастары да теріске шығарылды. Бихевиоризмнің бұл бағдарламасы адамның ешқандай ерекшеліктерін ескермегендіктен антигуманды болды.

Алайда 30-шы жылдары бихевиоризм идеялары шайқала бастады. Америкада кезекті экономикалық дағдарыс басталды, жұмыссыздық, қайыршылық пайда болды. Әлеуметтік ортаны және оған адамның қатынасын ескеру керек болды: оның сыртқы реакциясын ғана емес, оның мотивтерін, көңіл-күйін, көзқарастарын. Атақты американдық психолог Роберт Вудворте (1869-1962) былай деп жазды: “Біз көп жағдайда адамның аяқтарын, қолдарын және вокальдық мүшелерін, олардың тілектерін басқару арқылы ғана, басқара аламыз” /2/. Ол мотивация туралы ілімді жасай отырып, бихевиоризм ұсынған “ынта-реакция” схемасын ығыстырып, оған аралық бөлімді – ағза және оның бағыттарын енгізді. Осылайша, “қатаң” бихевиоризм шайқалып, мінез-құлқық психологиясын қайта құру басталды.

Оны Эдвард Толмен және Кларк Халл басқарды, ал жаңа бағыт “необихевиоризм” деген атауға ие болды. Олар, психологиядан дәстүрлі ұғымдарды – бейне, мотив және т.б. шығарып тастауға болмайды, олар реакция мен ынтаның арасында болады, - деп болжады. Осы мақсатпен олар “уақытша айнымалылар” ұғымын енгізді. Бұл ұғым ретінде, тікелей ынталандырулар мен жауапты мінез-құлық арасында болатын, танымдық және себептік факторлар жиынтығы түсінілді. Бірақ мұның бәрі адамның үйренуінің психологиялық механизмдерін түсіндіре алмады.

Сонымен, бихевиоризм психологияны ағзаның мінез-құлқы туралы табиғи ғылымға айналдырғысы келді. Бірақ ағза оның схемаларынан ешқандай орын алмады. Бихевиоризм мен необихевиоризмнің барлық нұсқаларының басты қателігі – олардың әдістемелік негізі – “өмір лабиринтіндегі” адам мінез-құлқының детерминаторын атжалман мінез-құлқының детерминаторына теңестіретін, адамның механистикалық философиясы және позитивизм. Бұл екі әдістемелік көзқарастардың тұрақсыз болғанын, осы нәтижелер көрсетіп отыр.

Фрейдизм

Австриялық невропатолог, психиатр және психолог Зигмунд Фрейдтің ілімінен басқа, ешқандай психологиялық ілім баға беруде келіспеушіліктер туғызған жоқ. Фрейдизм “адамның жаңа бейнесін”, жаңа дүниетанымды жасауға тырысты.

Психиатрлар мен невропатологтардың көптеген бақылаулары адам, XIX ғасырдағы психология бейнелегендей, интеллектуалдандырылған тіршілік иесі емес екенін көрсетті. Олардың бақылаулары, адамның психикалық өмірі аффектілер мен эмоцияларға, қызығушылықтар мен құмарлықтарға, бір-біріне қарама-қайшы, кейде адамның қабылдауы мен ойлауын басқаша көрсететін, ұмтылыстар мен тілектерге толы екенін көрсетті. Адам көп жағдайда өз қылықтарының себептерін, мотивтерін білмейді және өзінің бойындағы кейбір ілімдерді, естеліктерді жоққа шығарады, бірақ оларды гипноз әсерінде көрсете алады. Осы бақылаулар психоаналитикалық фрейдистік теорияны жасаудың көзі болды.

3.Фрейд /22,24/ өзінің ғылымдағы жолын физиологиялық институтта бастады, сондықтан ағзаға энергетикалық шама ретінде қарау оның санасына терең бойлады: ағза мінез-құлықтың қозғалыс күшін ерекше энергия түрінде білдіреді. Фрейд невропатолог-дәрігер болды. Оның пациенттері психикалық-жүйке ауруларына шалдыққандар еді. Бірақ олардың жүйке жүйесінің құрылысынан аурудың себебін түсіну мүмкін болмады. Ол өз тәжірибесінде, анатомио-физиологиялық ұғымдар түсіндірмейтін, айғақтарды жиі кездестірді. Фрейд алдында мынандай дилемма пайда болды: мотивация механизмдерін анатомио-физиологиялық схема тұрғысынан қарау керек пе, әлде белгілі бір психологиялық айғақтарға жүгіну керек пе?

З.Фрейд дәстүрлі психологияға қарсы шықты. Бұрынғы түсініктеме схемаларын ығыстырып, жаңаларын ұсынды. Өзінің емдеу тәжірибесінде ерікті ассоциациялар әдісін кең қолданды. Фрейд әрбір ассоциация қандай да бір себептің салдарынан басталады деп санады. Ассоциация арқылы ол өзінің пациенттерінің ойын білуге тырысты.

З.Фрейд /2/ ұғымдарының өзегі болып метаморфозалар идеясы қалыптасты. Фрейдтің, сәбидің жыныстық дамуы және эдипов комплексінің теориясы баламалар мен талқылауларға негізделіп жасалған, сондықтан да ғылымды емес, мифологияны білдіреді.

З.Фрейд /24/ тұлға туралы психологиялық ілімге маңызды ықпал еткен, басқа модельді ұсынды. Онда тұлға үш негізгі компоненттерден тұрады және олар терминдермен белгіленеді деп тұжырымдалған: “ид” (Ол), “эго” (Мен) және “супер-эго” (Менен жоғары). Ид – инстинктерді тасымалдаушы: ол санадан тыс және иррационалды бола тұрып, рақаттану ұстанымына бағынады. Эго шынайылық ұстанымына бағынады, сыртқы әлемнің ерекшеліктерін, оның қасиеттері мен қатынастарын ескереді. Супер-эго – рухани стандарттарды тасымалдаушы. Бұл сыншы және цензор рөлін атқаратын тұлға бөлігі. Егер эго идқа тиімді, ал супер-эгоға қарсы әрекет жасаса немесе шешім қабылдаса, ол өзін кінәлі сезініп, ұялып, өзін-өзі жазалайды. Эгоға қоятын әртүрлі инстанциялардың – ид және супер-эго – талаптары ұқсамайтындықтан, ол үнемі келіспеушілікте болады. Мұндай жағдай төзгісіз күштеу тудырады. Бұл күштеуден эго арнайы “қорғаныс механизмдері” – ығыстыру, сублимация, және т.б. арқылы құтылады.

Ығыстыру дегеніміз тұлға қабылдамайтын, белсенді құбылыстарды жою. Сублимация – тыйым салынған жыныстық қуаттың басқа әрекет түрінде шығу механизмі.

Психоанализдің негізгі дәрежесі болып мотив дәрежесі саналады. Психоанализ адамның мінез-құлқының серіппелері мен қуат қоры туралы, адамның өзі жайлы ұғымдарынан көбірек айтуға тырысты. Бірақ Фрейд мотивацияны санаға қарсы қойды. Фрейдтегі психикалық қуаттылық биологиялықты алмастырды және қоғамдық дамудың басты қозғаушы күшінің рөлін атқарды. Ағза да, қоғам да пішінделетін материал түрінде қарастырылды.

Гештальтпсихология

Ұзақ уақыт бойы жас экспериментальдық психологияның зерттеу объектісі болып түйсік саналды. Осы уақытта психикалық өмірдің бейнелік аспектісі психологиялық лабораторияларда ашылмай, керісінше, жоғала бастады. Оны идеалистік философия үстем етуші кезде қалыптасқан гештальтпсихологиясы жүзеге асыруға тырысты.

Неміс сөзі гешталь “пішін”, “құрылым”, “біртұтас конфигурация” дегенді білдіреді. Гештальтизмнің пайда болуы кезінде, біртұтастық және

бөлшектік проблемалары өзекті болды. Барлық жағдайда психикалық өмірді біртұтас, іштей байланысқан түрінде қарастыруды ұсынды. Болашақ гештальтистер екі лабораторияда тәрбиеленді: К.Штумпфтың /2/ (Берлинде) және профессоры Э.Гуссерль болған, Геттинген университетіндегі Г.Мюллердің. Э.Гуссерль психологияны емес, логиканы өзгертуге тырысты. Ол логиканы, танымның заңдары мен негізгі феномендерін ашуды мақсат ететін, феноменологияға айналдыру керек деп есептеді. Ол феноменология адам тірішлігіне қатыстының барлығынан абстракциялануы керек, және “таза” мағынағаларға жетуі керек, - деп санады. Бұл мәселені шешуде бұрынғы интроспективтік әдіс тиімсіз болды. Оның модификациясы, феноменологиялық әдіс керек болды. Осының бәрі гештальтпсихологиясының мектеп ретінде қалыптасуына әкелді. Оның өкілдері: М.Вертхеймер, В.Келлер, К.Коффка, Д.Катц, Е.Рубин /2, 22/ және т.б.

Д.Катц /2/ бейнені жеке феномен ретінде зерттеуді ұсынды. Бейненің басты ерекшелігі болып, қабылдаудың құбылмалы жағдайларындағы, оның тұрақтылығы саналады. Жағдайлар құбылып тұрады, ал сезімдік бейне тұрақты болып қалады. Егер объект көру аумағынан бөлек қабылданса, оның тұрақтылығы бұзылады. Қабылдаудың біртұтастығы мен оны түйсіктер мозаикасы ретінде түсінудің қате екенін көрсететін айғақтарды, “пішін мен көрініс” феноменін зерттеген, дат психологы Рубин айтты. Пішін көріністен бөлек, біртұтас, тұйық сипатта қабылданады, ал бұл кезде көрініс артқы жағынан көрінеді. Олардың бұл айырмашылықтарын қосалқы бейнелер анық білдіреді.

Вертхеймердің /2,18/ фи-феноменді зерттеудегі басты эксперименті осы мектептің пайда болуына себеп болды. Ол арнайы құралдардың көмегімен екі тітіркендіргішті бірінен кейін бірін әртүрлі жылдамдықпен көрсетті. Интервалы салыстырмалы ұзақ болған кезде, сыналушы оларды кезекпен қабылдады. Интервал өте қысқа болған кезде, олар мәліметтер сияқты бірге қабылданды, ал қолайлы интервал кезінде (60 миллисекунд), қозғалысты қабылдау пайда болды, яғни көз кезекпен немесе бірге берілген қисық түзулерді емес, қисық түзулердің оңға немесе солға орын ауыстыруын көрді. Уақытша интервал оптималдыдан асқан кезде, белгілі бір сәтте, сыналушы таза қозғалысты қабылдады, яғни қисық түзу орын ауыстырмай-ақ қозғалыстың болатынын ұғынды. Бұл құбылыс фи-феномен деп аталды. Фи-феномен жеке сенсорлық бөлшектердің қосылысы ретінде емес, “динамикалық біртұтастық” түрінде көрінді.

Келлердің /2/ пікірі бойынша, физикалық алаң мен біртұтас қабылданудың арасындағы делдал ретінде жаңа физиология – оқшауланған элементтер мен жолдардың физиологиясы емес, гештальттер, яғни біртұтас және динамикалық құрылымдар физиологиясы болуы керек.

Гештальтистер изоморфизм ұстанымы психофизикалық проблеманы шешуге мүмкіндік береді деп болжады. Әрине, изоморфизм, математикалық

дәреже сияқты, өз-өзінен материалистік те, идеалистік те бола алмайды. Гештальтистер психикалық формаларға өзінше бір мағына берді. Олар бұл формалар өздерінің бөлшектеріне сәйкес емес, деп қана қоймай, гештальттың ерекше заңдылықтары болатынын айтты. Олар психология осы заңдарға сүйене отырып, физика сияқты нақты ғылымға айналады деп ойлады.

Гештальтпсихологиясының құлдырауының себебі мынада: ол өзінің теоретикалық тұжырымдамаларында бейне мен әрекетті бөліп қарастырды. Гештальтистер бейнені өз заңдылықтарына бағынатын ерекше мағына ретінде көрсетті. Оның шынайы зат әрекетімен байланысы жұмбақ болып қалды. Осы екі маңызды дәрежелерді біріктіре алмай, психикалық талдаудың біртұтас схемасын жасай алмағандықтан гештальтпсихологиясының мектебі құлдырады. Сананың феноменологиялық концепциясына негізделген жалған әдістеме бұл екі дәрежені ғылыми тұрғыдан біріктіруге кедергі болды.

Жан Пиаженің генетикалық психологиясы

Ж.Пиаже психология ғылымындағы генетикалық бағыттың ірі өкілдерінің бірі.

Пиаже /2, 23/ жүйелі құрылымдық талдауды пайдалана отырып, ол өздігінен, қандайда бір құбылысты ғылыми тұрғыдан түсіндірудің жеткілікті құралы бола алмайтынын айтты. Құрылымдардың даму заңдары мен құбылыс шарттарын зерттеу арқылы ғана олардың табиғатын және қызметінің заңдылықтарын түсінуге болады. Пиаже психологиялық зерттеудің әдістемелік ұстанымы ретінде генетикалық әдіс ережесін пайдалануды ұсынды. Оның пікірі бойынша, жекелеген ғылымдар ғана емес, танымдық теория да генетикалық негіз бойынша жасалуы керек. Бұл оған генетикалық эпистемалогияны, яғни адамдардағы әртүрлі білімдердің, ұғымдардың, танымдық операциялардың және т.б. қалыптасуының алғы шарттары мен механизмдері туралы ғылымды, жасауға негіз болды.

Ж.Пиаже өз талдауының бастапқы пункті ретінде біртұтас жеке адамның, психиканың немесе сананың емес – қоршаған әлеммен арақатынасын қарастырды /22/.

Пиаженің /2/ пікірі бойынша, онтогенетикалық даму барысында сыртқы әлем балаға объект ретінде бірден білінбей, онымен белсенді арақатынас жасау нәтижесінде білінеді. Объекті мен субъектінің өзара тереңірек әрі толығырақ арақатынас жасау барысында олар бір-бірін толықтырады: объектiнiң сипаты жаңарған сайын, әлемдi тану және саналы түрде қойылған мақсатқа жету үшін, субъектiде әлемге әсер етушi күрделi амалдар қалыптаса бастайды.

Пиаженің басты мақсаты адамның ақыл-ойын зерттеу болды. Ол оны эволюция барысындағы төмен ұйымдасқан органикалық құрылымдардың табиғи дамуы ретінде қарастырды. Бірақ Ж.Пиаженің психологиялық көзқарастары даму үрдісін, ассимиляция және аккомодацияның өзара

байланысы сияқты, жалпы биологиялық тұрғыдан түсінуді негіз етті. Ассимиляциялау кезінде ағза өзінің мінез-құлық схемаларын ортаға ұсынады, ал аккомодация кезінде, оларды ортаның ерекшеліктеріне байланысты қайта құрды. Осы актілер арқылы ағза өзінің айналасына бейімделеді.

Пиажениң /25/ алғашқы еңбектері 20-шы жылдары жарыққа шықты: “Баланың ойлауы және сөйлеуі” (1923), “Баланың талдауы және ойды қорытындылауы” (1924), “Баланың әлем туралы түсінігі” (1926). Пиажениң осы алғашқы көзқарастарын сипаттай отырып, былай деп айтуға болады: “Сәби кезінен ересек кезге дейінгі жол бойында ой бірқатар сапалық өзгерістерге ұшырайды. Оларды ашып көсету үшін, Пиаже алдымен балалардың түсініктеріне тоқталды. Ол баламен еркін әңгімелесу әдісін қолданды. Кішкентай бала өз әлемінің санадан тыс орталығы болды. Ол басқаның орнына өзін қоя алмайды, өзіне-өзі сырттай қарамай, басқа адамдар заттарды басқаша ұғынатынын түсінбейді. Сондықтан ол объективтілік пен субъективтілікті, өзінің басынан өтіп жатқанды ақиқатпен араластырып алады. Өмір баланы ортаға бейімделуге көндіреді. Осы кезде баланың ойы бастапқы қалпынан айырылып, өзгереді және басқа, әлеуметтік ортадан алынған, “ересек адам” логикасына бағына бастайды”.

Пиажениң /22, 25/ психика дамуының мәселесіне көзқарасы 30-шы жылдары түбегейлі өзгерді. Ақыл-ой актілерінің құрылымын сипаттау мақсатымен, ол арнайы логикалық-математикалық аппарат жасады. Пиаже ақыл-ой дамуының кезеңдерін, олардың мазмұны мен мағынасын басқаша анықтай бастады. Енді ол баланың танымдық дамуын басқа адамдармен қарым-қатынас жасау емес, әрекет көрсетеді деп санады. Балалардағы объектінің сақталуы баяу қалыптасады, алдымен олар салмақтың (8-10жас), кейін салмақтың (10-12 жас) және соңында, көлемнің тұрақтылығын түсіне бастайды. Бала ақылы, сақтау идеясына келуі үшін нақты әрекеттің деңгейін білдіретін логикалық сұлбаларды жасауы керек. Ақыл-ой әрекеті – бұл әлі операция емес. Ол ондай болуы үшін, мүлдем ерекше сипатқа ие болуы керек. Әрбір операцияның, бастапқы жағдайды жасайтын және тепе-теңдікке жеткізетін, кері операциясы болады. Операциялардың өзара байланысы тұрақты, әрі сонымен бірге, қозғалмалы біртұтас құрылымдарды қалыптастырады.

Пиаже ақыл-ойды зерттеу кезінде кескін әдісін пайдаланады: ол әртүрлі жастағы балаларға бірдей тапсырма беріп, оның нәтижесін салыстырады. Бұл әдіс баланың ақыл-ой әрекетіндегі кейбір өзгерістерді көрсетті. Бірақ бұл әдіс баладағы жаңа ақыл-ой амалының, ұғымының, білімінің, психологиялысының қалыптасуын ашып көрсетеді /18,25/.

Пиаже концепциясының басты кемшілігі: баланың толық тұлғалық дамуын ескермей, ол ақыл-ой дамуының басты қозғаушы күші ретінде ақыл-ойдың өзін көреді. Ақыл-ойдың даму факторларының арасында іс-әрекет сияқты фактор болған жоқ.

Пиаже ақыл-ойдың дамуының бір деңгейден екіншіге өтуінің маңызды шарты ретінде үйретуді жете бағаламайды. Көптеген зерттеушілер баланың ойлау қабілетінің дамуы дұрыс ұйымдастырылған үйрету жүйесіне байланысты болатынын көрсетті.

Батыс елдер психологиясының дамуының негізгі тенденциялары

50-шы жылдардың аяғы – 60-шы жылдардың басында необихевиоризм, неофрейдизм, гештальтпсихологиясы өз танымалдығын жоғалта бастады. Олардағы ішкі қайшылықтар, қиындықтар бастапқы принциптерді қайта қарауды талап етті. Бірақ эксперименталды зерттеулер мен теориялар саласындағы жаңа тиімді бағыттардың пайда болуы маңызды рөл атқара бастады. Танымдық әрекетті зерттеу саласында – когнитивтік психология, гуманистикалық психология, ал адам санасын зерттеу саласында – нейрофизиология, нейроморфология және нейропсихология пайда болды. Адам психогенетикасы кең таралды.

Когнитивтік психология АҚШ 60-шы жылдары пайда болды және ол бихевиористердің мінез-құлық сараптамасынан психологиялық компонентті шығарып тастауына, танымдық үрдістерді және танымдық дамуды ескермеуіне қарсы шықты. Когнитивтік психология необихевиористердің зерттеулерінен туды. Ол адамдар ақпаратқа түрлі ықпал етеді деген түсініктерге негізделді. Когнитивтік психологияның көрнекті өкілдері – Дж.Брунер, Д.Норман, Л.Фестингер, Ф.Хайдер, У.Найсер, П.Лиднсей, Г.Саймон /2, 15,22/.

Қазіргі кездегі бұл бағыт бірқатар нұсқалар түрінде беріледі. Танымдық үрдістер механистикалық түрде сипатталатын, есептік нұсқасы кең таралған: психика сигналдары өзгертуші қабілеттілігі бар құрылымы ретінде болады. Танымдық үрдісіндегі танушы ағзаның ішкі когнитивтік схемалары мен танымдық үрдісіндегі белсенділігінің рөлі ерекше аталады. Бағыт информациялық көшқарастың ықпалынан пайда болды.

Когнитивтік психологияның негізгі саласын танымдық үрдістер – ес, тіл мен сөздің психологиялық аспектілері, қабылдау, мәселені шешу, ойлау, зейін, қиял және когнитивтік даму құрайды.

Алайда когнитивтік психологияда танымдық үрдістерді түсіндіретін ортақ теория жасалмаған.

Бихевиоризм мен психоанализге антитеза ретінде пайда болған, когнитивтік психологияға ұқсас, гуманистік психология да ірі бағыттардың бірі болып саналады. Гуманистік психологияның негізін салушылар бихевиоризм мен психоанализдің адамды сипаттауындағы қисынсыздығын түзетуді және неғұрлым дұрыс, өмірлік психологияны таңдауды мақсат етті. Дені сау, шығармашылық тұлғаны ұғыну зерттеудің пәні болып белгіленді. Ешқандай басқа мектеп мұндай міндет қоймаған еді.

Гуманистік психологияның көрнекті өкілдерінің бірі А. Маслоу /2/ болды. Маслоу адам іс-әрекетінің, адам мінез-құлқының, қылықтарының негізгі көзі ретінде адамның өзін-өзі танытуға ұмтылуын, өзін-өзі көрсетуге ұмтылуын қарастырды. Маслоу өзінің меншікті биографиялық әдісін пайдаланады. Ұлы адамдардың өмір тарихын, биографияларын зерттей отырып, мынадай тұжырымға келеді: өзін-өзі таныту қажеттілігі дені сау адамдарда ғана пайда болады.

Басқаша айтқанда, адам өзінің бойындағыны, өзінің мүмкіншілігін жүзеге асыруы керек. Егер оның бойында актерлік қабілеттер болса, актер болуға, егер ойшылдық қабілеті болса, ғалым болуға ұмтылады және де оларды жүзеге асыруы қажет. Егер ол бұны істемесе, егер бұған өмірдің жағдайлары кедергі жасаса, онда келіспеушілік басталады.

Маслоудың /2/ пікірі бойынша, өзін-өзі таныту туа біткен құбылыс, ол адам табиғатына енеді. Адамгершілік, жақсылық жасау, жақсылық тілеу адамның өзегін құрайды. Адам осы гуманистикалық қажеттіліктерін жүзеге асыра білуі керек. Маслоу теориясындағы бұл тұжырым дұрыс деп саналды.

Маслоу адам қажеттіліктерін бірнеше түрге бөлді: а) физиологиялық қажеттіліктер; ә) қауіпсіздікті қажет ету; б) қорғанысты қажет ету; в) ақиқатты, адамгершілікті, әділеттілікті қажет ету. Өзін-өзі таныту туа бітсе, қажеттіліктердің бастапқы үш тобы қанағаттандырылса ғана өзін кеңірек көрсете алады. Міне осы, Маслоу ілімінің негізгі ақауы – қажеттіліктердің бастапқы үш тобы қанағаттандырылмаған адамдардың әділеттілікті, сый-құрметті және т.б. қажет етуінің қалай қалыптасатыны түсініксіз. Маслоу антропологиялық ұстанымда қалып, қажеттіліктің әлеуметтік жағын аша алмады.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ТҰЛҒА ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТ

Тұлға мәселелеріне теориялық тұрғыдан шолу

Бүгінгі таңда тұлға, психологиядағы ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Өйткені, қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді, жасампаз тұлғаны қалыптастыруға жоғарланған талап қояды. Ал қоғамның қазіргі жағдайында, елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңарту кезінде, жас ұрпақтың болашақта ізгі ниетті азамат болып дамуына олардың тұлғасының дұрыс қалыптасу үрдісі үлкен ықпалын тигізетіні сөзсіз. Сондықтан да, тұлғаның теориялық зерттеулеріне, жалпы ұғымына сарапталған талдауларға зер салайық.

Психологтар арасында тұлға байланысты бірыңғай көзқарастардың болмағандарынан 300 астам анықтамалар жүзеге асуда. Тұлғаның анықтамасы сияқты оның құрылымдарында да біртұтас көзқарастар да жоқ. Л.С.Выготский /12/ алғаш рет психикалық қызметерді жоғары, мәдени және төменгі, табиғи, - деп бөлінуін ұсынды. Л.С.Выготский құрылымның негізінде, тұлғаның өзегі оның бағыттылығы, деп атады. Бұл көзқарас зерттеушілердің көпшілігіне негіз болып қаланды (С.Л. Рубинштейн, 1957, Л.И.Божович, 1968, А.Н. Леонтьев, 1971, М.З.Неймарк, 1972 және т.б.). Алайда, әртүрлі авторлар тұлға бағыттылығының мазмұнын (мотивтер мен қажеттіліктер, ұмтылу мен талаптану, бағдар және т.б.) түрліше қарастырады.

Л.С. Выготскийдің /12/ пікірі бойынша адамның тұлғасы өзінің енген қарым-қатынастарының кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды. Тұлға – бұл қоғамдық-тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адамның менездемесі үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез-құлық пен іс-әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым-қатынастарының бірлігін құрайды. Нәтижесінде адамның кез-келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған тұлғаның ерекшеліктерімен анықталады. Тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты екені мәлім. Сонымен қатар, тұлғаның дамуында негізгі болып нақтылы тарихи орта саналады. Оқушылардың тұлғасының дамуы, механизмді құрастыратын көптеген ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болып келеді. Л.С.Выготскийдің: “баланың психикасы әлеуметтік табиғатқа ие...” - деген пікірі осыған негізделеді. Л.С.Выготскийдің /12/ айтуы бойынша, баланың тұлғалық дамуы, оның дамуындағы әлеуметтік жағдайлармен байланысты.

Сонымен, тұлға – бұл, біріншіден, әлеуметтік қатынас пен саналы әрекеттің субъектсі ретіндегі индивид. Екіншіден, бұл индивидтің жүйелі қасиеті, оның қоғамдық қатынасқа енуімен, анықталып және де біріккен әрекет пен қарым-қатынаста қалыптасып отырады.

Кеңес психологиясында, адамды тұлға деп, - қоғамның субъектісі ретінде оның қарым-қатынасқа түсу жүйесін сипаттайды.

Б.Г.Ананьев /6/, А.Н.Леонтьев /13/ өз еңбектерінде объективті өмірді бейнелеу үрдісінде, белсенді тұлға, қоршаған әлеуметтік өмір танымы, сана сезімімен бірлестікте іске енетін тұтастай субъект ретінде көрініс береді деп дәріптеледі. Тұлға сезімдік қасиеттермен бірлікте, яғни индивид пен әлеуметтік ортаның шартымен бірлікте қарастырылуы да көрсетілген. Сонымен қатар, Б.Г.Ананьев тұлға құрылымының жан-жақты зерттелуін өз еңбектерінде сипаттаған. Ол тұлғаның үрдістерін, күйлерін, қасиеттерін психофизиологиялық функциялармен және тұлғаның бағдары мен қажеттіліктері кіретін мінез-құлықтың жалпы мотивациясымен толықтырады. Автор, адамды биологиялық түрінің көзқарасы бойынша, адамның онтогенезін индивид ретінде, адамның дамуының тұлға ретінде қарастырады.

А.Н.Леонтьевтің /13/ пікірі бойынша, тұлға – бұл адам өмірінің қоғамда туылуының ерекше түрінің психологиялық тұрғыда құрылуы. Әртүрлі іс-әрекеттің бірлесе бағынуы, онтогенезде тұлғағаның қалыптасуына негізін құрайды. Тұлғаның жүйелі қасиет ретінде пайда болуы, индивид басқа индивидтермен біріккен іс-әрекетінде, ақиқатты өзгертіп соның арқасында өзінде өзгертіп, тұлға дәрежесіне жетеді. Сонымен қатар, тұлға белсенділігімен сипатталады, яғни субъект өз шектеуінен тыс шығу ынталығымен, өз іс-әрекеттерінің саласын кеңейтуімен талап қойылған жағдайлардың шегінен тыс әрекет жасаумен (мотивация, жетістік, қауіп-қатерге тәуекел ету) сипатталады. Индивидтің тұлғасы бағыттылықпен бейнеленеді, яғни үстем болып табылатын адамның қажетті көрініс беретін мотивтер – қызығушылықтар, сенімдер, көзқарас және т.б. жүйелермен бейнеленеді.

Қатынастар психологиясы В.Н.Мясищевтің /7/ тұлға концепциясы болып табылады. Ол тұлғаның құрамына адамның психикалық үрдістерімен, қасиеттерімен, күйлерімен қатар қатынастарды да енгізді. В.Н.Мясищевтің пікірі бойынша тұлға, тек адамға тән толық психикалық құрылымның жоғары шартталған қоғамдық – тарихи ретінде және оның психикалық іс-әрекеті мен мінез-құлықтарын саналы тұрғыда реттеуші ретінде анықталады. Сонымен қатар, тұлғаның өзегін өз-өзіне және сыртқы әлемге байланысты қатынас жүйесі құрайды деп, – қарастырған.

Тұлға бағдар теориясының аумағында да зеттелінеді (Д.И.Узнадзе, 1966, А.С.Прангишвили, 1975 және т.б.) /28/. Авторлар түрлі иллюзияларды (елестерді) эксперименталды тұрғыда зерттеп, олардың пайда болуындағы маңыздылығын барлық иллюзиялар үшін ортақ нәрсеге тиселі екендігін

анықтайды. Осы ортақ нәрсе арқылы зерттеушілер бағдар ұғымын анықтады. Д.И.Узнадзенің /22,28/ теориясына сәйкес ішкі бағдар адам үшін ерекшеленген “теориялық қажеттіліктің” әсерінен пайда болып, адамның алдына оны қанағаттандыру міндеттерін табыс етеді. Осы ғалымдардың пікірі бойынша ішкі нұсқау адамды таңдамалы белсенді іс-әрекетке бағдарлайтындықтан, ол тұлға психологиясының негізгі ұғымы болып тыбылады.

Божович /31/ балалар тұлғасының психологиялық зерттеу міндетінде оның қалыптасуы мен заңдылықтарын бақылау және қолайлы немесе бөгет жасайтын жағдайларды анықтауы көзделеді.

И.П.Божович және оның әріптестері түрлі жас шамасындағы балалардың тұлғасын қалыптастырудың қозғаушы күштерін қарастырады. Бірінші кезеңде оқушының оқу іс-әрекетімен тығыз байланысты мотивтері зерттелді. Олар зерттеу барысында тікелей оқу іс-әрекетінен шығатын әлеуметтік мотивтердің және мотивтердің әртүрлі жас шамасындағы ара қатынастарының ерекшеліктерін анықтады.

Л.И.Божович /31/ теориялық талдаудың негізінде, тұлғаның толық құрылымы оның бағыттылығымен анықталады, - деген болжам ұсынды. Тұлға бағыттылығының негізінде адам өмірі мен тәрбиелеу үрдісінде пайда болатын тұрақты түрдегі басымды мотив жүйелері жатады, ал олардың негізінде жетекші мотивтер басқаларын өздеріне бағындыра адамның мотивациялық сфераларының құрылымын сипаттайды. Мұндай мотивтер жүйелерінің иерархиялық тұрғыда пайда болуы тұлғаның жоғары тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Зерттеулердің нәтижесінде, мектепке дейінгі және балалық шақ аралығындағы бала тұлғасының қалыптасуында негізгі фактор болып ересек адамның қалуы анықталған. Өйткені олардың қолдауы балалардың қоршаған ортасы мен эмоционалдық сәттіліктерін уайымдауының “берікті” қажеттілік жағдайын құрайды. Бұл жаста ересектердің, әсіресе ата-аналардың қолдауына талаптануының күшейуі баланың тікелей қажеттіліктерді сезбейтін мінез-құлқына түрткі болуы да көрсетілген.

Ал Қазақстанда тұлға мәселесі Ж.И.Намазбаеваның жетекшілігімен және оның шәкірттерінің, яғни Л.О.Сарсенбаева, Р.Ш.Сабирова, Л.В.Пилипчук, С.Ж.Омирбекова, Г.Т.Бекмуратова және т.б. ғылыми зерттеу еңбектерінде белсенді түрде дамуда.

Ж.И.Намазбаева тұлға мәселесін зерттеуінде әртүрлі іс-әрекет (ойын, еңбек, спорт, оқу) барысындағы жас ерекшелік шамасының тұлғалық компоненттерінің механизмдері мен функцияларын белгілеуге түйінделетін кешенді көзқарастарды жетілдірді. Мұндай көзқарастардың жүзеге асуы толығымен тұлғаны қарастыруға мүмкіндік береді. Адам психикасының аффект және интеллектінің өзара байланысы туралы Л.С.Выготскийдің /12/ ой-пікірі негізгі теориялық-әдіснамалықтың бағыты болып табылады.

Балалар тұлғасының қалыптасуы

Баланың алғашқы мектепке бару кезеңінде олардың әлеуметтік жағдайының дамуында үлкен өзгерістер болады. Бала оқушы бола бастаған соң, ол жаңа міндеттер, құқықтар ала бастап, алғаш рет қоғамдық мәнді іс-әрекеттермен айналысады, яғни іс-әрекетті орындау деңгейінен олардың қоршаған орта арасындағы орны мен өзара қатынастары байланысты болады. Бұл жаңа әлеуметтік жағдай мектеп жасындағы балалардың тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Тұлғаның қалыптасуындағы орталық бөлім болып адамның мотивациялық аймағының, яғни оның талаптарының, тілектерінің, ұмтылыстарының және ниеттерінің – дамуы саналады. Қажеттіліктер қанағаттанылуы керек, ал бұл оларды қанағаттандыратын амалдарды іздеуге және табуға бағытталған әдістер мен құралдардың пайда болуын және оларды жетілдіруді қажет етеді. Сондықтан мотивациялық сфераның дамуына байланысты баланың танымдық қабілеттерінің, оның дағдыларының, қолынан келетін істерінің, әдеттері мен мінезінің дамуы жүзеге асырылады.

Адам қажеттілігін қанағаттандыру үшін шынайы қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймай, онымен қатынас жасай білуі керек. Осындай бейімделудің құралы болып адамның уайымдары саналады. Олар адам қажеттілігінің қанағаттанылуының деңгейін ерекше әсерлі түрде көрсетеді. Уайымдар адамның қоршаған ортамен қарым-қатынастарға бейімделуінің бастапқы құралы болып, кейінірек өзіндік мағынаға ие болады және адам қажеттілігін сезіне бастайтын психологиялық шындық түрінде көрінеді. Осылайша адамның психологиялық дамуына шексіз мүмкіндік тудыратын қанықпайтындай көрінетін қажеттіліктер пайда болады. Тұлғаның қалыптасуындағы қажеттіліктерді жете түсіну үшін баланың өмір үрдісінде пайда болатын және дамитын жаңа әлеуметтік қажеттіліктерді ескеру қажет. Бұл жаңа қажеттіліктер баланың мотивациялық сферасын толықтырады және қиындатады. Осы жерде екі негізгі жолды атап көрсетуге болады. Біріншіден, баланың өмірдегі және оның қоршаған ортамен өзара қатынастарындағы орнын өзгерту жолы. Бұл әрбір жас кезеңіне сай келетін қажеттіліктерді тудырады. Осылайша, кіші мектеп жасындағы балаларда – оқушының жаңа жағдайда болуына байланысты; жеткіншектерде – құрдастар ұжымындағы орындарына байланысты; жоғары сынып оқушыларында – олардың келешектегі қоғам мүшелері ретіндегі орындарына қажеттіліктердің тұтас жүйесі пайда болады. Қажеттіліктердің пайда болуының мұндай жолы тек балаға ғана тән емес. Ересек адамның қажеттіліктері де оның өміріндегі және өзіндегі өзгерістерден туындайтын өзгерістерге ұшырап отырады. Екіншіден қажеттіліктердің қалыптасуы мінез-құлық пен іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруімен байланысты болады. Мұның нақты мысалы ретінде әртүрлі әдеттерді, соның ішінде мәдени әдеттерді де айтуға болады. Осылайша

меңгерілген мінез-құлықтың әдістері адамды оларды жүзеге асыруға итермелейді. Бірақ адамның мотивациялық сферасында жағдайдың тікелей ықпалынан босататын, құрылысы бойынша жаңа, психологиялық құрылымдардың пайда болуы тұлға ретіндегі адам үшін аса маңызды. Оларға адамды қажетті бағытта іс-әрекет жасауға итермелейтін мақсаттар, шешімдер, рухани сезімдер және сенімдер жатады. Тұлғаны қалыптастыру үрдісінде адамның тек қажеттіліктері ғана емес, олардың ара-қатынасы да өзгеріп, дамып отырады. Басқаша айтқанда, мотивациялық аймағының бәрі дамиды. Біртіндеп, мінез-құлықтың және іс-әрекеттің тұрақты басым болып отыратын белгілі мотивтер пайда болады, олар басқаларды бағындырып, тұлғаның бағытын көрсетеді. Қандай мотивтер басым болғанына байланысты тұлғаның бағыты әртүрлі сипатта болады. Өзінің аман-саулығын қамтитын себептердің басым болуы өзімшілдік бағытты, ал басқа адамдардың көзқарастарымен байланыста болатын себептердің басым болуы – имандылық бағытты сипаттайды. Тұрақты басым әдістер тұлға сипаттамасында жетекші мағынаға ие болады. Мотивациялық аймақтың көбірек жетілген иерархиялық құрылымы белгілі бір рухани құндылықтарды мінез-құлықтың басым себептері ретінде меңгереді. Осы құндылықтар үшін адам өзінің тікелей сенімдерін жеңеді, бұл оның тұлғасының ерікті мінезін анықтайды. Дұрыс тәрбие үрдісінде меңгерілген құндылықтар адамның басқа қажеттіліктері мен ұмтылыстарын бағындыратын тікелей сенімдердің күшіне ие болады. Мұндай адам өзіне төніп тұрған қауіп туралы ойламай, өзін тәуекелге ұшыратады. Нақ осы жағдайда адамның жоғары дамыған үйлесімді мотивациялық аймағы туралы және оның тұлғасының үйлесімді құрылымы мен жоғары деңгейі туралы айтуға болады. Л.С.Выготскийдің /12/ ілімі бойынша, онтогенетикалық даму кезінде бала санасының жүйелік құрылысы өзгереді. Осы теориялық пайымдауды жалғастыра отырып, біз адам тұлғасы да жоғары интерактивтік деңгейдегі тұрақты салыстырмалы психологиялық жүйе екенін мойындауымыз керек. Және бұл жүйенің де өзіндік даму қисыны мен заңдылықтары бар.

Біртұтас қайшылықсыз тұлғаны қалыптастыру тек оның саналы түрде өзін-өзі басқару қабілетімен ғана сипатталмайды. Бұл дамудың аса маңызды қисыны, бірақ жалғыз ғана емес. Сонымен қатар жоғарыда айтылған адамның себептік жүйелерінің де маңызы зор. Оларда адамның өзімен-өзі күресуінсіз қажетті мінез-құлықты қамтамасыз ететін мәжбүрлеуші күш болады. Ал бұл үшін тұлғаны қалыптастыру былайша болуы шарт: танымдық және жанға аффективті үрдістер өзара қандай да бір үйлесімді қарым-қатынаста болуы қажет. Сонымен, тұлғаның қалыптасуы оның қандай да бір жағының рационалдық, еріктік немесе эмоционалды – тәуелсіз дамуымен сипатталмайды, - деп есептеуге негіз бар.

Тұлға – бұл шынайы жоғары интегративтік, бұзылмайтын біртұтас жүйе.

А.Н.Леонтьев /13/ өзінің “Іс-әрекет. Сана. Тұлға” еңбегінде тұлға психологиясы аясындағы іс-әрекеттік көзқарастың бірқалыпты жүргізілуі бұл

теорияның жәрдемсіз екенін жақсы көрсететінін айтты. Іс-әрекеттік көзқарастың бастапқы бағыттарын нұсқай отырып, А.Н.Леонтьев /13/ мынаны атап айтты: “Бастапқыда, яғни іс-әрекет үрдісін қалыптастыратын негізгі сәттерді анықтағанша, субъект зерттеу шеңберінен сырт қалатын сияқты”. Алайда субъект іс-әрекеттік көзқарас шеңберінен мәңгілік тысқары қалады. Өздігінен пайда болатын қозғалыс бастауы ретінде субъектіге бұл теорияда орын жоқ. Егер адамды талаптарды қанағаттандыратын амалдардың иерархиялық жүйесі демей, өз өмірінің субъектісі ретіндегі тұлға деп түсінсек, онда мұндай зерттеуде тұлғаның да болуы мүмкін емес. Іс-әрекеттік көзқарастың негізгі сөздері – іс-әрекет, себеп, талап және т.б. өздігінен бұл көзқарастың әдіснамалығын білдірмейді. Тұлғаның қалыптасуын Л.И.Божович жеке /31/ адамның ерікке ие болуы ретінде, оны өз өмірінің субъектісіне айналуы ретінде қарастырады: “Бала тұлғасының қалыптасуының жолы – оның тікелей ықпал етуші ортадан ақырындап бостандыққа шығуынан және оның осы ортаны да, өзінің жеке тұлғасын да белсенді түрлендіре алатын адамға айналуынан тұрады”. Л.И.Божович тіркеген саналы сипаттағы амалда талаптардың бар екендігінің ұстанымдық маңызы зор. Баланың мотивациялық қажеттіліктік сферасындағы армандарының, өзін-өзі бағалауының, талаптану деңгейінің орнын мен қызметін эксперимент тұрғысында зерттеумен байланысты мәселелерінің қарастырылуы тұлға психологиясындағы өте мәнді кезеңдердің бірі болып саналады.

Адам іс-әрекетінің психологиялық сипаттамасы

Іс-әрекет адамның өмір жолын анықтайды. Психика мен іс-әрекет арасында күрделі ара қатынас бар. Бір жағынан, психика іс-әрекетте қалыптасады және көрініс танытады, екінші жағынан - психика іс-әрекетті реттеп отырады.

Іс-әрекеттің психиканы қалыптастырушылық рөлін әртүрлі салада жұмыс істеп жүрген адамдардың ерекшеліктерін салыстыру арқылы көруге болады. Психологияның іс-әрекет, ерекшеліктерін (еңбек психологиясы, педагогикалық, спорттық т.б. психология) зерттейтін салалардың болуы кездейсоқ емес. Іс-әрекеттің түрі адамның бойында тұрақты бір белгіліерді қалыптастырыды, сол себепті мінез-құлықтың бір көрінісіне қарап, кейде тіпті сырт пішінінен-ақ адамның қай мамандық иесі екенін біле қоямыз. Мұғалімнің жеке басының қасиеттерін зерттеу арқылы балаларды оқытып, тәрбиелеуде оның шеберлік таныта алуына қай қасиеті көмектесетінін білуге болады. Мұндай деректер болашақ ұстазды тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің бағдарламасын белгілеуге көмектеседі. Психика әрекет пен қозғалысты реттеуші қызметін атқарады. Бұл реттеу психикалық бейнелеудің әртүрлі дәрежесінде жүзеге асады. Түйсік және қабылдау дәрежесінде күштің бұлшық еттік қимылы мен қозғалыс сипаты көрінеді. Ақыл-ойға салып ісі

еленетін міндеттер сезім деректері негізінде шешіледі, бірақ оны ақыл-ой ретке келтіріп отырады, яғни екінші сигналдық дәрежесінде жүзеге асады.

Іс-әрекеттің күрделі үрдісінде ретке келтіру әртүрлі дәрежеде бір мезгілде жүзеге асады. Оқушы есеп шығарған кезде ақыл-ой іс-әрекетін ойлау үрдістерімен бағыттайды, бірақ арифметикалық есеп шығарған кезде ол нәтижелерін бірінің астына бірін жазып, іс-әрекетті орындау үрдісін қабылдау дәрежесінде ретке келтіреді.

Қазіргі өндіріс жағдайларына сай адамның тез әрі дәл қимылдауына талап өсе түсіп отырған шақта технологиялық үрдістерді басқару пульттерінде жаңа жүйелі шешімін табу үшін инженерлердің психологтармен бірлесе ізденулеріне тура келіп отыр. Мұның өзі адам жүйе тәртібін басқара отырып, бір жағынан, психикалық реттеудің әртүрлі дәрежесін пайдалана алатын болуы үшін, екінші жағынан жасалынып жатқан әрекеттердің іс-әрекеттің объективті талаптарына сай болуын бақылауға және өздігінен реттеуге қабілетті талдағыштардың әр қилы жүйелерін пайдалана алатын болуы үшін қажет. Автоматты жүйелерге қарағанда психикалық реттеу адамға ықпал ететін үрдіс факторларының субъективті бейнеленуімен және нақ сондай субъективті көңіл күйімен байланысты болады. Әрбір адам іс-әрекет кезінде белгілі бір жайларға байланысты және қандай да бір мақсат көздеп қимыл жасаушы ретінде әрекет етеді. Белгілі бір жағдайлар дегеніміз қажетсіну, ойға алу, сезім шарпуы және басқа да психикалық жайлар болуы мүмкін. Іс-әрекетке кірісу үшін іштей талаптану жеткіліксіз. Бұл үшін іс-әрекет объектісін білу қажет, сондай-ақ талаптануды нақ осы біліммен және адам іс-әрекет нәтижесінде жеткісі келетін мақсатпен бірге ұштастыра білу керек. Мотив-мақсат болатын ортада іс-әрекеттің әлеуметтік және таптық себептері ерекше айқын байқалады. Қоғамдағы адамды іс-әрекетке не мұқтаждық (еңбек етпесе жан сақтай алмайтындықтан), пайда табу (қара басының камын ойлап, баю мақсаты) итермелейді.

Адам жаратылысында соны қалайтын болғандықтан емес, өмірлік жағдайлардың ықпалымен іс-әрекетке араласады. Адамда органикалық қажеттіктермен қатар, өмірдің қоғамдық-тарихи жағдайларды туғызатын қажеттіліктер де пайда болады. Қоршаған дүниедегі өзгерістердің ықпалымен қажеттілік те өзгереді. Қажеттілік өз-өзінен мақсатқа бағытталған саналы іс-әрекетке ұмтылдыра қоймайды. Бір істі қолға алу үшін, сол іс осы қажеттілікті қанағаттандыра алатынына көз жеткізу керек, яғни қажеттілікті сол қажет затпен орайластыру керек. Саналы түрдегі қажеттілік мінез-құлықты соған орайластырып отырады.

Адамның мінез-құлқы динамикалы болады: жағдайдың өзгеруіне байланысты мінез-құқылық себептері де, сондай-ақ мақсатқа жету үшін қажетті құрал да өзгеріп отырады. Себептің өзгеруі іс-әрекет сипатына әсер етеді. Қоғамдық мәні бар себеп түптеп келгенде іс-әрекет нәтижесіне шешуші әсер етеді.

Мектептер міндеттерінің бірі – оқушыларда іс-әрекеттің себептері мен мақсаттарын тәрбиелеу. Сыныптан тыс оқу барысында, қоғамдық жұмыстар арқылы мектеп оқушылары оқуды парыз деп, қоғамдық іс атқаруды қоғам байлығының қайнар көзі деп түсінуге үйренеді.

Адамның бойында іс-әрекетке көзқарастың қалыптасуында, себеп-мақсат түрлерінің орнығуында іс-әрекеттегі табыс пен табысқа жете алмау, адамның бір істе ойға алған ниетінің мөлшері мен қол жеткен нәтиженің мөлшерінің маңызы ерекше.

Табысқа жету немесе сәтсіздікке ұшырау адамның бойында қалыптасқан ерекшеліктер арқылы електен өтіп барып одан арғы іс-әрекетке әсер етеді. Барлық жағдайда да табыс адамды қанағаттандырады. Бір жағдайда табыс адамның көңілін өсіріп, оның күш-қуатын жұмыста жаңа жетістіктерге жетуге жұмылдырса, екінші бір жағдайда тоқмейілеу туғызады. Жақсы көретін ісіндегі сәтсіздік, оның сәтті аяқталатынына сенімнің ақталмауы адамның көңілін су сепкендей басып тастайды. Адамның бойында қалыптасқан мінезге қарай мұндай сәтсіздік бұл саладағы жұмысты одан әрі жалғастырудан бас тартқызуы, не сәтсіздіктің себептерін ерінбей-жалықпай талдап ашуға, тапсырманы қайткенде орындау үшін жаңадан әрекет жасауға ұмтылдыруы мүмкін.

Талпыныс деңгейі – адамның іс-әрекетке деген өз мүмкіндіктерін бағалай білуі. Үйлесімді қалыптасқан адамда талпыныс деңгейі істі атқаруға қажетті нақты мүмкіндіктеріне сай келеді. Талпыныс деңгейі тым жоғары, ал мүмкіндігі шектеулі болса мұндай адам мен ұжым арасында қақтығыс туады.

Адамның талпынысы мен мүмкідігі расындағы сай келмеушілікті туғызатын себептер объективті де субъективті де болуы мүмкін. Дұрыс тәрбие берсе талпыныс деңгейі адамның қабілеті мен еңбек сүйгіштігіне сай келуі тиіс. Мұғалім оқушының табыс мүмкідігіне сенімін қолдай отырып, оның қызметінің нәтижесін де қатал бағалап отыруы керек, орынсыз талапқа жол бермеген жөн.

Қиял, мұратқа қарағанда талпыныс іс-әрекетке анағұрлым жақынырақ. Талпынысты қиял да, мұрат та, адамның өз мүмкіндігін бағалауы да көрінеді, адамның жетілуінің, іс-әрекетке араласуының перспективті бағыты белгіленеді. Талпыныстың нақты іске айналуы алға жаңа мақсат қою-адамның жетілуінің қуатты факторы.

Жұмыстың табысты болуы толып жатқан жағдайларға байланысты. Солардың бірі – шығармашылық элементтерінің тапсырманы орындаудың қалыптасқан сарынына ұштасуы. Шығармашылық адамына тән ерекшелік-еңбекте жаңалық іздеу, істі жандандыра түсудің көзін табу. Шығармашылық іс-әрекетті жоғары сатыға көтереді, өндіріс пен ғылымды ілгері дамытады. Ал еңбектер үшін ең маңыздысы - шығармашылық еңбекте дене күші, ақыл-ой және адамгершілік күштері бірігіп адам өмірін толық қанды ете түсетіні.

Іс-әрекеттің қандайы болсын адамды қажытады. Қажу – қызмет атқарушы мүше немесе бүкіл ағза күшінің іс-әрекет үрдісінде табиғи таусылуы.

Шаршау – қажыған адамның көңіл күйі. Көңіл күйді жеке алғанда, ол шарашаудың тікелей бейнеленуі бола алмайды. Шаршау сезіміне адамның жұмысқа көзқарасы, дене және ой қызметіне дағдылану дәрежесі де енеді. Сондықтан адам физиологиялық түрде қажудан бұрын-ақ тіпті жұмыс басталар-басталмастан-ақ шаршауы мүмкін. Ауыр, бірақ адамдар үшін қажетті жұмыстан соң шаршау адамның көңілін жайландырып ләззат әкеледі. Тынығу, әсіесе дұрыстап тынығу, іс-әрекет түрін ауыстыру күшті қалпына келтіреді, іс-әрекетті одан әрі жалғастыруға мүмкіндік жасайды.

Қажу тек субъективтік түрдегі шаршау сезімімен ғана көрініп қоймайды. Қажудың объективтік көрінісі-жұмыс қарқынының баяулауы және оның сапасының төмендеуі болмақ. Жұмысқа қабілеттілікті анықтау үшін жүргізілген зерттеу алғашқы екі сағатқа жұмыс қабілеттілігі артып, ең жоғары дәрежеге жететінін, содан кейін төмендей бастайтынын көрсетті. Бір сарынды, қызықсыз жұмыс, адамды физиологиялық себептерге байланысты болатын шаршау байқалуына қажетті нормалы мерзімнен бұрын қажытады.

Мұғалімнің оқушыларды қажытып алмауды қадағалап отыруы керек. Іс-әрекет күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру – мектептегі маңызды психологиялық-педагогикалық міндеттердің бірі. Материалының мазмұны, қиындық дәрежесі әртүрлі сабақтарды кезектестіріп оқыту үзіліс кезінде тынығуды дұрыс ұйымдастару оқушылардың қалжырамауына себеп болады. Күштерін оқу күнінің аяғына дейін сақтауларына көмектеседі.

Іс-әрекеттің себебі мен мақсаты, шығармашылық, іс-әрекет үрдісінде қажу бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне әсер етеді. Сенімі мен көзқарасы, іс-әрекетке қатынасы дұрыс қалыптасқан адамдар осы іс-әрекетте жетекші рөл атқарады. Мұның өзі шығармашылық ізденіс сипатын да, адам еңбегін соған жеткізеді деп түсінген ұлы мақсаттарға жету жолында шаршап-шалдықпайтын болу мүмкіндіктерін де айқындап береді.

Барлық тіршілік иелері қоршаған әлеммен өмірге маңызды байланыстарды бірқалыпты ұстап немесе түрлендіре отырып, өзіндік жауап қайтара алады. Адамның іс-әрекеті – күрделі құбылыс. Оның түрлі жақтарын әртүрлі ғылымдар зерттейді. Ал қоғамдық мағынасы қоғамдық ғылымдардың пәні, физиологиялық механизмдер – физиология пәні болып табылады. Психология іс-әрекеттің психикалық жағын зерттейді. Белгілі бір өнім адамның іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. Адам, еңбектің қай түрімен айналысса да, өмірге ең алдымен қайраткер, іскер және жасампаз болып келеді. Іс-әрекет арқылы адамның рухани өмір байлығы: ақыл-ой тереңдігі, күйіну-сүйіну қалпы, қиялдау қабілеті мен ерік-жігері, икемділігі мен мінез-құлық сипаты ашылады.

Іс-әрекеттің негізгі сипаттамасы болып оның мағыналылығы саналады. “Мағынасыз әрекет” деген ұғымға ешқандай түсінік берілмейді. Іс-әрекеттің мағынасыз болуы мүмкін, бірақ іс-әрекетті ғылыми зерттеу оның мағынасының ашылуын талап етеді.

Іс-әрекет – тарихи қоғамдық дәреже. Кез-келген іс-әрекет қоғам әрекетімен үздіксіз байланыста, кез-келген жеке адам – басқа адамдармен байланыста болады. Жекелеген іс-әрекет қоғамдық байланыстар мен қатынастардан тыс бола алмайды. Мәселен, аралда жалғыз қалған Робинзон Крузоның өзі қоғамда өмір сүрген кездегі қалыптасқан ережелерге, ұстанымдарға сәйкестеп өз өмірін ұйымдастырады. Жекелеген іс-әрекет қоғамдық әрекеттік құрамды бөлшегі ғана болғандықтан, оны талдауды осы іс-әрекеттің қоғамдық өмір жүйесіндегі қызметін зерттеуден бастау керек.

Психологияны жекелеген іс-әрекеттің несі қызықтырады? Оның сараптамасының объектісі болып іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі жеке адам саналады. А.Н.Леонтьевтің /13/ пікірі бойынша, іс-әрекет – құрамына психика енетін, объекті мен субъект арасындағы шынайы байланыс. Жеке адам қандайда бір іс-әрекетті орындай отырып, қабылдайды, есте сақтайды, ойлайды, зейін салады, оның үрдісі кезінде адамда эмоциялар пайда болады, еріктік қасиеттер көрінеді, қатынастар, көзқарастар қалыптасады және т.б. Орындалуы кезінде адам қабылдамайтын, ойламайтын, уайымдамайтын іс-әрекеттің болуы мүмкін емес. Егер жеке адамда әрекетті қоздырушы мотивтер болмаса, оның мақсаты болмаса, өзінің әрекетіне себеп болатын нәрселерді немесе моделдерді қабылдаса, егер ол нені қалай істеу керек екендігін есінде сақтамаса онда іс-әрекет жүзеге аспайды. Қысқаша айтқанда, психикалық деп аталатын, адамның күйлерінің, ерекшеліктерінің және үрдістерінің жүйесі іс-әрекетте білінеді, дамиды, қалыптасады.

Іс-әрекетті зерттеу кезінде психологияны ең алдымен, қоғамдық қатынастардың субъективтік бейнеленуінің түрлерін білдіретін эмоциялар ерігі, мақсаттың қалыптасуы, мотивтер қызықтырады. Субъектіге қатынасыз қарастырылатын іс-әрекеттің ешқандай психологиялық сипаттамалары болмайды. Олар тек іс-әрекет субъектісіне ғана тән болады.

Адамды белгілі бір жағдайда белгілі бір іс-әрекет жасауға не итермелейді? Кез-келген тіршілік иесі сияқты адамның да белсенділігінің көзі оның қажеттіліктері, яғни адамның өз тіршілігі мен дамуының белгілі бір шарттарына тәуелді болатынын білдіретін, оның күйлері. Адамның қажеттіліктері өндіріс пен мәдениеттің дамуы салдарынан пайда болады. Егер жануарлардың қажеттіліктерін органикалық деп атауға болатын болса, онда адамның қажеттіліктері “органикалықтан жоғары” болып түрленеді.

Адам өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамда тарихи қалыптасқан тәсілдерді қолданады. Жекелік пен қоғамдықтың бірлесуі қажеттіліктерден айқын көрінеді. Қажеттіліктердегі жекелік пен қоғамдықтың үйлесімі арқылы адам қажеттіліктерінің көпшілігі өзі енетін топтың, ұжымның, қоғамның қажеттіліктерімен тығыз байланысты болатынын түсіндіруге болады. Міне, сондықтан саналы түрде бір топқа (жанұяда, мектепте) біріктірілген адамдардың қажеттіліктері сәйкес келеді.

Қажеттіліктерді шығу тегі мен мағынасы бойынша бөлуге болады. Өзінің шығу тегі бойынша қажеттіліктер табиғи (органикалық) және мәдени

болуы мүмкін. Табиғи қажеттіліктер адамның өмірін сақтау және қалыпты ұстап тұруымен байланысты болады (тамақ, ұйқы, ыстықтан немесе суықтан сақтану және т.б.). Табиғи қажеттіліктерді қанағаттандырмау адамның өліміне әкеледі. Мәдени қажеттіліктер объектілеріне қандайда бір табиғи қажеттіліктерді қанағаттандыратын заттар (қасық, ыдыс) сияқты, басқа адамдармен қарым-қатынасқа, қоғамдық өмірге қатынасуға қажетті заттар да жатады. Мәдени қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы адамның физикалық өліміне әкелмейді, бірақ әлеуметтік өлімді тудырады.

Заттың сипатына байланысты қажеттіліктер, материалдық мәдениеттің заттарына (тамақ, киім, үй, тұрмыс заттары және т.б.) байланысты материалдық және қоғамдық сана өнімдеріне (ой және сезіммен бөлісу қажеттілігі, ақпарат алу, музыка тыңдау, әдемілікті көру және т.б.) тәуелділікті көрсететін рухани болып бөлінеді. Барлық қажеттілік түрлері арасында үздіксіз байланыстың болатыны айдан анық. Материалдық қажеттілікті қанағаттандырмай рухани қажеттілікті қанағаттандыру мүмкін емес.

Алайда қажеттілік өздігінен саналы іс-әрекетті тудырмайды. Саналы қажеттілік мінез-құлықтың мотиві болып табылады. Іс-әрекетті психологиялық тұрғыдан талдағанда мотив пен мақсат ұғымдары маңызды орын алалады. Мақсатсыз, мотивсіз іс-әрекеттің болуы мүмкін емес. Мотив пен мақсат іс-әрекет кезінде субъект дамытатын күштер шамасы мен іс-әрекеттің бағытын көрсететін, іс-әрекет шамасын қалыптастырады. Адамның қажеттіліктері олардың мінез-құлқына әмірін жүргізеді.

Мотивтің қалыптасу кезеңдері:

1. Түрткіні мойындау кезеңі: мотивациялық түрткі мойындалып, бағыттаушы қызметін атқара бастайды. Бұл кезеңнің болмауы соқыр ізденіске, серпілістік мінез-құлққа әкеледі.

2. Мотивті қабылдау кезеңі: мойындалған түрткіні тұлғалық мотивке түрлендіреді.

3. Мотивті жүзеге асыру кезеңі: оның мазмұны толықтырылады. Мотив жүзеге аспаса түрткі фрустрацияға ұшырайды.

4. Мотивті бекіту кезеңі: бірнеше рет қайталау мотивтің мінез ерекшелігіне, бірқалыпты түрткі потенциясына түрленуіне әкеледі.

5. Түрткіні белсендіру кезеңі адамның мінез ерекшеліктеріне қаланады. Одан мотивациялық құрылымдарды қалыптастырудың жаңа жиынтығы басталуы мүмкін.

Алайда, әрекеттің ішкі түрткісі бола тұрып, мотив оның нақты сипаттамаларын көрсетпейді. Қажеттілік пен оның қанағаттандыру арасында анық қатаң байланыс болмайды. Бір мотивке сүйене отырып, бірнеше мақсаттарды қалыптастыруға болады. Егер мотив әрекеттің түрткісі болса, онда мақсат әрекеттің сипаттамасы мен динамикасын көрсете отырып, оны “құрастырады”. Мотив әрекетке түрткі болатын қажеттілікке, ал мақсат – іс-

әрекет бағытталған және оның орындалуы барысында өнімге түрленетін – затқа жатады.

Іс-әрекет мақсаты – бұл адам әрекетінің сипаты мен амалын анықтайтын заң сияқты, іс-әрекеттің болашақ нәтижесін анық елестету. Мақсат жеке іс-әрекетке сырттан енгізілмейді, адамның өзі қалыптастырады. Қалыптастырылмаған мақсат жеке іс-әрекетте жүзеге асырылады. Іс-әрекеттің күрделілігі мақсаттың пәнінен қаншалықты алыс екеніне, сондай-ақ адамдағы бар амалдарға байланысты болады.

Сонымен, біз мақсаттарды алыс және жақын деп бөле аламыз. Егер адам жақын мақсаттарды ғана басшылыққа алса, оның әрекетінің болашағы болмайды. Жақын мақсатты көздейтін адамдар қиыншылыққа төзе алмайды. Алыс мотивацияны басшылыққа алатын адам жақын мақсаттарды қажетті кезең ретінде ғана, өз іс-әрекетінің басты мақсатына жету жолындағы баспалдақ ретінде ғана қарастырады. Мұндай адамның жұмыстан бас тартуына қиыншылықтар түрткі болмайды, олардың қойылған мәселені шешуге ұмтылысын күшейтеді.

Жоғарыда талқыланған мәселелер іс-әрекеттің тұлғалық аспектісіне жатады. Екінші аспект – субъектінің шынайы әрекетіндегі сенсомоторлық, перцептивтік, интеллектуалдық және басқа психикалық үрдістердің динамикасын зерттеу. Сол мақсат-мотив шамасы іс-әрекеттің жоғары реттеушісі бола отырып, оған енетін психикалық үрдістерді де ұйымдастырады. Дәл осы мақсат пен мотив қабылдаудың талғамын, зейін ерекшеліктерін, ақпаратты естен алуды және т.б. көрсетеді.

Психология іс-әрекетті зерттей отырып, шындықтың субъективтік бейнеленуінің динамикасын, деңгейлері мен түрлерін және бұл әрекетті психикалық реттеудің механизмін ашып көрсетуі керек. Психикалық үрдістердің дамуын, адамның күйлері мен қасиеттерін, тұлғаның жалпы психологиялық қалпына іс-әрекеттің ықпал етуін зерттеуде де психологияның міндеті болып табылады.

Егер іс-әрекеттің сыртқы көрінісі мен ішкі жобасы арасындағы байланысты түсіндіруге тырыссақ онда мынадай сұраққа жауап беру керек: психикада әлі жасалмаған әрекеттер нәтижесі қалай білінеді? Мұндай мүмкіншілікті қоршаған әлемдегі құбылыстардың заңдылықтары тудырады. Адам бұл заңдылықтарды түсініп, өз іс-әрекетінде пайдалануы мүмкін. Объектіге жасалатын әрекеттер психикалық операциялармен алмастырылады. Шынайы сыртқы әрекеттен ішкі психикалық әрекетке өту үрдісі интериоризацияның көрнекті мысалы ретінде балалардың санауды меңгеру үрдісін келтіруге болады.

Адамның іс-әрекетінің сыртқы (физикалық) және ішкі (психикалық) жақтары үздіксіз байланыста болады. Сыртқы жағы – адамның сыртқы әлемге ықпал етуін қамтамасыз ететін қозғалыстар. Оларды ішкі (психикалық) әрекет анықтайды және реттейді.

Сыртқы әрекетті ішкі әрекеттің экстериоризациясы ретінде қарастыруға болады, өйткені адам іс-әрекетте оның анық елестетілмеген жобасын жүзеге асырады. Сыртқы іс-әрекетті әрекеттің ішкі жобасы қадағалайды. Адам жасалатын әрекетті бейне және ой түрінде алдын-ала жобаланған әрекетпен салыстырады.

Егер іс-әрекет үрдісін үлгі түрінде көрсетсек, онда ішкі жобадағы құрылымдар мынадай ретпен жасалады: **қажеттілік**→ **мотив**→ **мақсат**→**міндет**, ал бұл кездегі сыртқы жоба көрінісі мынадай: **іс-әрекет**→**қылық**→ **операция**→ **қозғалыс**. Таза ішкі, таза сыртқы әрекеттердің болмайтынын естен шығармау керек. Психологияның міндеті мынада: іс-әрекеттің “сыртқы жағын” зерттей отырып, “ішкі жағын” ашу, нақтырақ айтқанда, психиканың іс-әрекеттегі шынайы рөлін түсіну.

Адам іс-әрекетінің құрылысы

Іс-әрекеттің құрылысын талдаудың алғашқы ұмтылыстары оның элементтерін елестетумен байланысты болды. Оларға алу, көтеру, қою сияқты қарапайым қозғалыстар жатады.

Инженерлік психологияның дамуына байланысты әрекетті алгоритмдер түрінде сипаттау кең таралды. Алгоритмдік сипаттау іс-әрекеттің орындаушы бөлімін талдауды тиімді болғанымен, оның субъективтік жобасын ашпады.

Психологиялық талдау іс-әрекетті күрделі, көп өлшемді және көп деңгейлі, динамикалық дамушы құбылыс ретінде қарастыруды ұсынды. Әр түрлі концепциялар іс-әрекеттің жекелеген аспектілерін (жақтарын) қарастырды; екіншісі – іс-әрекеттің мотивациялық аспектісін зерттеуді негіз етті; үшіншісі – іс-әрекеттің реттеуші механизмдері қарастырды. Бұл көзқарастардың бәрі құнды ғылыми нәтиже берді. Алайда олардың біреуі де жалпылама бола алмады.

Іс-әрекет – бұл адамның әлеммен қарым-қатынастарының динамикалық жүйесі. Осы қатынастар кезінде объектіде психикалық бейне пайда болады. Бұл бейне іс-әрекеттің мойындалған мақсаты түрінде болады. Іс-әрекеттің басқа жақтары: мотив, іс-әрекетті жобалау, ақпаратты өңдеу, шешім қабылдау – мойындалуы да мойындалмауы да мүмкін.

Адамның арнайы әрекеті еңбекте, еңбек іс-әрекетінің актісі түрінде қалыптасады. Белгілі бір қоғамдық функцияларды атқаратын әрекеттердің жиынтығы еңбек әрекетінің белгілі бір түрін құрайды.

Әрекеттің актілері жекеленген әрекеттер немесе операциялар деп аталады. Олардың нәтижесі мақсат сияқты мойындалмайтындықтан, олар жекелеген әрекеттер болып саналмайды, бірақ қозғалыстарға қарағанда, операциялар әрекетті жүзеге асыратын жәй механизмдер ғана емес, әрекеттің құрамды бөлшектері болып табылады. Еңбек іс-әрекеттері – сыртқы әлем заттарының күйлерін немесе қасиеттерін өзгертуге бағытталған әрекеттер.

Заттық әрекеттің орындалуын белгілі бір қозғалыстар жүйесі қамтамасыз етеді. Қандайда бір әрекетті жүзеге асыратын адам қозғалысы жеке көзқарастармен, қозғалыс орындайтын тапсырманы ойлаумен байланыста болады. Жеке көзқарастардың өзгеруі қозғалыс саласының өзгеруіне әкеледі.

Жалпы қозғалыс дегеніміз – адам ағзасының моторлық қызметі. Адамның қозғалуы, яғни моторлық қызметі өте ерте байқалады. Жас нәрестенің психологиясы жөніндегі зерттеулер көрсеткендей, баланың алақанына кездейсоқтан тиіп кеткен зат оған еріксіз түрде ұстау әрекетін жасатады. Бұл тітіркендіргішті дереу қозғалысқа келтіретін шартсыз рефлекторлық байланыс жасалуын көрсетеді. Ұстау рефлексінің сипатында баланың 2,5 айдан 4 айға дейінгі кезінде елеулі өзгеріс болады. Ол сезім органдарының жетілуі, сондай-ақ моторлық қозғалысты сезу мүшелерінің жетіле түсуіне байланысты болады. Ұстау рефлексі арқылы жүзеге асырылып, затты ұзақ уақыт қолмен ұстау көздің бақылауымен өтеді.

Осыдан соң сипап сезудің нәтижесінде көру-моторлық жүйесі қалыптасады. Ұстау рефлексі жойылып, оның міндетін шартты рефлекторлық қозғалыс атқаратын болады. Адамның барлық қимылын екі топқа бөлеміз: туа пайда болатын (шартсыз рефлекторлық) және үйреніп меңгеру (шартты рефлекторлық). Қозғалыстың басым көпшілігі, тіпті жалпы хайуанаттар сияқты кеңістікте қозғалып жүрудің өзін адам өмір тәжірибесінен алады, яғни қозғалыстың көпшілігі шартты рефлекторлық болып саналады. Қозғалыстың шағын ғана түрі (еріксіз шыңғыру, көзді жыпылақтату) туа пайда болады.

Баланың қозғалуының жетілуі қозғалыстың шартсыз рефлекторлық реттеуінің шартты рефлекторлық байланыстар жүйесіне айналуымен байланысты.

Затқа бағытталған және белгілі мақсат көздеген қозғалыстарды әрекет деп атайды. Ағзаның моторлық функциясына ғана тәуелді қозғалысқа қарағанда әрекеттің әлеуметтік сипаты болады: ол алдыңғы ұрпақ және баланы қоршаған орта жасаған заттарға байланысты келеді.

Қозғалыстың орындалуы оның нәтижелері мен әрекеттің мақсатын салыстыру арқылы үздіксіз қадағаланады. Әрекет қалай қадағаланады? Оның сезім мүшелері арқылы (сенсорлық қадағалау) жүзеге асатыны анық. Қозғалыстарды басқару кері байланыс принципі бойынша орындалады. Іс-әрекеттің әрбір сәтінде талдағыштарға көптеген сигналдар – көру, есту, тактильдік және т.б. – келеді. Бұлардың ішінен адам тапсырмаға сәйкес сигналдарды таңдап алады да, оларды іс-әрекет затының күйін мақсатқа байланысты бағалайтын белгілі бір құрылымдарға біріктіреді.

Бұл механизмдегі әрекет нәтижелері жайлы ақпарат әкелетін кері байланыс сигналдарының атқаратын рөлі үлкен. Қандайда бір әрекетті жасай отырып, адам іс-әрекет затының күйін өзгертеді. Бұл кезде сигнал тек мәселенің шешімі туралы ақпаратты ғана әкеліп қоймай, бұл сигнал бейнесі мақсат бейнесімен үйлеседі. Кез-келген әрекет айналымды құрылымда

болады. Ол үлгі түрінде былай көрінеді: ... объект→ рецепторлар→ сенсорлық біріктіру → мақсат бейнесімен қиылысу→ коррекция→ бұлшық ет→ объект...

Осыдан әрекетті құрайтын қозғалыстар жүйесін мақсат басқаратынын және реттейтінін көруге болады. Мақсат әрекетінің болашақ нәтижесінің динамикалық моделі, бейнесі түрінде мида көрсетіледі. Болашақ әрекеттің және оның нәтижелерінің бұл моделдерін физиологтар “әрекет акцепторы”, “қозғаушы міндет” және “қажетті болашақтың моделі” деп атады. Бұл моделдер нені білдіретінін, мида қалай қалыптасып қызмет ететінін ғалымдар әлі анық білмейді. Адам әрекетті қайталау нәтижесінде, оның орындалуының амалдарын саналы түрде арнайы мақсат етпей, осы әрекетті мақсатқа бағытталған акт ретінде орындау мүмкіндігіне ие болады. Саналы әрекеттің жекелеген компоненттерін сана аясынан осылайша шығарып тастауды машықтандыру деп атайды.

Адамның кез-келген әрекетінің үш тараптар және үш компоненті болады: орындау, қадағалау, және реттеу функцияларын атқаратын – моторлық, сенсорлық – орталық.

Дағдының қалыптасуына байланысты әрекет құрылымдағы жекелеген машықтандыру салдарынан келесі реттегі тәсілдер өзгереді:

Қозғалыстардың орындалуы: артық қозғалыстар жойылып, қозғалыстың орындалуы үдейді.

Әрекетті сенсорлық қадағалау: әрекет нәтижелерін қадағалауға маңызды бағыттарды тез ажыратып алу қабілеттілігі дамиды;

Әрекетті орталықтан реттеу: зейін әрекет әдістерін қабылдаудан басталып, әрекеттің жағдайымен нәтижелеріне ауысады.

Шартты – рефлекторлық байланыстарды жасау және бекіту кез-келген бейімделіктің негізі болады.

Сәтті қозғалыстарда бірнеше рет қайталау әрекет амалдарындағы өзгерістерді тудырады. Меңгеру үшін, белгілі бір әрекеттерді бірнеше рет қайталауды жаттығулар деп атайды. Әрекетті бірнеше рет қайталаудың кез-келгенін жаттығу деп атауға болмайды. Жазуы нашар адамдар оны неше рет қайталаса да өзгерте алмайды. Жаттығу қайталаудан төмендегідей сипаттармен айрықшаланады:

Үйренуші жасалған эталон – үлгіні өз санасында ұстап қалуы керек; ол өзінің әрбір жеке жаттығуының нәтижесін білуі керек және қайталап орындалған әрбір әрекеттен кейін – неге жетті, оның кемшіліктері қандай екені жайлы өзіне-өзі есеп беруі қажет.

Балалар мен ересек адамдардың әр алуан іс-қимылы нәтижесінде олардың машықтандырылған әрекеті – *дағдылары*, іс-әрекет түрлерін орындауға *бейімділігі* мен *икемділігі*, тіршілікке қажетті *әдеттері* қалыптасып, адамның анатомиялық, физиологиялық және психикалық жағынан дамып жетілуіне әсер етеді. Оның рухани өмірінің мазмұнын байытады.

Дағдының жалпы сипаттамасы. Адам жеке әрекеттерді орындау дағдысын меңгерсе, іс-әрекет мінсіз атқарылатын болады. Дағды – әрекетті орындаудың қалыптасқан тәсілі.

Көпшілік дағдының негізінде кең тарапты, ақылға салынған әрекет жатады. Іс-әрекетті игерудің бастапқы кезеңінде бұл әрекеттер оның негізгі компоненттері болды. Мысалы, оқуға үйрету кезіндегі сөзді буынға бөлу, буындарды қосу арқылы оны мағыналы сөзге айналдыру оқудың негізгі мазмұны болып табылады. Оқуға жаттығу үстінде оқушы тез оқуға дағдыланады. Яғни ол бұдан былай сөзді буынға бөлуді, буындарды қосуды мақсат етіп қоймайды. Өйткені оның әрекеті енді жеңіл, жүгіртіп оқитын дағдыға айналды.

Қандай да болсын дағдының негізінде шартты рефлекторлық байланыстарды қалыптастыру және бекіту жатады. Әрекетті тұрақты қайталау нәтижесінде жүйке жолын соған икемдеу белгілі бір жүйке жүйесінде қозу үрдісін дәлме-дәл тұрақтандыруға жеткізеді. Жіктей тежеу қозу үрдісін шегіне жеткізе шоғырландырады. Сөйтіп реакция мерзімін қысқартатын, бір жүйеден екінші жүйеге қатесіз көшіп отыратын шартты рефлекторлық байланыстар жүйесі пайда болады.

Қалыптасқан жүйке механизмдері әрекетті орындау үрдісінде бірқатар өзгерістер туғызады. Біріншіден, дағдының қалыптасуы нәтижесінде әрекетті орындау мерзімі күрт қысқарады. Мысалы, жаңа үйреніп жүрген машинка басушы тәжірибелі машинка басушыға қарағанда материалды мүлде баяу басады. Әдетте жазуды жаңа үйрене бастаған кезде адам минутына екі-үш сөз жаза алады. Ал жазуға дағдыланған соң ол минутына жүз әріпке дейін жаза алады. Екіншіден, артық қимылдар жойылады, қимыл кезіндегі күш жұмсау іс-әрекет мақсатына сәйкес келеді. Бірінші сынып оқушысы жазу жазған кезден қаламды тым қатты қысып ұстайды. Бұл жұмысты атқару үшін ол бастапқы кезде едәуір дене және бұлшық ет күшін жұмсайды. Ал жазу дағдысы қалыптасқан соң артық қимыл және күш жұмсау жойылады. Үшіншіден, жеке дербес қимылдар біртұтас әрекетке тоғысады.

Балаға жазу үйреткенде мұғалім әріптің жеке бөлшектерін жазу дағдысын үйретеді. Ал жүгіртіп жазғанды, әріптерді қаламды сүйкей салып-ақ тізе береді.

Жақсы жаттыққан қимыл дағдысы нәтижесінде еңбек өнімділігі артады, жұмыс сапасы жақсарады және адам тез шаршамайтын болады.

Жаттыққан қимыл дағдысы іс-әрекет құрылымын қайта құруға мүмкіндік береді. Әрекеттің орындалуын қадағалайтын сезу жүйелерінің ара қатынасы өзгереді. Дағдыны жаттықтырғанға дейін заттармен қимыл жасаудың дәлдігі мен дұрыстығы көру және қимыл талдағыштарының біріккен қызметі арқылы бақыланады. Бұл жағдайда көру жетекші рөл атқарады. Ал қимыл дағдысы бекіген кезде қимылды көру арқылы қадағалау қажеті азаяды. Қимылдың дәлдігін дербес бақылайтын кинестезиялық (қимылды сезу) механизмдер қалыптасады. Маман пианист пьеса орындағанда клавиатураға

қарамайды. Тәжірибелі машинка басушы материалды “көзді жұмып отырып”, яғни жазу машинкасының клавиатурасына қарамай басады.

Бұл фактілер дағдыны жаттықтыру үрдісінде талдағыштар арасындағы өзара қатынас жүйесінде қайта құрулар пайда болатынын көрсетеді. Көру-қимылдық бақылау қимылдық бақылаумен алмасады. Көру талдағышы, сондай-ақ сана босайды да іс-әрекет кезінде ескерілуі қажет басқа сигналдарды өңдеуге мүмкіндік алады.

Дағдының ерекшелігі оның машықтануы болып табылады. Қалыптасқан дағды оны орындаған кезде сананың қадағалауын қажет етпейді. Әрине бастапқы кезде сана қимылды бақылайды, бірақ дағды қалыптасқан сайыны сананың бақылау қажеті азая береді. Жақсы жаттыққан дағды тұсында қимылды санамен бақылау оны жүзеге асыруды қиындататыны байқалады. Мысалы, адам өзінің жүрісінің әрбір қадамын қадағалап, талдау жасауға тырысса жүрісінен жаңыла беретін болады.

Сананың бақылауы дағдыны өзгерту кезінде ғана қажет. Алайда, бұл айтылғандардан дағды санасыз әрекет деген қорытындыны жасауға болмайды. Дағдының ерекшелігі оның санасыз түрде істелуінде емес, әрекеттің жоғарғы дәрежеде машықтандыруында деу керек. Мұндайда сана әрекеттің құрамдас бөлшектерін жеке-жеке емес, тұтастай өзін бақылайтын болады. Ал сана әрекетті қызмет мақсатына үйлестіріп отырады.

Әрекетті дағдыға айналдыру сананы босатып оны іс-әрекеттегі маңызды мақсаттарды шешуге жұмсауға мүмкіндік береді. Дағдының шығармашылық іс-әрекет үшін маңызы аса зор болатыны осыдан. Қарапайым әрекеттер дағдысын қалыптастырмайынша шығармашылық іс-әрекетке жағдай туғызу мүмкін емес. Болашақ құру дағдысын игермеген суретші персонаж қалай бейнелеуді емес, оны болашақта қалай орналастыруды ойлауға мәжбүр болады. Сөйлемді дұрыс құру дағдысын игермеген жазушы өз кейіпкерлерінің психологиялық жағын түсіндіруден көрі, сөйлемнің грамматикалық құрылымын көбірек ойлайды.

Сөйтіп, қандайда іс-әрекетте болсын оны орындаудың дұрыс әдісін игеру және жеке компоненттерін дағдыға айналдыру сол іс-әрекетті табысты атқарудың бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

Белгілі бір іс-әрекет жүйесінде қалыптасқан дағдалардың сипаты мен дәрежелерінің ара қатынасы адамның психикалық ерекшеліктеріне тәуелді болады. Жүйке жүйесі әртүрлі адамдарды танымдық, бағдарлаушылдық және атқарушылық іс-әрекеттегі ара қатынас та түрліше болады. Бұл сол адамдардың бәрінің де еңбек тапсырмасын табысты орындауға мүмкіндік береді. Жүйке қызметінің типі бір адамдарға еңбек үрдісінде қимылды неғұрлым дәл орындауға, ал өзгелеріне неғұрлым тез орындауға мүмкіндік береді. Осылайша, дағды адамның жеке басының қасиетіне айналады.

Дағдының түрлері. Еңбектің қай түрінде болсын, сондай-ақ істің табысты орындалуы дағдылардың белгілі бір қорын игергенде ғана мүмкін болады.

Дағды: қимылдық, ойлау, (сенсорлық) және мінез-құлықтық болып төрт түрге бөлінеді.

Басқасынан гөрі қимылдық дағдылар көбірек зерттелген. Оларды алуан түрлі іс-әрекеттен көруге болады. Қимылдық дағдыларды қалыптастырмайынша еңбек операцияларын орындау, оқушыларды жазуға, оқуға үйрету мүмкін емес.

Ой еңбегінің стиліне міндетті компонент болып кіретін ойлау дағдыларының да маңызы бұдан кем емес. Бұл дағдылардың аса маңыздылары сызбаны оқу дағдысы, кітаптың мазмұнын қысқыша жазу, дәріс жазу, жаттау, дедуктивтік және индуктивтік ой қорытындылау әдісімен дәлелдеу, негіздеу болып табылады. Ой еңбегінде назарды бөлу және оны шоғырландыру, бақылау, монологтік сөйлеу дағдылары маңызды рөл атқарады. Көп жағдайда ой еңбегі дағдысы адамның белгілі бір қасиетін анықтайды. Сенсорлық дағдыларды қалыптастыру сезімталдықты дамытуға, талдағыштар ішінде және талдағыштар аралығында сенсорлық байланыстардың жаңа жүйелерін қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл іс болмысты сезімдік бейнелеуді жетілдіруге байланысты қалыптасады. Қысқа және ұзын сигналдарды есту арқылы қабылдап, радист фразаларды қағазға жазбай-ақ оқуды үйренеді. Мектепте оқушыларды алгебралық белгілерді көбейткіштерге ажыратуға үйрету де сенсорлық, ой дағдысының мысалы болып табылады. Мысалы, есептерді шығаруға жаттыға отырып, оқушы қабылдау мен қиял негізінде толықтау дағдысын дамытады. Ол жақшаның сыртына шығаруға болатын жалпы көбейткіштердің қалай алынатынын жақсы көре бастайды.

Мінез-құлық дағдылары. Адамның жеке басының ерекшеліктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл дағдылар мінез-құлық нормаларын білу және оларды өз басының қолдануы негізінде қалыптасады. Мінез-құлық дағдылары, мінез-құлықтың үйреншікті формаларынан туындайды. Мысалы, баланы адамдармен инабатты сәлемдесуге үйретеді. Оған адамдармен өмірдің түрлі жағдайларында қалай амандасу керек екенін көрсетеді (сыныпқа мұғалім кіргенде орнынан тұру керек). Сан рет қайталау нәтижесінде балада үлкен адамдарға инабатпен сәлем беру дағдысы қалыптасады.

Дағдыларды қалыптастыруда жаттығулардың рөлі. Дағды жаттығу арқылы қалыптасады. Жаттығу - дегеніміз нысаналы түрде сан рет қайталап орындалатын әрекет, ондағы мақсат осы әрекетті жетілдіре түсу. Жаттығу үрдісінде белгілі бір түрде іс-әрекет ұйымдастырылады. Мұндай жағдайда істі мысалы, әдемі жазу, фортепьянода ойнағанда екі қолды дұрыс ұстай білу т.б. осы сияқты анағұрлым жетілген дағдыларды қалыптастыруға жеткізетіндей етіп орындауға назар аударған жөн.

Жаңа дағдыны қалыптастыру, дұрыс қалыптаспаған дағдыны өзгертуден гөрі едәуір жеңіл. Іс-әрекетті ұйымдастырғанда адамның өзі атқармақшы жұмысқа ықыласын аудара білу керек. Зерттеулер адам жұмысына ықыласты

болу үшін оны кейбір қимылдық дағдыларға баулығанда істі жеке-жеке операцияларға бөліп үйретуден бас тартқан тиімді екенін көрсетті. Бұлайша оқытудың мәні мынада: шәкіртті бастапқыда болашақ атқаратын қызметіне енетін жеке операцияларға үйретеді. Осылайша шәкірт жекелеген операцияларды орындауға әбден төселіп алады. Тек осыдан соң ғана шәкіртке белгілі бір бөлшекті немесе затты жасауға рұқсат етіледі. Сөйтіп, бірқатар дағдыға төселу үшін бірнеше ай уақытын оқып үйренуге өткізген адам өз еңбегінің жемісін көрмейтін тапсырмаларды орындауға немқұрайлы қарай бастайды. Бұл жайт оның оқып үйренуге ықыласын жояды. Қазіргі оқыту әдісінде дағды қарапайым бөлшектер мен заттар жасату жолымен қалыптастырылады. Мұндай үрдісте дағды жақсы шындалатын болады.

Қалыптастырмақшы дағдыға ықыласты болуда табыс маңызды рөл атқарады. Тапсырманы табысты орындау және оған дер кезінде жақсы баға берілу дағдыны жетілдіруге ынталандырады.

Психологиялық зерттеулер дағдыны қалыптастыруда баға берудің рөлі аса зор екенін көрсетті. Әрбір жаттығуға баға беріліп отырған тәжірибелік топта жаттығуларға баға берілмеген бақылау тобымен салыстырғанда дағдыны қалыптастыру анағұрлым табысты жүргізілді.

Дағдыны әп-сәтте қалыптастыру мүмкін емес. Дағдыны қажетті дәрежесіне жеткізе шыңдап сол дәрежеде бекіту үшін белгілі бір уақыт берілген және жаттығулар қажет.

Дағдылардың өзара әсері. Адам белгілі бір іс-әрекетті меңгергенде әдетте оның бойында бір емес бірнеше дағды қатарынан қалыптасады. Жаңа дағдылар бұрыннан қалыптасқан ескі дағдылардың үстінен келіп қосылады. Ескі дағдылар жаңа дағдылардың қалыптасуына жағымды немесе жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Бұрын қалыптасқан дағды жаңа қалыптасқан дағды игеруге игі әсері дағдының алмасуы деп аталады. Алмасу дағдының барлық түрлерінде байқалады. Оң қолымен жазып үйренген адам сол қолымен жазуды да үйрене алады. Моторлық дағдылардың мұндай ерекшелігі хирургтерді оқытуда студенттерді операция кезінде екі қолымен бірдей әрекет жасауға үйретуге пайдаланылуда. Сол қолмен әрекет жасауға дағдыланған хирург осы әрекетін екі қолымен бірдей жасай алатын болады. Симметриялық фигуралады екі қолмен бір мезгілде салуды үйрену де жеңіл. Дыбыс күшін ажыратуға жаттығу сұр түстің реңдерін ажырату қабілетін арттырады. Бір шет тілде жұмыс істеу дағдысы қалыптасқан адамға және бір шет тілді үйрену жеңілге түседі. Мұндай дағдыларды адамдар әрдайым аңғара бермейді. Мектептегі оқу үрдісінде математика есептерін шығару дағдысының физика, химия немесе керісінше физика, химия есептерін шығару дағдысына математика есебін шығару дағдысына алмасуын жиі байқауға болады. Сол сияқты әдеби мәтіндегі талдау жасау дағдысы басқа да оқулық мәтіндерге талдау жасау дағдысына алмасады.

Қалыптасқан дағдылардың жаңа дағдыларды игеруге жағымсыз әсері немесе қалыптасушы дағдылардың ескі дағдыларға жағымсыз әсері интерференция деп аталады. Интерференция да алмасу сияқты, дағдыларды қалыптастырудағы жалпы құбылыс болып табылады.

Б.Ф.Ломовтың /18/ зерттеулері сызба шрифтерді үйрету кезінде кейбір әріптер баспа және шрифтердің әріптерімен ауыстырылғанын көрсетті. Бұл оқу және жазу дағдыларының әріптерді стандартты шрифтпен сызу дағдыларына интерференциялануы болып табылады.

Тез оқу дағдысы орыс тілі мұғаліміне сөздегі қатені көруге кедергі жасайды. Бір типтегі есепті шығаруда қалыптасқан дағды бастапқы кезде екінші типтегі есептерді шығаруға кедергі жасайды.

Дағдылар интерференциясы ми қыртысындағы қозудың иррадиациясымен байланысты, ал оның жойылуы жүйке жүйесінде дәл және тұрақты жіктей тежеудің қалыптасуына байланысты болады.

Жаңа дағдыларды қалыптастыру кезінде алмасу немесе интерференция болатынын білгендіктен мұғалім алмасуды әрекет әдістерін қалыптастыруды жеңілдетуге пайдаланады және бір әрекет әдісінің екінші әрекет әдісінен дәлме-дәл жігін аша отырып интерференцияны бодырмайды. Мұғалімдердің аузынан оқушыларға арналған: “Ал қазір келесі есепті өз беттеріңмен шығарыңдар” деген сөзді жиі естисіз. Осылайша оқушылар дағдыны саналы түрде алмастыруға жаттығады. Оқытушы интерференцияға жол бермеу үшін жаңа есептің бұған дейінгі белгілі болған жолмен шығарылмайтынына оқушылардың назарын аударады.

Дағды әрқашанда әрекеттің орындалуының машықтандыру амалы түрінде пайда болып, жұмыс істейтінін естен шығармау керек. Оның рөлі: сананы әрекет амалдарының орындалуын қадағалаудан бастау және оны әрекет мақсаттарымен шарттарын бұру. Бұл үрдістерді төмендегідей кезеңдерге бөлуге болады:

1. таныстыру кезеңі: әрекеттерді ойластыру және олардың орналысуының амалдарымен таныстыру;
2. дайындық (аналитикалық) кезеңі;
3. стандарттау (аналитикалық) кезеңі: әрекет элементтерін автоматтандыру, артық қозғалыстарды жою, сапаны көтеру;
4. құбылмалы кезең: жағдайларға икемделуге әрекеттің орындалуын реттейді.

Моторлық немесе қозғалыс дағдыларынан басқа ақыл-ой дағдылары да болады. Сондай-ақ аралық немесе аралас бейімділік түрлерін бөліп айтуға болады: сенсорлы-қозғалыс (жазу, сурет салу, сызу) немесе сенсорлы ой (алгебралық өрнектерді ықшамдау)

Әрбір дағды адам меңгерген бейімділіктер жүйесінде қалыптасады. Олардың біреулері жаңа дағдының қалыптасуына және жұмыс істеуіне көмектеседі, ал кейбіреулері кедергі болады. Бұл құбылыс дағдылардың өзара әрекеттесуі деп аталады. Алайда жаңа дағды меңгерілген соң да ескі

дағды жағымсыз ықпал етуі мүмкін. Мұндай кезде не жаңа әдісті меңгеруде бөгелістер болуы, не ескі амалдардың қайталануы мүмкін. Дағдылардың мұндай интерференциясын репродуктивтік тежелу деп атайды.

Дағдылар интерференциясының себептері:

- ертерек қалыптасқан байланыстардың кейінгілерден мықты болуы;
- жаңа әрекеттер мен ескі әрекеттерге ортақ компоненттердің болуы.

Меңгерілген дағдылардың басқа әрекетті меңгеруге жағымды ықпал етуі бейімделіктердің тасымалдануы деп аталады.

Икемділік іс-әрекеттің міндетті компоненті болып табылады. Кейбір зерттеушілер дағдыны икемділіктің алдына, ал кейбіреулері икемділікті дағдыдан бұрын пайда болады деп санайды. “Икемділік” сөзінің көп мағыналылығы бұл келіспеушіліктер себебі болады. Икемділік деп аталатын әрекеттер диапазоны өте кең. Біз бірінші сынып оқушысы оқи алады дейміз. Алайда ересек адам да оқи алады. Бұл икемділіктер арасында оқу дағдысын жетілдіруші жаттығулардың көпжылғы жолы жатыр. Икемділік – экстериоризация, яғни білім мен дағдыны шынайы әрекеттерге айналдыру. Адам жаңа объектімен әрекеттескенде немесе жаңа жағдайға тап болғанда, өзінің білімі мен дағдысын пайдаланады. Бұл жағдайдағы дағдының тасымалдануы икемділік ретінде қарастырылады. Икемділік меңгерілген дағды мен білімдер жиынтығы қамтамасыз ететін субъект меңгерілген әрекеттің орындалу әдісі ретінде аса қатаң көрсетіледі. Икемділік, әрекетті жүзеге асыратын бағдарлама ретінде де дағдыға жатады.

Икемділікті қалыптастыру білімдегі және заттан алынатын операциялармен осы ақпаратты анықтау және оны әрекеттермен салыстыру операцияларын жүйенің меңгеруін айтамыз.

Икемділіктің қалыптасу үрдісіндегі екі шектік жағдайда атап айтуға болады. Олардың біріншісінде, қажетті білімі бар үйренушіге оны рационалды қолдану үшін тапсырмалар ұсынады. Ол сынақ пен қателіктер арқылы қажетті бағдарды таба отырып, шешімдерді, ақпаратты өңдеу әдісімен іс-әрекет амалдарын өзі іздейді. Екінші жағдайда, үйретуші оқушыны сипаттар мен операцияларды таңдау бағытымен таныстырып, қойылған мәселелерді шешуге қажетті ақпаратты пайдалану және өңдеу әрекеттерін ұйымдастыра отырып, оның психикалық іс-әрекетін басқарады.

Автоматты әрекеттердің екінші бір түрі - **әдеттер**. Дағды – қандайда да бір операцияларды, сананың арнайы бақылауынсыз автоматты жасау икемділігі, ал әдет – қандайда бір автоматты актілерді жасау қажеттілігі немесе тенденциясы: мысалы, бала қол жууға дағдыланады. Бірақ бұл аз, ол әрқашанда тамақ ішу алдында, серуеннен кейін, ұйқы алдында қолды жууға әдеттену керек. Әдеттер зиянды және пайдалы болады.

Балалардың дағдылары осы жаста-ақ ерекше адамдардағы сипаттарға жуық сипаттармен айрықшаланатын әдеттерге тез ауысады.

Әдетті әрекеттер белгілі бір уақытта немесе белгілі бір жағдайларда пайда болады.

Әдетті білдіре алмау қанағаттанбаушылықты тудырады. Ол баланың жылауынан білінеді.

Егер дағды саналы түрдегі жаттығулар арқылы қалыптасса, әдет адамның ешбір күш салусыз-ақ пайда бола береді. Қатаң күн тәртібі, айналадағылардың үлгісі, сол бір әрекетті сан рет қайталау адамның бойында өз-өзінен жақсы немесе жаман әдеттерді қалыптастырады.

Қалыптасқан дағдылар адамның өзі атқарып жүрген іс-әрекетте пайдаланылады. Бұл іс-әрекет тоқталса дағды пайдаланылмайды. Ал әдет болса, әрекетті жүзеге асыруды талап етеді. Әдет пайдалы да, зиянды да болуы мүмкін. Әдеттің адамның адамгершіліктік тұрғыдағы қасиетіне жататыны да осыдан.

Балада әдет заттармен әрекет жасау, адамдармен байланысын кеңейту үрдісінде пайда болады. Бала ә дегеннен-ақ іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы адамның қалыптасуына игі әсерін тигізетін пайдалы әдеттердің бекітудің маңызы зор. Ежелгі үнді мақалында былай делінген: “Қылық ексең-әдет орасың, әдет ексең мінез орасың, мінез ексең тағдыр орасың”.

Еңбек әрекетіне байланысты әдеттер арасында, уақытты жемісті еңбекке толы ету және тиімді демалу әдетін ерекше атаған жөн. Бұл ойды К.Д.Ушинский /22/ былайша білдіреді: “Ең бастысы тәрбиеленушінің қолы жұмыссыз, басы ойсыз қалып, пайдасыз уақыттың құлы болуына жол бермеу. Өйткені нақ осындай сәттерде адамның басына, жүрегін және адамгершілігіне ақау түсіреді”¹.

Сөйтіп, дағды мен әдет адамның мінез-құлқының фундаменті болып табылады. Дағды мен әдет негізінде мінез қырлары қалыптасады. Жақсы қалыптасқан дағды мен пайдалы әдет адамның оқу материалдарын, еңбек әрекеттері тез игеруіне мүмкіндік береді.

Білім. Адамның дүние жайлы білімі алғашында бейне, түйсік және қабылдау түрінде пайда болады. Сезімдік деректерді санада өңдеу елес пен ұғымның тууына әкеліп жеткізеді. Осы екі формада білім есте сақталады. Елестету қаншалықты жалпылама және абстрактілі болғанымен, олардың басты қызметі – практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру және реттеу.

Білім тек білу үшін қажет емес. Практикалық іс-әрекетте жинақталған білім осы іс-әрекеттен аулақтап өндірістің қазіргі қажетсінуі дәрежесінен теория жағынан едәуір озып, болашақ практикалық іс-әрекетке жол салады, адамның табиғатқа және қоғамға ықпал жасау мүмкіндігін тереңірек ашады.

Білімнің іс-әрекетпен қаншалықты тығыз байланысты екеніне назар аударып қараңыздаршы. Балаға да үлкен адамға да белгілі бір заттармен әрекет жасау сол заттардың қасиеті және оларды пайдаланудың мүмкін жүйесі жайлы білім береді. Таныс емес затпен кезіккенді біз ең алдымен онымен қалай әрекет жасау керектігін білуге тырысамыз. Сіз киноға түсіретін камераны алғаш рет қолыңызға алғаныңызда ең алдымен оны қалай пайдалану жайында баяндалған нұсқаумен танысасыз.

Қандай да болсын күрделі іс-әрекетті орындау үшін адамға мақсатқа жетуді қаматамасыз ететін қимыл және әрекеттер жайлы мәліметтер қажет. Бұл мәліметтер қимылдық елестер түрінде есте сақталады. Алайда ақылға салынған әрекетті жүзеге асыру үшін, оның үстіне іс-әрекет үшін, қимыл және оның кезектілігі жайлы елестің құр өзі жеткіліксіз. Айталық сіз киноға түсіретін камераны қалай реттеп, қалай іске қосуды ұғындыңыз. Ал енді киноға түсіруге осы жеткілікті ме? Әрине жоқ. Киноға түсіру үшін, яғни іс-әрекет үшін пленканың сезімталдығы, түсірілетін объектіге жарық беру, пленканың сезімталдығы мен объектіге түсірілетін жарықтың арасындағы қатынас, фокусты реттеу жайлы теориялық білім қажет. Ал қарапайым әуесқойлық фильм түсіру үшін сценарий құру, кадрларға ажырату, монтаждау принциптерін білетін болуы керек.

Іс-әрекетке тұрақты араласа отырып, білім іс-әрекетті ақылға салудың жоғары сатысына көтереді, адамның өзі атқарып отырған іс-әрекетінің дұрыстығына сенімін арттырады. Білімсіз іс-әрекет мүмкін емес.

Іс-әрекеттің түрлері

Іс-әрекеттің үш түрін бөліп көрсетуге болады: ойын, оқу және еңбек. Олар өздерінің нәтижелері, ұйымдастырылуы, мотивация ерекшеліктері бойынша айрықшаланады. Ойын – өмірдің керемет құбылыстарының бірі. Пайдасыз болып көрінетін қажетті іс-әрекет. Психология үшін ойын өте қиын әрі маңызды проблема болды. Бала ойынын әртүрлі теориялары бар.

Ойын іс-әрекет ретінде тұлғаның қоршаған шындыққа нақтылы бір қатынасын көрсету болып табылады. Әлемді бейнелей отырып, оны түрлендіру қабілеттілігі – адам ойының мәні. Адамның бұл қабілеттілігі бірінші рет ойында пайда болады және ойында қалыптасады. Еңбекпен байланыса отырып, ойын одан өзгеше болады.

Адам еңбек ету кезінде өзіне қажетті әрекетпен бірге істегісі келмейтін әрекетті де жасайды. Ал ойын кезінде мұндай жағдай болмайды. Ойын әрекеті бұл тікелей қызығушылық тудыратын әрекет. Ойында мақсаттары маңызды әрекеттер ғана жасалады. Ойын әрекеттері түрткідегі, мотивтегі әрекет мағынасын көрсетуі керек. Осы өзінің ерекшелігіне байланысты ойын, қажеттіліктердің кездесуі, оның әрекетінің мотивін білдіретін сұраулары және оның мүмкіншілігінің шектеулілігі арасындағы қайшылығы бар іс-әрекет болып табылады.

Ойын әрекетіндегі бір заттар, ойындағы орындалатын функция мағынасына ие бола отырып, басқа заттармен алмасады. Ойынның осы ерекшеліктерінің нәтижесінде ол қиялдағы жағдайға өтеді. Ойынның қиялдағы жағдайға өтуі шындықтан алыстау болып есептеледі ме? Әрі иә, әрі жоқ. Ойында шындықтан алыстауда және оған енуде бар. Ойын әрекетінде нәрсенің бәрі шындықтан алынады. Ойындағы мақсаттар, сезімдер, тілектер рас па? Ойнаушы орындайтын рөлдің сезімі, тілегі, ойы - бұл оның сезімі,

тілегі, ойы, өйткені ол өзінің қиялындағы жаңа жағдайда болады. Бұл қиял жағдайындағы оның сезімдері – оның шынайы сезімдері, ол оларды шынымен сезінеді.

Қандайда бір рөлді ойнаушы бала басқа тұлғаға жай ғана жалған етіп қоймай, ол өзінің тұлғасын кемітеді, байытады, тереңдетеді.

Баланың ойын әрекеті сөйлеуді меңгерумен тығыз байланыста дамиды. Кішкентай бала (1-2 жас) зат болмаса әрекетті көрсете алмайды, бірақ оның сөйлеуінің дамуына байланысты мұндай әрекеттердің болуы мүмкін.

Өзін-өзі мойындаудың дамуы балаға өз “Менін” сыртқы әлемнен бөліп алуға мүмкіндік береді. Бала өзіне ересек адамдардың әртүрлі функцияларын “өлшей” бастайды. Егер екі жастағы ұл бала машинаны жіп арқылы жай сүйресе, ол төрт жасқа келгенде жүргізушінің рөлін атқарады. Рөлдік ойын пайда болады.

Дамудың келесі кезеңі – ереже бойынша ойын былай сипатталады: енді іс-әрекеттерді баланың ересек адам рөлі туралы елесі емес, сыртқы талаптар мен ережелер реттейді. Ойын баланы заттар мен құбылыстарды мойындауға, әртүрлі іс-әрекеттер мен операцияларда меңгеруге жаттықтырады. Өзін-өзі мойындауды әрекет субъектісі ретінде қабылдаудан өзін адам қатынастарының субъектісі ретінде қабылдауға дейін кеңейтеді.

Ойынға іс-әрекет түрі ретінде талдау жасағанда, ең алдымен оның табиғатын анықтаған жөн. Ойын іс-әрекеттеріне жасалған ғылыми талдау – ойын, баланың үлкен адам дүниесін бейнелеу, айналадағы дүниені тану жолы екенін көрсетіп отыр. К.К.Платонов /34/ ойынның биологизаторлық теориясының негізсіз екенін дәлелдейтін даусыз факт келтіреді. Ғалым-этнограф Тынық мұхит аралдарының бірінде басқа елдермен қарым-қатынасы жоқ тайпаға кезігеді. Бұл тайпаның балалары қуыршақ ойынын білмейді екен. Ғалым балаларды бұл ойынмен таныстырғанда, бастапқыда ер балалар да, қыз балалар да оған құштарлық аңғартты. Кейінірек бұл ойынға қыз балалардың ықыласы жойылып, ал ер балалар қуыршақ ойынының жаңа түрлерін ойлап тауып, ойынды жалғастыра берген. Мұның сыры мынада: бұл тайпаның әйелдері азық-түлік тауып, ас дайындаумен шұғылданған. Ал еркектері бала тәрбиелеумен айналысады екен.

Балалардың алғашқы ойындарында ересек адамдардың басшылық ықпалы айқын көрінеді. Ересек адам ойыншықтарды “ойнатады”. Содан соң балалар оған еліктеп өз беттерімен ойнай бастайды. Одан кейін ойынды ұйымдастыру бастамасы балаларға көшеді. Алайда бұл кезеңде ересек адамдардың басшылық рөлі сақталады.

Балардың өсіп-жетілуіне орай ойын да өзгереді. Сәби өмірінің алғашқы екі жылында қимылдарды игереді. Бұл функционалдық ойындардың пайда болуына жеткізеді. Функционалдық ойында сәбилер алдында заттардың оларға белгісіз қасиеттері, заттармен әрекет жасау әдістері ашылады. Мысалы, бала есікті тұңғыш рет кілтпен ашып, жауып көргеннен кейін, реті келсе-ақ бұл әрекетті сан рет қайталауға әуес болады. Бұл әрекетті ойындық

жағдайларға да енгізеді. Ойын кезінде балалар кілтті бұрағандай етіп ауада кимыл жасап, оның дыбыстарын салады.

Конструктивтік ойындар анағұрлым күрделі болады. Онда сәбилер құрылыс материалдарын пайдалана отырып, үй салады, тамақ пісіреді. Балалар заттардың не үшін қажет екенін және адамдар арасындағы қарым-қатынасты аңғаруға жетісетін конструктивтік ойындар сюжеттік ойындарға айналады. Сәби өзіне белгілі бір рөл алып, “ана мен бала”, “магазин” ойынын ойнайды. 3-4 жасқа дейін балалар бір-бірімен қатар ойнағанымен, бірге ойнамайды. 4 жастан бастап ойын ұжымдық қалып алып, белгілі бір ойын тәртібі енгізіледі. Әрине балалардың ұжымдық ойынға қатынасуы тәрбие жағдайына байланысты. Үйде тәрбиеленген балалар, балалар бақшасында тәрбиеленген сәбилерге қарағанда ұжымдық ойынға әзер дегенде қосылады. 6-7 жасқа келген кезде мерзімі едәуір ұзаратын сюжеттік-рөлдік ұжымдық ойындарда балалар ойынның негізгі мағынасын және жолдасының іс-әрекетін қадағалайтын болады. Сюжеттік-рөлдік ойындар балаларды ұжымда өмір сүруге үйретеді.

Ұжымдық ойын баланың қарым-қатынас шеңберін кеңейтеді. Ол ойын үстінде өзіне қойылатын талаптарға, ережелерге бағынуға дағдыланады. Ол ойын кезінде бірде ғарыш кемесінің капитаны, бірде ондағы жолаушы, енді бірде ғарыш кемесінің ұшуын тамашалаушы көрермен рөлін атқарады. Бұл ойындар ұжымдық сезімге және жауапкершілікке, бірге ойнайтын жолдастарын сыйлауға тәрбиелейді. Ойынға қажет заттар ойынды қызықты ете түседі.

Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің негізгі түрі болғанымен іс-әрекеттің басқа түрлерін жоққа шығармайды. 3-4 жастан бастап сәби өзіне-өзі қызмет ету еңбегімен танысады. Ол беті-қолын жууды, киінуді, ойнап болған соң қуыршақтарды жинап орнына қоюды үйренеді. 5-6 жаста балалардың міндетіне бөлмелердегі өсімдіктерді күту, үлкендерге қолқабыс ету, т. б. осы сияқты іс қосылады. Балалар бақшасында сәбилер асханада, хайуанаттар бұрышында, ойын бөлмесінде қызметші болу міндетін ықыласпен атқарады.

Шаруашылық жөнінде шамасы келетін тапсырмалар беру баланың бойында еңбек дағдысын қалыптастырып бекітеді, іске жауапты қарау, жолдас қамын ойлау, тиянақтылық сияқты игі психологиялық қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріне оқу элементтері де енгізіледі. Олар балалардың қабілетін дамытатын дидактикалық ойындарға байланысты. Мысалы, “Жануарлар” лотосы сәбиді карточкаларда бейнеленген заттарды жіктеуге үйрететін ойын. Балалар бақшасында ана тілі (сөздік қорды молайту) сан үйрену сабақтары жүргізіледі. Қазіргі кезде ересек топтарда балаларды мектепке дайындау сабақтары ұйымдастырылып жүр. Мектеп жасына дейінгі сәбилерді балалар мекемелері қабырғасында

музыкаға, сурет салуға, шет тіліне үйрету жөнінен де игі тәжірибе жинақталып келеді.

Жоғарыда сөз етілген іс-әрекет түрлерінің бәрі де: ойын, еңбек және оқу элементтері сәбиді мектепке дайындайды.

Оқу. Тарихи даму үрдісінде еңбек түрлері жетілдіріліп, күрделене түсті. Осыған байланысты еңбек іс-әрекетіне қажетті оның өз үрдісіндегі білімдер мен дағдыларды меңгеру әлдеқайда қиын болды. Сондықтан адамды ары қарайғы еңбек әрекетіне дайындау мақсатымен оқуды қалыптастыру керек болды. Бұл үшін адамзат өсіп келе жатқан ұрпақтар өмірінен ерекше кезеңді бөліп, оқу негізі іс-әрекет болып табылатын тіршіліктің арнайы түрлерін жасады.

Оқу іс-әрекетінің негізгі түрлері алмаса отырып, әрбір адамның өмірінде жүзеге асырылып, ойыннан кейін болып, еңбекке даярлайды. Жалпы мақсаты бойынша еңбекке жақындап, ойыннан ерекше түрде айрықшаланады: оқуда, еңбекте сияқты, тапсырмаларды орындау, тәртіпті сақтау керек және оқу жұмысы міндеттерден құралып келеді. Оқудағы тұлғаның жалпы мақсаты енді ойын емес, еңбек. Сонымен, оқудың негізгі мақсаты – бұл болашақ өзіндік еңбек әрекетіне дайындау, ал негізгі амалы – адамның – алдыңғы еңбегі жасаған қорытынды нәтижелерді меңгеру. Оқыту – білімді беру және меңгерудің екі жақты үрдісі, оған оқушы мен оқытушының ара-қатынасы енеді; оқу – енжар қабылдау емес, оқытушы беретін білімдерді жай ғана алу емес, оларды меңгеру.

Оқу мыналардан құралады: қоршаған заттар мен құбылыстардың ерекшеліктері туралы ақпаратты меңгеру (білім); іс-әрекеттің негізгі түрлерін құрайтын амалдар мен операциялар (бейімділік); іс-әрекет мақсаттары мен жағдайларына сәйкес амалдар мен операцияларды дұрыс таңдау үшін, көрсетілген ақпаратты пайдалану әдістерін меңгеру (ікемділік). Сонымен, оқу жайлы адамның әрекеттерін саналы мақсат басқарған кезде ғана айтуға болады. Саналы мотивтердің болуы – оқудың маңызды алғы шарты. Осыдан жануарларда оқудың болуы мүмкін емес екендігін анық көруге болады. Адамда да оқу оның мінез-құлқының саналы түрде реттелуі кезеңінде ғана, 6-7 жасқа таман болады.

Мектепке бару бала өміріндегі жауапты кезең. Оқи бастаған соң оның отбасындағы жағдайы өзгереді. Онда мектепке уақытында бару, үй тапсырмаларын орындау, жолдасына көмектесу сияқты көптеген жаңа міндеттер пайда болады.

Сөйтіп, мектепке барған алғашқы күннен бастап баланың айналасымен қарым-қатынасы міндеттілік принципімен реттеледі. Міндет шеңбері ұлғая береді. Жақсы оқу парызы – тек ата-ана алдындағы парыз ғана емес, сынып, мектеп, бүкіл отан алдындағы, өзінің ар-**ожданы** алдындағы парыз.

Мектепте оқу үрдісінде оқу мотиві қалыптасып, өзгеріп отырады. Ол төменгі сынып оқушыларындағы қарапайым мотивтен бастап, жоғарғы сынып оқушыларында парыз сезіміне дейін көтеріледі. Алғашқы жылдары

балалар үйде ата-аналары ұрыспауы үшін, жақсы баға алу үшін оқиды. Орта мектепте пәндерге саралай қарау дамиды. Осыған орай ғылым мәселелерін білуге құмарлық, жеткіншектің танымдық қажетін қанағаттандырарлықтай білім алу мотиві пайда болады. Мінез-құлықтық жоғары сатылы реттеушісі болып табылатын парыз бен арды қалыптастыру, оқу мотивінің сферасына жоғары адамгершіліктік сезімдерді қосады.

Мектепте оқу кезінде бала дамудың ұзақ жолынан өтеді. Бастауыш сыныптарда ол сауаттылық негізін, өзінің шамасы жетерлік жаратылыстану ғылымы мен тарих білімдерін игереді, сондай-ақ еңбектің қарапайым түрлерін (қағаз шүберектен ұсақ-түйек зат жасау) меңгереді. Бастауыш мектеп балаларды жоғары сыныптарда оқуға әзірлейді.

Тәжірибелік оқытушылар балалар бастауыш сыныптарда тек қарапайым арифметикалық амалдарды ғана емес, күрделі математикалық тәуелділіктерді де меңгере алатынын көрсетті. Олардың өз ана тілін толық меңгеріп алатыны, оның сыр-сипатына қанығатыны сонша, мұның өзі баланың орта мектепте одан арғы оқуын жеңілдетеді. Педагогикалық үрдісті тиімді ұйымдастыру мәселеріне педагогикалық психология саласында еңбек етуші кеңес психологтары басты назар аударып отыр.

Орта мектепте оқу ісін ұйымдастыру оқушыдан үлкен жауапкершілікті және оқуға саналылықпен қарауды талап етеді. Сабақтардың пәндер бойынша жүргізілуі мұғалімнің оқушы үлгерімін бақылау мүмкіншілін азайтады. Ой қызметінің сапасына талап арта түседі. Оқушыдан мұғалімнің айтқандарын, кітаптан оқығандарын жай ғана есте сақтаудан гөрі оны ұғу, ой елегінен өткізе білу талап етіледі. Математикаға физика, химия және басқа пәндер ұғымдар жүйесін, білімдер жүйесін қалыптастырады.

Оқу іс-әрекетін қалыптастырудың бірінші басты шарты – балада белгілі бір білімді, икемділікті және дағдыны меңгерудің саналы мотивтерін қалыптастыру. Бала дамуына әсер етуші қоғамдық тасушылар болып ересек адамдар саналады. Баланың іс-әрекеті мен мінез-құлқын адамзаттың қоғамдық тәжірибесін меңгеруге бағыттаудың бұл белсенді үрдісі оқыту, деп аталады. Оны бала тұлғасының дамуына ықпалы ретінде қарастырсақ, бұл үрдіс тәрбиелеу деп аталады. Оқыту мен тәрбиелеуде қандай амалдар қалай қолданылатыны туралы сауалдармен педагогика айналысады.

Еңбек. Адам іс-әрекетінің алғашқы тарихи түрі еңбек болып табылады. Еңбек жалпы психологиялық емес, әлеуметтік категория. Ол өзінің негізгі қоғамдық заңдылықтары бойынша психологияның емес, қоғамдық ғылымдардың пәні. Еңбек іс-әрекетінің психологиялық жағының ерекшелігі: еңбек өзінің объективтік қоғамдық мәні бойынша, қоғамға пайдалы өнімді жасауға бағытталған іс-әрекет болып саналады. Еңбек әрекетінің барлық бөліктері оның соңғы бөлігіне, оның қорытынды нәтижесіне, бағынатындықтан еңбек іс-әрекетінің мотивациясына арнайы сипат беріледі: іс-әрекет мақсаты оның өзі емес, оның өнімі болып табылады. Адамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын барлық заттарды бір адам ғана

өндірмейді, сондықтан адамның іс-әрекетінің мотиві болып оның әрекетінің өнімі емес, басқа адамдар іс-әрекетінің өнімі, қоғамдық іс-әрекеттің өнімі саналады. Еңбекте еңбек техникасы ғана емес, адамның еңбекке қатынасы да маңызды болады. Міне, осы адамның еңбек әрекетінің негізгі мотивтерін құрайды. Еңбек ету – өзінді әрекетте көрсету. Еңбекте де, адамның шынайы іс-әрекетіндегі сияқты оның тұлғасының барлық жақтары мен көріністері қатысады. Әрбір еңбектің өзіндік күрделі техникасы болады және оны меңгеру қажет. Сондықтан білім мен дағды еңбекте маңызды рөл атқарады. Білім мен дағды болмаса, ешқандай еңбек болмайды. Психологияда іс-әрекеттің жетекші түрі деген ұғым бар. Белгілі бір жас кезеңіндегі бала психикасында, оның психикалық үрдістерінде және тұлғаның психикалық қасиеттерінде басты, маңызды өзгерістер тудыратын іс-әрекет түрін жетекші деп атаймыз.

Мектеп жасына дейінгі баланың әрекетінің мұндай жетекші түрі болып ойын саналады. Бірінші сынып оқушылары ойынды жақсы көріп, ұзақ ойнаса да, бұған қарамастан, мектепте жетекші рөлді оқу атқара бастайды. Жас өскен сайын еңбек іс-әрекетінің рөлі артады. Жетекші іс-әрекет ішінде субъектінің дамуы ғана болып қоймай, сонымен бірге жас шамасының дамуының келесі кезеңін анықтайтын, жаңа жетекші іс-әрекет қалыптасады. А.Н.Леонтьевтің /13/ еңбектерінде көрсетілгендей, баланың жетекші іс-әрекетінде әлеуметтік орта мен жаңа қатынастар, білімнің жаңа түрі және оны алу әдістері, пайда болады. Бұл тұлғаның психологиялық құрылымын және танымдық саласын өзгертеді. Бұл тұрғыдан іс-әрекеттің барлық түрлері тең мағыналы болып қарастырылуы керек.

Еңбек дегеніміз – адамдардың материалдық және рухани қажетін қанағаттандыратын қоғамдық пайдалы өнім өндіруге бағытталған іс-әрекет. Еңбек өнімдерін жасауға қатынасу арқылы адам өмір сүріп отырған өндірістік қатынастар жүйесіне араласады. Бұл екі фактор еңбек әрекетіне көзқарас пен еңбек мотивін қалыптастырады.

Адамды еңбекте жоғары көрсеткіштерге жетуге жетелейтін себептер өмір сүріп отырған өндірістік қатынастарға тікелей байланысты. Адамдардың еңбекке құлшынуы тек қана жеке мүддеден тұмайды, сонымен қатар қоғам мүддесін ойлаудан да тұрады. Отан игілігі үшін еңбек ету, біздің қоғамда әрбір еңбеккердің тұрмысы жайлы қоғамдық байлықтың артуына байланысты екенін сезіну іс-әрекетте қоғамдық себептердің рөлін ұлғайта түседі.

Еңбекте адамның қабілеті мен мінез-құлқы жалпы жеке басының қасиеті ашылып, қалыптасады. Өндіріс еңбеккер алдында іске тек шығармашылықпен қарағанда ғана шешуге болатын көптеген мәселелік жағдайлар мен міндеттер қояды. Сөйтіп, өндіріс адамның таным белсенділігіне ықпалды әсер жасап, оның білімін, икемділігін, дағдыларын жетілдіруге итермелейді. Бүгінгі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы

өндірісінде туатын міндеттерді шешу, жан-жақты жалпы техникалық әзірлікті талап етеді.

Еңбек өнімділігіне әсер ететін жайларды зерттеу өндіріс үрдісінде адамға әсер етпейтін факторлардың жоқ екенін көрсетті. Бөлме қабырғаларының түсі, жұмыс орнын ұйымдастыру, жұмыстағы еңбек ету және үзіліс тәртібі, еңбектес жолдастармен қарым-қатынас т.б. сияқты факторлардың бәрі еңбек өнімділігіне тікелей әсер етеді. Осының бәрі жиналып адамның жұмыстағы көңіл күйін құрайды, оның еңбекте күш жұмсауын жеңілдетеді немесе керісінше қиындатады.

Бүгінгі өндіріске автоматизация мен оператор алған деректер негізінде үрдісті қашықтан басқару тән. Бұл деректер әдетте сандар мен шартты белгілер түрінде берілетін болады. Оператор осы белгілердің мағынасын ашады да солардың негізінде процесті басқарады. Оператордың жұмысына барынша қолайлы жағдай туғызу – психологияның басты міндеттерінің бірі. Қашықтан басқару, конструкцияда оператор-адамның психикалық ерекшеліктері мен психофизиологиялық мүмкіндігі ескерілген жағдайда ғана табысты болады. Іс-әрекеттегі жаңа міндеттер адамның психикалық сапасына жаңа талаптар қояды.

Педагогтың қызметі (объект, мақсат және құрал жағынан) еңбектің басқа түрлерінен ерекше. Әдетте еңбек әрекеті үшін “субъект \rightarrow объект” қатынасы оқытуда “субъект \rightarrow субъект” қатынасы рөлін атқарады. Педагогикалық еңбекте іс-әрекеттің екі түрі тоғысады: оқыту-білім беру үрдісін ұйымдастыру және оның игерілуін тексеру жөніндегі педагогтің іс-әрекеті, оқу-білімді белсенді қабылдау, оны қорытып көңілге тоқуға байланысты оқушының іс-әрекеті.

Біздің елімізде қол жеткен техникалық үрдіске орай мұғалім еңбегінің ерекшеліктері және оның біліміне, икемділігіне, дағдыларына деген талаптар едәуір өзгерді. Бұқаралық коммуникация құралдарының (баспасөз, радио, кино, теледидар) кең тарауы оқушылардың мектептен тыс жерде білімнің барлық саласынан мол хабардар болуына жағдай жасады. Мұғалім қазіргі күні кешеге дейін болғанындай, оқушыға бірден-бір хабар таратушы. Мұғалім еңбегіне қоятын талап бұрынғыдан гөрі жоғарылай түсті. Оның міндетіне: оқушыны нағыз адал етіп тәрбиелеу және мектеп оқушыларының білімге құштарлығын қалыптастыру сияқты психологиялық мақсаттар кеңірек ене бастады. Ғылымның барлық саласы нақтылы материалдармен шапшаң толығып жатқан шақта мұғалім өз білімін үнемі көтеріп отыруға мәжбүр болады. Оқу және тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарау жас ұрпақты табысты оқытудың қажетті шартына айналды.

БЕСІНШІ БӨЛІМ

Топ және ұжымдағы тұлғааралық қатынастар

Тәрбиелеу объектісі ретінде әдетте жеке баладан гөрі, әртүрлі сипаттар бойынша біріктірілген, балалардың әртүрлі топтары қарастырылады. Адам тұлға ретінде топта қалыптасады, топ ішіндегі қатынастарды тікелей көрсететін амалданған көрсеткіш. Тұлға үшін топтың маңыздылығы мынада: топ – белгілі бір әрекеттер жүйесі. Топтың өзі белгілі бір әрекет түрінің субъектісі болады және сол арқылы қоғамдық қатынастардың жүйесіне енеді.

Топ ұғымының шығуы күрделі. Европада бұл сөз XVII ғасырдың аяғынан кейін пайда болды. Дәл осы кезде француз суретшілері Италиядан техникалық терминді отанына “әкелді”.

Қазіргі уақытта бұл “техникалық” ағым толығымен ысырылып, топ ұғымы психологияда берік бекітілді. Алайда бұл құбылыстың күрделілігі мен бір мағыналы болуы соншалықты, оған бір мағыналы анықтаманы ешкім бермеді, сипаттардың бірқатарын атаумен шектелді. Топты төмендегідей сипаттағы жеке адамдардың жиналысы құрайды деп санады: а) бірімен бірі жиі арақатынас жасайтын; б) өздерін бір топтың мүшелері деп санайтын; в) өздерінің қызығушылықтары бойынша жалпы нормаларды бөлісетін; г) рөлдер бөлісінің бірдей жүйесіне қатысатын; д) бірдей объектілер мен және идеалдармен өзін теңестіретін; е) топты қанағаттанудың қайнар бұлағы ретінде қабылдайтын; ж) кооперативтік өзара байланыста болатын; з) өздерін біртұтас сезінетін; и) өздеріне қатысты іс-әрекеттерді реттейтін. Бұл тізімнің кеңеюі мүмкін және бұл параметрлер саны шексіздікке ұмтылады. Топқа неғұрлым қатаң психологиялық анықтама беру жайлы айтатын болсақ, онда белгілі бір сипаттамалар негізінде әлеуметтік біртұтастықтан бөлініп шығатын шамасы шектелген бұл жалпыламалық болып табылады. Топтарды өлшемі бойынша былайша бөлу кең таралған: үлкен, шағын топтар. Үлкен топтар шынайы және шартты болып бөлінуі мүмкін. Шынайы топтар дегеніміз белгілі бір іс-әрекетке түсетін күрделі түрде ұйымдасқан адамдар тобы (мектеп ұжымы, зауыт ұжымы және т.б.). Шартты топтар бір-бірімен тікелей не жанама объективтік арақатынас жасамайтын субъектілерден тұрады. Олардың әлеуметтік және психологиялық сипаттамалары ортақ болады (ұлттық, жас шамасы, жыныстық және т.б.). Үлкен шартты топтарды зерттеу олардың мүшелерінің дамуын болжауға және оларға қатысты өзінің стратегиясын жасауға мүмкіндік береді.

Шағын топтар бұл – ортақ мақсаттармен немесе міндеттермен біріктірілген, әрқашанда тікелей қатынас жасайтын жеке адамдар. Ішкі құрылысының қарапайымдылығы шағын топтың ерекшелігі болып табылады. Шағын топта, әдетте, беделді лидер немесе беделді жетекші болады. Топ мүшелерінің арақатынасын реттеуші ұйымның сипатына байланысты топтарды бөле отырып ресми ұйым топтың құрылымының

сырттан берілетінін болжайды, ал топтың ресми емес ұйымын адамдардың психологиялық арақатынасы қалыптастыратын ішкі құрылымдық ерекшеліктер реттейді. Бұл топтарды мынау сипаттайды: олардағы арақатынастар топтық іс-әрекеттің мазмұнына байланысты болмай, симпатия – антипатияның тікелей қатынастарына ғана байланысты болады. Мұндай бірлестіктер әдетте ерікті уақытша болып, көзқарастардың ұқсастығымен айқындалады (экскурсия, лабораториялық зерттеуге қатысушы адамдар тобы; емтихан тапсырушы талапкерлер). Қоғам мұндай бірлестіктердің тіршілік етуіне рұқсат бергендіктен, мұндай топтарға ресми жақтардың болуы мүмкін.

Педагогтың, зерттеушінің алдына қойылған міндеттер бойынша, шағын топтарды былайша бөлуге болады: топ мүшелерінің арасындағы қатынастардың жақындық дәрежесіне байланысты – бірінші (жанұя, жақын достар) және екінші (оқулық, өндірістік байланыстар); топқа қатынасушылардың құқықтарына байланысты, - бірдей (топтың барлық мүшелерінің құқықтары тең болады) және бірдей емес (құқықтар мен міндеттердің белгілі бір иерархиясы болады); жеке адам үшін топтың құндылығына байланысты – мүшелік топтарға (топтағы көзқарастарды, қатынастарды қаламаса да, жеке адам белгілі бір жағдайларға ғана байланысты қатысады) және референттік топтар жеке адам үшін эталон мінез-құлық үлгісі болатын. Шетел зерттеушілері шағын топқа ерекше назар аударған. М.Г.Ярошевский /2/ бұл қызығушылықтың бастауы деп адам іс-әрекеттерінің бөлінуінің күшеюі салдарынан жалпы қоғам өмірінің күрделенуі, қоғамдық ағзаның күрделенуі біледі. Адам өмірінде шағын топтардың рөлі объективтік көтерілуде, өйткені топталып шешім қабылдау қажеттілігі өсуде.

Алайда жалған әдістемелік ұстанымдар шетел психологтарын шағын топтардың мағынасын қайта бағалауға әкелді. “Адам факторын”, “Адам қатынастарын” ондаған университеттер арнайы институттар және лабораториялар зерттеді. Шағын топты психологиялық феномен ретінде қарастырды. Ғалымдардың пікірі бойынша, бұл феноменді зерттеу тұлғаның қалыптасу заңдарын ғана емес, сонымен қатар қоғамның даму заңдарын да түсіндіруге мүмкіндік берді. Шағын топтардың тұтастығы, топ ішіндегі байланыстарды үзуге бағытталған күштерге қарсы әсер етуші олардың құрылымының тұрақтылығы, топтың іс-әрекетінің нәтижелілігі және оның жетекшілік үлгісімен, мөлшерден тәуелділігі, тұлғаның топтан тәуелсіз болуы, сондай-ақ тұлғааралық қатынастардың басқа мәселелері – эксперименталдық зерттеулердің тақырыбы болды және әлеуметтік психологияның арнайы бөлімін – топ динамикасын зерттеуді құрды. Қазіргі уақытта батыс психологиясында көптеген қайшылықтар бар: шағын топқа анықтама беру әлі талқылануда, сондай-ақ шағын топтың сандық параметрлері, оның төменгі және жоғары шектеулері туралы мәселе, топтық үрдістер ауқымды мәселесі. АҚШ психологтары бұл дағдарысты

құбылыстарға көптеген түсініктемелер беруде: лабораториялық әлеуметтік-психологиялық эксперименттердің мәліметтері қоғамдық өмірдің шынайы айғақтарына сәйкес келмейді; жеткілікті ғылыми мағлұматтары болмай тұрып тәжірибелік мәселелерді шешуге бел байлайтын зерттеушілердің кәсіби құзырлығының болмауы; және т.б. Алайда, батыстағы әлеуметтік-психологияның қарқынды дамуының зардаптарының негізгі себебі оның әдістемелік әлсіздігінде жатыр.

Американдық әлеуметтік психологияда әртүрлі әлеуметтік психологиялық феномендерді түсінуге қажетті ортақ теориялық негіз жоқ. Әртүрлі топтағы адамдардың мінез-құлық заңдылықтары механикалық тәуелділікке тіреледі: топ “қысады”, ал топтың мүшелері топ қысымына бағынады немесе бағынбайды; топ кейбір жеке адамдарға тартылады, ал басқалардан – қашады немесе керісінше, оларды өз ортасынан шығарып тастайды; егер топ ішіндегі байланыстар көбейсе, онда топ жұмыла түседі, егер оның мүшелерінің саны көбейсе, онда топтық байланыстар азаяды және үзіледі. Американдық әлеуметтік психологияның өкілдері кез-келген әлеуметтік топты сырттай байланысқан және өзара әрекеттесетін жеке адамдардың механикалық агрегаты ретінде көруге дайын.

Бұл кемшіліктер эксперименталдық зерттеулердің құрылысынан анық көрінеді. Әдетте, зерттеу объектісі ретінде кездейсоқ адамдардың тобы пайдаланылады. Эксперимент шарттары топтың тұлғаға таза механикалық әсер етуін бақылау қарастырған.

Әлеуметтік міндеттердің қалыптасу заңдылықтары жайлы көзқарастардың эволюциясы салдарынан ұжым психология пайда болды.

Ұжымның қалыптасу заңдылықтарын зерттеуге А.С.Макаренко /22/ үлкен үлес қосты. Ол ұжымдасудың маңызды сипаты ретінде бірлескен әлеуметтік-позитивтік іс-әрекетті қарастырды. Егер ұжым қоғамға пайдалы іс-әрекеттің міндеттерін орындайтын адамдарды біріктірсе ғана оның болуы мүмкін. А.С.Макаренко ұжымды нақтырақ былай сипаттайды: ортақ әрекетпен, ортақ мақсатпен біріккен және басқару, тәртіп, жауапкершілік органдары бар еңбекшілердің ерікті тобы. А.С.Макаренко жасаған ұжымның даму кезеңдері:

- ұжымды қажет ететін қоғамдық маңызды мақсаттардың дамуы;
- тұлғаның дамуына сәйкес келетін атмосфераны жасау;
- арақатынастар нормалары;
- ұжым ішіндегі әрекет қоғамдағы бар үлгілерге сәйкес жасалады.

Сонымен, іс-әрекет принципі Макаренко жүйесінде, біріншіден, өзі жасаған тәрбиелеуші ұжымның психологиялық-педагогикалық жобасының орталық бөлімі, екіншіден – бұл жобаны шындыққа айналдыруды ұйымдастырудың бастауы болды. 60-жылдардағы ғылыми-техникалық алға басушылық талаптары ұжымдар өмірінің әлеуметтік-психологиялық мәселесін зерттеуге себеп болды: өндірістік, ғылыми, мектеп, әскери сондай-ақ басқа белгілі әлеуметтік сипатпен біріккен бірлестіктері. Бұл салада

жұмыс істейтін авторлардың көпшілігі ұжымды шағын топтың белгілі бірі ретінде қарастырады.

Алайда 70-жылдардың басында ұжым мағынасын әлеуметтік тұрғыдан дұрыс түсіну өздігінен көптеген нақты психологиялық мәселелерді шеше алмайды. Ұжымдағы тұлғааралық қатынастардың ғылыми түсініктерінің әлеуметтік-психологиялық мәселесі әдістемелік проблемаға айналды: ұжымдағы тұлғаны және ұжымдардың зерттеудің ұқсас эксперименталдық әдістемелерін жасау және пайдалану қажеттілігі мойындалды. Эксперименталдық амалдардың жетіспеушілігін бәрі сезді. Зерттеушілерді топтық динамиканы зерттеу үрдісі кезінде санды сипаттамаларды қолдануға мүмкіндік беретін, өлшеуіш әдістемелері қызықтырды.

Шағын топ эмоционалдық сипаты басым қатынастар арқылы қарастырылды. Топтың басқа параметрлері байланысты болатын, арақатынастар жиілігі оның басты объективтік өлшемі болды. Қабылданған анықтамалар мыналармен айрықшаланады: бір жағынан, шағын топ сипаттары психологияланған, кеңірек әлеуметтік контекстен алынған болды, ал екінші жағынан – анықтаманың жеке “психологиялық” бөлімі топтағы үстірт қатынастар мен байланыстарды көрсетті. Шағын топты бұлайша анықтау ұжымның ұқсас әлеуметтік-психологиялық концепциясын құрауға негіз бола алмады. Алайда жеке адамдар арасындағы байланыстарды зерттеудегі бұл бағыт нақты әдістемелердің көбірек қорын жинады және американдық әріптестер жасаған ұжымды зерттеудің эксперименталдық амалдарын қолдану мақсатымен біздің әлеуметтік психологтар соған жүгінді.

Топтық дамудың айқын деңгейлерін сипаттайтын төмендегідей 5 шектік принциптер бөлініп шығады:

1. байланыстың көтеріңкі деңгейі және тұлғааралық қатынастарды байланыстыратын іс-әрекет факторларының көтеріңкі әлеуметтік құндылығы – бұл ұжым (мәселен жұмысшылар бригадасы);

2. егер топта қажетті бірлескен іс-әрекет болса, тұлғааралық қатынастарды байланыстыруы мүмкін болатын көтеріңкі әлеуметтік факторлар болған кездегі байланыстырудың төменгі деңгейі, - бұл әлеуметтік ассоциация (мәселен, студенттердің достық серіктестері);

3. бірлескен іс-әрекеттің болмауынан, байланыстырудың жоқтығы – бұл диффузиялық топ “мәселен, автобус жолаушылары немесе жалпы палатадағы аурулар);

4. көтеріңкі ассоциалдық байланыстырушылар факторлар кезіндегі қандайда бір бірлескен іс-әрекеттің тұлғааралық қарым-қатынастарының байланысуының төменгі дәрежесі – бұл асоциалдық ассоциация (мәселен, бұзақы жасөспірімдер тобы);

5. іс-әрекет арқылы байланысудың көтеріңкі деңгейі және байланыстырушы факторлардың көтеріңкі қоғамға қарсы реакциялық сипаты – бұл корпорация (мәселен, мафия).

Әртүрлі зерттеулерден топтың шектік өлшемін білдіретін әртүрлі сандарды көруге болады. Бұл мәселеге әрекеттік жанамалау теориясы тұрғысынан қарау, бұл іс-әрекеттің сәтті шешілуіне қажетті адамдар санына байланысты топтың өлшемін анықтауға мүмкіндік береді. Нағыз ұжымдағы топ өлшемі анықтаушы сипатта болмайды және топтық әрекеттің мазмұнына тікелей байланысты болады. Топтың даму деңгейі төмен болған сайын, оның тұрақтылығына қажетті оның мүшелерінің санының мағынасы артады. Қолайлы топ болып оның өлшемінің өсуіне немесе төмендеуіне байланысты емес, оның даму деңгейінің көтерілуіне байланысты қалыптасады.

Топтардың өмір сүруінің уақыт аспектілерін қарастыра отырып, топ ішіндегі құрылымдардың келісімділігін, тәртібін, олардың бір қалыптылығы мен қызмет етуге бейімділігін қамтамасыз ететін интегративтік үрдістерге тоқталған жөн. Интегративтік ерекшеліктердің болмауы, кез-келген адамдар бірлестігін құлдырауға әкеледі. Топтың даму мәселесінің шеңберінде интеграция бұл жүйенің тыныштық, тепе-теңдік сәті ретінде қарастырылуы мүмкін. Осының нәтижесінде, біріншіден, оның өзгерістерінің нәтижелері белгіленеді және бекітіледі, ал екіншіден – тіршілігінің алдыңғы кезеңдеріне бейімделеді. Интегративтік үрдістердің айырмашылығы мынада: әдеттегі жағдайларда олардың тобы күнделікті қызметінде “жасырын” болады және кездейсоқ кедергілерден өту кезінде ғана өзінің қатынасының анық сипаттарын көреді. Тұлғаның топтағы интеграциясының нәтижесі болып, тұлғаның қарым-қатынас және іс-әрекет кезінде басқа топ мүшелерімен үйлесімділігі саналады. Топ аралығының мәселесі жан-жақты. Ұжымдағы әртүрлі аралық үрдістер топтың даму деңгейіне байланысты болады. Ұжымның аралығы және оның басқа топ түрлерінен айырмашылығын қамтамасыз ететін алғашқы психологиялық феномен болып ұжымдық өзін-өзі анықтау болып саналады.

Егер ұйымдаспаған кездейсоқ топтағы адамның мінез-құлқы өзі таңдаған орынмен айқындаса, онда ұжымда тағы да бір өзіндік мүмкіншілік – тұлғаны ұжымдық өзін-өзі анықтау. Тұлға ықпалдарға талғаммен қарай отырып, байланыстырушы факторларға – бағалауға, сендіруге, идеалдарға байланысты біреуін қабылдайды және біреуіне қарсы шығады.

Сонымен “автономия – топқа бағыну” дилемасына ұжымдағы тұлғаның өзін-өзі анықтауы қарсы тұрады, ал мойындалмайтын сендіру көзқарастарына қарсы өзін-өзі анықтау жүзеге асатын, мойындалатын еріктік актілері қарсы болады. Бұл - тұлғаның өзін-өзі терең талдауына бағытталған жаңа зерттеулердің міндетін қалыптастыруға осылар мүмкіндік берді. Егер тұлғаның қабылданған құндылықты бағыттарынан бас тартуына ұжым себеп болса, онда келіспеушілік жағдай туады. Жеке адамдар қолайлығын көрсететін адамдарға және ұжымдық өзін-өзі анықтауға қабілетті адамдарға бөлінеді.

Арнайы ұйымдастырылған топтық қысым жағдайындағы тұлғаның мінез-құлқы топтың тікелей ықпалына және өзін-өзі сендіруге бейім болуына

байланысты болмай, топта қабылданған іс-әрекеттердің мақсаттары мен міндеттеріне құндылықты бағыттарына байланысты болады. Ұжымдағы, диффузиялы топқа қарағанда, ұжымдық өзін-өзі анықтау тұлғаның топтық қысымға реакциясының басым әдісі болып табылады және ұжымның мақсаттарын сақтауға себепші болатын, тұлғааралық қатынастардың ерекше қасиеті түрінде көрінеді.

Ұжымдық интеграция альтруистикалық барлығы кешірілген және айналасындағыларға өзімшілдік тұтынушылықпен қараудан бас тартуды білдіреді. Адамгершілік, жолдастық көмек – ұжымдық арақатынастардың нормасы, осылайша тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуына ыңғайлы психологиялық климат пайда болады. Бірдей жағдайдағы адам өзіне-өзі немесе басқаларға әртүрлі адамгершілік ережелерін қолданса, ұжымдық интеграцияның принциптері бұзылады. Эмпирикалық көрсеткіш табылғанша және не “Мен” және “Олар” антагонизмнің сақталуының, не оның “Біз” ұжымдық басынан алынып тасталуының сөзсіз айғағын белгілеуге мүмкіндік беретін нақты эксперименттік жағдайлар жасалғанша, жоғарыда айтылғандардың барлығы жалпы этико-психологиялық құрылымдар деңгейінде қалады.

Сонымен, бірге қатысу ретіндегі көңіл білдіру – жағымсыз оқиға сондай-ақ онымен байланысты болатын топ мүшелерінің бірінің уайымдары басқаға мінез-құлық мотиві (топтық мақсатты жүзеге асыруға және аталған оқиғаның ықпалын тоқтатуға бағытталған, олардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыратын) ретінде берілетін, ұжымдық идентификация. Бірге қатысуды анықтау үшін ерекше эксперименталдық процедура қолданылды. Ол топтық арақатынастар арқылы олардағы жасырын ұжымдық теңестірудің тұлғааралық қатынастарын көруге мүмкіндік берді.

Осы мақсатта әртүрлі жағдайларда әрбір сыналуды өзін қалай ұстайтынын белгілеуге мүмкіндік беретін арнайы аппаратура пайдаланылады. Тапсырманың орындалуының жылдамдығын көтеру – топтық іс-әрекеттің мақсаты, бірақ жұмыстың жылдамдығы қателіктердің болу мүмкіншілігін көтереді. Зерттеу жорамалының мәні мынада болды: әртүрлі даму деңгейіндегі топтардағы жасырын тұлғааралық қатынастары бар, топтық мінез-құлық жазалаудың бірінші және екінші жағдайларында сапалық айырмашылықта болады және бұл сапалық айырмашылықтардың сан түрінде көрсетуге және өлшеуге болады.

Жасалған эксперименттерден алынған, бірінші, негізгі тұжырым, - бірге қатысуды, топтың кез-келген өзінің мүшесімен бірге уайымдау қабілеттілігін және ондағы ұжымдық қарым-қатынастардың даму деңгейін өлшеуге мүмкіндік беретін, арнайы әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде көрсететін тұжырым. Екінші тұжырым: Бұл құбылыстың пайда болуына жасалатын неғұрлым ыңғайлы жағдайлар, өзінің типі бойынша ұжымға ұқсайтын, топтарда болады. “Диффузиялық топтардағы” және құқық бұзушылар топтарындағы бірге қатысу әлсіз түрде білінеді немесе болмайды.

Ұжым мүшелері өздерін жолдасына теңестіреді, бұл олардың мінез-құлқын өзгертуге әкеледі. Мұны мәселені шешу уақытын теңестіру айғағы, сондай-ақ эксперимент жасаушы анықтаған, сыналушылардың эмоционалдық сөздері, айқын қозғалыстары және т.б. көрсетеді. Сонымен ұжымдық теңестіру түрінде көрінетін бірге қатысу топтағы тұлғааралық қатынастардың даму деңгейінің арнайы көрсеткіші болып табылады. Ұжымдағы көңіл білдіру деңгейі бірге қатысу сияқты сақталады және ол “көңіл білдіру” ұжымға кірген жаңа адамға арналған кезде де болады. Даму деңгейі төмен топтардағы жаңадан келген адам “барлығына қолайлы” рөлді атқарады. Жаңадан келген адамға қатынас көбінесе, ұжымдағы адамгершілік қатынастардың өлшемі ретінде қарастырылады.

Топтың ұйымшылдығы. Адам қатынастарының үйлесімділігі. Белгілі бір адам бірлестігінде үйлесімділікке жету қиын болып көрінеді. Өйткені барлық адамдар да әртүрлі, жағдайлар да күрделі, мақсаттардың да сәйкес келмеуі мүмкін. Адам қатынастарының күрделі болуы келіспеушіліктерді тудырады. Келіспеушілік дегеніміз не, ол әр уақытта адамдардың ұйымшылдығына кедергі болады ма? Адам қатынастарының жоғары үйлесімділігі ретіндегі ұйымшылдық дегеніміз не?

Қазіргі кездегі шетелдік әлеуметтік психологтардың топтық ұйымшылдық мәселесі кең тұрғыда назар аудартады. Оған арналған әдебиеттер өте көп. Бірақ олардың көпшілігінің ақауы мынада: шағын топтың коммуникативтік тәжірибесінен көрінетін, көбінесе іс-әрекетінен және арақатынастар ретінде, жеке адамдар арасындағы эмоционалды – психологиялық қатынастарды бастапқы қатынастар ретінде қабылдай отырып, шетелдік әлеуметтік психологтар қатынастар кезеңі неге байланысты болатынын анықтау міндетін қоймады, олардың экономикадағы, идеологиядағы, саясаттағы бастауларын табуға тырыспады. Осының нәтижесінде, ұйымшылдықты анықтаудың басты әдісі болып симпатияларға, антипатияларға негізделген талғамдарды, коммуникативтік актілерді, арақатынастарды белгілеу саналды, ал психологтың топ ұйымшылдығын көтеруге қатысты тәжірибелік ұсыныстары оның социометриялық құрылымының өзгеру мүмкіншілігімен байланысты болды.

Ұйымшылдықты зерттеудің мұндай бағдарламасы ережелер мен құндылықты бағыттарды қарастырмайды. Шетелдік психологияда қабылданған ұйымшылдықты зерттеу әдістемелерінің көпшілігі мына жорамалға сүйенеді: топтағы қарым-қатынастың жылдамдығы, жиілігі және саны мен оның ұйымшылдығы арасында тікелей байланыс болады, сондықтан өзара оң немесе теріс талғамдардың саны мен күші – бұл ұйымшылдық белгісі. Бұл жерде жеке адамдар арасындағы байланыстардың жиілігі мен саны сондай-ақ олардың ұзақтығы топтың ішкі бірлігіне байланысты болатыны қарастырылмаған. Топтық және жеке белсенділіктің бастаулары, көзқарастардың, тұнғылықты бағыттардың және ережелердің

калыптасуы – мұның бәрі, тұлғааралық қарым-қатынас пен қатынастардың эмоционалдық деңгейінің туындысы түрінде қарастырылады.

Отандық психологтар ұжымдық ұйымшылдықты оның маңызды сипаттамасы ретінде, мақсаттарды, міндеттерді және идеалдардың ортақтығын мойындаудан туған оның бірлік өлшемдері түрінде қарастырады. Сондықтан ұйымшылдықты анықтау үшін және оны білдіретін индекстерді алу үшін отандық ғалымдар бірлескен топтық іс-әрекеттің мазмұндық сипаттамасына жүгінді. Осылайша ұйымшылдықты, стратометриялық концепциямен байланыста болатын, ұжымның құндылықты - бағытталған бірлігі ретінде қарастыру түсінігі пайда болды.

Топтық ұйымшылдықтың көрсеткіші болатын құндылықты – бағыттағы бірлік топтың ішкі байланыстар жүйесінің интегралдық сипаттамасы ретінде білінеді. Бұл жүйе, топ іс-әрекетінің мақсатқа жетуде және осының барысында оның құндылықты бағыттары жүзеге асыруда аса маңызды болатын объектілерге байланысты топ мүшелерінің көзқарастары мен ұстанымдарының, бағалауларының, пікірлерінің ұқсастық деңгейін көрсетеді.

Ұйымшылдықты анықтаудың эксперименталдық бағдарламасы негізінде басты көрсеткіш – ұйымшылдық индексі – ретінде қандайда бір объектілерге қатысты топ мүшелерінің пікірлерінің немесе ұстанымдарының сәйкес келуінің жиілігі қабылданды. Топ ұйымшылдығының көрсеткіші ретіндегі топтың құндылықты бағытталған бірлігі топ мүшелерінің ұстанымдары мен бағалауларының сәйкес келуін білдіреді. Бұл бағыттардың жан-жақтылығы топ ұйымшылдығының сақталуына кедергі болмайды. Ұжымдағы құндылықты-бағытталған бірлік – бұл алдымен, іс және адамгершілік салаларындағы бағалаулардың, бірлескен іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттеріне деген көзқарастардың жақындасуы. Құндылықты-бағытталған блогының жоғары деңгейі топтың қарым-қатынастық тәжірибесінің нәтижесінде жасалып, қоғамға пайдалы сипаттағы топтың бірлескен іс-әрекет белсенділігінің салдарынан пайда болады. Ол топ мүшелері мен тұлғааралық қатынастардың барлық феномендері арасындағы қарым-қатынастың негізін салады. Содықтан топтағы ара-қатынастардың сипатын да, ұжымдық сипаттағы бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде пайда болатын, топ мүшелерінің көзқарастары мен құндылықты бағыттарының бірлігі білдіреді. Барлық алынған эксперименталдық мағлұматтар топтағы адамдардың ара-қатынастары бірлескен іс-әрекеттің мақсаттарымен, міндеттерімен және құндылықтарымен белгілі бір деңгейде жанамаланады.

Ұжым аралығы жайлы, анықталған ұжымдық теңестірулер мен құндылықты-бағытталған бірліктен басқа, бірлескен іс-әрекет нәтижесіне жауапкершілікті артудың ұқсас феноменінің болуы немесе болмауы арқылы айтуға болады. Яғни топтағы функциялар мен рөлдер анық бөлінуі керек, алайда топ және топтық іс-әрекет динамикалық құбылыстар. Топтың барлық мүшелерінің атқаратын барлық қызметтерін толығымен атап көрсету және

барлық рөлдік күтулерді алдын ала келістіру мүмкіншілігі әрдайым бола бермейді, әсіресе іс-әрекет шығармашылық сипатта болса. Мұндай жағдайда, рөлдік күтулерді келістіру түріндегі бірлік тұлғаның ұжымдағы шынайы интеграциясын қамтамасыз ете алмайды. Бұл жағдай топтық іс-әрекеттің мақсаттық сипаттамаларына ғана жүгініп қоймай, ортақ мақсатты көздейтін өз жолдасына қатысты әрбір ұжым мүшесінің жеке ұстанымында көрінетін оның адамгершілік негізіне де жүгіне отырып, құндылықты-бағытталған бірлікті, ұжым ұйымшылдығының негізі және маңызды көрсеткіші ретінде қарауға қайта оралуға мәжбүр етеді.

Жоғарыда қарастырылған құндылықты-бағытталған бірліктің түрлерінің барлығы ұйымшылдықты белгілі бір объект бойынша бағыттардың сәйкес келуін қарастырады. Топтағылардың барлығы “бірін-бірі көреді, бір-біріне ортақ адамгершілік ұстаныммен қарайтынынан” байқалатын бірлік жағдайларын қарастырайық. Дәл осы жерде, жауапкершілік арту феномені айтылған. Шетел психологтары /26/ жауапкершілікті арту феноменін адамның жеке психологиялық сипаттамасы ретінде қарастырады. Оның пайда болуы төмендегі айнымалыларға байланысты: қатынас жасаушы жеке адамның ерекшеліктері (қорғанысы жоқ; тартымды немесе тартымсыз); іс-әрекет жағдай (кооперативтік немесе бәсекелестік); іс-әрекет құрылысы (жеке операциялардың ретпен немесе бірлесіп орындалуы). Әдетте, жауапкершілікті арту актілерін, белгілі бір әлеуметтік ортамен, белгілі бір маңызды әрекетпен байланыспаған, ойын жағдайларында зерттейді.

Психологтар жасаған эксперименттер жауапкершілікті артудың сипаты топтың даму деңгейіне байланысты болатынын көрсетті. Ұжымдағы жауапкершілікті арту актілері көбінше объективтік сипатта болады. Ұжымның әрбір мүшесінің ортақ іске қосқан үлесі, бірлескен іс-әрекеттің табысты немесе табыссыз болуына қарамастан, дұрыс бағаланады. Ұжым деңгейіне жетпеген топтарда қарама-қарсы көрініс байқалды: бірлескен іс-әрекет табысқа жетсе, әрбір сыналушы өзінің үлесін атап көрсетуге тырысты, ал табыссыз болған кезде – кінәсін басқаларға аударуға дайын болды, немесе тіпті болмаса, “объективтік жағдайларға”. Мұндай топтағы жауапкершілікті арту актілері субъектінің жеке психологиялық ерекшеліктері бойынша жасалған деп айтуға болады. Бұл – батыс психологтары эксперименталды тұрғыдан анықтаған, барлық топтарға таратқан, олардың даму деңгейінен тәуелсіз болатын заңдылықтар мен байланыстардың ықпалы білінетін сала.

Шынайы орындалатын және әлеуметтік тұрғыдан бағаланатын іс-әрекеттің табысты немесе табыссыз болуына жауапкершіліктің дұрыс бөлінбеуі топта келіспеушіліктер туғызады. Іс-әрекетке қатынасушылардың барлығы ортақ іске қосқан өз үлестерін объективті түрде мөлшерлей алмайтындықтан, олардың бағалаулары анық субъективтік сипатта болады. Ұжымның адамгершілік күші субъективизмнің дамуына кедергі жасайды

және ұжымның барлық мүшелері қабылдаған, адамгершілік нормаларына байланысты оның мүшелерінің келісімде болу шарттарын қалыптастыруға ықпал етеді. Нағыз ұжымдарда сәтсіздіктер болса, әрбір жеке адам алдымен, өз-өзін тергейді: ол ортақ мақсатқа жету үшін барлық мүмкіншіліктерін пайдаланды ма және кінәлі болса, жауапкершіліктен бас тартпайды ма. Егер ұжым өз мақсаттарына жетсе, онда оның мүшелері жетістікті тек өздеріне ғана таңуға ұмтылмайды, олар жеткен жетістіктер ұжым күшінің жемісі екенін анық түсінеді.

Өздерін құрайтын факторларға, сондай-ақ өздерінің даму деңгейіне байланысты бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі топтар сияқты, осы топтарға енетін жеке адамдар да, өздерінің іскерлік және жеке басының қасиеттеріне, беделі мен мәртебесіне байланысты, айрықшаланады. Бұл айырмашылықтар жиынтығы топтық бөліністің алаңған көрінісін білдіреді. Топқа алғаш рет түскен кез-келген адам “кімнің кім” екенін білу үшін көп уақыт жұмсайды. Психологияда ұзақ педагогикалық жітік бақылауды алмастыруға мүмкіндік беретін және тәрбиешінің жұмысын жеңілдететін арнайы әдістер бар.

Топтағы тұлғааралық белдерді анықтаудың танымал әдістерінің бірі болып, Джекоб Морено (1892-1974) ұсынған, социометрия саналады. Д. Морено /15,26/ теориясына сәйкес, барлық келіспеушіліктер, күштеулер, соның ішінде әлеуметті те, шағын және өте үлкен құрылымдардың сәйес келмеуінің салдарынан болады. Оның пікірі бойынша, тұлғаның адамдарға психологиялық қатысын білдіретін, симпатиялар мен антипатиялар жүйесінің жеке адамға берілген өте үлкен құрылымының шеңберіне көбінесе сыймай қалатынын осы сәйкессіздік көрсетеді. Енді шағын - және үлкен құрылымдарды сәйкестендіру міндеті пайда болады. Дәл осы мақсатта, қандай орын ауыстырулар қажет екенін білу үшін симпатиялар мен антипатияларды анықтайтын, социометриялық әдістеме қолданылады.

Социометриялық сауалнама анкеталық сауалнамадан немесе сұхбаттан ерекше айрықшаланады, өйткені топ мүшелеріне қойылатын сауалдар олардың ара-қатынастарының эмоционалдық жағын қамтиды. Мұнда толық құпиялық болуы мүмкін емес, әйтпесе социометрия нәтижесі тиімсіз болады. Топтарды зерттеудің социометриялық техникасы мынадай: зерттелетін адамдар бос уақытты бірге өткізуге, бірлесіп жұмыс жасауға немесе оқуға және т.б. серіктерді таңдайды (немесе қаламайды). Осыған байланысты тікелей сұрақ қойылады: кіммен болғын келеді (жұмыс істеуге, оқуға, бос уақытты өткізуге)...? Топтың басқа мүшелерінен алынған таңдаулар саны және олардың жылдамдығы бойынша жеке адамның топтағы эмоционалдық тартымдылығы, танымалдылығы мен алатын орны жайлы айтуға болады. Топтағы қарым-қатынастар жайлы социометриялық мағлұматтарды графикалық социограмма түрінде көрсетуге болады. Мұнда симпатиялар мен антипатиялардың өзара қиылысуы, топтасулар арасындағы болатын қатынасты, социометриялық “жұлдыздардың” болуын (сұранушылардың көпшілігі таңдаған), “элеусіздер” (аз таңдалғандар),

“оқшауланғандар” (мүлдем таңдалмағандар) немесе “мойындалмағандар” (тек қана теріс таңдалғандар).

Социометриялық таңдау жедел жүргізіледі, оның көмегімен эмоционалдық тартылыстар, топ құрылымының сандық диагностикасы, тұлғаарлық белделдер динамикасы, топтағы қарым-қатынаспен жеке адамның қанағаттануын жеткілікті анық көруге болады. Автордың әдістемелік ақауларынан болған, социометрияның белгілі бір шектеулігі байқалады. Сонымен социометрия барлығын емес, жеке адамның топқа эмоционалдық қатынасын ғана анықтайды. Алынған мағлұматтардың құндылығы төмен болады. Бұл әдіс 40 астам мүшелері бар топқа қолданылмайды. Сондай-ақ социометриялық техника арқылы анықталған байланыстар жүйесін өзгермейді деп санауға болмайды. Социограммалар бұл өзгерістердің себептері туралы айта алмайды. Топ мүшелерінің біреуледі таңдап және кейбіреулерді қаламау мотивтерінің қандай екені, симпатия мен антипатия артында не тұрғанын белгісіз болып қалады. Зерттеушілер алдында мынадай мәселе туындайды: социометриялық әдістерге белгісіз болып қалған ара-қатынастардың топтағы шынайы ішкі динамикасын қалай анықтауға болады? Топ ішіндегі ара-қатынастардың сыртқы көрінісі топ мүшелері арасындағы терең қарым-қатынастардың салдары ретінде қарастыруға болады, алайда қалаудың немесе оқшаулаудың себептерін түсіндірмейді.

Осыған байланысты, социометрия зерттеуіне кіргізуге тиісті, әлеуметтік-психологиялық маңызды міндет пайда болады, - тұлғаның топ мүшелерінің кейбіреулерімен эмоционалдық байланыс жасауының және кейбіреулерін қаламауының мотивтерін анықтау. Сұрақ тікелей қойылса, кейде шынайы жауап қайтарылмайды, сонымен бірге жеке адам бір адамды неге қалайтыны және басқасын неге қалмайтыны жайында өзіне-өзі есеп бермейді. Осыған орай, көрсетілген мақсаттарға жетуде тұлғааралық таңдаулардың мотивациясын қосалқы мәліметтер негізінде эксперименттік жолмен анықтау маңызды болып табылады.

Тұлғааралық қатынастар жүйесіндегі таңдаудың мотивациялық өзегін анықтау социометриялық тестілердің жетілдірілуінің мысалы болады. Сәйкес әдістемелік процедураның енгізілуіне байланысты қарым-қатынастың үстіңгі қабатын зерттеуден олардың тереңірек пласттарын зерттеуге көшуге мүмкіндік береді.

Оқушыға алдымен, социометриялық реттелген қатарды дәстүрлі үлгі бойынша құрастыруды ұсынуға болады, ал содан кейін оқу іс-әрекеті мен қарым-қатынас үшін маңызды болатын сапалары бойынша реттелген қатарды толтыру сұранылады. Бұдан кейін жаңа нұсқа беріледі. Егер социометриялық қатар бірінші қатармен сәйкес болса, онда таңдаудың мотивациялық өзегіне қолайлы қарым-қатынас мотиві енеді; егер социометриялық қатар екінші қатарға жуық болса, оқудан көмек күту мотиві орын алады. Дәрежелік корреляция коэффициентін пайдалана отырып, сапалары бойынша реттелген

қатарлардың біреуінің социометриялық қатарға қаншалықты жуық екенін анықтауға болады.

Сонымен, жеке адамның әртүрлі қасиеттеріне қолданылатын реттелген қатарларды құрастыруға болады. Егер содан соң бұл қатарларды иерархиялық ретпен қойып, социометриялық нұсқа негізінде алынған қатармен салыстырсақ, онда топ мүшелерінің тұлғалық сәйкес қасиеттерінің социометриялық эксперименттегі таңдаудың мотивациялық өзегіне енетінін көруге болады. Осының арқасында, таңдауда маңызды болатын, тұлғалық сипаттамалардың тобын анықтауға және осының негізінде жеке адамның қажеттіліктерінің қайсысы таңдауда басым болатынын білуге болады.

Жеке адам топтың басқа мүшелерімен белсенді ара-қатынас жасай отырып, өзіндік құндылық бағыттарға ие болады. Оларды меңгеру шындығында топ жүзеге асыратын немесе тұлға топқа танитын, тұлғаны қадағалауды бір түрін білдіреді. Топтың құндылығын бағыт ету, оның көзқарасына еліктеу жеке адамды, ол үшін бағалауы мен принципі ерекше маңызды болатын, белгілі бір адамдар шеңберін бөліп алуға мәжбүр етеді.

Жеке адам таңдаған ұжым ішіндегі бұл адамдар тобын қалай белгілеуге болады? Әдетте, бұл адамдар тобын референт тобы деген ұғыммен біріктіреді. Референт (эталон) тобы деп көзқарастары, талаптары үлгі болып саналатын ақиқат өмір сүруші немесе қиялдағы топ айтылады. Адам өзінің нормасын, қадір-қасиетін бағалаған, өзі оны қолдап, ең жақсы деп есептейтін топқа кіреді. Сонда адам бұл нормаларды қолдап қана қоймай, оны қорғайды да, қажет болса насихаттайды да. Кейде былай да болуы мүмкін: адам бір топтың мүшесі бола отырып, екінші бір топтың көзқарасын, нормасын қастерлеп, қадір тұтады. Басқаша айтқанда, жеке адам үшін басқа үлгі эталон болып есептеледі. Мысалы, жеткіншек жоғары сынып оқушыларының немесе ересектердің тобына мүше болуға тырысады. Егер бұған оның қолы жетпесе, онда ересектер тобында орын алған мінез-құлық нормасына еліктейді. Сонымен, референттік топтың екі функциясы болады: нормативтік және салыстырмалы. Референт тобын түсінудегі ең маңыздысы – жеке тұлғаны референт тобының бағалау факторы: субъект өзінің қылықтарын, өзінің тұлғалық қасиеттерін, іс-әрекетінің маңызды жағдайларын және т.б. бағалауға бағыттауы. Референт тобының құндылықтары мен нормалары жеке адамның тұрақты бағыты болып қалуы үшін, ол өзінің шынайы қылықтарын олармен үнемі салыстырып отыруы керек. Жеке адам өзінің айналасындағы көптеген адамдар ішінен, өзіне ерекше субъективтік маңызды қасиеті, ерекше сипаттамасы – референттілігі бар, - деп санайтындарын тандап алады.

Референттілік, басқа субъектпен өзіне маңызды болатын объектіге қатынасы байланыстырылатын, ерекше субъект-субъект-объектілік қатынастардың болуы түрінде білінеді. “Маңызды басқа” жеке адамның өзі және оның айналасындағылардың барлығы бейнеленетін айна сияқты болады. Топ мүшелерінде белгілі бір мөлшердегі референттік қасиеттер

болады және бұл мән-жайлар таңдаудың бағытын, біреулердің үлкен және басқалардың төмен беделдігін түсіндіреді. Жеке адам референттік адамдар шеңберінің арқасында қоршаған әлемді өз жолдастарының құндылықты бағыттарының призмасы арқылы қабылдау мүмкіншілігіне ғана емес, сондай-ақ өзінің айналасындағыларға қатынасын реттеу, өзін-өзі жақсырақ түсіну және бағалау мүмкіншілігіне ие болады. Өзінің референттік шеңберімен қарым-қатынас жасау жағдайында танымдық субъект ретіндегі жеке адам, өзі маңызды деп ойлайтын параметрлері бойынша оны бағалайтын жеке адамдарды саналы немесе санадан тыс бөле отырып, өзін-өзі танудың объектісі болып табылады.

Сонымен, топтағы беделділік пен таңдамалылықты социометриялық ұстанымдар тұрғысынан ғана қарастыру – тұлғааралық қатынастардың түсініктемесі мен топ ішіндегі бөліністің мағынасын айқын біріктіру деген сөз. Референттік беделділікті ескермеген тұлғааралық қатынастардың психологиясы шектеулі болып қалады.

Референтометрияның идеясы мынада: біріншіден, сыналушыға алдын ала таңдалған және маңызды объектілерге байланысты топтың кез-келген мүшесінің пікірімен танысуға мүмкіндік беру; екіншіден – таңдалатын мұндай адамдар санын қатаң шектеу. Бұл сыналушыларды басқаларға қарағанда, пікірі мен бағалауы қызықтыратын, адамдар шеңберіне талғамдылығының жоғары деңгейін көрсетуге мәжбүр етті. Референтометрия процедурасының төмендегілерден тұрады. Эксперимент жасаушы әрбір сыналушымен жеке әңгімелесе отырып, оның жолдастарының оған берген бағалауларының кейбіреуін кездейсоқ біліп қалуы мүмкін дегенге әкеледі. Сыналушы топ ішіндегі біреуді белгілеген соң, эксперимент жасаушы оның тағы бір, мүмкін соңғы, таңдау жасай алатынын айтты. Соңында, сыналушыға соңғы, енді ақырғы, таңдауды жасауға рұқсат береді. Нұсқау сыналушы өзіне ары қарай бағалаудың нешеуімен танысуға рұқсат берілетіні жайлы алдын ала білмейтіндей етіліп арнайы жасалған. Референтометриялық процедураның көмегімен референттілік құбылыстарын зерттеу әлдеқайда қызықты нәтижелерге әкелді. Олар әр ұжымда болатын таңдаулар мен қалаулардың ерекше жүйесі туралы, референтті сипатқа негізделген, жорамалдар толығымен көрсетеді. Референтометриялық процедура жедел жасалады, және ол мәртебелік құрылымды, өзара қалаулардың болуы немесе оның болмауы жайлы түсінікті қалыптастырады, таңдаудың мотивациялық өзегін ашуға, мәліметтерді математикалық өңдеуге және оларды графика түрінде көрсетуге мүмкіндік береді. Бірақ социометриялық торапқа қарағанда, таңдаудың негізі симпатия немесе антипатия емес, құндылық факторы болады. Ұжым іс-әрекетінің әлеуметтік маңыздылығының терең негізін құрайтын құндылықтар, сонымен бірге референттілік сипаты бойынша топ ішінде болатын қалаулар мен таңдаулардың негізі болып саналады. Бұл социометриямен салыстырғанда, топтағы бөліністің анағұрлым мазмұнды сипаттамасы екені рас. Социометрия да,

референтометрия да топ ішіндегі мәртебелердің өзіндік иерархиясын айқын көруге мүмкіндік тудырады. Алайда, бұл құрылымдар көбінесе қиылыспайды. Егер социометриялық “жұлдыз” топтың аса танымал мүшесі болса, онда референтометриядағы таңдаулардың көтеріңкі санына ие болған жеке адам осы топтың лидері болып табылады.

Лидер – топ мүшелерінің мақсаттарын қамтитын және топтық іс-әрекеттің сипаты мен бағытын анықтайтын жауапты шешімдерді қабылдауға құқықты екенін топтың қалған барлық мүшелері мойындаған тұлға. Сонымен, неғұрлым беделді тұлға бола отырып, лидер бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда және топтағы ара-қатынастарды реттеуде шынайы басты рөлді атқарады. Топта, ұжымда әдетте жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады. Топтың барлық іс-әрекетінің ресми ұйыдастырылуымен және оны басқарумен айналысатын жетекшіге қарағанда, лидер, басым болу-бағыну тұрғысынан қарағандағы топта қалыптасатын психологиялық қатынастардың нәтижесінде кенеттен болуы мүмкін. Лидер топтың ресми жетекшісі болуы да, болмауы да пайда болады. Бір адамның өзі жетекші мен өзі лидер болуы тиімді болып табылады. Лидер топты ұйымдастыруға және басшылық етуге сайланады, не ұсынылады. Лидер әдетте топтың іс-әрекеті жайлы, оның құрамы мен мүмкіндіктері жайлы мейлінше хабардар болады. Ол топ мүшелерімен қатынаста өзін еркін сенімді ұстайды. Психологиялық зерттеулерде лидердің мынадай қызмет атқаратындығы айқындалаған: а) ол топ алға қойған мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын жоспарлайды, б) топ мүшелері арасында атқарылатын іске жауапты адамдарды белгілейді, в) егер топтың алдына маңызды істер қойылған болса және бұл топ өндірістік еңбек ұжымында болса, белгілі бір топтық атмосфера орнатады, г) топ мүшелерінің қоғамдық белсенділігін дамытады.

Лидерлікті топтық құбылыс ретінде қарастыру керек: лидер жалғыз өзі болуы мүмкін емес, ол әрқашанда топтық құрылымның элементі ретінде болады.

Шетелдік психологияда /26/ лидерлік теориялардың көптеген түрі бар, олардың ішіндегі ең танымалысы болып ерекшеліктер теориясы мен лидерлік жағдай теориясы саналады. Ерекшеліктер теориясының мәні мынада: кез-келген адам лидер бола алмайды, белгілі бір тұлғалық қасиеттері немесе психологиялық ерекшеліктері бар адам ғана бола алады (ынталылық, жігерлік, сенімділік, шешендік, және т.б.). Жағдай теориясы лидерлікті – жағдай нәтижесі деп санайды. Әр түрлі нақты жағдайларда топтың басқалардан басым, ең болмағанда бір қасиеті бойынша, жекелеген мүшелері дараланып тұрады, бірақ дәл осы қасиет нақты жағдайда қажет болғандықтан, бойында осы қасиеті бар адам лидер болады. Бұл көзқарастардың негізгі қателігі: лидерлік әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде адам мен заттық іс-әрекеттің мән-жайлары арасындағы ара-қатынастың нәтижесінде пайда болатынын жете бағаламаған.

Топтың даму деңгейі неғұрлым жоғары болса, ондағы тұлғааралық қатынастар бірлескен әлеуметтік іс-әрекеттің құндылықтары мен мазмұнына байланысты болуы соғұрлым жоғары деңгейде болады, топта лидердің пайда болуы мен орнығуы осы қарым-қатынастардың жүзеге асырылуы ретінде білінеді. Лидер – топ үшін аса референтті адам, тұлғааралық қарым-қатынастардың жалпы ортаңғы мүшесі.

Алайда, бұл референттіліктің пайда болуының негіздері, тұлғааралық қарым-қатынастарды байланыстыратын құндылықтардың сипатына байланысты әртүрлі болады.

Зерттеу мектеп ұжымдарында лидерлердің бірнеше типі болатынын көрсетті. Бірінші типі. Лидер жағдайға байланысты өзін танытады. Мысалы, оқушы сыныпта музыка викторинасын ұйымдастырып, өткізді делік. Ол көптеген музыкалық шығармаларды біледі, пианинода, аккордеонда ойнайды. Бұл арада ол өзінің дарыны мен шеберлігін көрсетті. Ол лидер. Ал басқа жағдайда ол ұжымның қатардағы мүшесі болып қала береді. Екінші типі. Сан алуан істерді атқару кезінде ұжымның басқа мүшелеріне жан-жақты ықпал ете алатын оқушы лидер болады. Лидер оқушы маршрутты әзірлеуге қатысады, топты қажетті құрал-жабдық, азық-түлікпен қамтамасыз етуге көмектеседі, транспорт құраладры жөнінде келіседі, далада, таза ауада өтетін концертті әзірлейді т.б.. Алайда оның лидерлігі қысқа мерзімдік дәрежеде ғана болады. Іс тәмамдалған соң оның лидерлігі де бітеді. Үшінші типі. Оқушы өзінің лидерлік қабілетін іс-қызметінің көптеген саласында ұзақ уақыт бойы сақтайды. Топ, ұжым лидерін аты әйгілі адамдар ұғымымен бара-бар деуге болмайды. Зерттеу бір адамның бойында лидерлік пен әйгілі болу қабілеттерінің екеуі де болуы мүмкін екенін көрсетеді. Мұндай үйлесімділік топтың, ұжымның атқаратын ісіне игі әсер етеді. Дегенмен бұл жерде алшақтық та кездесіп, лидер бір адам, әйгілісі екінші адам болуы мүмкін.

Егер ұжымдағы тұлғаның психологиялық сипаттамасын қарастырсақ, онда лидердің топ жүгінетін құндылықты бағыттарының көтерілуімен сипатталады, жариялық пен адамгершілікке толы болады. Ресми билік лидерді елемесе де, топ оны беделділік пен абыройға бөлейді, яғни бірлескен іс-әрекеттің маңызды мән-жайларын бағалау, сондай-ақ топқа маңызды шешімдерді қабылау оның құзырында болуын топ мойындайды.

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

ПСИХИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Түйсік және қабылдау

Түйсік – материялық дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке сипаттары мен қасиеттерінің біздің сезім мүшелерімізге әсер етіп, миымызда бейнеленуі. Түйсіну дегеніміз – дүниені танып білудегі бейнелеу үрдісінің алғашқы баспалдағы. Түйсік – біздің айналамызда, ішкі жан дүниемізде не болып жатқаның хабарлап отыратын қарапайым психикалық үрдіс. Түйсік адамды қоршаған шындықты бейнелеуден пайда болады. Сол шындық пен болмыстың адам сезім мүшелеріне әсер етіп, мида бейнеленуінен түйсік туады, яғни түйсік – сыртқы әсердің сана фактісіне айналуы, объективтік дүниенің субъективтік бейнесі. Адамның дүние тануының алғашқы баспалдағы – осы түйсік. Нақты пайымдау, шындықты бейнелеу жайындағы мәліметтердің бәрі де адамға осы баспалдақ арқылы жетеді.

Түйсік қарапайым психикалық үрдіс деп аталғанымен, ол – адамның шындық пен болмысты дұрыс бейнелеуіне мүмкіндік тудыратын мидың бейнелеу қызметі. Физиологиялық жағынан сезімдік таным үрдісі бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы реттеліп отырады. Сезімдік бейнелеудің мұндай түрі жанурлар мен адамдарға ортақ. Алайда, сезімдік бейнелеу түрлері – түйсік, қабылдау, елес сапа жағынан жануарлар мен адамдарда бірдей емес. Егер сезімдік үрдістер жануарлар дүниесінде олардың қоршаған ортаға бағдарлануын ғана қамтамасыз ететін болса, ал адамдардың сезімдік таным үрдістері еңбектену әрекетімен ұштаса отырып, бейне мен сөздің өзара әрекеті нәтижесінде пайда болып отырады.

Адам түйсік арқылы заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерін, сапаларын білетін болса, **ал қабылдау** арқылы зат немесе құбылыстың тұтас бейнесін көреді. **Қабылдау** – затты тұтас бейнелеуге бейімді үрдіс. Түйсікке қарағанда, қабылдау – шындықты бейнелеудің неғұрлым жоғары формасы. Сонымен, қабылдау дегеніміз – заттар мен құбылыстардың өз қасиеттері және бөлшектері жиынтығымен қосылып, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі кезіндегі тұтас түрде бейнеленуі.

Қабылдаудың физиологиялық негізі – үлкен ми сыңарлары қабығындағы күрделі шартты рефлекторлық байланыстар, олар сыртқы тітіркендіргіштерден келетін қозулардың бірігуі арқылы жүзеге асады. Қабылдауда бірнеше талдағыштардың үйлесімді іс-әрекеті ағза тітіркендіргіштерінің тұтас жиынтығы жауап беру реакциясы нәтижесінде бейнеленеді.

Түйсіктің табиғи-физиологиялық негізі ағзаның арнайы жүйкелік механизмі – **талдағыштар** арқылы іске асады. Ал талдағыштарды сол жүйенің негізгі хабарлау қызметін атқаратын мүшелері деуге болады. Адам

ағзасы сол талдағыштардан келіп жатқан сигналдардың ыңғайына сәйкес орталық жүйке жүйесіндегі функцияларын реттеп, бірде жаңа әсер тудырып, бірде бұрыннан өтіп жатқан әрекеттің барысына өзгеріс кіргізіп, оны түзетіп бағыт береді. Сөйтіп, ми қабығында үздіксіз өтіп жататын күрделі қызмет талдағыштар арқылы жүзеге асып отыратын кері байланысқа сүйенеді. Талдағыштар үш бөліктен құралады: а) шеткі (перифериялық) мүше – бұл сезім мүшелері, рецепторлар деп аталады; ә) өткізгіш бөлім – рецепторларды тиісті орталықтармен байланыстырып отыратын афференттік және эфференттік жолдар; б) мидағы орталықтар.

Бірінші бөлік – рецепторлар – түрліше құрылған жүйкелік аппараттар. Олардың атқаратын қызметі – сырттан келген физикалық, химиялық тітіркендіргіштердің күшін жүйкелік қозуға айналдыру. Талдағыштардың бұл сатысында әсерді тек қарапайым түрде ғана талдау іске асырылады. **Екінші бөлік - өткізгіш-бөлім** – сыртқы қуаттың сезімтал жүйке талдағыштарының ұшында қозуын екі жолмен жоғарғы және төменгі бағытқа жайып отырады. Орталыққа баратын талдағыштар арқылы қозуды бірінші жолмен жұлын мен ми бағанасына және ми қабығындағы алқаптарға жеткізеді. **Үшінші бөлік – мидағы орталықтар.** Бұл – талдағыштардың негізгі бөлімі.

Жүйке жүйесінің басқа бөлімдері жасушалардың құрлысымен салыстырғанда осы орталықтағы жасушалар құрылысы әлдеқайда ерекше әрі күрделірек. Ағзаның тиісті ортаға, жағдайға икемделіп әсерленуін дәлірек қамтамасыз етіп, нәзік талдау жасай алатын мүше – мидағы осы орталықтар.

Функциялардың динамикалық орналасуы мидың бір жерінде бұлжымай қалған алқап емес, олар күрделі түрде бір-бірімен қарым-қатынаста, өзара тығыз байланыста болады. Ортаның әсері мен талабына орай ми алаптары бірінің орнын бірі басып отыруға, сөйтіп, бір нейрондардың қызметін екіншілері атқаруға қабілетті екендігін көрсетеді. Ми қабығының мұндай қызметі психологиялық ғылымында **компенсаторлық әрекет** деп аталады.

Түйсік жайында түрлі бағдар ұстанған бірқатар философтар мен психологтар адам түйсігі заттардың объективік қасиеттерін бейнелемейді, олар тек осы заттардың әсерінен сезім мүшелерінде пайда болатын өзгерістерді ғана бейнелейді деген қате пікірлерді уағыздайды. Түйсікке қатысты мәселеде Беркли, Юм, Мах т.б. /2,7/ түйсік дүниедегі заттар мен құбылыстардың қасиеттеріне байланысты емес, ол түгелдей сезім мүшелерінің өздерінің жұмыс істеу қасиеттерімен белгіленетін болады, деп тұжырымдайды. Осы тұрғыдан келгенде, түйсік сыртқы дүниедегі заттардың бейнесі емес, қайдағы бір шартты белгілер мен иероглифтер, белгілер болып шығады.

XIX ғасырдың басында түйсікті идеалистік тұрғыдан түсіндіруге тырысқан И.М. Миллер /2,19/ сезім мүшелерінің ерекше күш-қуаты деген заң шығарып, әр сезім мүшесі кез-келген тітіркендіргіштерге осы мүшеде бар


күш-қуат арқылы жауап береді дейді. Ол түйсік зат пен тітіркендіргіш қасиетін бейнелемейді, бұл – сезім мүшесіне тән күш-қуатын еркіндік алу нәтижесі және соған ғана тәуелді болады, - деген қорытынды жасайды. Миллердің мұндай тұжырымы “физиологиялық идеализм” деген атқа ие болып, ол философиялық идеализмнің “түйсік ағзаны сыртқы дүниемен байланыстырмайды, қайта тірі ағзаны қоршаған отадан бөлетін қабырға болып саналады” қате тезисіне сай келді.

Түйсік пен қабылдаудың түрлері

Түйсіктер сезім мүшелерімізге байланысты көру түйсігі, есту түйсігі, дәм түйсігі, иіс түйсігі, тері түйсігі, кинестетикалық, вибрациялық және органикалық түйсіктер болып бірнеше түрге бөлінеді. Ерте кезден бастап адамның сыртқы бес сезім мүшесіне орай көру, есту, сипап сезу, иіс және дәм түйсіктерін ажыратқан. Қазіргі кезде сыртқы және ішкі ортаны рецепторда бейнелейтін 20-дан астам түрлі талдағыштар бар деп саналады. Түйсіктер бірнеше негіз бойынша жіктеледі. Тітіркендіргіш пен рецепторлардың жанасуына сәйкес не олардың жанасуына орай **дистанттық және түйісу рецепторлары болып бөлінеді**. Олар жақын ортаға бағдарлануды қамтамасыз етеді. Дәм сезу, ауырсыну, тактильдік түйсіктері түйісу рецепторларына жатады.

Орналасу мен тітіркендіргіштерді қайтадан алатынына қарай рецепторларды үш топқа бөлуге болады: **экстерорецептор** (көру, есту, тактильдік т.б.) **проприорецептор** (бұлшық ет, сіңірден шығатын түйсіктер) және **интерорецепторлар** (аштықты, шөлдегенді түйсіну) болып бөлінеді. Ағзаның сыртында орналасқан көз, құлақ, мұрын, тіл, тері мүшелері – экстерорецепторлар. Бұл рецепторлар арқылы адам өз денесінің сыртында тұрған заттар мен құбылыстардың сипаттарын бейнеледі. Бұлшық еттерде, тарамыс пен сіңірлерде орналасқан сезім мүшелерін проприорецептор деп айтады. Бұл рецепторлар арқылы адамның қимылдау түйсіктері мен тепе-теңдік түйсіктері сезіледі. Дененің ішінде (қарында, ішекте, өкпеде) орналасқан сезім мүшелерін интрорецептор деп атайды. Бұл рецепторлар арқылы ішкі мүшелерімізде ас қорыту, қан айналысы, тыныс алу сынды басқа да қандай үрдіс болып жатқаны жайында хабар алып отырамыз. Адамның ішкі мүшелерінде туатын осындай түйсіктерді **органикалық түйсіктер** деп атайды.

Жануарлар дүниесінің эволюциялық даму үрдісінде сезгіштіктің **көне түрлері** (ауырғанды сезіну), **жаңа түрлері** (тактильдік түйсіну, дистанттық түйсіну т.б.) деп бөлінуі жалпы түйсікті бірнеше негіздерге сүйене отырып топтастырып, жіктеп, өзіндік ерешеліктері мен қасиеттерін барынша ашып көрсетудің жолы мен тәсілдері болып саналады.



Көру түйсігі. Дүние тануда көру түйсігінің маңызы зор. Зерттеу нәтижелерінің адамға әсері жеті спектрлі түсті және соның негізінде 10000-нан аса реңкті ажырата алатындығы анықталған. Бұдан біз көру түйсігінің өресі мен диапазонының өте кең екендігін айқын аңғарамыз. Заттар мен құбылыстардың жеке сипаттарын айнытпай толық бейнелеу, ең алдымен, көру түйсігі арқылы іске асады.

Көру түйсігі біздің көзімізге электромагнит толқындарының әсер етуі нәтижесінде пайда болады. Көру түйсігінің ұзындығы – 390-780 миллимикрон (миллиметрдің миллионнан бір бөлігі). Осы арқылы жарық толқындарын бір-бірінің түрлі сипаттарына қарап айыруға болады:

а) Толқынның ұзындығы оның бір секундтағы шайқалу санына байланысты. Шайқалу жиілей түссе, толқынның ұзындығы қысқара береді, шайқалу саны азайған сайын толқынның ұзындығы арта бастайды. 1 секундта ең аз шайқалатын ұзын толқындар қызыл түсті көрсетеді, көп шайқалатын ең қысқа толқындар күлгін түсті бенелейді.

ә) Жарық толқындары шайқалу амплитудасы арқылы бір-бірінен айырылады. Бұл толқынның күш-қуатына байланысты. Шайқалу амплитудасынан біз түстің анықтығын байқаймыз.

б) Жарық толқындарының түріне қарап, бір-бірінен айыра аламыз. Жарықтың түрі түрлі ұзындықтағы толқындардың өзара араласуынан туады. Түстердің қоюлығы жарық толқындарының түріне қарай болады.

Заттар мен құбылыстардың түстері **хроматикалық** (қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін) **ахроматикалық** яғни **бояусыз** (ақ, қара және барлық сұр түстер) болып екіге бөлінеді. Хроматикалық түстер үш түрлі сапамен (түстің ашық болуы, реңкі, қоюлығы), ахроматикалық түстер тек ашық болуымен ғана ажыратылады.

Көру мүшесі – көз. Оның негізгі бөлімі – көз алмасы. Көз алмасының ішкі ортасын толтырып тұрған мөлдір қоймалжын зат – шыны тәрізді дене.

Екі бүйірінен қысылғандай ұзарыңқыраған шар тәрізді көз алмасын қоршап тұрған үш қабығы болады. Сыртқы қабықты ақ қабық деп атайды. Ақ қабықтың алдыңғы жағы дөңестеніп қалың қабыққа айналады. Көздің торлы қабығына жарық сәулесі осы қасаң қабық арқылы өтіп отырады. Сыртқы ақ қабықтың астыңғы екінші қабығы – **тамырлы қабық**. Тамырлы қабықтың алдыңғы бөлігі **нұрлы қабық** деп аталады. Көздің түсі осы нұрлы қабықтағы пигментке байланысты түрліше болып келеді. Нұрлы қабықтың ортасында **қарашық** орналасқан. Торлы қабықта жарық сәулесінің сезімтал таяқшасы және шақша (колбочка) деп аталатын фоторецепторлары орналасқан. Онда 130 млн-ға жуық таяқша, 7млн-дай шақша жасушалары бар. Таяқшалар ымыртта, қараңғыда көрудің, ал шақшалар күндіз көрудің аппараты болып саналады. Шақшалар торлы қабықтың ортасына, ал таяқшалар оның шеткі жағына орналасқан. Таяқша жасушаларында көру пурпуры деген зат болады, бұл жарық әсерінен химиялық жолмен бөліну арқылы көру жүйкелерін қоздырып отырады. Көру мүшесі үшін көмекші анатомиялық аппараттар да (бездер, қабық, кірпік, қас т.б.) тиісінше түрлі қызметтер атқарып отырады.

Заттардың түстерін көру “үш түс теориясы” деп аталатын теорияға негізделеді. Бұл теорияны алғаш рет ұлы орыс ғалымы М.В.Ломоносов ашқан болатын. Кейіннен оның көзқарасын неміс ғалымы Г.Гельмгольц /41/ кең тұрғыда қарастырған. Бұл теория бойынша көздің тор қабығында үш түрлі жұмыр жасушалар бар, олар жарық сәулелерінің әсерін түрліше сезінеді. Егер көзге ұзын толқынды сәуле әсер етсе, онда бірінші жұмыр жасушалар қозу күйінде келеді де, осының нәтижесінде адам қызыл түсті түйсінеді, екінші жұмыр жасушалар қозса, онда жасыл түсті түйсіну пайда болады. Ал үшінші жұмыр жасушалардың қозуы күлгін түсті түйсінуге мүмкіндік береді. Осы үш жұмыр жасуша қатар қозатын болса, адам ақ түсті түйсінеді, ал бұлардың қозу күші түрліше болса, аралық түстерді түйсінеді.

Көру жүйкесінің торлы қабықта байланысқан жерін соқыр дақ деп атайды. Торлы қабықтың бұл жерінде сезгіш элементтер кездеспейді, егер де қарап тұрған заттың сәулесі дәл сол жерге түссе, адам ештеңе көре алмайды.

Қасқан қабықтың сезгіштік күші – сары дақ, ондағы шақшалардың жиналған жері – орталық шұңқыр деп аталады. Адам көру үшін қарап тұрған объектісінің сәулесін сары даққа түсіруге тырысады. Ол үшін көзімізді ылғи қозғай береміз, сөйтіп, заттың барлық бөлшектерін бейнелейміз. Затты айқын көру үшін көзімізді бір нүктеге бағыттау керек. Бұл заңдылықты **конвергенция** деп атайды. Көз конвергенциясы жаңа туған нәрестеде болмайды, алғашқы күндері оның екі көзі екі жаққа қарап жатуы мүмкін. Көп ұзамай бөбек көзін бір объектіге тоқтата алады. Бір объектіні екі көзбен қарай отырып көру түйсігін бинокулярлық көру дейді.

Кейбір адамдардың көзінің түстерді айыра алмайтын кемістігі болады. Ал кейбір адамадар түстердің әр түрін жекелеп көре алмайды. Айналадағы заттардың бәрі ол адамға қоныр болып көрінеді. Көздің осындай кемістігін **дальтонизм** дейді. Ондай адам, әсіресе, қызыл және жасыл түсті айыра

алмайды. Ер адамдардың 4-5 пайызы дальтондық болса, әйелдер 0,5 пайызы ғана. Сонымен, көру түйсінуі дүниетану үрдісінде өте маңызды орын алады. Өйткені адам көру арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстардың көпшілігін түйсіну мен бірге оларды анық танитын болады.

Есту түйсігі. Есту рецепторына тітіркедіргіш болатын – ауаның толқындары. Ауа толқыны деп ауаның белгілі ырғақпен бірде тығыздалып, бірде селдіреп ыдырауын айтады. Сол толқындар әр тарапқа тарайды. Ауа толқындарының физикалық құрылысы өте күрделі. Біз сол толқындардың жиілігін, амплитудасын және формасын ажырата аламыз. Ауаның бір секундта өтетін толқынын **герц** деп атайды. Адамның есту рецепторы 1 сек. ішінде орта есеппен 16000-нан 22000 герцке дейін ауа толқынын түйсіне алады. 16 герцтен төменгі жиілікпен өтіп жатқан толқындарды құлағымыз түйсіне алмайды. Біздің талдағыштарымыз түйсіне алмайтын 12-16 герцтен төменгі дыбыстарды **инфрадыбыстар** деп атайды. Ал толқынның жиілігі 22000-нан асып кетсе, ондай дыбысты адамның құлағы шалмай қалады. Мұндай жіңішке дыбыстарды **ультрадыбыстар** дейді.

Жануарлардың дыбысты сезгіштігі адамнан асып түседі. Мысалы, жәндіктер 80000 герцке жететін ультрадыбыстарды түйсіне алады. Жарғанат ұшқанда қанатымен ультрадыбыс шығарады. Ультрадыбыстардың айналадағы заттарға соғылып қайтқан жаңғырығын жарғанат түйсіне алғандықтан, тас қараңғы бөлмеде ештеңеге соқтықпай ұшып жүре береді. Тәжірибелік зерттеу нәтижелері арқылы жарқанаттын ми бағанасындағы есту орталықтарының адамның миындағы сондай бөлімдермен салыстырғанда 100 есе артық дамығаны байқалды.

Құлақ - есту рецепторы. Ол үш бөлімнен тұрады: 1) сыртқы құлақ; 2) орта құлақ; 3) ішкі құлақ. Сыртқы құлаққа құлақ қалқаны және оның есту жолы жатады. Құлақ қалқаны – дыбыстың бағытын белгілеп отыратын және оны жинауға себепкер мүше. Ондай міндетті қалқанның бұлшық еті орындайды. Бұл мүшенің физиологиялық күші ерекше болып келеді.

Сыртқы құлақты орта құлақтан бөліп тұратын мүше – дабыл жарғағы. Ол нәзік болғанымен, өте берік. Дабыл жарғағы серіппелі болғандықтан, ауа толқынын бұлжытпай шайқалтады. Өзінің тербелуін дабыл жарғағы орта құлақтың сүйекшелеріне мүлтіксіз жеткізеді.

Ортаңғы құлақтың элементтері үш сүйекшеден, яғни балғашық, төс және үзеңгіден тұрады. Балғашық ауаның жарғақта шайқалуын төске жеткізіп, төс дірілдерді үзеңгіге апарды. Үзеңгі сырттан келген дірілдерді ілгері жөнелтеді.

Ішкі құлақтың құрылысы өте күрделі. Ішкі құлақты кейде лабиринт деп те атайды. Құлақтың бұл бөліміне, ең алдымен, спиралдық сүйектен құрылған иірім түтік (улитка) жатады. Ол өзінің негізгі бел ағашынан бастап екі жарым айналым жасайтын ирек қуыс. Бұл қуыс ұзынынан тартылған перде арқылы екі каналға бөлінеді. Каналдың біреуі үзеңгінің табаны жауып тұратын сопақ тесіктен басталады. Иірім түтік арнасын екіге бөліп тұратын

перденің бір бөлігінде негізгі мембрана орналасқан. Негізгі мембрана әртүрлі ұзындықтағы көлденеңінен керілген 24000-дай жүйке талшықтарынан құралады. Үстіне иілген доға сияқты сезімтал нейрондары бар осы талшықтарды физиологияда корти мүшесі деп атайды. Иірім түтігі ішінде есту үрдісін іске асыруға жәрдемдесетін эндолимфа деп аталатын сұйық зат болады. Адам денесінің кеңістіктегі қалпын және қимылын түйсініп отыратын мүше бар. Ол жартылай имек каналдар. Олардың негізгі міндеті денеміздің тепе-теңдігін сақтау болып табылады.

Есту түйсігі ауа толқынының дабыл жарғағына әсер етуінен басталады. Ауының шайқалуы иірім түтігіндегі сұйық затта күшіне қарай толқын тудырады. Сол толқындар корти мүшесінің сезімтал нейрондарына жеткенде қозу пайда болады. Сыртан жеткен толқындар әсерінен 24000 жүйке талшықтарының бәрі бірдей қозбай, эндолимфада пайда болған толқын күшіне орай мембрананың кейбір топтары ғана қозады. Мембрана ерекшелігіне байланысты есту жайында Гельмольцтің резонанс (жаңғырық) теориясы бар. Бұл теория дыбыс тітіркендіргіштерінің күші мен жиілігі корти мүшесіндегі электр толқынының күші мен жиілігіне сай келеді деп анықтайды. И.П.Павлов /10/ лабораториясында итін негізгі мембранасының ұзын талшықтарын кесіп алып тастағанда, төменгі дыбыстарды түйсінуге иттің шамасы келмеген. Ал қысқа талшықтарды кесіп тастағанда, жоғары дыбыстарды түйсіне алмаған. Мұндай тәжірибе Гельмгольцтің жаңғырық теориясының дұрыстығын дәлелдейді.

Адам дыбыстарды ауа толқындары арқылы рецепторлармен түйсінеді. Бұл үрдістің екінші жолы – дыбысты сүйек арқылы есту. Мысалы, құлаққа мақта тығып қойып, дірілдеп тұрған камертонды бас сүйегіңе тақасаң, дыбыс айқын естіледі. Дыбыстың сүйек арқылы берілуі ауа арқылы емес, дыбыс шығарып тұрған зат пен сүйектің жанасуы нәтижесінде естіледі.

Тері түйсіктері заттардың механикалық және термикалық сипаттарының теріге әсер етуінен туады. Тию мен басу түйсігі, суықты, жылылықты, ауырды түйсіну де тері түйсіктеріне жатады. Сипау арқылы затты түйсіну терінің ғана қызметі емес, бұл күрделі үрдіс. Оның қызметіне қимыл-қозғалыс рецепторлары да қатысыды.

Қол еңбек ету мүшесі ғана болып қоймай, дүниетану үшін де күшті рөл атқарады. Заттардың формасын, үлкендігін, майдалығын, бұжырлығын көзбен көрмей ақ, қолмен сипау арқылы ажыратамыз. Сезім мүшелері сау адамдардың сипау түйсігі, әдетте, онша көп жетілмеген. Түйсіктің бұл түрі, әсіресе, құлағынан айырлған, көзі көрмейтін адамдарда ерекше дамыған. Мысалы, өзі сөқыр әрі саңырау, сақау, американдық әйел Елена Келер мен Мәскеудегі Ольга Скороходова тері түйсіктерін жетілдіру нәтижесінде Л.Браиль жүйесімен оқып-жазуды үйреніп, ғылыми атақтар алған. О.И.Скороходова “Мен айналадағы дүниені қалайша танып білемін” деген еңбектер жазып, белгілі дефектолог маман болды.

Тері талдағыштарының ноқаттары тері беттерінде біркелкі орналаспаған. Арнайы зерттеулердің мәліметтері бойынша түйсік ноқаттарының есебін келесі реттегі санмен көрсетуге болады: тию нүктелері – 1 млн.-дай, ауру нүктелері – 4 млн.-дай, суықтық нүктелер – 250000-дай, жылылық нүктелері - 30000-дай. Мұндай тактильдік талдағыштардың ең көп орналасқан жері ерін, тіл мен саусақтың ұштары. Біз оларды мүшелеріміздің сезгіштігінен байқауымызға болады.

Терідегі температуралық өзгерістерді түйсінетін негізгі екі рецептор болады. Біріншісі – қызулықты түйсінетін **руффини** жасушалары, екіншісі – төмендеп, салқындауды түйсінетін **краузе** колбалары. Қалыпты жағдайдағы адамның денесіне тән температураны шартты түрде “физиологиялық нөл” деп атайды. Айналадағы ортаның температурасы осы физиологиялық нөлден төмен түсе бастаса, краузе колбалары тітіркенеді, егер де нөлден көтеріле бастаса, руффини жасушалары қоза бастайды.

Иіс түйсіктері мұрын кеңсірігіндегі кілегей қабық жасушаларына түрлі химиялық заттардың әсер етуінен пайда болады. Тітіркендіргіштер әсерінен туған қозуды иіскеу рецепторы өзінің бойымен ми жарты шарларының астыңғы жағында орналасқан иіскеу орталығына жеткізеді. Сол кезде талдау басталып, адам иіс түрлерін айырып байқайды.

Иіс түрлерін жіктеп бөлу ғылымда әлі жете зерттелмеген мәселелер қатарына жатады. Сондықтан иіс түрлері иіс шығаратын заттардың атымен аталады. Мысалы, жусан иісі, лимон иісі, алма иісі, бензин иісі т.б. Иіскеу жасушаларына тітіркендіргіш ретінде әсер ететін, оларда қозу тудыратын – ауада газ немесе бу түрінде ұшып жүрген химиялық заттар. Адам ауаны ішіне тартып тыныс алғанда, ауамен бірге кеңсірікке кірген химиялық элементтер иіскеу жасушаларына келіп ериді.

Жануарлар өмірінде иіскеу түйсігінің биологиялық рөлі өте күшті. Көптеген жануарлар өз қорегін иіс арқылы тауып алып қоректенеді. Адам өмірінде иіскеу рецепторының рөлі аса күшті болмағанымен, тіршілік ортасы мен өмір тәжірибесіне сәйкес күшейіп, жетіле түседі. Иіс түйсіктері адамның тұрмыс салтына, қызмет сипатына қарай дамиды.

Иісті нәзік сезіп, ажырата білу соқыр, мылқау, керең адамдарда ерекше дамыған. Олар бөтен адамдарды, түрлі нәрселерді алыстан-ақ иісінен “таниды”. Адамның дамуында иіскеу рецепторы өте ерте іске қосылады. Мәселен, жаңа туған нәресте алғашқы күндерден бастап-ақ анасын иісінен тани алады.

Дәм түйсіктері. Дәмді айыратын мүше – тіліміздегі дәм бүршіктері. Оны тітіркендіретін – белгілі дәмі бар, суға ерігіш түрлі химиялық заттар. Дәм бүршіктері тілдің бетінде, жақтың ішінде, таңдайда, жұтқыншақтың арт жағында орналасқан. Олардың ең көп орналасқан жері – тіл аймағы. Дәм түйсінулерін, оны тудыратын тітіркендіргіштерге қарай төрт түрге бөледі **тәтті, ащы, тұщы, қышқыл** деп ажыратады. Тілдің түрлі бөліктері дәмнің жоғарыдағы аталған төрт түрін түрліше сезеді. Тәтті дәмді тілдің ұшы,

ащыны – тілдің түбі, қышқылды – тілдің екі жақ шеті, тұщыны – тілдің ұшы мен екі шеті түйсінеді. Егер әртүрлі нәрсені тілдің ортасына салса, адам көпке дейін оның дәмін ажырата алмайды. Өйткені, дәм сезетін бүршіктер тілдің ортасында болмайды.

Балада дәм түйсіктері ерте дамиды. Олар түрлі тағамдық заттардың қасиеттерін айыру жолымен жетіледі. Дәм түйсіктері адам психологиясына түрліше әсер етіп, дәмді тағамдар – адамның тәбетін ашады.

Кинестетикалық түйсіктер қимыл мүшелері кеңістіктегі қалпын өзгерткенде пайда болатын үрдістерге байланысты. Мұндай түйсіктердің рецепторлары бұлшық еттерде, сүйектерді бірімен-бірі байланыстырып тұратын сіңірлер мен тарамыста, екі сүйектің бір-бірімен түйіскен буын аралығында болады.

Кинестетикалық түйсіктің табиғаты күрделі. Өйткені, ол сапалық жағынан айырмашылығы бар бірнеше рецептордың бір мезгілде тітіркенуінен пайда болады. Қимылдарды орындағанда бұлшық еттегі рецепторлар ұшының тітіркенуі бұлшық еттердің тонусын түйсіндіреді. Тарамыстағы жүйке ұштарының тітіркенуі бұлшық еттің қысқаруын білдіреді. Қозғалу талдағыштары арқылы адам өз денесінің және жеке мүшелерінің қозғалуы, олардың тездігі мен күші, бұлшық еттерінің қысқарып босаңсуы, керілуін түйсінуге мүмкіндігі жайында үздіксіз хабар алып отырады. Кинестетикалық талдағыштың шетте не болып жатқаны туралы миға тез хабар жеткізіп отыруын кері афферентация деп атайды. Денедегі әртүрлі кері афферентацияға байланысты үрдістер адамның көздеген мақсатына сай келмесе, бұл үрдістерді бөгіп мүлдем жойып жіберуге мидың шамасы келеді. Кинестетикалық талдағыштардың кері афферентация жасау қызметі нашарлай бастаса, адамның күрделі қозғалыс әрекеті де күйрей бастайды. Оны көру рецепторы арқылы бақылап отырмаса, өзінің жасаған қимылдарын белгілі арнаға түсіріп отыруға адамның шамасы келмей қалады.

Кинестетикалық түйсіктер адамның сөйлеу әрекетінде де ерекше орын алады. Өйткені, ерін, тіл, дауыс шымылдығы қатынасатын қимылдардың дәлдігінсіз сөйлеу мүмкін емес. Жазудың да негізі – кинестетикалық түйсіктер. Адам өміріндегі толып жатқан дағдыларды кинестетикалық талдағыштарсыз меңгеру мүмкін емес. Қимыл-қозғалыс дағдыларының барлығына жуығы кинестетикалық түйсікке сүйене отырып жасалады.

Органикалық түйсіктер адамның органикалық қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Органикалық түйсіктерге қарын ашу, тою, шаршау, жүрек айну, тұншығу, дененің қызығуы, жүрек және тыныс алу мүшелерінің қызметіне байланысты туатын сезімдер мен ішкі органдарда пайда болатын түйсіктер жатады. Адам тоқ, дені сау кезінде немесе іс-әрекет үстінде түйсіктердің бұл түрін байқай бермейді. И.М.Сеченов /19,40/ түйсіктердің бұл түрін “көмескі түйсіктер” деп атаған. И.П. Павлов /22/ мектебінің зерттеу нәтижелері көрсеткендей, органикалық түйсіктер адамның “хал-күйінің” негізі болып

саналады. Органикалық түйсінулер адамның материалдық қажеттілігімен және солардың өтуі мен байланысты. Сонымен қатар, органикалық түйсінулер адамның эмоциялық сезімдері мен байланысып жатады.

Статикалық түйсіктерді тең басу түйсіктері деп те атайды. Бұл түйсіктің рецепторлары ішкі құлақтағы вестибулярлық аппаратта орналасқан. Статикалық түйсік бастың қозғалысын, дененің кеңістіктегі орнын, адамның тең басуын бейнелейді. Ғарышты меңгеру дәуірінде адамдардың статикалық түйсігін жетілдірудің маңызы ерекше. Мәселен, ғарышкер мамандарды даярлауда олардың вестибулярлық аппаратын жаттықтырып, оларды көру, қозғалыс талдағыштарымен үйлестіре дамытып отыруға баса мән берілді.

Адам 30-40 секунд ішінде денесіне салмақ түсуді және салмақсыздықтың алмасуын түрліше түйсінеді. Осы ерекшелікке сәйкес адамдарды мынандай үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші – жүйке жүйесі барынша төзімді адамдар мұндай жағдайда онша қиналмайды. Ал екінші біреулер тосын тітіркендіргішке кездескенде ыңғайсызданып, тез шаршайды, өңі бозарып, терлейді, жүрегі айнып, өзін әлсіз сезінеді. Үшіншісі сәл басы айналғанын сезгенімен, бірте-бірте оған бейімделеді. Бұл адамдардың жүйке жүйесі төзімді болады. Олар өз денесін ерік-жігерімен билейді, эмоциялық төзімділігі мол, қимыл-қозғалыстарын қандай жағдайда болса да үйлестіріп, денесін дұрыс бағдарлай алады.

Вибрациялық түйсіктер деп қозғалған заттардың ауаны толқытуын денеміздің сезінуін айтамыз. Мұндағы негізгі талдағыштар – түйсіну мүшелеріміз. Дамуы қалыпты жағдайдағы адамдар бұл түйсікті байқамайды. Ал егер адам есту қабілетінен айырлса, онда вибрациялық түйсіктер оның тіршілігінде ерекше орын алады. Кейбір саңырау, керең адамдар музыканы, әнді күшті ынта қойып “тыңдайды”. Өйткені, олар дыбысты вибрациялық сезімі арқылы түйсінеді. Олар рояльда ойналған әуендерді оның үстіне қолын қою арқылы естиді. Мұндай адамдар оркестірді тындағанда, концерт залына барғанда сахнаға теріс қарап отыруды ұнатады.

Түйсіктің жалпы заңдылықтары

Түйсіктердің заңдылықтарын екі түрге бөліп қарастыруға болады. Бірінші түйсіктер мен тітіркендіргіштер арасындағы сандық қатынасқа байланысты психофизикалық заңдылықтар; екінші – түйсіктер мен сезім мүшелерінің қалпына тәуелді психофизиологиялық заңдылықтар.

Сезгіштік және түйсік табалдырығы. Талдағыштардың рецепторларына әсер еткен тітіркендіргіштердің бәрі бірдей түйсік тудыра бермейді. Түйсік тудыру үшін тітіркендіргіштердің белгілі бір дәрежелік мөлшері және күші болуы тиіс. Бұл жағдай түйсіну үрдісіндегі түйсік табалдырығына байланысты. Түйсіну табалдырығының шегі – **абсолюттік табалдырық.**

Түйсіктің абсолюттік табалдырығы деп өте нәзік сезілетін түйсік туған кездегі тітіркендіргіштің азғана шамасын айтады. Түйсік табалдырығы екіге бөлінеді: төменгі минималдық табалдырық және жоғарғы максималдық табалдырық. Егер тітіркендіргіштер әлсіз болып, түйсіктің төменгі

табалдырығына жетпесе, онда әсер еткен тітіркендіргішті адам түйсіне алмайды. Абсолюттік табалдырықтың күші адамның абсолюттік сезгіштігін сипаттайды: абсолюттік табалдырық күші неғұрлым аз болса, абсолюттік сезгіштік соғұрлым жоғары, өткір болады.

Абсолюттік сезгіштіктің саны мен түйсіну табалдырығы түрлі себептерге байланысты. Мұндай себептерге адамның іс-әрекеті, жасының ерекшелігі, рецепторлардың қызметі, тітіркендіргіштердің күші мен әсері, мерзім ұзақтығы жатады.

Табалдырық түрлерінің абсолюттік сезгіштігі әр адамда әртүрлі болып келеді. Мысалы, адамның сыбырлап айтқан сөзін бір бала едәуір алыста тұрып естиді, ал екінші бала ондай аралықтағы сөзді ести алмайды. Бұл бірінші баланың абсолюттік сезгіштігінің екінші балаға қарағанда күштірек екендігін көрсетеді. Адам талдағыштарының абсолюттік сезгіштігінің жоғары екендігін академик С.И.Вавилов /7,41/ зерттей отырып, адамның көзі жарық қуатының 7-8 квантасына реакция жасай алатынын анықтаған.

Сезгіштіктің абсолюттік табалдырықтан басқа тағы бір табалдырығы **айыру табалдырығы** деп аталады. **Айыру табалдырығы, бұл – түйсіктердің болар-болмас айырмашылығын тудыратын тітіркендіргіштердің минималдық айырмасы.** Айыру сезгіштігі деп рецепторлардың тітіркендіргіштер арасындағы азғантай ғана, болмашы айырмашылықты түйсіне алуын айтады. Мысалы, жаңып тұрған 100 люкстік шамаға бір люкс қоссақ, жарықтың күшейгені байқалады. Демек, бір люкс адамның көз рецепторы үшін айыру табалдырығы болып табылады. Дыбысты айыратын табалдырықтың күші орта есеппен 1/10-ге тең. Мәселен, 100 кісі қатынасқан хорға 10 адам қосылса, хор аздап қана артады.

Тітіркендіргіштердің күші мен адамның түйсінуінің арасында логарифмді тәуелділік бар екені анық. Мұны – психофизикалық заңдылық деп атайды. Бұл заңдылықты тұңғыш рет ашқан неміс физиологы Э.Вебер (1795-1878) және неміс физигі Г.Фехнер (1801-1887) /2,19/. Бұл заң бойынша тітіркендіргіштің күші геометриялық прогрессия жолымен күшейсе, сол тітіркендіргішті тудыратын түйсінудің күші арифметикалық прогрессия жолымен арта түседі.

Адаптация, сенсбилизация, синестезия

Сезім мүшелерінің сезгіштігі әсер ететін тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуіне қарай өзгеріп икемделеді. Бұл құбылысты **адаптация** (бейімделу) деп атайды. Сезім мүшелерінің бейімделуі түйсіктің кез-келген түрінде кездеседі. Мысалы, жарық жерден қараңғы үйге кіргенде көз қарашығы 17 есе ұлғаяды. Бұл қарашықтан өтетін жарық мөлшері де 17 есе көбейеді деген сөз. Қараңғыда көздің көргіштігіне торлы қабықтың шетіне орналасқан таяқшалар күшті әсер етеді. Адаптация құбылысына шеткі жүйке жүйесімен бірге ми қабығы да қатысады. Адаптация тері түйсіктерінде де

күшті байқалады. Осының салдарынан кейбір адамдар тітіркендіргіштерді түйсінбей де қалады. Температуралық түйсіктердің де адаптациясы мол. Мысалы, судың бірқалыпты салқындығына дене аз уақыт ішінде тез төселіп, адамның терісі суыққа тітіркенбейтін болады.

Адаптация иіс түйсіктерінде түрлі деңгейде көрінеді. Мәселен, камфараның иісі 1-2 минуттан кейін сезілмейтін болса, ал қыша мен нашатр спиртінің иісіне бейімделу тезірек болады. Ауырсыну түйсіктеріндегі адаптация өте әлсіз, ауырсыну ағзаның қалыпты жұмысының ауықуын, оның биологиялық ролін көрсетеді. Адаптация – үнемі өзгеріп отыратын сыртқы дүние тітіркендіргіштеріне талдағыштардың қалай да бейімделе алатандығын байқатады.

Сенсибилизация. Егер адаптация құбылысы талдағыштар сезгіштігінің түрлі жағдайларға орай бәсеңдеуінің көрсеткіші болса, ал сенсибилизация – сезгіштіктің тек артуын ғана көрсететін құбылыс. Сезім мүшелерінің біреуінің әсерінен басқаларының сезгіштігі артып отырады. Әлсіз тітіркендіргіштер өзімен бірге әсер етіп тұрған басқа тітіркендіргіштердің сезгіштігін арттырады. Мысалы, көзге түскен жарық мөлшері оның көру қабілетімен қатар, есту түйсігінің де сезімталдығын арттыруға себеп болады. Әдетте, қызыл түс адамның ақ, қара түстерді дұрыс ажыратуына көмектеседі. Ұшқыштардың түнгі ұшуға даярлану кезінде көздеріне 20-30 минут бойы қызыл көзілдірік киетіндері осыған байланысты. Психологиялық зерттеулердің көпшілігінде адамның таза ауада жиі демалуы, жеңі-желпі дене қимылдарын жасауы, беті-қолын салқын сумен сүртінуді көру сезгіштігін арттыратындығы анықталған.

Синестезия. Тітіркендіргіштер сезім мүшелерінің біреуінде ғана түйсік туғызудың орнына сол сәтте басқа түйсіктердің пайда болуына да жағдай жасайды. Мәселен, кейбір адамдар біреудің сөзін естігенде, бұған қоса түрлі дәмдер мен түстерді де сезінуі мүмкін. Сондай адамдардың бірі қызғылт түстен – жылылықты, екіншілері көгілдір жасыл түстен суықты сезінеді. Түйсіктердің осылайша қосарланып жүруін **синестезия** дейді. Есту, көру, сипап сезу, иіс, дәм түйсіктерінде кездесіп отыратын осы құбылыс өмірде онша жиі кездесе бермейді. Синестезия – түйсіктердің өзара байланысының шамадан тыс дамыған бір көрінісі.

Бір ізді бейнелер. Тітіркендіргіш әсерінің тоқтағанына қарамастан, түйсіктің аз ғана уақыт болса да өз күшінде қалатын кездерін бір ізді бейнелер деп атайды. Бұлар көру, есту, иіс, дәм, тактиль түйсіктерінде жиі кездеседі. Мысалы, адам 2-3 секунд бойы көз алмай, шамға қарап отырып, содан кейін көзін жұмса, жарықтың ізін айқын көре алады. Бір ізді бейненің бұл түрі **оң ізді бейнелер** деп аталады. Екі парақ ақ қағазды қолға алып, бірін сол ақ күйінде қалдырып, екіншісінің ортасына шаршылап қиылған қызыл қағаз жапсырып қойып, бұдан соң қызыл қағаздан 20-30 секундтай көз алмай отырып, көзімізді ақ қағазға сәл аударсақ, оның бетінен көгілдір түсті көруге болады. Бұл сипаттама, теріс бір ізді бейненің мысалысына жатады. Соңғы

түс – алғашқы қызыл шаршының теріс бір ізді бейнесі. Бір ізді бейнелер көбінесе адамға байқала бермейді. Себебі, мұндай тітіркендіргіштің бір түрі екіншісімен жалғасып, ілесіп отырады. Оның байқалмауы – көздің тор қабығының ылғи қозғалып тұруынан. Сондықтан адамның көзі талмайды. Орталық жүйке жүйесінің жрғары бөліктерінде түрлі қозулардан қалған іздер бір ізді бейнелердің физиологиялық негізі болып табылады.

Қабылдаудың негізгі ерекшеліктері

Сезімдік таным үрдісі редінде қабылдаудың өзіне тән ерекшеліктері бөлінеді:

а) Қабылдаудың тұтастығы. Бұл қасиет бойынша заттар мен құбылыстардың сыртқы түріне қарай бөлшектеніп, ажыратылып тұрғанына қарамастан, оларды тұтас түрінде қабылдаймыз. Мәселен, кесінділер бір-бірінен бөлек тұрғанымен, оларды үшбұрыш немесе төртбұрыш деп танимыз.

ә) Қабылдаудың мағыналылығы. Қабылданған объект тұтас болып, оның мән-жайы сөзбен беріліп, мазмұны тұжырымдалады. Бұл ерекшелікте қабылдаудың түйсіктен негізгі айырмашылығы айқын көрінеді. Қабылдау мағынасының қарапайым түрі – тану. Тану жалпылап тану немесе талғаусыз тану және даралық тану болып бөлінеді. Жалпылап тануда құбылыстар кең тұрғыда біліне бермейді. Ал даралап тануда заттар мен құбылыстарды білу анық, толық түрде болады. Мысалы, бала көп ойыншықтардың арасынан өзінің ойыншығын таниды немесе көп адам ішінен өзінің ата-анасын тани алады.

б) Қабылдаудың таңдамалылығы толып жатқан объектілердің бірін таңдап алудан байқалады. Мұның мәнісі әрбір заттар мен құбылыстардың сапасын, қасиетін қабылдау болып табылады. Қабылдаудың таңдамалы болуындағы тағы бір ерекшелік –заттың сыртқы түрін қабылдауда хабарлаушы мәнінің болуы. Мұны **контур** деп атайды. Бұл заттың кескіні мен фонның қабылдау аралығында ажырату ерекшелігі. Қабылдаудың таңдамалы ерекшелігінде зейін сияқты сананың бір нәрсеге бағытталуы және адамның соған қызығып назар аударуы, танып-білуге талаптануы маңызды рөл атқарады.

Қабылдаудың таңдамалылығында объективтілік (заттың өзіндік ерекшеліктері), субъективтілік (адамның сол нәрсеге қызығуы мен зейін аударуы) жағдайлары да ерекше маңызды. Бұл орайда, объектілерді қабылдаудың **екі жақты көрінуі** дейтін түрінің мәні зор. Мысалы, ваза мен адам профилі, қоян мен үйрек балапанының суреттерінде айқын байқалады.

в) Қабылдаудың тұрақтылығы (константтығы). Сыртқы жағдайдың өзгеруіне қарамастан, заттар сол күйінде, өз қалпында қабылданады. Мысалы, темір жол релсі ұзақтаған сайын бірігіп кететін сияқты. Бұл жағдайда алыс пен жақын арасы сол күйінде бір қалыпты болып қабылданады.

Заттар мен құбылыстарды қабылдаудағы тұрақтылық адамның өмір тәжірибесіне байланысты болып отырады. Әрбір зат сөзбен, өз атауларымен

аталып, сана мен ойлау үрдістері байланысып жатады. Қабылдауда ес үрдісі де маңызды рөл атқарып, бұрынғы қабылданған құбылыстардың бейнесі қайта жаңғырады.

Бақылау және бақылампаздық

Бақылау не **байқау**, бұл – белгілі мақсат қойып, объектіні әдейі қабылдау. Көріп қана қою жеткіліксіз, затты білу үшін көзқарас, пікір болуы қажет. Бақылау - әрі жүйелі, әрі мақсатты үрдіс, арнайы жүргізілетін әрекет. Ой жүгірту, зейін қою – бақылаудағы негізгі әрекеттер болып саналады.

Бақылампаздық – адамның ерекше, құндылы қасиетінің бірі. Осы ерекшелік бойынша көпшілік көрмеген нәрсені, сапаны, ерекшеліктерді бақылап, оларды ажыратуға болады. Мәселен, малдың мінез-құлқы бойынша ауа райының қандай болатындығын білуге болады. Сондай-ақ, қыс кездері мен жаз айларындағы ауа райын салыстырып, жаңбырлы, қарлы болатын күндерді анық болжауға болатыны ерте кезден-ақ белгілі. Әрине мұндай болжамдарды кез-келген адам айта алмайды. Бұл олардың өмір тәжірибесіне, біліктілігіне, әр нәрсеге ерекше зейін қоюшылық қасиетіне байланысты болып келеді.

Бақылаудың физиологиялық негізіне таңдану рефлексі жатады. Мәселен, Австралиядағы абориген тайпасының адамдары шөл даладағы мыңсан “белгілерді” қатесіз оқи алады (ізшілдік, құпия сырларды ашу, адамның ізіне қарап салмағын, бойын білу). Сондай-ақ, ұстаздар мен тәрбиешілердің, шеберлер мен тәлімгерлердің оқыту, тәлім-тәрбие істерінде үнемі бақылау жүргізіп, шәкірттердің психикалық дамуын белгілі жүйелілікпен байқап отыру да - өз жұмыстарында табысқа жетудің кепелі. Бақылау белгілі бір заттар мен құбылыстарды жүйелі түрде қабылдау әрекеті болып саналса, бақылампаздық – адамның жеке басына тән, танып білуге қызығу мен құмарту қасиеті болып табылады. Қабылдау түйсікке қарағанда күрделі үрдіс. Бұл үрдісте бірнеше талдағыштар бірлесіп жұмыс атқарады. Жүйелі, мақсатты бақылау, кез-келген жұмыста құндылы, жемісті болып табылады.

Апперцепция және оның қабылдаудағы рөлі

Апперцепция – латын сөзінен шыққан, қабылдауға қосымша деген ұғымды түсіндіреді. Адамның психологиялық жәй-күйі мен оның өткендегі өмір тәжірибесінің мазмұнын қабылдауда маңызы ерекше болып келеді. Демек, қабылдаудың адамның психикалық өмірінің мазмұнына және оның тұлғасының ерекшелігіне тәуелділігін апперцепция деп аталуы осыған түйінделеді. Апперцепция тұрақты және уақытша деп екі түріге бөлінеді. Тұрақты апперцепция адамның қызығуы мен дүниетанымына, мамандығы мен білім деңгейіне байланысты болып отырады. Мысалы, “түбір” деген сөзді филолог пен биологтың, математик пен химиктің қабылдауы түрліше.

Уақытша апперцепция адамның әр түрлі алдануы (иллюзия) салдарынан жаңсақ пікірлер туғызады.

“**Иллюзия**” – латын сөзі, мағынасы – алдану. Алдануда қабылданған заттар мен құбылыстар біріне-бірі сәйкес келмей, бұрмаланады. Стакан ішіндегі суға қасықты салғандағы кескінің кесенді болып көрінуі де алданудың бір мысалы. Қабылдау заты мен оның сезілген бейнесі өзара барабар болып келеді. Бірақ көру арқылы қабылдауда алданулар болып тұрады.

Жүйке жүйесінің ауруына шалдығуына байланысты жалған, теріс, бұрмаланған бейнелер туады. Осы орайда **галлюцинация** деп аталатын жағдай туады. Бұл термин қиялдану, шатасу деген түсінікті білдіреді. Мұндай жайттар көбінесе нашақорлыққа, маскүнемдікке салынған және улы дәрілерді қолданған адамдарда жиі кездеседі. Ондай адамдар жүйке жүйесінің ауруына ұшырау салдарынан әрбір нәрсені бұрмалап қабылдап, әр түрлі дыбыстарды естиді.

Кеңістік пен уақытты қабылдау

Материалистік ілім материя мен болмыстың өмір сүруін екі түрлі формасы бар деп санайды. Олар – кеңістік пен уақыт. Бұл формалар шексіз. Уақыт пен кеңістікті түйсіну адамның тіршілік етуіне қолайлы жағдай жасап бағдар көрсетеді. Сол арқылы адам өз түсінігінен тысқары объективті болмысты бейнелегенде оның өмір сүрген ортасы жайында қажетті мәліметтерді біліп, тіршілік ету жағдайына бейімделеді.

Кеңістіктегі объектілерді қабылдау – күрделі үрдіс. Дүниедегі заттардың барлығы кеңістікте орналасқан. Олардың әрқайсысының белгілі түр-түрпаты болады: ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, үлкен-кіші т.б. Олар бізден түрлі қашықтықта орналасқан. Кеңістіктегі заттардың көлемін екі көзбен, яғни бинокулярлық көрудің маңызы зор. Бір көзбен көру монокулярлық нәрселердің тереңдігі жөнінде дәл мағлұмат бере алмайды. Бинокулярлық көруде екі көзге түсетін кескін қосылып, заттың бедері айқын сезіліп, бір кескінге айналады. Осылайша көріп, қабылдауда заттар тұтасып, олардың қашықтығы, қоршауы, шамасы, түр-түсі кең тұрғыда байқалып, айқын көрінеді.

Қашықтық пен заттар көлемін қабылдауда көздің **конвергенциясы** (жақындауы), яғни екі көзбен көретін затқа бір көздей болып әрекет етуі қажет. Бұл жақын жердегі нәрселерді ажыратудан байқалады. Ал алыстағы нәрселерге қарағанда олардың екіге бөлініп кетуін **дивергенция** дейді. Көздің түрліше қашықтықтағы заттарды көруге бейімделу қабілеттілігін **аккомодация** деп атайды. Қашықтықтағы нәрселерді қабылдау адамның өмір тәжірибесімен байланысты.

Заттың бағытын қабылдау көздің торлы қабығындағы сәулеленумен қатар дене қозғалысының жағдайына да байланысты. Адам заттардың

бағытын тік тұрып не отырып, көлбеу жағдайда ғана дұрыс қабылдайды. Кеңістікті дұрыс қабылдау әр адамның іс-әрекетінде өте маңызды болып саналады.

Дүниедегі заттар мен құбылыстардың бәрі, кеңістік пен уақыт ішінде қозғалыста болады. Уақытты қабылдау бірнеше компоненттерден, яғни ырғақ, қарқын және т.б. тұрады. Уақыт құбылыстың белгілі бір ырғағымен өтіп, қарқыны арқылы өлшенеді. Өйткені уақыт – материяның өмір сүруінің объективті ақиқатты формасы.

Уақытты қабылдауда субъективтік мезеттер маңызды болып саналады. Өткен шақ жылдам, қысқа мерзімде өткен сияқты болады. Оларды дәуір, кезең, ғасыр, жылдармен өлшейді. Осыған байланысты өткен оқиғалар көмескі болып қабылданады. Осы шақ та ғасыр, жыл, ай, күн, сағатпен өлшеніп, нақтылы ізбен қабылданады. Өткен шақтың тез өтуі, келер шақтың ұзақ болып көрінуі субъективтік жағдайларға түйінделеді. Мәселен, адамның уақыты пайдалы, қызықты іс-әрекеттерге, көңілді шаттарға толы болса, тез өтеді, ал қызықсыз, нәтижесіз, мәнсіз болса, ұзақ уақыт болып көрінеді.

ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Ойлаудың адам дүниетанымындағы маңызы

Адамның өз өмір тіршілігі мен күнделікті іс-әрекетінде әр алуан мәселелерді шешіп отыруына тура келеді. Осындай мәселелер мен күрделі істерді шешу жолында кездесіп отыратын қиыншылықтар қоршаған ортамызда бізге әлі де беймәлім құбылыстар мен сыры ашылмаған нәрселердің көп екендігін көрсетеді. Соған орай, біз дүниенің сыр-сипатын ұғыну үшін заттар мен құбылыстардың өзара қатынастарының құпиясын тереңірек білуді, оларды ашып көрсетуді мақсат етеміз. Міне, осындай мақсат-мүдделерге жету жолында әрбір адам өзінің іс-әрекетінде заттар мен құбылыстардың белгісіз қасиеттерін, тәжірибесі мен білімінің, шама-шарқының жеткіліксіздігін аңғарады. Өйткені, әлем шексіз, соған орай дүниені танып білу де шексіз. Адамның ойы сол шексіз әлемдегі нәрселердің сырын, құпиясын білуге бағытталады. Әрбір адам ойланып-толғанғанда өзіне беймәлім нәрселердің сырын ашып, жаңалықты біледі. Мысалы, оқушы оқу материалының мәнін түсініп, есеп шығаратын болса, мұның өзі оған жаңалық ашқандай болып көрінеді.

Сонымен, ойлау дегеніміз- әлеуметтік жағдаймен ұштасқан, тілімен тығыз байланысты психикалық үрдіс, сол арқылы болмыстың, дүниедегі нәрселердің жалпы және жанама бейнеленуі. Бұл бейнелену адам ойының талдау және біріктіру әрекеттер арқылы танылады. Бір сөзбен айтқанда, ойлау – сыртқы дүниедегі болмыстың жалпы жанама жолмен біздің санамыздағы ең биік сатыдағы бейнесі. Ойлау адамның өмір тәжірибесі мен практикалық іс-әрекеттері нәтижесінде пайда болып, тікелей сезім үрдісінің шеңберінен әлдеқайда асып түседі.

Ойлаудың сезімдік таныммен және тілмен байланысы

Дүниетану тікелей сезімдік үрдістер – түйсіну, қабылдау, пайымдаудан басталып, одан әрі ойлануға қарай өрбиді. Таным үрдістерінің барлығы да тікелей сезімдік үрдістер – түйсіну, қабылдау, елестетумен байланысты. Елес – заттардың нақты бейнесін көз алдымызға келтіретін тікелей таным үрдісі – сезімдік танымнан абстрактылы ойға көшу аралығындағы көпір сияқты. Адамдардың сыртқы дүниені танып білуінің шындығы және оның санамыздағы бейнелеуінің теңдігі мен ақиқаттығы тәжірибе, сондай-ақ, адамдардың табиғат пен қоғамға ықпал етіп, оларды өзгерту жолындағы іс-әрекеттінің нәтижелері арқылы тексеріліп отырады. Тікелей сезімдік үрдістер барысында адам нәрселер мен құбылыстардың дара қасиеттерін, сол қасиеттердің жиынтығы арқылы нәрселердің тұтастығын бейнелейді, көз алдында жоқ заттың да бейнесін елестетеді. Дегенмен, адам тікелей сезім арқылы танып білген нәрселердің белгі қасиеттері мен мән-жайын терең

бойлап, жете танып біле алмайды. Мұндай ерекшеліктерді білу тек ойлау және де заттар мен құбылыстардың өзара байланыстарын, бір тектес нәрселердің жалпылық белгілерін дерексіздендіру арқылы жанама жолмен жүзеге асырылады. Мысалы, заттардың, әсер еткен нәрселердің жылылығын, оның температурасын тек жанама әдіспен, термометр арқылы ғана анықтауға болады. Ал ондай жылылықты тері түйсігі арқылы не қолмен сипап анықтау оңайға түспейді.

Ойлау арқылы танып білу тікелей сезімдік үрдістерге негізделінгенімен, олардың көптеген ерекшеліктерін тікелей сезім арқылы тану мүмкін емес және олардың мән-жайы айқын бейнеленбейді. Мысалы, осы заманғы физика ғылымдағы аса күрделі мәселелердің бірі - өте ұсақ қарапайым бөлшектер жайындағы теория. Мұндай өте майда типті, жай көзге көрінбейтін бөлшектерді микроскоппен де көре қою қиын. Біз осы бөліктерді тек ойлау арқылы ғана пайымдап білеміз. Абстрактылы дерексіз және жанама ойлану нәтижесінде сондай өте ұсақ бөліктердің бар екендігіне көз жеткіземіз, олардың өзіндік қасиеттері болатындығын аңғарамыз.

Сөйтіп, тікелей таным үрдісі арқылы танып білуге болмайтын нәрселерді ойлау арқылы біле аламыз. Ойлаудың өрісі кең. Түйсіну арқылы қозғалыс жылдамдығын қамту мүмкін емес. Мысалы, бір секундте 300000 км шапшандықпен таралатын жарық қозғалысын түйсіну арқылы қамту мүмкін болса да, ой арқылы пайымдап түсінуге болады. Біз 1 секундта 50000 км шапшандықпен ұшатын планета аралық ғарыш кемесін ойлау арқылы түсіне аламыз, өйткені, ол жарық жылдамдығынан 6 есе кем. Ал мұндай шапшандықты, әрине, елестету арқылы білу мүмкін емес. Әрбір адамның шындықты танып білуі тікелей сезім мен ойлау арқылы бір-біріне ауысып, өзара байланысты түрде адам танымын толықтырып отырады. Осы ретте де біз ойлаудың нақты нәрседен абстрактылы нәрсеге ауысқанда ақиқаттан алыстамай, қайта оған жақындай түсетінін аңғарамыз. Сөйтіп, нақты пайымдаудан абстрактылы ойлауға, одан тәжірибеге көшіп отыру ақиқатты танып білудің диалектикалық жолы болып табылады.

Ойлау мен сөйлеудің арақатынасы. Адамның ойлану әрекеті тікелей сезімдік таным үрдістерімен ғана емес, тілмен де, сөйлеумен де тығыз байланысты. Осындай ерекшелік адам психикасының жануарлар психикасынан сапалық өзгешелігін көрсетеді. Жануарлардың қарапайым ойы нақтылы әрекетке байланысты, ол жанама, абстракты ой бола алмайды.

Адам сөйлеу, дыбысты тіл нәтижесінде нәрселер мен құбылыстардың мәнді, тұрақты белгілерін ой арқылы бейнелей алады. Бұл ретте, тіл адамның ойының заттық қабыршағы болып табылады. Адамның ойы әрбір нәрсенің сипаты мен қасиеттерін сөз арқылы ажыратып көрсете алады. Сөйтіп, заттар мен құбылыстарды әртарапты танып білуге мүмкіндік туады.

Адам тілдік материалдар негізінде ойланады. Өз ой-пікірлерінің жүйесін, нәрселер жайындағы нақты түсініктерін жасайды. Әрбір ойдың ақиқаттығы ой талқысы арқылы қарастырылады. Адам ойының жүйелі болып, оның

нәрселердің мәнін түсініп білуі сөйлеу арқылы жүзеге асып, өзгелерге жеткізіледі. Адамның ойы тілмен, анық сөйлеумен тығыз байланысты және ойлау осы тілдік материал арқылы өзінің шындығы мен ақиқаттығын бейнелей алады.

Ойлаудың қоғамдық мәні. Ойлаудың тілмен тығыз байланысты болуы және оның қоғамдық мәні адам ойлауы дамуының қоғамдық-тарихи сипатта болатындығын көрсетеді. Адамның дүниетанымы, білімі және өмір тәжірибесінен жинақтаған мағлұматтары ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып ауысып отырады. Бұл – тарихи фактор. Адам ақыл-ойының дамып жетілуі мен білімнің өсуі әрбір ұрпақ жасаған білім қорын меңгеріп, оларды әлеуметтік өмір қажеттіліктерін қанағаттандырып отыруға пайдаланады. Сөйтіп, тарихи даму адам баласының қоғам өміріндегі қарым-қатынасын нығайтады.

Ойлау үрдісінің психологиялық және логикалық негіздері

Адамның дүниетанымы қоғамдық-тарихи даму нәтижесінде өрістейді. Ол табиғатқа әсер етіп, қоғамды өзінің белсенді әрекетімен байытады. Сөйтіп адамзаттың ғылыми білімі дамып, белгілі бір жүйеге түседі. Басқаша айтқанда, адамдардың танып білу үрдісінде тіл арқылы жинақталып қорытылған білімі мен оның нәтижелері жүйеленіп, ғылым салаларына бөлінеді. Мысалы, физика, химия, биология, тарих, социология, психология т.б. Танымдық үрдістердің осы тарихи дамуы және олардың ғылым жүйелеріне жіктеліп бөлінуі дүниетану теориясын немесе **гносеологияны** құрайды. Гносеология – философия мен логиканың дүниетану теориясын құрайтын құрамдас бөлігі, танып білудің теориялық негізі.

Таным теориясы – гносеология – философиялық пән. Ол дүниетанудың жалпы заңдылықтарын зерттейді. Адамзат тарихының дамуында қалыптасқан “болмыс”, “материя”, “сана”, “сан”, “тартылыс” тәріздес басқа да ұғымы кең дәрежеде қарастырылады. Осындай таным теориясы мен философиялық принциптерге негізделетін ойлау үрдісі өзара байланысты және бір-бірін толықтырып отыратын жеке ғылыми пәндер – формалдық логика мен психология арқылы да зерттеледі.

Логика ғылыми ойлаудың формаларын, ұғымдар мен пікірлерді, ой қорытындыларын және ойлау заңдарын зерттейді.

Ұғым – болмыстағы нәрселер мен құбылыстардың жалпы, мәнді және өзіндік белгі-қасиеттерін бейнелейтін ойлау формасы. Мысалы, “адам” деген ұғымның мәні оның өндіріс құралын жасап шығаратын қабілеті бар, дыбысты тіл арқылы сөйлесетін ақыл иесі екендігін білдіреді. Ал “емтихан” деген ұғымның мәнісі – оқушылардың, студенттердің білім деңгейін анықтап, олардың дәрежесін тиісті белгілермен анықтайтын оқу үрдісі. Ұғымдардың мазмұны **пікірлер** арқылы ашылады. Мұнда нәрсе мен оның қасиет-белгілері арасындағы байланыстар ашып көрсетіледі. Пікірлер екі

түрлі тәсілмен құралады: а) **Тікелей** қабылдау арқылы құралатын пікірлер. Мысалы, (Мына бала сабақты нашар даярлады”. ә) **Жанама** жолмен не ой қорытындысы, ой талқысы арқылы жасалатын пікірлер. Логика ғылымында пікірлер бұдан басқада негіздерге сүйене отырып, түрлі-түрлі болып бөлінеді.

Ой қорытындылары бойынша алғышарттар негізінде ұғымдар мен пікірлердің байланысынан жаңа пікірлер аламыз не ой қорытындысын шығарамыз. Мәселен, үлкен алғы шарт: Барлық металдар электр тоғын өткізеді; кіші алғы шарт: сынап та – металл. Қорытынды: олай болса, сынап та электр тоғын өткізеді. Ой қорытындыларының мынандай үш түрін ажыратамыз: дедукциялық ой қорытындысы, оған металдарың электр тоғын өткізетіні туралы жоғарыдағы мысалды келтіруге болады. “**Дедукция**” – латын сөзі, қазақша мағынасы – *шығару*. Ой қорытындысының бұл түрі бойынша ой жүйесі жалпы жағдайдан жеке, дара жағдайға қарай өрбиді. **Индукциялық** ой қорытындысы – ой қорытындысының жекеден жалпыға қарай дамып отырған түрі. Ой қорытындысының үшінші түрі – **традукция** деп аталады. Оған аналогия арқылы жасалатын ой қорытындылары жатады. Бұл - дара жағдайдан жекеге қарай өрбіп отыратын ой қорытындысы. Дедукциялық ой қорытындысының кең тараған түрі – силлогизм. Формальдық логикада зерттелетін мәселелер – дұрыс ойлаудың формалары мен заңдарды қолдана отырып, нәрселер мен құбылыстардың ақиқаттығы мен шындығын танып білуді мақсат етеді.

Ойлау әрекетінің ерекше мәнді тағы бір жағы бар. Ол – ойлау үрдісінің өзі. Психология ғылымы әрбір дара адамда осы ойлау үрдісінің қалайша дамып, өрістеп отыратынын зерттейді. Оқыту үрдісінде ойлаудың дамуы, білімдерді ойлау әрекеттері арқылы меңгеру, ойын, оқу, еңбек үрдістерінде ойлауды дамыту мәселелері – психология ғылымы қарастыратын жайттар. Әрбір жеке адамда ойлау үрдісі қалайша пайда болып, дамып жетіледі деген мәселенің мән-жай психологияда осы бағытта қарастырылады. Ал логика ойлауды таным үрдісі деп санап, шындықты, ақиқатты әртүрлі әдістер арқылы танып, білуге болатындығын анықтауды көздейді. Қорыта айтқанда, логика ойлаудың жемісті болу жолдарын іздестірсе, психология сол үрдістің даму заңдылықтарын зерттейді.

Ойлау – дербес үрдіс. Ойлауды психологиялық тұрғыдан зерттеу дегеніміз – оның ішкі, танымдық құпия мәнін және жемісті болуының себебін ашып көрсету, яғни психология детерминизм принципіне сүйене отырып, ойлаудың мәнін зерттейді, әрбір адамның өзіндік ойлау ерекшеліктерін дамытып отыруға баса мән береді.

Ой үрдісі мен ойлау әрекеттері

Ойлау үрдісінде талдау мен біріктіру әрекеттері болады. **Талдау** дегеніміз – ой арқылы әрбір объекті мен болмыстың ерекшеліктерін,

қасиеттерін, белгілерін ашып көрсету тәсілі. Талдау нәтижесінде айқындалған белгілер мен қасиеттер **біріктіру** (синтез) деп аталады. Талдаудың физиологиялық негізі – мидың жоғары бөлігіндегі қозу мен тежелудің өзара байланысты қызметі. Ал біріктірудің физиологиялық негізі – мидың жүйке жүйесіндегі уақытша байланыстардың түйісіп қосылуы. Талдау мен біріктіру - өзара байланысты әрекеттер. Олардың өзара байланысы мен айырмашылығы салыстыру арқылы танылады және сол тәсілден анық көрінеді. Салыстыру тәсілі жалпылау әрекетіне қарай ойысады. Мұнда заттардың жалпылық және мәнді белгілері ашып көрсетіледі. Ойлау әрекетінде абстракциялау, нақтылау, жүйелеу тәсілдері де жиі қолданылады. Ондай тәсілдер белгілі мәселелердің түйінін шешуде адамның психологиялық толғаныстарының түр сипатын бейнелейді.

Ойлану әрекетіндегі әрқилы тәсілдер мен амалдардың бәрі де жеке адамның ниет тілегіне, мұқтаждығы мен қажеттілігіне тәуелді болып отырады. Ойланудың кез-келген әрекетінің туындауы белгілі бір ынта – ниетке байланысты. Психологияда ойланудағы ниеттің пайда болу себебінің мынандай екі түрі бар: 1. Арнайы танымдық ойлану. Әдетте, бұл белгілі тілек мақсатқа сәйкес пайда болады. 2. Арнаусыз ой. Ойлаудың бұл түрі сыртқы жағдайдың әсеріне орай туады. Мысалы, оқушының сабаққа дайындалуы жайында ойлануын арнаусыз, әрі оның өміріндегі үйреншікті, дағдылы ой деуге болады.

Ойлау және мәселені шешу. Адам белгілі бір мәселенің түйінін шешу барысында түрлі амал тәсілдерді қолданып, алға қойған мақсат-міндеттерін орындап шығу үшін ойланып толғанады. Ойлаудың бұл түрі міндет-мақсатқа сәйкес жүзеге асады.

Проблемелік ой – түрлі мақсат-міндеттерді шешуде шиеленісті жағдайларды сезіп біліп, олардың мән-мағынасын түсінуді қажет етеді. Сөйтіп, неше түрлі шиеленісті жайттардың белгілі себептермен байланысын, олардың құпия сырларын ашып көрсетуді көздейді. Ойлану әрекетінде ең әуелі сол мәселенің өзін анықтап алу – бірінші кезектегі міндет. Екіншіден, мұны анықтауға адамның білімі мен өмірлік тәжірибесі қажет. Үшіншіден, оқу барысында балалар өздігінен ойланып-толғанып, келе мәселелерді шешуде әралуан қиындықтарға кездеседі. Олардың бұл кедергілерді жеңуі ойлану әрекетінде жаңалық ашумен бірдей.

Ойлаудың түрлері және оның даралық ерекшеліктері

Біріншіден, ойлаудың түрі нақтылы іс-әрекет пен қимыл-қозғалыс жайындағы практикалық іспен ұштасқан. Бөбектердің ойы осы іс-әрекеттермен байланысты. Екінші, бейнелі ойлау мектеп жасына дейінгі балаларда қарқынды дамып, олардың заттарды ұстап-тұтынуы нәтижесінде қалыптасады. Олар сол заттардың бейнесін көрнекі түрде қабылдап отырады. Үшінші, абстрактылы ой. Ойлаудың бұл түрі бойынша адамның ұғымды

меңгеруі нәтижесінде пайымдау әрекеттері дамып, ғылыми түсініктері өрістейді.

Ойлаудың даралық ерекшеліктері адамның танып білуінің сапалық сипаттары мен ерекшеліктерін қамтитын ақыл-ойдың қызметі болып саналады. Ондай салаларға өз бетінше ойлау, оның оралымдылығы, ойдың тездігі мен ұшқырлығы сияқты қасиеттер жатады. Барлық ойлау әрекетіне тән басты қасиет – дара адамның әрбір нәрсенің мәнді қасиеттерін өздігінен ажыратып, олардан жаңа қорытындылар жасай білуі. Ойлау әрекетіндегі адамның мұндай сапалық қасиеті – нәрселердің мән-жайын дұрыс ұғынып, олардың жалпы заңдылықтары мен өзара байланысын ашып беруге қабілетті болатындығы. Мұндай әрекет ойлау жүйесін жетілдіріп, адамның ақыл-ойын өрістетеді. Адам ойлауының дамуына ықпал етуге бір мақсат – ойлау әрекетінің жасампаздық қасиетін арттыру, сөйтіп, адам ойының мүмкіндіктерін толық пайдалануды жүзеге асыру болып табылады.

Ой болжамы арқылы жұмбақ мәселелерді шешу

Ой болжамы ғылымда гипотеза (болжам) деп аталады. Болжам дегеніміз - әртүрлі деректер негізінде объектілер мен құбылыстардың байланысы, олардың себебі туралы қорытынды жасау. Бұл – ойлаудың дамуындағы өзіндік тәсілі. Алайда, мұндай шешім – ой болжамын анықтау жолындағы алғашқы қадам. Ал мәселенің шындығына жету үшін ой болжамының ықтималдық сипатын әлі де тексеріп, оны дәлелдеу керек болады. Осындай тексеруден кейін ғана ой болжам анықталса, ол ғылыми теорияға айналады. Егер тексеруде теріс нәтиже алынса, онда ол өзгертіледі не теріске шығарылады. Біріне-бірі қайшы ой болжамдары бір объектінің әрқилы қырлары мен байланыстарын түсіндіргеннен кейінгі басқа жағдайларда, екеуі бірдей ақиқат бола алмайды. Қазіргі кездегі позитивистер, эмпириктер т.б. ой болжамдары ғылыми объективтік дүниенің заңдылықтарын қарастыруға міндетті емес, деректерді тек қана нақтылап тіркеп отыруы қажет дейді. Өйткені, олардың пікірінше, ой болжам тек “жанама” рөл атқарады да, оның маңызы болмайды. Осы заманғы ғылыми эксперименттік зерттеулердің күрделене түсуі әралуан әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы құпиясы ашылмаған мәселелердің сырын ашып отыр. Осы орайда, ғылыми тұрғыда құрылған ой болжамы адамның ойлау үрдісің дамытуға зор ықпал ететін қуатты күш болып саналады. Ойлау әрекеті тек ғылыми болжам ғана емес, жұмбақ мәселелердің мән-жайын ұғыну үшін күнделікті тәжірибеде қолданылып отыратын күрделі психикалық үрдіс және адамның ақыл-ойының жемісі.

Сөйлеу және қарым-қатынас

Адамзаттың жануарлар дүниесінен ерекшеленуі мен табиғатты меңгерудегі басты іс-әрекетінің бірі және өзіндік қасиеті-оның дыбысты анық

тілі. Дыбысты тіл арқылы адамзат өзара қарым-қатынас жасап, іс-қимылы мен өмір-тіршілігінің бейнесін қалыптастырады, өмір тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырып отырады.

Тіл. Тіл дегеніміз – сөздік белгілердің жүйсе. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Осы белгінің қасиеттеріне орай әр алуан іс-әрекеттер орындалып, жүзеге асады. Белгілердің немесе тілдің екі түрлі мәні бар. Жалпы тілдік белгілерді психологиялық фактор әрі құрал деуге де болады. Тілдік белгінің бірінші мәні – оның қоғамдық-әлеуметтік мәні. Адамзат тарихында бұл белгілер қоғам арқылы қабылданып, әртүрлі нәрселердің мән-жайын түсіндіреді. Мысалы, көшелерде жүріп-тұру мен жол белгілері. Бұл-белгі, ал сөз – қару. Тілдік белгілердің екінші мәні – олар арқылы адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, пікір алысатындығы. Соған орай дара адам үшін әрбір белгінің мәні бар, олар оны саналы түрдегі іс-әрекетіне әсер етеді.

Тіл үш түрлі қызмет атқарады: 1. Адамзаттың қоғамдық тәжірибесі. Бұл қызмет адамның тіл арқылы білімді меңгеріп, дүниені танып білуін қамтамасыз етеді. 2. Тілдік қатынас нәтижесінде адамдар тілдесіп, бір-бірімен түсініседі. Тілдің мұндай қызметін ғылыми **атауда коммуникативті қызмет** деп атайды. 3. Әрбір адамның өз мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі даралық тәжірибелерді күнделікті тіршілікте қолданып отыруы, сөйтіп, сыртқы орта мен жағдайлардың өзгеруіне бейімделуі. Адам өзінің ғана емес, өзгелердің де тәжірибелерін қолданады, алға қойған мақсат-міндеттерін шешеді. Мұндай әрекеттер адамның ақыл-ойымен байланысты.

Ақыл-ой әрекеті ең алдымен, іс-әрекеттерді жоспарлайды, екіншіден, оны жүзеге асыруды көздейді, үшіншіден, орындалған іс-әрекеттердің жемісін алға қойылған мақсат-мүдделерімен салыстырады. Осындай ақыл-ой нәтижесінде әр адамның мінез-құлқында даралық ерекшеліктері қалыптасады. Және әрбір адамның тәжірибесі, оның іс-әрекет түрлері, өзгелердің ісі қоғамдық тәжірибелер арқылы байып, жаңа сипаттарға ие болып отырады. Адам өзінің іс-әрекеттерін жоспарлайды, ойлау арқылы оларды тиісті міндеттерді шешуге қолданудың жолдарын іздестіреді, жүзеге асыру тәсілдерін қарастырады. Мұның бәрі де тіл, сөйлеу әрекеті арқылы дамиды. Осы жайт тіл адамның ақыл-ой әрекеттеріндегі қатынас құралы екендігін тағы да бір қырынан ашып көрсетеді. Ал қатынас дегеніміз не? Адамдар өзара қарым-қатынас жасау нәтижесінде болмыс пен оқиғалар туралы жаңа мағлұматтарды меңгереді, білімін өсіреді, өздерінің әлеуметтік-тарихи тәжірибелерін дамытады.

Қатынас жасаудың түрлері қандай? Адамның қарым-қатынасында субъектіні (сөйлеуші адам) және объектіні (басқа адамдар, ал оның мәнін білдіретін құрал – тіл) ажыратып қараймыз. Қатынас әрекетіндегі объект - өзге адамдар және олардың санасы мен ниет-тілектері, сезім күйлері мен эмоциясы. Қатынас жасаудағы негізгі әрекет түрлі ең алдымен, білімдік маңызы бар жаңа хабарларды алмасу болса, екіншіден, сол қарым-қатынас

жасау нәтижесінде адамдардың ниет-тілектерінің бағалы болуы, үшіншіден, белгілі іс-әрекеттер жасауға түрткі болатын себептер. Қарым-қатынас жасауда бұл жайыттардың бәрі психологиялық жағынан түрліше мазмұнда болуы мүмкін.

Тіл арқылы адамдардың қарым-қатынас жасауы жеке адамдар (үш, төрт адам) арасында, не көптеген адамдар тобымен де болып отырады. Мұндай қатынас қоғамдық қатынас деп аталады. Бұлардан өзге топтар арасында қатынастар болады.

Қарым-қатынас сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асып отырады. Бұл ретте сөйлеу әрекетінің бірнеше сатылардан тұратын заңдылығы бар. Мұны сөйлеудің фазалары не сөйлеу әрекетінің сатылары деп атайды. Олар: а) сөйлеуге даярлық; ә) жоспарлау; б) жүзеге асыру; в) бақылау сатылары. Сөйлеудің көптеген сипаттары ойлау әрекетіне ұқсас. Ойлау әрекеті адамның танып білу мақсатын көздейтін болса, ал сөйлеу әрекеті арқылы қарым-қатынас жасау мақсаты көзделеді.

Ерте замандардан бері адамдар арасындағы қарым-қатынастың кең тараған түрінің бірі – зат алмасу болып саналады. Этнопсихология әрбір тайпаның, халактың ұлттық дәстүрлерге байланысты әдет-ғұрып, мысалы, абысын-ажын арасында сақина-жүзік, білезік алмасу, ер-азаматтар арасында ер-тоқым алмасу, сәлемдеме жолдау тәрізді қатынастың басқа да сан алуан түрлері саналады. Қатынас жасаудың ым-ишары білідіру, бет құбылысы мен көзқарас арқылы түсіну сияқты түрлері де бар, айтылатын ой пікірді, сезім-күй мен эмоцияны басқа адамдарға білдірудің тәсілі болып саналады. Дегенмен, адамдардың қатынасында сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасаудың маңызы зор.

Сөздік әрекет. Сөйлеу арқылы іс-әрекет пен қарым-қатынас жасау тілді құрал етіп пайдалану нәтижесінде жүзеге асады. Сөйлесу арқылы әрқилы істер мен мәселелердің түйіні шешіледі. Адамдардың тіл арқылы сөйлесуі, тіліді құрал етіп пайдалану әрекеті – күрделі психологиялық үрдіс. Мұндай жағдай сөйлесу әрекетін тек психология ғылымы тұрғысынан ғана зерттеумен шектеліп қоймай, тіл білімі арқылы да қарастырады. Психология ғылымы тіл білімімен ерекшеленіп, оның түрлі жағдайда қолданылуы мен атқаратын қызметің, адамның мінез-құлық бағытын белгілейді. Соңғы 30-35 жыл ішінде тіл білімі мен психологияның түйсінуінен психоллингвистика (тіл психологиясы) деп аталатын ғылым саласы пайда болды.

Сөйлеу әрекеті психология ғылымында өзекті мәселелер қатарына жатады. Соған орай сөйлеу әрекетінің атқаратын қызметері ғылыми тұрғыдан мындай үш түрлі салаға топтастырылып қарастырылады: 1. Сөйлеудің коммуникативті қызметі. Мұның мән-жайы жоғарыда баяндалған. 2. Сөйлеудің сингификативтік қызметін білдіреді.

1. Сөйлеудің экспрессивтік қызметі - әр алуан хабарлар мен жай-жапсарлардың мәнерлі сөзбен, құлаққа жағымды үнем, дауыс ырғағымен адамның жан дүниесін тебіrentіп, өзгелерге жеткізілу тәсілі. Экспрессивті

сөйлеуде әрбір сөз бен сөйлем адамның сезіміне әсер етіп, тұла бойын талап етеді. Сондықтан сөйлеу әрекетінің бұл түрі сөздерді нақыштап айту мен ой жүйесінің қисынды болуын талап етеді. Сөйлеген сөз, айтылған ой – адам психикасына күшті әсер ететін тітіркендіргіш.

Сөйлеу физиологиялық механизмі. Сөйлеу әрекетінің рефлекторлы сипаты

Сөйлеу түрлі механизмдер арқылы жүзеге асып отырып, олардың нақты мазмұны мен мәніне, мақсатына орай дамиды. Сөздерді қабылдағанда біз “сигналдардың” (2-сигнал жүйесі, бұл – адамның сөйлеу әрекетімен байланысты жоғары жүйке қызметі) арқылы тітіркендіру нәтижесінде нәрселердің мән-жайын қабылдап, олар туралы хабар аламыз. Әрине ондай хабарлар саналы да, санасыз да болуы мүмкін. Осы орайда, сөйлеудің физиологиялық негізі И.П. Павлов /7, 45/ іліміндегі екінші сигнал жүйесіне негізделеді. Ал екінші сигнал дыбысты сөзбен, сөйлеу әрекетімен байланысты. Адам сыртқы тітіркендіргіштерге әсерленіп қана қоймай, оларды тең мағынада сөз арқылы бейнелейді. Халқымызда “Көз жеткізбеген сөз жеткізеді” деген тамаша мақал бар. Мұның мағынасы тікелей таным арқылы бейнелейтін заттар мен құбылыстардың қасиеттері түйсік, елес, үрдісінің шектелуі шеңберін тереңдете түсіп, олардың мән - мағынасы сөз бен сөйлеу әрекетінің бейнелеуші танымдық ерекшеліктері арқылы барынша ұғынықты бола түседі дегенге саяды.

Сөйлеудің динамикалық локализациясы. Осыдан 30 жылдай бұрын (1861 ж.) француз ғаламы П. Брока /21/ адамның ми қабығындағы сол жақ жарты шардың маңдай алабының үшінші бөлігінде төменгі қатпарларда дыбысты дұрыс айта алмай, сөйлеуде қиналатынын анықтаған. П. Брока мидың бұл бөлігін “сөздерді бейнелеудің қозғаушы орталығы” деп атады. Кейінірек, 1874 жылы К. Вернике /21/ мидың осы бөлігінің самай жағындағы жоғары қаптарында сөздердің бейнелерін сезіп білу орталығы орналасқан деген қорытынды жасады. Дегенмен, мұндай көзқарастар мен зерттеулердің жеткіліксіздігін Д.Джексон (1835-911 ж.) сынаған болатын. Одан кейінгі кезеңдерде физиологтар мен психологтар П.К. Анохин, Н.Б. Бернштейн, А.Р. Лурия, А.Н. Леонтьев, Д.Н. Узнадзе, АҚШ-та Дж. Миллер т.б. /2,8, 11,28/ өз зерттеулерінде сөйлеу әрекеті жөніндегі Брока мен Вернике түсініктерінің дәлелдері жеткіліксіз екедігін ашып көрсетті. П.А. Анохин /40/ сөйлеу әрекетінің физиологиялық механизмін арнайы және бірнеше қызмет атқаратын өте күрделі, сөйлеуге арналған жүйе ретінде түсіндіреді. Ал екінші бір жүйе оны қамтамасыз етіп отыратын әрекет орталықтары екенін дәлелдейді. Сөйлеу механизмі – Н.И. Жинкиннің /21/ зерттеуі бойынша аса күрделі әрі сатылы үрдіс. Сөздерді қабылдау мен түйсіну күрделі механизмдер арқылы жүзеге асып отырады.

Сөйлеу әрекетінің бұзылуы мидың белгілі алабының зақымдануына байланысты. Осындай зақымдану салдарынан адам сөзінің жүйесі және бірізділігі жойылып, афазиялық жағдайға ұшырайды. Афазиялар үлкен ми жарты шарларының белгілі бір алаптары жарақаттанып не түрлі ауруларға ұшырағанда пайда болады. Афазиялар динамикалық, эфференттік, афференттік қозғалысты және семантикалық, сенсорлық болып бөлінеді. Осы салада зерттеу жүргізген әйгілі психолог ғалым А.Р. Лурия еді /11/. “Афазия” деген грек сөзінің мәнісі – мидың зақымдануы салдарынан адамның сөйлеу қабілетінің толық жойылуы, не өзге адамдармен қарым-қатынасындағы сөйлеу қабілетінің бұзылуы дегенді білдіреді. Сөйлеу қабілетінің мұндай кемістігінің түрлері әрқилы. Динамикалық афазияға ұшыраған адам сөздерінің реттік құрылымы бұзылатын болатын болса, ал эфференттік қозғалыс афазиясында сөздер мен сөйлемдердің грамматикалық жүйесі бұзылады.

Афференттік қозғалыс афазиясы – сөздерді буындарға бөліп айта алмай қиналудағы кемістік. Ондай адамдар жеке дыбыстарды да айта алмайды. Семантикалық афазия - әрбір сөздің грамматикалық құрылысы мен мәнін жеткізудегі кемістік. Мысалы, осындай кемістігі бар адам “әкесі”, “ағасы” деген сөздерді дұрыс айтқанымен, “әкесінің ағасы” не “әкесінің інісі” деген сөздердің мәнін ажырата алмайды. Сенсорлық афазия ауруына душар болған адамдар сөздерді дұрыс қабылдай алмай, олардың дыбыстық бөлшектерінің мәнісін түсінбейді.

Сөйлеуде кездесетін афазиялық кемістіктердің бәрі де – жан жүйесі күйзеліске душар болған немесе өзінің кім екенін де аңғара алмай, әртүрлі сандырақтарды айтып, елірме ауруға ұшыраған, сөйлеу қабілеті бұзылған адамдарда болып отыратын құбылыс.

Сөйлеудің түрлері

Адамның сөйлеу әрекеті түрлі белгілеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Біріншіден, сөйлеу күрделігіне, өзінің психикалық және физиологиялық механизміне орай, көпшіліктің бірге қосылып айтатын сөзі – **хормен сөйлеу** және қарапайым түрде қайталау болып отыратын – **жаңғырық сөзі** болып бөлінеді. Осы негізде сөздер **атаушы** сөздер мен **коммуникативті** сөйлеу болып та бөлінеді. Ал сөйлеудің жоспарлы түрде мақсат-міндеттерді көздейтін түрі **бағдарлы сөйлеу** делінеді. Бұл орайда, сөздер үнемі бағдарлы түрде айтылатын **белсенді сөйлеу** мен сөйлеудің құрлысын талап ететін **реактивті сөйлеу** болып жіктеледі. Сондай-ақ, сөйлеудің тағы бір түрі **қосалқы сөз** деп аталады. Сөйлеудің қосалқы түрі сөйлеудің қалыпты құрылысын қатан талап етпесе де, өздігінен сөйлеу түрі болып саналады. Қосалқы сөйлеуге, мәселен, жазба мәтіндерді оқу жатады. Сөйлеу әрекетін топтастырып ажыратуда ерекше маңызы бар жайт – сөйлеудің еркін болуы. Бұл сөйлеуді топтастырып бөлудегі үшінші негіз болып саналады. Ал

төртінші негіз бойынша сөйлеу сыртқы және ішкі белгілеріне орай жіктеледі. Осы негізге сүйене отырып, сөйлеуді **сыртқы сөз** – дауыстап естіріп сөйлеу және **іштей сөйлеу** (үнсіз сөйлеу) деп екі топқа бөлеміз.

Сөйлеудің адамдар әрекетінде жетекші қызмет атқаратын түрі – **коммуникативті сөйлеу**. Ол күнделікті қарым-қатынас барысында кеңінен қолданылады. Сөйлеудің бұл түрі: а) монологтық сөйлеу (дара адамның сөйлеуі), ә) диалогтық сөйлеу (екі не бірнеше адамның сөйлесуі, әңгімелесуі), б) үнсіз (іштей) сөйлеу, в) жазба сөз болып төрт топқа бөлінеді. Сөйлеудің бұл салаларының әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

а) **Монологтық сөйлеу** – сөйлеу әрекетінің кең таралған түрі. Мұнда айтылуға тиісті ой-пікір толық сипатталып, ұзағынана айталады, әрбір жайт пен жағдай тыңдаушыларға жете түсіндіріледі. Соған орай ол жүйелі, дұрыс ырғақты, екпінді, бет, дене құбылыстары мен қимыл-қозғалыстар арқылы қажетті сөздерді өзгелерге жеткізудің әдіс тәсілдері қамтиды.

ә) **Диалогтық сөйлеу** – оқиға мен болмыс көбінесе, нақты тақырыпқа құрылып, әрбір сөйлем мен сөз алғашқы айтылған ойды ұштастырады. Бұл – сөйлеудің ұтымды бір түрі.

б) **Үнсіз (іштей) сөйлеу** – адамның практикалық іс-әрекеті мен теориялық ой-пікірі жоспарланып, белгілі жүйеге салынуы. Мысылы, бір жерге бару үшін адам немен барады, қалай барады, алдымен соның бәрін жоспарлап алады. Мұнда ой талқысы, талдау сияқты әрекеттер болады. Ішкі сөйлеудің психологиялық мәселелері психолог А.Н. Соколовтың зерттеулерінде қамтылған.

в) **Жазу сөзі** – мұны монологтық сөйлеудің бір түрі деуге болады. Жазу сөзі ауызша сөйлеуге қарағанда, ой-пікірді кеңінен, жүйелі, ерікті түрде жеткізеді. Сөйлеу әрекетін үйретуді жазба сөзден бастаған дұрыс. Жазба сөз мәдинеті жоғары адам өз ойы мен пікірін ұтымды, бейнелі, әрі түсінікті етіп білдіре алады.

Сөйлеудің оқыту үрдісінде дамуы

Сөйлеу - ақыл-ой иесі – адамның хайуанаттар дүниесінен ерекшеленіп тұратын тұрақты белгісінің бірі және өзара қарым-қатынасының қуатты құралы.

Бала сөйлеуінің дамуы бірнеше сатылардан тұрады. Алғашқы саты – сөйлеуге дейінгі кезең. Бұл кезең баланың екі айлығынан 11 айға дейінгі сатысы деп аталады. Екінші саты – баланың алғашқы тілінің шығу кезеңі, 11 айдан 1 жыл 7 айға дейінгі аралық. Үшінші сатыда бала тілдің грамматикасын меңгере бастайды. Бұл кезең үш жасқа дейінгі уақытты қамтып, бүлдіршін сөздердің мән-мағынасын және қолданылуын, жеке сөздердің қызметін де түсіне алады. Бала тілінің шығуы оның дүниетаным шеңберін кеңейтіп, сөйлеу тілін дамытады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тілінің дамуын психологиялық тұрғыдан қарастырып, ғылыми жүйеге

келтірген - әйгілі мамандар Л.С. Выготский /12/ мен Швейцария психологы Жан Пиаже /25/.

Қазақ этносы баланың тілін дамытуға айрықша мән беріп, оны бесік жырымен сусындатқан, бала кезінен-ақ оған қысқа-қысқа өлең-жыр, жұмбақ пен тақпақ, жалынтпаш пен ән үйретіп, оның ақыл-ойын, пайымын, сөйлеу мәнерін өрістетуге тырысқан.

Тілді меңгеру осы заманғы ғылымда айрықша маңызы бар мәселе болып саналады. Әсіресе, баланың ана тілінде айқын сөйлеп, тіл грамматикасын меңгеруінің шетел тілдерін меңгеруге тұрақты тиянақ болатын нақты деректер дәйектеп отыр.

Тіл – қоғамдық құбылыс және табиғаттың адамға берген дараны. Қатарлар, сызулар, есептеу құралдары сияқты т.б. шартты белгілермен бірге ол да психологиялық құрал болып табылады. Өйткені, сол белгілердің бәрі объективтік шындықты біздің санамызда әр алуан таңбаларымен бейнелеп, олардың сыр-сипатын, мән-жайын білдіреді. Осы бағытта қарастырғанда тілдің өзі, сөздердің бәрі – таңба, заттар мен құбылыстардың белгісі. Табиғат шындығы, болмыстығы нәрселер мен олардың сыр-сипаттары адам санасында түйсік, қабылдау, елес, ес пен қиял, ойлау мен сөйлеу, сезім мен ерік сияқты психологиялық таным үрдістері арқылы бейнеленіп, сезімдік таным мен ақыл-ойды дамытады. Олардың әралуан қасиеттері бейнеленеді. Бейнелеудің аса күрделі сипат-сырлары, өзара байланыстары және қасиет ерекшеліктері сөз, анық сөйлеу арқылы таңбаланып, адамның жалпы дүниетанымдық көзқарасы мен санасын, ақыл-ойын қалыптастырады.

Адам дүниетанымының күрделі, қасиет-сипаттарының әр тарапты және терең болуының мән-жайы да оның сөйлеу әрекетіне, болмысты дыбысты анық тіл арқылы тепе-тең етіп бейнелей алуына байланысты.

ҚИЯЛ ЖӘНЕ ЕЛЕС

Қиял және оның өзге психикалық үрдістермен байланысы

Адам бұрын өзі көріп білмеген нәрселерінің бейнесін көз алдына елестетіп, олардан жаңа бейне жасайды. Немесе бұрынғы қабылданған, жиналған бейнелерге сүйене отырып, өз басында тың, соны, жаңа елестер мен ой-пікірлер тудырады. Осындай жаңа, соны бейнелер мен ой-пікірлерді қиял деп атаймыз. Қиял – тек адамға ғана тән, соған меншікті психикалық үрдіс. Жануарлар дүниесінде мұндай функция болмайды. Өйткені, қиял адамның еңбек әрекетімен дамитын психикалық қызмет. Ол басқа да психикалық үрдістердің түрлері сияқты шындықты бейнелеп, болмыстағы оқиғалармен бірлікте пайда болып отырады. Қиял арқылы пайда болып отыратын жаңа бейнелер адамның білім қорына, нақты бейнелерге, тұрақты елестерге негізделеді. Адамның әрқилы психикалық әрекеттерінде бір ғана үрдістің дараланып жеке кездесуі мүмкін емес. Ондай үрдістер бір бағыт пен, арнамен өзара ұштасып, араласып жатады. Солардың ішінен адам әрекетінде бір-екеуі жетекшілік қызмет атқарады. Сонымен, қиял дегеніміз – бізді қоршаған сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың бейнесін жаңғыртып, оларды өндеп бейнелеуден тұратын тек адамға ғана тән психикалық үрдіс.

Адам қиялына меншікті кейбір ерекшеліктерді келесі реттегімен топтастырып көрсетуге болады: а) Әрбір адамның қиялы оның жеке басының қызығуы мен ерекшелігіне, алдына қойған мақсат-мүддесіне байланысты болып отырады. Мысалы, жаңадан машина жасауды ойластырып жүрген инженердің белгілі тетіктерді жетілдіру үшін оларды жасап шығарудың әдіс-тәсілдерін қарастыруын, емтихан тапсырайын деп жүрген студенттің іс-әрекетің, шөл далада сусап келе жатқан жолаушының қиялын салыстыра отырып, олардың әрқайсысының мүдде-мақсатын айқындауға болады. ә) Қиялдың мазмұн-мәнісі, түр сипаты адамның жас ерекшелігіне, білім дәрежесі мен өмір тәжірибесіне, дара басының ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, өмір-тіршілігінде көріп білгені мен көкейге түйгені көп білімді адамның қиялы мен жеткіншек жастың қиялын бір мөлшермен салыстырып қарауға болмайды. б) Қиял адамның барлық психикалық құбылыстарымен тығыз ұштасып жатады. Мысалы, мақсат еткен мүдделі ісін жүзеге асыру үшін адам оның әр түрлі жолдарын іздестіреді. Бұл қиялмен тығыз байланысты. Адамның ерік-жігері, қайраты оның жоспарлаған мүдделі ісін жүзеге асыруынан көрінеді. Қиялда ойлау үрдісі ерекше орын алады. Осы ретте, кеңес психологі А.В. Брушлинский /50/ қиялды ойлаудың ерекше бір түрі деп санайды. Бұл пікірді қостаушылар қазіргі уақытта да кездесіп жүр. Өйткені, ойлау белсенділігі адамды шығармашылық істер мен әрқилы әрекеттерге жетелейді. в) Адамның қиялы еңбек үрдісінде дамып отырады. Мұндағы шарттар: саналы мақсат, болашақты болжай білу, оны өндеп

елестете алу. Адам қиялына тән мұндай қасиеттер оның психикасын жануарлар психикасынан өзгешелеп тұрады.

Қиялдың физиологиялық негізі

Қиялдың жаратылыстық-физиологиялық негізі мидағы оңашаланған орталықтар емес, мидың үлкен жарты шарларының қабығы. Адамның қиялдау әрекетіне қозу мен тежелудің іздік үрдістері, иррадиация мен концентрация, оң және теріс индукциялар, талдағыштардың ми бөлігіндегі талдау мен біріктіру қатысып отырады. Сөйтіп, көптеген жүйке үрдістерінің түйісуі нәтижесінде адамның нақты қабылдауында бұрын болмаған жаңа бейнелер мен елестер туады.

Мұндай жүйкелік байланыстар екі түрлі: 1) сананың қатысуынсыз-ақ, кездейсоқ тітіркендіргіштердің әсерінен ми қабығының жоғары бөліктерінің бақылауы бәсеңдеп, әлсірегенде туатын жүйкелік байланыстар. Мысалы, түс көру, галлюцинациялар. 2) Адамның өз алдында саналы түрде мақсат қоюы мен ми қабығының тиісті орталықтарындағы қозудың басқа орталықтар қызметімен үйлесуі нәтижесінде туатын жүйкелік байланыстар. Бұл –ырықты қиял. Осы саладағы қиялға жетекші болатын нәрсе – екінші сигнал жүйесі. Ол – сөз. Сөз бұрынғы байланыссыз, уақытша жүйкелік байланыстарды жаңғыртып, заттың сипатын айқын ажыратуға, жаңа байланыстар тудыруға, қиялды дамытып, өрістетуге жәрдемдеседі. Қиялдың бұл түрінің физиологиялық негізі доминанта принципіне бағынады.

Қайта жасау қиялы мен шығармашылық қиял

Өзіндік ерекшеліктері мен олардан туындайтын себептерге орай, қиял ырықсыз, ырықты болып екіге бөлінеді. Психологиялық әдебиеттерде ырықсыз қиялды пассив қиял, ырықты қиялды актив қиял деп те атай береді.

Ырықсыз қиял адамның алдына мақсат қоймай-ақ, басындағы елестердің ағытылып, бірінен соң бірі өтіп жататын кезінде туады. Қиялдың бұл түрі төменгі сынып оқушыларында жиі кездеседі. Ұйқылы-ояу кезде де ырықсыз қиялдар өздігінен туындап жатады. Ырықсыз (әлсіз) қиялдың айқын түрі түс көруден байқалады. Көрген түстің қисынсыз шым-шытырық болатыны да – осы ырықсыздықтан. Мұндай қиялдардың пайда болуы адамның өз ойының тізгінін босатып жіберуіне де байланысты. Мысалы, аспандағы бұлтқа қарап, оны әр нәрсеге ұқсату немесе біреу әңгіме айтып отырғанда, оның басынан кешіргендері тындаушының көз алдынан елестеуі. Осы екі мысалдың бірінші жағдайында – қарапайм қиялдау затты қабылдаса, ал екінші жағдайда сөзді қабылдаудан елес пайда болады. Елес – қиялдың ырықсыз түрі.

Қиялдың саналы әрі жемісті түрі – **ырықты қиял**. Бұл - адамның алдына саналы түрде мақсат қоя отырып, әдейі бейнелер жасау мен қажетті бейнелер

тудыруы. Қиялдың бұл түрі балалардың ойын әрекетінен де аның байқалады. Ұшқыш, дәрігер, ғарышкер, мұғалім т.б. болып ойнауларына қарап, олардың ырықты қиял еңбектену үрдісінде дамып, әрбір адамның іс-әрекеті мен жұмыс нәтижелерін алдын-ала көз алдарына елестетеді. Олардың орындауға, қимыл-әрекеттерді жоспарлы түрде жасап отыруға міндеттейді. Ырықты қиял түрлерін топтап қарастырудың жолдары бар. Олар – қайта жасау қиялы және жасампаздық қиял.

Қайта жаңғырту қиялы адамның өмір тәжірибесінде кездестірген, бұрын болған бейнелерді қайта жаңғыртып елестететін сөздік тітіркендіргіштерге байланысты туындайды. Мұндай қиялдың пайда болуында сөздік тітіркендіргіш қызметін әр түрлі суреттер мен сызулар, сызбалар және кестелер, ноталар атқарады. Ал бұл қиялдың психологиялық құрлысын іздестіріп көретін болсақ ол екінші сигналдық тітіркендіргіштерді бірінші сигналдық бейнелерге айналдыру. Мысалы, мұхитты көрмеген адам басқа біреудің сол мұхитты суреттеп жазғанымен таныса отырып, оның ұшы-қиырсыз бейнесін қиялдайды. Қайта жаңғырту қиялындағы мақсат жаңа, соны бейнелер жасау емес, табиғаттағы заттарды адамның өзі тікелей қабылдаса да, сол қалпында қайта елестету болып табылады.

Қайта жасау қиялы – адамның ой-өрісін дамытып отыратын психикалық үрдіс. Қиялдың бұл түрінің тәлім-тәрбие ісінде ерекше маңызы бар. Мысалы, оқырмандар Мұхтар Әуезовтың “Абай жолы” эпопеясындағы Дәркембайдың бейнесі арқылы кедей шаруалар мен жатақтардың тұрмыс халін көз алдарына елестетіп, пайымы кең ақыл парасатты терең кісілердің оқымаған адамдардың арасынан да жиі кездескендігі көз жеткізеді. Мектепте оқылатын жеке пәндердің де қайта жасау қиялын дамытуда мәні зор. Геометрия, сызу сабақтарында сызба суреттердің мәнісі әрбір машина тетіктері, олардың қызметі, жұмыс принципі арқылы түсіндіріледі. Қайта жасау қиялы адамның барлық қызметі мен іс-әрекетіне қатысты. Өйткені, әрбір адам өзі істеген жұмысының нәтижесі мен пайдасын күн ілгері көз алдына келтіріп, қиялы арқылы оларға шолу жасайды. Қайта жасау қиялы адамның білімі мен бұрынғы тәжірибелеріне сүйенеді. Сөйтіп, қиялдың бұл түрі арқылы пайда болатын елестер алға қойған мақсат пен тілекке сай ерекшеленеді, бұрынғы қабылданған үрдістерді болмыстағы шындықпен жақындатады.

Балалардың қайта жасау қиялын дамытып, нәтижелі іс-әрекеттеріне күшті әсер ететін жайт – олардың алдында белгілі практикалық міндеттерді қоюы. Мәселен, заттың суретін салу немесе түрлі материалдардан сол заттардың бейнесін жасау т.б. Мұндай істер балаларды сөзбен айтылған объектілерді, нақты нәрселерді ұсақ түйгенімен қоса түгел елестетуге баулиды.

Қиялдың ең жоғары түрі **жасампаздық қиял**. Қиялдың бұл түрі арқылы жаңа бейнелер жасалады. Шығармашылық жасампаздақ қиял қайта жасау қиялы сияқты нақты суреттер мен шартты бейнелерге сүйенеді.

Адамның шығармашылығы, ол жасаған туындылар – қоғаммен бірге дамуда рух беріп, жігерлендіріп отыратын күш. Жасампаздық қиял – қоғамдық мәні бар жаңа, соны өнімдер жасап шығаруда жетекші қызмет атқаратын психикалық үрдіс.

Арман, мұн

Адам қиялының ерекше бір түрі – арман. Бұл – ырықты әрекетшіл қиял, өз мақсатымыз бен мүддемізге орай бейнелер жасау, игі мақсат-мүддемізді іс жүзіне асыруды қиялдау. Басқаша айтқанда, арман – келекшектегі әрекеттерге арналған қиял. Ол шығармашылық қиял емес, бірақ соған дайындықтың бастапқы сатысы. Арманды бағалауда ескеретін жайттар: а) арманның әрекетке қатысы; ә) шындықпен жанасуы; б) оның келешек үшін мәні.

Арман бос қиялдаумен мүлдем жанаспайды. Бос қиялдың өмір үшін ешбір пайдасы жоқ, ол – арманның тиімсіз түрі. Бұл – қажырсыз қиял. Мұндай қиял адамды белгілі бір мақсатқа не нәтижеге жетелемейді. Арман – қиялдың ерікті түрі, ол әрі саналы, әрі белсенді сипатқа ие. Әрекет етудің орнына адам бос қиялға берілсе, онда оның бұл жағдайы босқа адасу, жігерсіз әрекет болар еді.

Адамның жігерсіз іс-әрекетінде қиялдың бір түрі – мұн. Мұн – адамның бұрын басынан кешірген қолайсыз оқиғалары мен сәтсіз істері жайындағы ойы, мақсатты істерінің жүзеге аспауы таралы, оған себепкер болған жайттар жайындағы қиялы. Осындай қолайсыз бейнелердің тізбегі кім-кімнің болмысын тынышын кетіріп, ойын бөледі. Бұл – қиялдың әрекетсіз түрі, сондай-ақ, шындықтан жалтару болып саналады. Әдетте, еркі күшті адам мұндай қолайсыз қиялдан арылудан жолын іздестіріп, мақсатты істі жүзеге асыру әрекетіне ауысады да, өзін-өзі меңгереді.

Қиялдың даралық айырмашылықтары

Әр адамның қиялы әртүрлі. Бір адамның қиялы бай, өрісі кең, шындықпен орайласып, тиісті мақсат-мүддені жүзеге асырумен, шындықпен ұштасып жатады. Ал екінші біреулердің қиялы өрісі тар, жетілмеген, пәрменсіз. Шындыққа сай келетін қиялдардың мазмұны терең, олар өмір тәжірибелеріне, білімге негізделген. Мысалы, американдық ғалым Эдиссон қиялы күшті дамыған адам болған. Ол бір машинаны үш түрлі жолмен жасауға болады деген пікірмен келіспей, оны 48 түрлі жолмен жасауды ұсынған. Мұндай қиялдан жаңаны іздеп табу, белгісіз нәрсені ашуға ұмтылу әрекеті байқалады. Шындық нәрсенің өңін айналдырып, теріс түсінетіндер де болады. Адамдарың қиялы бір-бірімен пәрменділігімен де ажыратылады. Мысалы, біреулер мәселені шешерден бұрын бар ақыл-ойын соның төңірегіне жинақтап, әр сөзін таразылап, терең ойланады, басқалармен

кеңесіп, тәжірибе жасайды. Мұндай іс-әрекетте адам өз кейіпкерлерімен іштей араласып, сырласады және олармен бірге өмір сүреді.

Қиялы әлсіз адамдар кітап оқыса, қызықты оқиғаларды ғана іздеп, оны түгел оқымайды. Шын мәнісіндегі қиял ғана адамды жемісті іс-әрекетке, белгілі мүддені орындауға жетелейді, оның рухани өсуіне де ерекше ықпал етеді.

Балалардың ойыны мен ересек адамдардың әрекетінде қиялдың дамуы

Жаңа туған нәрестеде қиял болмайды. Бала өмірінде қиялдың алғаш көрінуі бір жастан асқан кезде байқалады. Екі жасар бала ертегі не әңгіме тыңдап отырып жылап жібереді. Бұл айғақ жас баланың басында ес елесінің және қиял елесінің туа бастағанын көрсетеді. Бала қиялының мазмұны бастапқы кезде жұтаң, әрі ырықсыз түрде болады. Өсе келе тәрбие мен өз іс-әрекетінің тәжірибесі негізінде бала қиялы дамып, сапасы артады.

Елестердің жалпы түсінігі

Елестер дегеніміз – қазіргі сәтте сезім мүшелеріне әсер етпейтін заттар мен құбылыстар бейнесінің мида пайда болуы.

Тітіркендіргіш әсерімен ми қыртысындағы ескі жүйкелік байланыстар жанданады да, бейне пайда болады.

Елестер – бұл бұрынғы қабылдауларды қайта өңдеу мен жалпылаудың нәтижесі. Қабылдаусыз елестер құрастырылмас еді, өйткені соқыр болып туғандардың түрлі түс пен бояулар жөнінде, ал тумысынан саңыраулардың есту елесі болмайды.

Елестердің қабылдаулардан айырмашылығы – елестің затты жалпылаңқырап бейнелендіретіндігінде. Ол заттар мен құбылыстардың өзіне ғана тән, көрнекі белгілерін бейнелендіреді. Мысалы, өзенді елестетуде екі жаға аралығында ағып жатқан су кескіні бейнеленеді. Біз ені әртүрлі жағалары бір-біріне ұқсамайтын ағыс жылдамдықтары әрі басқа көптеген өзендерді қабылдаймыз. Ал елестеткенде барлық өзенге тән көрнекі белгілер бейнеленеді. Елестерде жекеленген қабылдаулар жалпыланып, заттар мен құбылыстардың тұрақты белгілері ерекшеленеді де, кейбір қабылдауларда болатын кездейсоқ белгілер түсіп қалады. Елестерде қабылдаулардағы тәрізді шындық көрнекі түрде бейнеленеді. Елестету дегеніміз - бір нәрсені ойша көру немесе ойша есту, жай білу ғана емес, көрнекі бейнелендіру.

Елес – қабылдауға қарағанда танымның жоғарырақ сытысы. Ол түйсіктен ойға ауысу сатысы болып тыбылады. Бұл көрнекі, сонымен бірге заттың сипатты белгілерін сәулелендіретін жалпылама бейне. Елестің басты ерекшелігі – онда көрнекілік пен жалпыламалықтың өзара кірісетіндігі.

Бұл екі сигнал жүйесінің өзара әсерінің нәтижесі. Елестердің тууына бірінші сигнал жүйесінің сигналдары (түрлі түстер, иістер, формалар т.б.)

себепкер бірақ, елестер екінші сигнал жүйесі арқасында бейне болып қалыптасады (айтылған немесе жазылған сөз).

Жалпы және дара елестер. Үнемі дара болып келетін қабылдаулардан елестердің айырмашылығы олар дара және жалпы болып бөлінеді. Арнаулы бір затты қабылдауға негізделген елес дара болады, өйткені ол дара затты бейнелендіреді. Бірнеше ұқсас заттарды жалпылап бейнелейтін елес жалпы болады. Жалпы елестің қалыптасуында сөйлеу, бір сөзбен бірнеше затты атау аса маңызды рөл атқарады.

Дара елесте белгілі бір дара затқа тән ерекше белгілер бейнеленеді. Жалпы елесте көптеген ұқсас заттарға ортақ, яғни осы топтағы әр затта болатын белгілер бейнеленеді.

Гранитпен құрсауланған Нева өзенінің бейнесін, мысалы, жалпы өзен бейнесімен салыстырып көріңіз. Нева бейнесі – бұл дара елес, өзен бейнесі - жалпы елес. Бірақ тіпті дара елестің өзі қабылдау бейнесімен салыстырғанда жалпылама болады, өйткені ол өзгермелі заттың бірнеше қабылдануын жалпылайды. Өзгермелі бейнеленуде елесті анықтайтын зат пен құбылыстардың өзіндік тұрақты белгілері болады. Дара елестер жалпыланады соның нәтижесінде жалпы елестер пайда болады.

Оқу үрдісінде елестер оқушылардың жеке құбылыстарымен танысуы, дара елестер жасалуы негізінде және бұдан кейін оларды жалпылау негізінде қалыптасады.

Жалпы елестің дара елестен ерекшелігі тек жеке елестерге тән жеке адамдық сипатқа ие емес. Жалпы елесте бір тектес құбылыстарға ғана тән сипаттар жинақталған. Дегенмен, жалпы елестер да көрнекілік сипатқа ие – ол заттардың, құбылыстардың, үрдістердің көрнекі ерекшеліктерінің бейнеленуі.

Елестің түрлері.

Елестерді оларға негіз болатын қабылдау түрлеріне қарай айырады. Елестерді көру (адам, зат, пейзаж), есту (музыкалық әуенді елестету), иіс (эфир иісін елестету), дәм (лимонның дәмін елестету), сипап сезу-қозғалыс (секірген кездегі дене қалпын елестету) елестері деген түрлерге бөледі. Елестер түрге шартты негізде бөлінеді. Бөлу кезінде заттарға басқа да қасиет белгілері тән болса да оның бір белгісі ғана басшылыққа алынады. Көпшілік жағдайда елестер екі немесе бірнеше талдағыштардың қызметі негізінде туады да жинақылық сипатқа ие болады.

Елестер адамның қызметі үрдісінде қалыптасады, сондықтан мамандыққа байланысты елестің белгілі бір түрі, айталық, суретшіге қарағанда, композиторда - есту, спортшы мен бишіде - қимыл, химикте –иіс, дегустаторда - дәм елесі күштірек жетіледі.

Бұлшық еттік қимылдық елестер көмескі қимыл дегенді туғызады. Олар көзге көрінбейді, бірақ арнаулы аспаптармен анықталады. Біз белгілі бір

қимылды қалай жасайтынымызды елестетсек, сол сәтте үлкен ми сыңарлары қыртысындағы қозғалыс орталығындағы әлсіз қозғалыс импульсына әкелетін жүйкелік қозулар туады. Мұндай көмескі қимылдарды идеомоторлық қимыл деп атайды.

Бұл қимылдарды байқауға болатын тәжірибе жасауға болады. Егер адам ұшына аздаған жүк байлаған жіпті екі саусағымен ұстап тұрып, сол жүк қозғалып тұр деген ойға шомса, шындығында да жүк ақырындап қозғала бастайды. Қайсыбір қимыл жөніндегі елеспен байланысты қозу үрдісі атқарушы мүшені болар болмас қозғалысқа түсіреді. Адам қозғалысты беріле елестете отырып, оны өте әлсіз түрде болса да санадан тыс жүзеге асыра бастайды.

Қазіргі кезде қозғалыс жөніндегі елестің бұлшық еттерде әрекет тогын немесе биотоктарды туғызатыны дәлелденіп отыр. Бұл токтар адам қолына кигізілетін білезік ток-жазғышпен сымдар арқылы жалғастырылатын механикалық қолдарды конструкциялауға пайдаланылуы мүмкін. Механикалық қол адамның елестеткен қимылдарын жүзеге асырады. Ол ойша қолын жұмса, механикалық қол жұдырық түйеді.

“Ойды оқу” деп аталатын (Вольф Мессинг пен Михаил Кунидің тәжірибелері) құбылыс та идеомоторлық актімен түсіндіріледі /49,50/. Ойдағыны табушы өзі жетектеген адамның ойындағыны орындау үшін қандай қимылдарды қай бағытта жасаймын деп беріле ойлануы үстінде еріксіз берген “идеомоторлық сигналдарының” шешімін тауып отырады. Ой тапқыш “ойды оқымайды”, өзі жетектеп келе жатқан адамның қолының бұлшық еттерінің идеомоторлық сигналдарын түйсінеді. Биотоктар сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерінде де пайда болады. Ойша есеп шығарғанда сөйлеу мүшелерінің жасайтын қимылдарын арнайы аспаптармен жазып алуға болады. Бұл, ойдың әрқашан сөздік түрде болатынын көрсетеді.

Елестер мен ұғымдар. Елестер дегеніміз - қазіргі сәтте сезім мүшелеріне әсері жоқ, бұрын қабылданған затта, құбылыста, шындық фактілер бейнелерінің адам сақталуы. Елестер естің негізгі мазмұнын құрап, қиялмен ойлау үрдістерінің қызметіне “құрылыстық материал” болып табылады. Бірақ ересек адам нақтылы, яғни жеке заттардың – бейнесі елестер ғана емес, сонымен бірге білімнің басқа категориясы ұғымдарымен де жұмыс жасайды.

Ұғым дегеніміз – елеулі белгілерінің бір тектестігі жағынан біріккен заттар (құбылыстар) тобын жалпылама білу. Мұндай жалпылай білу де шындықтың бейнесі болып есептеледі. Адам өз бөлмесінің терезесінің алдында өсіп тұрған қайыңды еске түсіргенде жеке, нақтылы елесті пайдаланады. Ол белгілі бір ағашты емес жалпы қайыңды кез-келген қайыңды елестеткенде жалпы елесті пайдаланады. Онда барлық қайыңдарға тән қара жолақты ақ дің, жұқа қабық; белгілі формалы, көлемді, түсті жапырақтар; ағаштың бас жағының өзіндік қана сипаты сияқты нақтылы белгілер сақталады.

Адам қайың, емен, үйеңкі, қарағайларға тән жеке белгілерді еске алмай, жалпы ағаш жөнінде ойлайтын болса, ол түрлі тұқымды ағаштардың көптеген әртүрлі бейнелерін жалпылайды дінді, әйтеуір бір ағаш басым, әйтеуір бір түбірлерді бөлектеп, олардың жеке белгілерінен алшақтап, абстракциялай отырып, адам жалпы ағашқа ортақ мәні бар нәрселерді - әйтеуір бір көз алдына әкеледі. Қайыңның да, еменнің де, үйеңкінің де бейнесі емес, осындай жалпылама білім – ұғым болып табылады.

Ұғымның сезімдік-көрнекілік формасы жоқ. Ол сөзде, нақты осы жағдайда “ағаш” деген сөз бойында. Елес – осы нәрсеге тән көрнекі қабылданатын сипаттар мен белгілерді (түс, форма, құрылысы) сақтайтын нақты нәрсенің (немесе бір тектес бірнеше нақты нәрселердің) бейнесі. Ұғым дегеніміз – елеулі белгірі ортақ бір тектес нәрселердің тұтас тобының жалпылама бейнеленуі. Ол осы елеулі белгілердің елесіз, қосалқы белгілерден алшақтауы арқылы қалыптасады.

Не туралы ұғым болса да халықтың, тіпті, бүкіл адамзаттың ұзақ қоғамдық-тарихи дамуының жемісі болып саналады. Ол ғылым, техника, өндірістегі жаңа ашылымдар негізінде туады. Содықтан қоғамның дамуына сай, жаңа ұғымдар пайда болады, енді біреулері барған сайын тереңірек қолданылады, кейбіреулері жаңа мазмұнмен толықтырылып, молыға кеңейе түседі. Мәселен, “электромагнетизм”, “атомдық энергия” деген және көптеген басқа ұғымдардың тууы адам ойының, ғылымының, қоғамдық қатынастың дамуының белгілі сатысында ғана мүкін болды. Өмірге келген соң кез-келген ұғым жалпы адамдық тәжірибеге енеді де, кез-келген адамның өз алдында тұрған нақтылы мақсатын шешуге пайдаланылады.

Әр адамды ұғымды игеруі мен пайдалануының күрделілігі кез–келген ұғымда жинақталған қоғамдық тәжірибе мазмұнының жеке субъектіге бірден түсінікті болып кетпейтіндігінде. Мысалы, адамдар биохимия саласында “қанның үйлеспеушілігі” немесе “теріс резус” деген жаңа құбылыстың ашылғаны туралы естиді. Бірақ, бұл ұғымның мәнісі маман еместерге беймәлім жайт. Оның үстіне ұғымды білдіретін сөзді игеру ересек адам түгіл, мектеп оқушыларына да аса үлкен қиындық болып саналмайды. Бірақ сөзді игеру көп жағдайда тиісті ұғымды игере алмаушылықты бүркемелеп қалады. Жалпылама білім ретінде кез-келген ұғым сезімдік негізде айда болады, бірақ өзінің көрнекі формасы болмайды. “Өсімдік”, “өнер”, “сан” деген және басқа ұғымдар қалыптасқанға дейін адам өсімдіктердің көптеген әр алуан түрлерімен, әр заман және әр бағыттағы өнер, әртүрлі сандар және олардың ара қатынасымен танысып шығуы қажет. Ұғым тек жеке және нақты білім негізінде, елеулі белгілерді жалпылап, елеусіздерінен аулақтау арқылы қалыптасады.

Елестер мен ұғымдардың арасында айқын шекара жоқ. Елестер біртіндеп жалпылана отырып, ұғымдар белгісіне ие болады. Нақтыланған соң ұғым елеске ауысады. Мәселен, біз “жыртқыш аң”, “мүлік” дейміз, бірақ жалпы болмайды ғой, ол не жолбарыс, не аю, не түлкі немесе жануарлар дүниесінің

басқа бір өкілі ретінде кездеседі. Ал енді біз жыртқыш аң деген сөзді “жолбарыс” деген сөзбен ауыстырған кезде, ұғымды нақтылаймыз да, бұл жағдайда жолбарыс жөніндегі жалпы елесті пайдаланамыз. Бізде барлық жолбарыстарға тән түске ие, алып басты мысықты еске түсіретін үлкен жыртқыш аңның бейнесі пайда болады. Біз өзіміз циркте көрген белгілі бір жолбарысты елестеткенде бұл одан әрі нақтылау болады да көз алдымызда аңның жалқы бейнесі пайда болады. Бірақ кейбір қу және сыпсың әйел туралы сөз ете отырып, оны түлкіде десек, біз әрине, құйрығын бұландатқан қызыл түлкі бейнесін емес “түлкі” деген ұғымды оған халық шығармашылығы сипаттарды ерекшелендіре отырып пайдаланамыз.

Ұғым мен елестің өзара байланысы өте күрделі. Оларды салыстырып қарау, жеке фактінің көбінесе жалпы ұғыммен толық сай келе бермейтінін көрсетеді. Мәселен, “адам” деген жалпы ұғым нақтылы еркек немесе әйелді елестетуден әлдеқайда кең.

Бірақ жеке нәрсенің бейнесі “адам” деген жалпы ұғымға ене бермейтін ерекшеліктерге ие. Шаштың түсі, бой, мүсі, қозғалыс мәнері, мінез, нақты адамның айрықша ерекшеліктерін белгілерін құрастырады. Бірақ олардың “адам” деген жалпы ұғым үшін мәні жоқ.

Егер баланың қылқанды, жапырақты, қарағайлы және аралас орман туралы айқын, көрнекі елесі болмаса, онда орман туралы ұғым түгіл, дұрыс жалпы елес те қалыптаспайды. Адам түрлі ұғымдарды білдіретін сөздерді пайдалана тұрып, сол сөздерден айқын, көрнекі бейнелерді туғыза алмаса, оның білімі формальды, догматикалық болғаны. Олар өмірге жанаспайды.

Ұғым қалыптасып болған соң өзгеріссіз қалмайды. Орманның сыпаттамасы бар арнайы және көркем әдебиетті оқу, түрлі ормандарды зерттеуге байланысты жұмыс жүгізу үстінде адам бұл ұғымды тереңірек, дұрыс және кеңірек игереді. Мұның өзі оның осы ұғым үшін маңызы мол белгілерді аша түскендікті білдіреді.

Ересек адамның ұғым байлығы белгілі жүйеге түседі. Оның құрамында кең де, жалпы және жеке де, тар ұғымдарда болады. Сөйтіп, белгілі бағыныңқылық немесе жүйе, ұғымдар жасалады. Мәселен, “гүл” деген ұғым “өсімдік” деген ұғымға қарағанда тар. “Өсімдік” деген ұғымнан “мүше” деген ұғымның жалпылану деңгейі жоғары. Жекелік сипатты молайған сайын “гүлдер” деген ұғым тар бола, шектеле түседі. Ұғым (мүше) өзегін құраушы елеулі белгілер жалпылана түскен сайын дүниені бейнелендіру де соғұрлым жоғары дәрежеде жалпыланады, білім де соғұрлым кең де терең болады.

Ұғымдардың бір-біріне бағыныштылығын мына мысалдан елестетуге болады. “Гүлдер” деген ұғымға дала, бақ, орман гүлі деген одан гөрі нақты ұғымдар енеді. “Гүлдер” деген ұғымның өзі “өсімдік” деген кеңірек ұғымға енеді. Бірақ, соңғысына сонымен бірге ағаш, бұта, шөп те жатады. Бұлардың әр қайсысы шағын ұғымдардан (мысалы, жапырақты, қылқанды ағаштар) тұрады. “Мүше” деген кең ұғым “өсімдік” деген ұғымды ғана қамтып қоймай, түр, тек дәреже жағынан шексіз көп мүшелерді де құрамына енгізеді.

Ұғымның игерілу дәрежесін көбіне адамның оған қалай анықтама беретіндігіне қарай бағалайды. Ұғымға анықтама бергенде, әдетте, алдымен осы объект жатқызылатын жалпы дәреже көрсетіледі, одан кейін оның ең елеулі, бірақ нақты белгілері аталынып өтеді. Мысалы, “вольтметр” дегеніміз – тізбектегі электр тоғының кернеуін анықтайтын аспап, “приципшілдік” дегеніміз – адамға қойылатын қоғам талаптарын қорғаудан көрінетін қасиет. Адам өзінің күнделікті қарым-қатынасында кейде айқын анықтама бере алмайтын көптеген ұғымдарды пайдаланып отырады. Осы айтылғандардан мынадай қорытындалар жасауға болады.

1. Ұғым – адамның шындықты, яғни қоршаған дүние заттары мен құбылыстарын бейнелендіруінің арнайы формасы.

2. Ұғым дегеніміз – елеулі белгілерінің бір тектілігі жағынан біріктірілген нәрселердің тұтас тобын жалпылама білу. Ол қоғамның тарихи даму үрдісінде пайда болады. Ұғым сөзде болады, ол көрнекі емес.

3. Әр адамда ұғым елеулі белгілерді айрықшаландыру және елеусіздерден абстрактылау жолымен жеке дара, содан кейін жалпы елестер негізінде де жасалады. Ұғым иесі болу дегеніміз – тарихи қалыптасқан білімді игеру.

4. Жалпылау әртүрлі деңгейге жетуі мүмкін. Осыған сай ұғым не кеңірек, не тар және жеке болып шығады.

5. Күнделікті әрекетінде адам ұғымды және оның нақты көрінісі – елестерді пайдаланады. Ұғымдар мен елестердің арасында кедергі жоқ, бірақ үздіксіз ауысушылық бар. Сондықтан философиялық дәрежелер туралы ойлана отырып, ғалым олардан адамдардың шынайы өмірін көреді, ал үй шаруасындағы әйел тым нақты мәселе, мәселен, түскі асты әзірлеу жайлы ойлана отырып, тек елестер ғана емес “дәмді”, “жұғымды”, “жақсы үйлескен”, “арзан”, “көп қайнайды” деген сияқты және басқа жалпы ұғымдарды ой елегінен өткізеді.

ЕС

Ес жайындағы теориялар

Өмір тіршілігіне қажетті нәрселердің бәрінің ес үрдіссіз болуы мүмкін емес. Адамның бұрын қабылдаған нәрселері мен құбылыс бейнелерінің, көңіл-күйлерінің ойда сақталып, қажет кезінде қайта жаңғыруы ес үрдісі деп саналады. Ес осы заманғы психология ғылымының даму сатысында өзекті мәселеленің бірі болып табылады.

Психология есті органикалық функция ретінде өте ертеден бастап қарастырған және бұл функцияның физиологиялық негіздерінің ашылуына ерте қол жеткізді. Э.Мейманның /53/ айтуынша дәстүрлі психологияда ес көп жағдайда физиологиялық функция ретінде зерттеледі және психологтар есті өте ерте кезден бастап органикалық материяның жалпы қасиеттеріне жақындата бастады.

Ес қандай болмасын ұйымдастырылған материяның негізгі қасиеті болып табылады. А.Семон /52/ естің органикалық негіздерін белгілеу үшін ерекше “мнема” терминін енгізді, бірақ психологиялық және физиологиялық түсініктердің жақындауы кезінде әдеттегідей, ол өзі сол түсінікті бір рухани функция немесе идеалистік түсінік ретінде қарастыра бастады. Бірақ “мнема” сөзімен бәрінен де жақсы мидың және жүйке ұлпаларының түрлі қасиеттеріне байланысты көрініс беретін, естің органикалық функцияларының бірлігін атау. Бұл мағынада қазіргі кездегі көптеген психологтар мнема немесе мнемикалық функция дегенде естің жаратылыстық жағын бөліп көрсетеді. А. Берсон /2,53/ атақты материя мен ес жайлы зерттеуінде екі түрлі ес бар деген тұжырымға келді: олар ми есі және жан есі, бұлардың әр қайсысы өз заңдылықтарына ие.

Кеңес психологиясында жалпы психологиялық іс-әрекет теориясымен байланысты бағыт есті зерттеуде кең даму алды. Бұл теория контекстінде ес түрлі хабарларды еске сақтау, қайта жаңғырту – мнемикалық мақсатарын шешуге бағынышты, теориялық және практикалық әрекеттер жүйесі енетін, психологиялық іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде көрініс береді, онда мнемикалық әрекеттер мен операцияның құрылымы, ес өнімділігінің құрылымында есте сақтау мақсаты мен құралдарының алатын орнына байланыстылығы, мнемикалық іс-әрекетті ұйымдастырудан тікелей және жанамаланған еске сақтаудың салыстырмалы өнімділігінің тәуелділігі.

Есті іс-әрекет ретінде зерттеудің негізін француз ғалымдары, жекеше айтқанда Жан Пиаже /19/ қалаған. Ол біріншілердің бірі болып, есті материалды еске сақтау, өңдеу мен сақтауға бағытталған әрекеттер жүйесі ретінде түсіндіре бастаған. Психологияның франциялық мектебімен барлық ес үрдістерінің әлеуметтік шарттанғандығы және естің адамның практикалық іс-әрекетіне тәуелді болатындығы дәлелденді.

Кеңес психологиясында бұл концепция жоғары психикалық функциялардың пайда болуының мәдени-тарихи теориясында жалғасын тауып, дамыды. Ес дамуының фило және онтогенездік кезеңдері бөлініп көрсетілді. Естің іс-әрекеттік теориясы бойынша әр түрлі елестер арасындағы ассоциациялық байланыстардың түзілуі, сондай-ақ материалдың еске сақталынуы және қайта жаңғыртылуы адамның осы мнемикалық өңдеу үрдісінде, ол материалмен не жасайтындығымен түсіндіріледі.

А.А.Смирнов өз зерттеулерінде еске сақтаудың жақсы не жаман өтетін жағдайларын және оның механизмдерінің ерекшеліктерін ашатын бірқатар қызықты негіздер ашты. Оның дәлелдегені әрекеттер ойларға қарағанда жақсы есте сақталады, ал ол әрекеттердің арасында жақсырақ есте сақталатындары қиындықтарды өтумен байланыстылары, соның ішінде сол қиындықтардың өзі.

Естің филогенетикалық дамуын түсінуге П.П.Блонский /22/ айтарлықтай үлес қосты. Ол ересек адамда бар естің түрлері оның тарихи дамуының әр түрлі деңгейлері болып табылады және оларды соған сәйкес ес кемелденуінің филогенетикалық деңгейлері деп санауға болады деген ойды айтып әрі қарай дамытты. Бұл естің келесі кезектілігіне қатысты: қозғалыстық, аффективтік, бейнелі, логикалық, П.П.Блонскийдің айтып негіздеген ойы адамзаттың даму тарихында айтылған ес түрлері бірінен кейін бірі пайда болған.

Онтогенезде балада ес түрлерінің барлығы айтарлықтай ерте және нақты кезекпен қалыптасады. Барлығынан кейін логикалық ес қалыптасып әрекет ете бастайды. Бұл естің түрі 3-4 жастағы балада салыстырмалы қарапайым формаларда болады, бірақ қалыпты дамуына жасөспірімдік немесе жастық шақта жетеді. Оның кемелденуі мен әрі қарай жақсаруы адамның негізгі ғылымдарды оқумен байланысты.

Бейнелі естің бастауы адам өмірінің екінші жылымен байланыстырылып, бұл естің түрі өз дамуының жоғары нүктесіне жастық шақта жетеді деп саналады. Барлығынан ерте 6 – ай шамасында аффективті ес көрініс бере бастайды, бірақ уақыт бойынша ең біріншісі моторлы немесе қозғалыстық ес, генетикалық жоспарда ол барлық естен тұрады.

Бірақ нәрестенің анасының дауысына онтогенетикалық эмоционалды көңіл аударуына куә-көптеген мәліметтер мен негіздер қозғалыстық естен бұрын аффективті ес әрекет ете бастайтынын көрсетеді.

Адам есінің тарихи дамуын Л.С.Выготскийдің /12,31/ қарастырған көзқарасы басқаша болды. Оның пікірінше филогенездегі адам есінің кемелденуі басты түрде еске сақтау құрамдарын жақсарту мен мнемикалық функциялардың адамның басқа да күйлері мен психикалық үрдістермен байланысын өзгерту жолымен жүреді. Сөйлеудің әртүрлі формаларының арқасында (ауызша, жазбаша, сыртқы, ішкі) адам өз есін еркіне қабілетті етіп, есте сақтауды саналы түрде басқарып, материалды сақтау мен қайта жаңғырту үрдісін басқара алатын болады.

А.Н.Леонтьев /8/ балалық жасындағы тікелей және жанама еске арнайы зерттеулер жүргізген. Ол тікелей есте сақтау – мнемикалық үрдісінің уақыт өте келе жанамаланғанмен ауысатындығын эксперименталды түрде көрсеткен. Бұл баланың кемелдендірілген ынталар-материалды есте сақтау мен қайта жаңғыртуды меңгеруге байланысты орын алады. Ынталардың дамуының өзі келесі заңдылыққа тәуелді болып табылады: олар алғашында сыртқы болса (мысалы: есте сақтау үшін әр түрлі заттарды қолдану, қол саусақтарын т.б.), кейіннен ішкіге айналады (мысалы: сезім, ассоциациясы, елестеу, бейне, ой).

Мағыналанған материалды еске сақтауды зерттеген кеңестік және шетел зерттеушілерінің еңбектерін салыстырып талдағанда шығатыны – шетелдік зерттеулерде материал сипаттамасына көп зейін бөлінсе, кеңес зерттеулерінде сол материалдың өңделу сипаттамасына көп көңіл аударылады, соған байланысты логикалық ес мәселелері кеңес психологиясында тереңірек зерттелген /7/.

Есті бүгінгі таңдағы психология ғылымы тұрғысындағы зерттеуде негізгі әрі жанды болып отырған – есте қалдырудың механизмі туралы мәселелер болып саналады.

Естің психологиялық теориясы ес механизмін зерттеудің ең бастапқы бағыты болып есептеле отырып, осы тұрғыдағы зерттеулер мен көзқарастар көптеген бағыттарға және теорияларға тарамдалады. Осындай тарамдаудың негізі ретінде естің дамуындағы адамның белсенділік әрекеті алынады. Ал ес жайындағы көптеген теориялар басты мәселе етіп сол күйінде объектіні немесе субъектіні алады.

Психологиялық тұрғыдағы көзқарастар тобы – ассоциациялық бағыт делінсе де, оның не мәселесі мен өзекті ұғымы – ассоциациялық байланыстар. Осы байланыстар психикалық міндетті түрде жасалу принципі болып саналады. Сөйтіп, екі түрлі елес пен әсерлену санада бір мезгілде бой көрсетеді. Осыған орай есте әр түрлі сыртқы жағдайларға байланысты пайда болып отыратын әсерлер мынандай үш түрге бөлінеді: а) әсерленген объектінің кеңестік пен уақытқа орай араласып келуі; ә) өзара ұқсастығы; б) бір-бірінен айырмашылығы мен қарама-қарсылығы. Сыртқы дүние құбылыстарының өзара қатынасынан ассоциациялардың келесі реттегі үш түрі құралады: 1) аралас не іргелес ассоциациялар; 2) ұқсастық ассоциациялар, 3) қарама-қарсылық ассоциациялар.

Атақты физиолог ғалым И.П.Павлов /10/ ассоциацияларды шартты рефлекс теориясымен түсіндіріп ми қабығындағы екі қозу үрдісінің қабаттасып келуінен пайда болып, сан рет қайталау нәтижесінде бекіп отыратын уақытша байланыстар деп анықтады. Бұл ілім естің физиологиялық теориясы деп аталады. Осы теорияға естің физикалық теориясы да жатады. Ол бойынша жүйкелік серпілістер нейрон арқылы өткенде, өзінің ізін қалдырады. Бұл нейрондық модель теориясы деп аталады. Қазіргі кезеңдегі нейропсихологиялық зерттеулер нейрондар мен

молекулдық дәрежедегі жүйке қызметінің механизмдерінде естің сақталуымен беку жағдайына терең мән беруде.

Ес механизмін нейрофизиологиялық дәрежеде зерттеу мәселелері биохимиямен ұштасады. Осы бағыттағы зерттеу нәтижелері есте сақтау екі сатылы сипатта болады деген жорамал жасайды. Бұл жорамал бойынша алғашқы сатыда тітіркендіргіштер тікелей әсер еткеннен кейін мида электрохимиялық қысқа реакциялар пайда болып, олар жасушаларда физиологиялық өзгерістерге ұшырайды. Екінші сатысында бірінші саты негізінде биохимиялық реакция пайда болып, жаңадан протеиндер деп аталатын ақ уызды заттар құрайды. Бірінші саты тек секунд, минуттарға созылады. Ол – естің қысқа мерзімді физиологиялық механизмі. Ал екінші сатыда жасушаларда химиялық өзгерістерге ұшырайтын заттар ұзақ мерзімді есте сақтаудың механизмі болып табылады.

Ес механизмінің негіздері Швеция биохимигі Хиденнің еңбектерінің нәтижесінде едәуір алға жылжыды. Ол қозудан қалған іздің сақталуы рибонуклеин қышқылы құрылымының өзгеруімен байланысты екенін көрсетіп, РНҚ мен ДНҚ ес тасушылары және олар тұқым қуалаудағыдай ес іздерін өмір бойында да сақтауда маңызды рөл атқаратындығын ашып көрсеткен /48/. Адамның ес үрдісі өте күрделі және адамның іс-әрекетіне орай жоғарыдан төмен қарай дамып, бүтіннен бөлшекке – ағзадан мүшеге, одан жасушаға және керісінше ауысып отыратын үрдіс. Сондықтан, естің механизмін әр түрлі дәрежеде анықтаған зерттеу нәтижелері бір-бірін толықтырып отырады.

Естің түрлері

Ес адамның әр түрлі іс-әрекеттерімен байланысты болып, тіршілікте аса қызмет атқаратын болғандықтан, оның түрлері мен көріністері әр қилы. Естің бөлінуі адамның түрлі әрекет еркешеліктеріне байланысты жүргізіліп, олар есте қалдыру, қайта жаңғырту үрдістерімен тығыз ұштасады. Іс-әрекет сипаттарына орай, ес үш түрге негізделіп бөлінеді: 1. Психикалық белсенділік сипатына байланысты: қимыл-қозғалыс, эмоциялық-сезімдік, бейнелі-көрнекілік және сөздік-мағыналық (логикалық); 2. Іс-әрекеттің мақсат сипатына қарай: ерікті, еріксіз ес. 3. Адамның материалдарды қанша уақытқа дейін есте сақтай алатындығына қарай: қысқа және ұзақ мерзімді, сондай-ақ оперативтік ес.

Қимыл-қозғалыстық ес алуан түрлі күрделі қозғалыстарды еске сақтау, сақтау қажет болған жағдайда жеткілікті нақтылықпен қайта жаңғырту болып табылады. Ол қимыл-қозғалыстық, еңбектік, спорттық икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыруға қатысады.

Адамның бастан кешірген түрлі сезімдері мен эмоциялық күйлерін есте қалдырып отыруын сезімдік ес деп атаймыз. Өз айналасындағы заттармен

құбылыстарға көңіл-күйінің қандай қатынаста болғанын қайта жаңғыртып, түрлі іс-әрекеттерді атқаруға жетелейді.

Эмоциялық ес адам басынан кешкендерін еске түсіргенде, бозарады, не қызарады. Өйткені, оның басынан өткен әр алуан жағдайлар оған күшті әсер етіп, эмоциялық күйге ұшыратады. Белгілі мәні тұрғысынан алғанда, бұл естің басқа түрлерімен салыстырғанда әлдеқайда күшті болады.

Бейнелі-көрнекілік ес заттар мен құбылыстардың қасиеттерін, нақты бейнесін ойда қалдырып, қайта жаңғыртуда айқын көрініс береді. Естің бұл түрі арқылы табиғат көрінісі, бастан кешкен оқиғалар, дыбыс, иіс, дәм жаңғыртылады. Осыған орай бейнелі-көрнекілі ес – көру, есту, сипау, иіс, дәм естері болып бөлінеді. Егер қалыпты дамыған адамдар үшін есту есі мен көру есінің маңызы зор болса, ал соқыр, саңырау адамдарда мұның есесіне сипау, иіс, дәм естері (түйсіктердің осы түрлеріндегі сияқты) өте жақсы дамып, басқа естердің кемістіктерін толықтырады. Бейнелі ес, әсіресе көркемөнер кәсібімен шұғылданатын адамдарда жоғары әрі өте нәзік түрде дамыған болады.

Кейде **эйдетикалық есі** бар адамдар да кездеседі. Мұндай адамдар заттар мен құбылыстарды көз алдына нақты елестетіп, олардың жеке қасиеттері мен бөлшектерін айқын ажырата алады. Олардың сезім мүшелері сыртқы тітіркендіргіштерге күшті қозудың нәтижесі болып саналады.

Сөздік-мағыналық (логикалық) ес біздегі ой, ұғым, пікір, ой қорытындылары сияқты түрлі формалар арқылы із қалдырып отырады. Ойдың қандай формасы болса да тілмен, сөзбен байланысты. Естің бұл түрінің сөздік-мағыналық деп аталуы да сондықтан. Бұрын қабылданған нәрселерді қажет кезінде біз сөз, не олардың мәнін есте сақтау арқылы жаңғыртамыз. Егер бейнелі есте бірінші сигнал жүйесінің қызметі басым болса, сөздік-мағыналық есте екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады. Нәрселердің мән-жәйын есте сақтау логикалық-мағыналық, ал белгілі үзінділер мен сөз тіркестерін, мазмұндарды сөзбе-сөз жаттап алу **механикалық түрде есте қалдыру** деп аталады. Сөздік-мағыналық ес оқушылардың білім жүйесі мен оқу материалдарын есте сақтауда жетекші мәнге ие. Естің бұл түрлері адамның әрқилы іс-әрекеттерінің алмасып отыруына, ниет-тілегіне, мақсат-мүддесіне орай түрлі тәсілдерге ауысып, оның бойындағы тұрақты қасиеттері болып қалыптасады.

Ерікті және еріксіз естер. Естерді ерікті және еріксіз деп бөлу орындалуға тиісті әрекеттердің маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты. Белгілі мақсат қоймай-ақ, арнайы есте қалдырмай-ақ есте сақтау мен жаңғырту, еске түсіру еріксіз ес деп аталады. Егер мақсат қоятын болсақ, онда бұл ерікті ес болады. Мұнда есте қалдыру мен жаңғырту, еске түсіру жаттап алу үшін мнемоникалық амалдар қолданылады. Естің бұл түрі бірізділікпен дамып отыратын естің сатылары болып табылады. Адам қажетті деп тапқан нәрселері үшін арнайы амалдар қолданып, ерікті есте қалдыруды да жиі

кажет етіп отырады. Естің адам санасында тұрақтанып, жемісті болуының өзіндік сипаттары бар. Олар – естің көлемі, тездігі, ұзақтығы, даярлығы.

Қысқа мерзімді және түпкілікті ес. Қажетті материалдар мен нәрселерді есте сақтау үшін адам тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, оны қалай да жадында қалдыруды мақсат етеді. Бұл сол әсер еткен нәрселер ізінің консолидациясы немесе мағлұматтардың есте берік қалуы деп аталады. Мұндай есте осыдан біршама уақыт бұрын қабылданған нәрселердің бейнесі адамның көз алдында елестеп, құлағына дауысы естіледі. Бірақ мұндай үрдістер тұрақсыз. Бұл ерекшеліктің сырттан алынған хабарларды есте сақтап, оларды қайта жаңғыртуда ерекше маңызы бар. Естің бұл түрін **қысқа мерзімді ес** деп атайды. Қысқа мерзімдік ес – хабарды қысқа уақыт аралығында сақтау әдісі болып табылады. Мұнда мнемикалық іздерді ұстап қалу ұзақтығы орташа алғанда 20 секундтан аспайды. Қысқа уақыттық есте қабылданғанның толық емес жалпыланған бейнесі, ең маңызды элементтері сақталады. Бұл ес есте сақтауға деген алдын-ала саналы бағдарсыз жұмыс істейді, бірақ материалды келешекте қайта жаңғыртуға деген бағдар болады. Қысқа мерзімдік есті сипаттайтын көрсеткіш бұл - көлем. Ол орташа алғанда хабардың 5 бірліктен 9 бірлікке дейінгі аралыққа тең және адамға хабар берілгеннен кейін, бірнеше ондық секунд өткеннен кейін адам қайта жаңғырта алатын хабар бірліктерінің санымен анықталады.

Ал **ұзақ мерзімді ес** бұл хабарды шексіз уақыт сақтауға қабілетті естің түрі. Ұзақ мерзімдік ес қорына түскен хабарды адам нұқсансыз шексіз көп рет қайта жаңғырта алады. Сонымен қатар, бұл хабарды көп рет және жүйелі түрде қайта жаңғырту оның ұзақ мерзімдік естегі іздерін қатайта түседі. Мағынасын түсінбей, нәрселердің әсерін қайталай беру мида қорғаныс тежелулерін тудырып, ұзақ мерзім еске айналуы қиындатады. Ұзақ мерзімді есті қолдану кезінде көп жағдайда ойлау мен еріктің күші қажет болып жатады, сондықтан да ұзақ мерзімді естің әрекет етуі әдетте осы екі үрдістермен байланысты.

Көркем әдебиет пен ауызекі тілде қысқа мерзімді ес “алғашқы ес”, “шапшаң көрініс” деп те айтылады. Дегенмен, психология ғылымында ол оперативтік ес деген атпен белгілі.

Оперативті ес деп хабарды бірнеше секундтан бірнеше күнге дейінгі диапазонды қамтитын, алдын-ала берілген мерзім аралығында сақтауға бағытталған есті айтады. Бұл естің мәліметтерді сақтау мерзімі адамның алдында тұрған мақсатпен айқындалады және осы мәселені шешуге ғана бағытталған. Бұдан кейін хабар оперативті естен жоқ болып кетуі ықтимал. Естің бұл түрі хабарды сақтау ұзақтығы мен өзіндік қасиеттеріне байланысты қысқа мерзімдік ес пен ұзақ мерзімдік естің арасындағы аралық орынды алады.

Генетикалық есте хабар генотипте сақталып, тұқым қуалау арқылы беріліп, қайта жаңғыртылады. Бұл ес түрінде мутациялармен, солармен байланысты гендік құрылымдардағы өзгерістер хабарды есте сақтаудың

негізгі биологиялық механизмі болып табылады. Біз оқыту мен тәрбиелеу арқылы әсер ете алмайтын адам есінің жалғыз түрі бұл генетикалық ес.

Көру есі көрген бейнелерді сақтау мен қайта жаңғыртумен байланысты. Бұл естің түрі қандай болмасын маманданған адамдар үшін және инженерлер мен суретшілер үшін ерекше қажет болып табылады. Бұл естің түрі қиялға қабілеттілікпен байланысты. Бұл жерде есте сақтау мен қайта жаңғырту осыған байланысты; адам нені көру арқылы елестете алса, әдетте соны жақсы есте сақтап қайта жаңғыртады.

Есту есі – алуан түрлі дыбыстарды, мысалы: музыкалық, сөздік, жақсы есте сақтау және тура қайта жаңғырту. Ол филологтар, шет тілімен айналысатындар, акустиктер мен музыканттар үшін өте маңызды.

Сипап сезу есі, иіс сезі есі, дәм сезу есі және т.б. ес түрлері адам өмірінде ерекше рол ойнамайды және бұлардың мүмкіндіктері жоғарыда айтылған ес түрлерімен салыстырғанда шектелген болып шығады. Бұлардың негізгі ролі биологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру мен ағзаның қауіпсіздігі мен өзін-өзі қорғауын қамтамасыз ету.

Материалды есте сақтау мен қайта жаңғырту үрдістеріне еріктің қатысу сипатына байланысты ес **ырықсыз** және **ырықты** болып бөлінеді. Бірінші жағдайда айтылып отырған адамның жағынан ерекше күш салынбай автоматты түрде, алдына арнайы мнемикалық мақсат қоймай іске асатын еске сақтау мен қайта жаңғырту. Екінші жағдайда айтылған мақсат міндетті түрде болуы тиіс, ал есте сақтау мен қайта жаңғырту үрдістері еріктік күш салуды талап етеді.

Қайта жаңғырту, тану мен ұмыту

Қайта жаңғырту еріксіз және арнайы болып екіге бөлінеді. Еріксіз қайта жаңғырту – мақсатсыз. Мысалы, музыканттың белгілі ән-күйлерді күнде орындауы. Арнайы қайта жаңғыртуда белгілі мақсат болады. Оған адам өзінің ерік-күшін жұмсайды, арнайы әдіс-тәсілдер қолданып, бұрынғы қабылданғандарын қайта жаңғыртып, жүзеге асырады.

Тану – естің бұрынғы қабылдағандарға кезіккенде көрінетін қайта жаңғыртудағы қарапайым түрі. Тану қабылдау дәрежесіне орай түрліше болады. Мәселен, кейбіреулер бұрынғы көргенін бірден айтпай таниды, енді біреулер тіптен тани алмай қиналады. Тану ұқсастаумен де байланысты. Мәселен, адам бір жерге келгенде, бұрын көрген сондай бір жерді есіне түсіріп, айналадағы нәрселерді соған ұқсатады.

Ес елестері. Жаңғырту бейне түрінде де болады. Бұрын қабылданған нәрселер мен қазір жоқ көріністің бейнесі еске түседі. Соған орай көрген нәрсенің бейнесі көзге елестейді, ал естіген нәрсенің дыбысы құлаққа келеді. Елестетулерді сөзбен айтып та, пікірлер мен ой қорытындылары арқылы да тудыруға болады.

Елестетулер жалқы және жалпы сипатта да болады. Бір ғана нәрсені елестету – жалқы, ал жалпы елестету – тектес, ұқсас нәрселерді жеке-жеке қабылдау нәтижесінде пайда болатын бейнелер. Жалпы елестетулердің тұрақтылығы, анықтығы жалқы елестетулерге қарағанда көмескі болады. Адамның тікелей сезімдік танып білуі мен абстрактілі ойлау арқылы танымы арасындағы жалғастырушы жүйе – елес деуге болады. Өйткені, елес ойлау әрекетінде заттар мен құбылыстардың сан алуан қасиет-белгілерінен елестеген жалқы нәрсенің қасиет-ерекшеліктерін ғана жалпылап тануға бейімдеп отырады.

Ұмыту. Бұрын қабылданған материалдарды есте сақтамайынша, тани аламыз. Ұмыту дегеніміз – қабылданғанды, есте қалдырғандарды қажет болған кезде еске түсіре алмау, танымау немесе еске түсіру мен танудың қателесіп жаңылысуы. Ұмыту жүйке қызметінің күйіне байланысты. Жүйке жүйесін әбден шаршағанда не ауруға ұшырағанда, адамда ұмытшақтық күшті болады. Ұмыту қабылданған материалдардың нашарлығына да байланысты. Жүйке жүйесінің нашарлауына орай ұмытшақтық қартайған адамдарда жиі кездеседі. Мәселен, белгілі жазушы Вальтер Скотт “Айвенго” атты романын науқастанып жүрген кезінде жазыпты. Роман басылып шығады. Ауруынан айыққан соң В.Скотт өз романының қай кезде жазылғанын еске түсіре алмапты. Мұндай құбылыс психологияда **амнезия** деп аталады. Бұл құбылыстар мидағы тежелу, өшу заңдылықтарына байланысты. Бірақ ұмытылған құбылыстар бір кезде жаңғырып, еске түседі. Бұл ес үрдісінде **ременисценция** деп аталады. Мәселен, адам өзінің жақсы меңгерген тілін, аурудың салдарынан мүлдем ұмытып қалып, кейін жазылған соң қайта сол тілде сөйлей алады. Осы орайда уақытша ұмытуды **сақтық тежелу** деп атайды. Ұмыту – жүйке жасушаларындағы тежелу үрдістерінің дамуы. Адамның бұрынғы істеген қызметі қазіргі есте сақтау жұмысына бөгет болса, оны **проактивтік тежелу**, ал бұрыннан есінде сақталған материалына кейінгі қызметі бөгет болса, **ретроактивті тежелу** делінеді. Мұндай жайттар мағынасы бір-біріне жақын материалдарды үйренуде жиі кездеседі.

Өмір сүру қызмет атқару барысында жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне қарай адамда естің *даралық және типологиялық* ерекшелігі қалыптасады.

Естің даралық және типтік ерекшеліктері.

Естің даралық ерекшеліктері біріншіден, жеке адам ерекшеліктерімен байланысты болады. Тіпті есі жақсы адамдар да бәрін бірдей есте сақтамайды да, есі нашарлар бәрін бірдей ұмыта қоймайды. Бұл, естің таңдампаз сипатымен түсіндіріледі. Адамның мүддесі мен қажеттілігіне сай нәрселерді ес тез де берік ұстайды. Екіншіден, даралық айырмашылық ес сапасынан көрінеді. Ес сапасы есте ұстау шапшаңдығы, сақтау беріктігі және қайта жаңғырту жеңілдігімен сипатталады. Егер жақсы ес бірден есте сақтау және

баяу ұмытудан көрінсе, нашар ес, керісінше, самарқау сақтау және тез ұмытумен айрықшаланады.

Бірақ ес бір жағынан жақсы, екінші жағынан нашар бола береді. Естің жеке сапалары түрлі үйлесім табуы мүмкін.

1. Ең тәуірі – бірден есте сақтау мен бірте-бірте ұмытудың үйлесуі. Ес ерекшелігі осындай адамдар материалды бірден есте сақтайды; бір рет тыңдалып немесе оқылған материал берік және ұзақ сақталады, қажет кезінде оңай да толық және қатесіз қайта жаңғыртылады.

2. Есте самарқау сақтау бірте-бірте ұмытумен үйлеседі. Есінің сапасы мұндай адам бір нәрсені жаттауға көп уақыт жұмсауы – бірнеше рет оқуы, кесте жасауы, өзіне-өзі әңгімелеуі керек.

Бірақ олар есте ұстаған соң материал ұзақ уақыт берік сақталады және дәл жаңғыртылады.

3. Бірден есте сақтау тез ұмытумен үйлеседі. Ес сапасы осындай адамдар материалды “тез қағып алып”, есте сақтайды. Мұндай адамдар тыңдай салып немесе бірақ рет оқып шығып, мысалы, сабақ соңында материалды толық және қатесіз қайта жаңғырта алады. Бірақ аз уақыттан соң, тіпті екі күннен кейін-ақ оның көбін ұмытып, жобалап, қате араластырып жаңғыртады. Бұлай болу себебі мұндай адамдар есте бірден сақтайтындығын қанағат тұтып, қайталауға уақыт бөлмейді, бәрін білемін деп есептеп үйде ауызша тапсырмаларды әзірлемейді. Тез ұмыту салдарынан ес жеміссізденеді. Ес сапасының мұндай үйлесімі жағдайында материал қайталаусыз-ақ жаңғыртылса да қайталап жаттау қажет. Қосымша қайталаулар есте ұзақ және берік сақтауға жеткізеді.

4. Ең жеміссіз ес самарқау сақтап, тез ұмытумен сипатталады. Есі осындай адамдар жаттауға көп уақыт жұмсайды, бірақ қажетті нәтижеге жете алмайды. Олар толық және дәл жаңғырта алмайды, материалды тез ұмытып қалады. Бұл білімдері үзік-үзік оқушыларға тән (үзілістер ауруға байланысты, ұзақ уақыт сабаққа келмеуден немесе басқа себептен болуы мүмкін), өйткені жүйелі білімнің жоқтығы қажетті бірлестіктердің орнауына бөгет болады. Кей жағдайларда ес мидың ауруға шалдығуының нәтижесінде де нашарлап кетеді.

Ес ерекшеліктеріне байланысты оқушылар тиянақты көмекті қажет етеді. Оларды жаттау мен қайталауды дұрыс ұйымдастыра отырып, естегі кемшіліктерді жоя білуге үйрету керек. Балаларға мұны қалай атқаруды тікелей жаттау үстінде нақты көрсетіп отыру қажет. Естің төмен нәтижелілігі кейде жаттауды тиімді ұйымдастыра алмаудан, ой елегінен өткізбей тек механикалық есте сақтауды қолданудан да болады. Мұның тез ұмытуға әкелетіндігі белгілі. Материалды есте сақтауға үйрете отырып, ес әрекетін едәуір жақсартуға, соның нәтижесінде оқу үшін маңызды қабілеттің бірін дамытуға болады.

Естің даралық айырмашылығы кейбіреулердің тарихи материалды енді біреулердің физика немесе химия жөніндегі материалды есте жақсы

сақтайтындығынан көрінеді. Бұл, жеке адамдардың пәнге деген қатысы, оқу ықыласы тәрізді ерекшеліктеріне тәуелді болып келетін қабілеттердің сапалық ерекшелігін құрайды. Сондықтан естің ойдағыдай жұмыс атқаруы үшін мектеп оқушыларының әр пәнге деген ынтасын қалыптастыру қажет.

Ес түрлерінің бірінің басымырақ болып қалыптасуы жеке адам ерекшеліктеріне, адамның әрекет ерекшеліктеріне байланысты болады. Мәселен, әртістерде эмоциялық ес жақсы дамыған болса, композиторларда – есту, суретшілерде - көру, философтарда - сөздік-логикалық ес жақсы дамиды.

Бейнелік немесе сөздік естің басымдануы бірінші, екінші сигнал жүйелерінің арақатысы және жүйке қызметінің типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады. Көркемдік түр бейнелік естің басымдануымен, ойшыл түр сөздік естің басымдануымен айрықшаланады.

Естің дамуы, сол тәрізді, адамның мамандық әрекетіне де тәуелді, өйткені психика әрекет үстінде көрініс берумен бірге қалыптасады да. Композитор немесе пианино ойнаушы бәрінен де әнді есте жақсы қалдырса, суретші заттардың түсін, математик есептердің түрін, спортшы қимылдарды есте тәуір сақтайды.

Естің даралық ерекшеліктері тәсілінен де көрінеді. Айырмашылық материалдың қай талдағыштық көмегімен есте сақталатындығынан, қайта жаңғыртылатындығынан көрінеді. Жаттау тәсіліндегі айырмашылық адамдарды жоғары жүйке қызметінің тума ерекшеліктерімен сәйкес болатын ес түрлері бойынша бөлудің негізіне алынады.

Естің көру түрі игерілуге тиісті мәтінді есте қалдыру үшін адамның оны көзбен көруі керек екендігімен сипатталады; естің есту түрі адам жатталатын материалды есте сақтау үшін оны есту керек екендігінен көрінеді. Есту түріндегі еске ие адамдар дауыстап оқиды немесе оқығандарын әңгімелеп шығады. Қимыл есі есте сақтау үшін қимылдық талдағыштар пайдаланатындықтан көрінеді. Мұндай типті еске ие адамдар сөзді сыбырлап қайталайды, тіпті саусағын қимылдатып, ауаға жазса да жаза отырып, есте сақтайды. Олар жазса, сурет салып еңбек әрекеттерін жасаса, тез және берік есте сақтайды.

Естің таза түрлері өте сирек кездеседі. Көру-есту, көру-қимыл және қимыл-есту тәрізді аралық түрлер көбірек тараған.

Ес үрдістерінің сипаттамасы, балалар есінің даму ерекшеліктері

Қысқа мерзімдік естің көлемі дара болып келеді. Ол адамның табиғи есін сипаттап, бүкіл өмір ағымында сақтауға тенденциясын анықтап отыр. Онымен алдымен механикалық ес пен оның мүмкіндіктері анықталады. Көлемнің шектеулігімен шарттанған қысқа мерзімдік естің ерекшеліктерімен орнын толтыру сияқты қасиетімен байланысты. Мұның көрініс беретін жері адамның қысқа мерзімінің дара шектелген көлемі толған кезде, жаңа келіп

түскен хабар сол жерде сақталынып отырған хабарды жартылай ығыстыра бастайды, ығысқан хабар ұзақ мерзімдік сақтау қорына түспеген күйде жок болып, ұмытылып кетеді. Жекелеп алғанда бұл адамға толығымен есте сақтай алмайтын хабар оған үзіліссіз берілген жағдайда пайда болады. Мысалы, бізге жаңа таныстырған адамның аты-жөнін еске түсіргенде біз неліктен қиындықтарға тап боламыз? Оның себебі бізге адамды таныстырғанда оның есімі қысқа мерзімдік ес көлемін толтырады, сол кезде жаңағы адам сөйлей бастайды, бастапқыда енген адамның аты-жөнімен байланысты хабар ығыстырылады. Ырықсыз түрде зейінімізді адам не айтып тұрғанына аударған соң, біз адамның аты-жөнін қайталауды тоқтатып нәтижесінде ұмытып кетеміз.

Қысқа мерзімдік ес адам өмірінде өте маңызды рөл атқарады. Оның арқасында хабардың үлкен көлемі өңделіп, бізден потенциалды қажет болатыны іріктелінеді. Осының нәтижесінде ұзақ мерзімдік естің артық жүктелуі пайда болмай, адамның уақыты үнемделеді. Қысқа мерзімдік естің ойлаудың ұйымдастырылуында маңызы зор; соңғының материалы болып әдетте қысқа мерзімдік немесе сипаттамасы ұқсас келетін оперативті естің негізі болады. Естің бұл түрі адам мен адамның қарым-қатынасы үрдісінде белсенді жұмыс істейді. Бірінші рет кездескен адамдар бір-бірінен алған әсерлермен бөлісуін сұрағанда әдетте олар қысқа мерзімдік ес көлеміне сай келетін белгілер санын айтатын болған.

Қысқа мерзімдік естің жақсы жұмысысыз ұзақ мерзімдік естің қалыпты әрекет етуі мүмкін емес. Ұзақ мерзімдік еске қашқан да қысқа мерзімдік есте болып шыққан хабар ғана еніп сақталына алады. Басқаша айтқанда бұл жерде қысқа мерзімдік ес керекті, іріктелген хабарды ұзақ мерзімдік еске өткізетін аралық сақтаушы мен сүзгіш рөлін атқарады. Хабардың қысқа мерзімдік естен ұзақ мерзімдік еске өтуі бірқатар ерекшеліктермен байланысты. Қысқа мерзімдік еске сезім мүшелері арқылы түскен хабардың соңғы 5-6 бірлігі ғана енеді, сол 5-6 бірлік ұзақ мерзімдік еске бірінші болып түседі. Саналы күш салу арқылы материалды қайталай отырып хабарды қысқа мерзімдік есте көбірек уақытқа ұстап қалуға болады. Солайша қысқа мерзімдік естен ұзақ мерзімдік еске дара шектелген көлемнен артатын хабардың өтуін қамтамасыз етуге болады. Бұл механизм “қайталау арқылы еске сақтаудың” негізінде жатыр.

Әдетте қайталаусыз ұзақ мерзімдік есте адам зейінінің сферасында тұрған нәрселер ғана қалады. Қысқа мерзімдік естің бұл ерекшелігін келесі тәжірибеден көруге болады. Онда зерттелінушілерге есте сақтауға 3 әріп беріледі де 18 секунд өтісімен қайта жаңғыртуларын сұрайды. Бірақ әріптерді бастапқы қабылдау мен еске түсірудің арасындағы уақытта зерттелінушілерге әріптерді қайталауға рұқсат бермейді. Бірден 3 әріп берілгеннен кейін оларға қандай да бір саннан, мысалы: 55-тен төмен қарай 3 саннан алып отыру ұсынылады. Осындай жағдайда көбісі берілген әріптерді мүлдем есте сақтап 18 секундтан соң қайта жаңғырта алмаған. Орташа

алынғанда адам есіне, осындай тәжірибенің соңында бастапқыда қабылданған хабардың 20% ғана сақталады.

Еспен байланысты көрінген көптеген өмірлік психологиялық проблемалар іс жүзінде еспен емес адам зейінің есте сақтайтын материалға ұзақ және тұрақты аударуын қамтамасыз ете алуымен байланысты. Егер адам бір нәрсеге зейінің аударып, шоғырландыра алса сол нәрсе жақсы есте сақталып, адам есіне көбірек уақытқа қалады. Бұл фактты келесі тәжірибе көмегімен көрсетуге болады. Егер адамға көзді жұмуды ұсынып өзі көп рет көрген заттың түсін, қалпын айтуын сұрасақ, адамдар ойланып қалады. Кейбір адамнан сағатының цифрлары римдік пе, әлде араб цифрімен берілген бе деп сұраса, бұныда айта алмай қателесіп жатады. Мұның себебі адам сағатына қанша рет қарағанымен, сағатының циферблатына назар аударма қоймаған. Қысқа мерзімдік еске хабарды енгізу процедурасы, оған зейін аудару акті болып табылады.

Ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік естердің аурулық бұзылыс жағдайында олар бір-бірінен тәуелсіз функциялай алады. Мысалы: ретроградты амнезия кезінде алыс өткен шақта болған нәрселерді адам білетін болады бірақ жаңа енген мәліметтер жоғалып отырады. Естің ауытқуын басқа түрі антероградты амнезияда естің 2 түрі де жақсы қызмет етеді, бірақ ұзақ мерзімді еске жаңа хабар енбейді.

Көптеген өмірлік жағдайларда қысқа мерзімдік еспен ұзақ мерзімдік еспен өзара байланыста, параллелді түрде жұмыс істейді. Мысалы: адам өз қысқа мерзімдік еске көлеміне сыймайтын хабарды есте сақтауға бағытталса, ол әдетте, саналы немесе бейсаналы түрде материалды мағыналық өңдеу және топтастыру әдістерін қолданады, бұл есте сақтауды жеңілдетеді. Мұндай топтастыру өз кезегінде ұзақ мерзімді естің өткен тәжірибеге қайта қарауын, одан жалпылау үшін қажетті білім мен түсініктерді алуды, оларды қысқа мерзімдік еске көлемінен асып кетпейтін мағыналық бірліктерге айналдыруын көздейді.

Хабарды қысқа мерзімдік естен ұзақ мерзімдік еске аудару әдетте қиындықтар туғызып отырады өйткені бұл жұмыс жақсы өтуі үшін алдымен материалды адам жақсы білетін нәрсесімен байланыстырып, мағынасына түсініп, құрылымдауы тиіс. Тура осы жұмыстың жеткіліксіздігінен немесе оны тез және әсерлі жасай алуынан адам есі әлсіз көрінуі мүмкін, бірақ іс жүзінде ол үлкен мүмкіндіктерге ие.

Енді ұзақ мерзімдік естің ерекшеліктері мен кейбір жұмыс істеуі механизмдерін қарастырайық. Бұл еске түрі әдетте функциялауын бірден материал қабылданып еске сақталғаннан кейін емес, уақыт өткен соң адам есте сақтаудан қайта жаңғыртуға өтуге іштей дайын болғанда ғана бастайды. Бұл екі үрдіс қатар жүре алмайды, өйткені олардың құрылымы әр түрлі, механизмдері сыйыспайды және бір-біріне қарама-қарсы бағытталған. Қысқа мерзімді естен ұзақ мерзімді еске хабардың аударылуына акустикалық кодтау тән. Олар сақталғанда дыбыстық қалыпта емес ойлаумен байланысты

мағыналық кодтар мен құрылымдар түрінде сақталынады. Егер де мысалы, сөздердің ұзын қатарын көп рет оқып немесе тыңдаған соң қайта жаңғыртқымыз келсе біз қысқа мерзімдік естегідей қате жібере бастаймыз. Бірақ бұл қателер айтылғандардан ерекше. Көп жағдайда ұмытылған сөздердің орнына біз мағыналас сөздерді қолданамыз. Басымызға алдымен ұмытылған сөздің мағынасы келетіндіктен соның арқасында біз керек сөзді не болмаса мағыналас сөзді қолдана аламыз. Егер де бұл жоқ болғанда біз еске түсіру кезінде үлкен қиындықтарды бастан кешіре едік. Ұзақ мерзімдік естің осы ерекшелігіне қанша да көрген, естігенімізді танымдық үрдісі негізделген.

Адам өзінің өмірінде көріп-естіп білгендерін, басынан кешкендерін, түрлі ойлары мен сезімдерін, әрқилы іс-әрекеттерін ұмыта бермейді. Олар баста сақталады, қажет кезінде қайта жаңғыртылады.

Адамның бұрын қабылданған нәрселерін мен құбылыс бейнелерін, көңіл-күйлерінің ойда сақталып, қажет кезінде қайта жаңғыруы *ес үрдісі* деп аталады. Жүйке үрдісінің уақытша байланыстары негізінде бұрынғы қабылданғандар еске түседі. Естің бұл күйі қайта жаңғырту болып табылады.

Қайта жаңғырту тану мен еске түсіру қызметі бірін-бірі толықтырып отырады. Қабылданған нәрселердің есте қалғаны естің материалы делінсе, ал есте сақталып, қайта жаңғырғаны естің мазмұны болып саналады. Адам өзінің, басқалардың ойы мен бастан кешкен сезімдерін, іс-әрекеттерін сөз арқылы қайта жаңғыртады.

Естің дамуы қарапайымдырақ және тиімділігі төмен әдістермен еске сақтаудан, күрделірек және өте тиімді еске сақтау әдістеріне көшу үрдісі болып табылады. Тұлғаның оқытылуы мен мидың жетілуі үрдісінде ес басқаруға көбірек келетін, ырықты, әр түрлі материалды еске сақтауға қабілетті бола бастайды. Осыған байланысты естің өнімділігінің көрсеткіштері де жоғарылайды: есте сақталған мен қайта жаңғыртылғанның көлемі, жылдамдық дәлдік, ұзақ есте сақтау мен дәл қайта жаңғырту ықтималдығы.

Ес баланың бар мектеп өмірі бойына даму үстінде болады. Бастауыш мектеп жасында жанамаланған және ырықты еске сақтауға ғана тенденция пайда болады. Бұл кезең үшін (7-8 жас) қандай болмасын құралдарды қолданып еске сақтаудан гөрі (мағыналау, ұйымдастыру т.б.) жай жаттап алу жағдайы тән. Эксперименталды зерттеудің көрсетуінше бұл жастағы зерттеулер “қалай еске сақтаудың?” деген сұраққа “жай еске сақтадым” деген жауап қайырады.

Бастапқы жеткіншек жасқа қарай ырықтырақ және жанамаланғанырақ бола бастайды. Бұл үрдіс 10-12 жастағы балаларда ерекше байқалады. Бұл кезде пайда болып келе жатқан жанамаланған және тікелей есте сақтау элементтері бірқатар жағдайларда бір-бірінен тәуелсіз түрде әрекет етеді. Осылайша механикалық түрде қайталай отырып еске сақтауға болатын материал тек қана осы жолмен еске сақталынады, ал еске сақтау мүмкін емес

болған жағдайда оқушы хабарды өңдеу тәсілдерін іздестіре бастайды. Бұл құбылысты А.Н. Леонтьев /8/ “тікелей және жанама еске сақтаудың дивергенттігі” деп атаған.

Жеткіншек жастың аяғында бұл құбылысының көрінуі азая беріп, мектеп өмірінің соңына қарай материал жанама түрде сақтала алатын болады. Жанамаланған ес доминантты бола бастайды. Сонда да бұл тікелей ес мүлдем жоғалып дамымай кетеді деген сөз емес. Бұл үрдістер адам өмірінің бүкіл ағымында орын алады, бірақ ес дамыған сайын тікелей еске сақтау элементтерін мүшелеп алу қиынырақ болады, өйткені дамып жетілген ес бүтін күрделі үрдіс ретінде функциялайды.

Естің даму үрдісін ырықсыздан ырықты еске, тікелейден жанамаланғанға немесе басқа сөзбен айтқанда механикалықтан логикалыққа өту түрінде елестетуге болады. Нақты алғанда ес өнімділігі көрсеткіштерінің өсуі айтылған жағдаймен шарттанған. Дамып жетілген еске ие субъект кез-келген материалды еске сақтай алады. Егер бастауыш мектеп оқушысы нақты материалды жақсырақ еске сақтаса, жеткіншек жасындағы оқушы абстрактілі, нақты, бейнелі вербалды, мағыналанған, мағынасыз материалды да еске сақтай алады. Бұл өзгерістер бәрінен де бұрын ес құрылымында жаңа түзілулер – мнемикалық әрекеттердің пайда болуымен шарттанған. Адам мнемикалық әрекеттері жоқ еспен туылады, олар оқыту мен жетілудің арқасында пайда болады. Мнемикалық әрекеттердің пайда болуы даму негізін құрайды.

Әр мұғалім оқушыларда логикалық ойлау дамытуға міндетті екенімен ешкім дауласпайды. Ол жайлы оқыту бағдарламаларында айтылады және мұғалімдерге арналған әдістемелік әдебиетте берілген. Бірақ берілген пәнді зерттеу негізінде қалыптасуы керек болып отырған ойлаудың логикалық тәсілдерінің нақты бағдарламасы әлі жоқ. Нәтижесінде оқушылардың логикалық ойлауы дамытуға арналған жұмыстар “мүлдем” – қажетті тәсілдер жүйесін білмеушілікпен жүргізіледі. Бұл логикалық ойлаудың дамуы басым жағдайда басқарусыз жүретіндігіне әкеледі, сондықтан оқушылардың көбісі ойлаудың бастапқы тәсілдерін де меңгере алмай қалады, ал бұл тәсілдер бастауыш мектеп оқушыларына үйретілуі тиіс; оларсыз материалдың толық меңгерілуі жүрмейді. Бірақ жұмысты кез-келген логикалық тәсілден бастай беруге болмайды, өйткені ойлаудың логикалық тәсілдерінің жүйесінің ішінде нақты бекітілген кезектілік бар және бір тәсіл екіншісінің үстінде құралады. Заттың берілген түсінікке жататындығы жайлы мәселені шешіп алу үшін, бұл затта қажетті және жетерлік белгілер жүйесінің бар екендігін анықтау керек. Ал оқушылар бұл кезеңге дейін қажетті белгі мен жетерлік белгі түсініктерімен таныс болуы керектігін білдіреді. Бұл түсініктер өз кезегінде маңызды белгі түсінігіне сүйенеді. Бұдан шығатыны оқушылар белгілерді маңызды және маңызды емес деп айыра алуы керек. Ақырында соңғылар белгі, қасиет түсініктерін меңгеріп заттарда әртүрлі қасиеттерді бөліп көрсете алуы қажет. Түсінікке жатқызу тәсілдерін меңгеру үшін басқа

логикалық білім мен операциялардың бүтін жүйесін меңгеру керек: қажетті қасиет жетерліктен немен ажыратылатынын түсіну, жалпы алғанда қасиеттер деген не, заттарда оларды қалай айыруға болады, маңызды қасиет маңызды емесінен қалай ажыратылатындығы және т.б. Бұдан шығатыны логикалық ойлаудың қалыптастыруын түсінікке жатқызу тәсілінен бастауға болмайды. Ең бірінші оқушыларға үйретілуі қажет нәрсе бұл заттардың қасиеттерін айыра алу. Балалар затта көрген қасиеттерді көре алуы үшін заттарда қасиеттерді айыру тәсілін көрсету пайдалы - басқа қасиеттерге ие берілген затты салыстыру тәсілі. Алдын ала салыстыру үшін әртүрлі заттарды алып, кезекпен бастапқысымен салыстыра отырып, балалар үшін бастапқыда жасырын болған көптеген қасиеттерді көре алуға үйретуге болады.

Балалар заттардағы көптеген әртүрлі қасиеттерді ажырата алатындай деңгейге жеткеннен кейін логикалық ойлаудың келесі компонентіне көшуге болады: заттардың жалпы және ерекшелейтін белгілері жайлы түсінікті қалыптастыру. Бұдан кейін жасалатын қадам балаларға заттардағы маңызды және маңызды емес белгілерін айыра алуды үйрету. Екі логикалық тәсіл қарастырылады: заттардағы көптеген қасиеттерді айыра алуға мүмкіндік беретін заттарды салыстыру тәсілі және маңызды қасиеттерді маңызды емес қасиеттерден айыра алуды мүмкін ететін қасиеттерді өзгерту тәсілі. Бұл тәсілдер оқушылардың бір қатар логикалық түсініктермен танысау үшін қолданылады: қасиеттер, ерекшелейтін жалпы және маңызды қасиеттер. Логикалық білімдер – бұл нақты әрекеттерді атқарудың өнімі. Керісінше, ойлаудың логикалық тәсілдерін меңгеру үшін нақты логикалық білімдерге сүйену қажеттілігі туады. Осылайша, заттардың жалпы және маңызды белгілер жайлы түсініктер қиынырақ логикалық тәсілдердің бір қатарын меңгеру үшін қажет. Оқулықтар мен бағдарламаларды талдау-салыстыру әрекеті оқушыларға бірінші сыныптан бастап-ақ қажет болатындығын көрсетті. Ең үлкен қиындықтарды балалар заттарды салыстыру үшін негіздеме бөліп алу кезінде бастан кешіреді. Оқушылар әдетте салыстыратын объектілердің жалпы белгісіне емес, сол белгінің нақты сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағытталады. Салыстыру тәсілін қалыптастыруға байланысты жұмысты осы тәсілдің мазмұнын бөліп алудан бастау керек. Салыстыру үшін келесі әрекеттерді жасай алу қажет:

1. объектілердің белгілерін бөліп алу;
2. жалпы белгілерді анықтау;
3. салыстыру үшін негіздемені бөліп алу;
4. берілген негіздеме бойынша объектілерді салыстыру.

Оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастырудағы келесі қадам - оларды қажетті және жетерлік белгілермен таныстыру. Оқушыларды бұл белгілерді ажыратуға үйрету оңай емес, өйткені олардың объективті қатынасы айтарлықтай күрделі. Қажетті және жетерлік, қажетті және сол уақытта жетерлік белгілердің арасындағы айырмашылықты түсінбеу жоғары сынып оқушылары арасында кең тараған құбылыс болып табылады. Мұның себебі

ешбір сыныпта және ешбір сабақта бұл маңызды логикалық білім арнайы меңгеру пәні болған жоқ. Балаларға заттың берілген түсінікке жататындығы жайлы негіздерден нәтиже шығаруды үйрету қажет. Бұл әрекет заттың қажетті қасиеттері түсінігімен байланысты, сондықтан оны орындау осы қасиеттер дәрежесін меңгеру мүмкіндігін туғызады. Қажетті белгілермен танысқан соң, қажетті және сол уақытта жетерлік болып табылатын түсінік енгізіледі. Бұл жерде маңызды нәрсе кез-келген қажетті белгі жетерлік белгі бола бермейді. Оқушылардың жіберетін қателіктері олардың қажетті белгілермен жетерлік белгі ретінде әрекететуімен байланысты. Әрі қарай түсінікке жатқызу әрекеті жүреді. Кез-келген объекті бір түсінікке жатқызу үшін бұл объектегі берілген түсініктің белгілері бар не жоғын анықтау керек. Бұл тәсілді қалыптастыру бірқатар логикалық білімдерді және оларды қолдануды талап ететін әрекеттерді меңгерудің басы болып табылады. Заттарды қандай-да бір түсінікке қатесіз жатқызылуы үшін мыналар міндетті: Біріншіден, оқушылар берілген объект жатқызылуға тиіс түсінікті бөліп алуды үйренуі керек. Екіншіден, берілген объект қандай жағдайларда берілген түсінікке қатысты бола алатындығын анықтау. Барлық жағдайларда түсінікке жатқызудың жалпы талаптарын логика беріп отырады.

Бастауыш мектептің өзінде анықтаулармен жұмыс басталынып қоюы тиіс. Бірақ бұдан бұрын түрлі және типтік түсініктер арасындағы қатынастардың меңгеруімен байланысты жұмыс жүргізілуі тиіс. Түрлі-типтік қатынастарды түсінбей оқушылар бағдарламалық материалды толық меңгере алмайды. Осылайша оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру бағдарламасына түсініктердің түрлі-типтік қатынастарын, анықтамалардың логикалық ережелерін енгізу керек. Оқыту үрдісінде кеңінен қолданылатын және онсыз адамның толық қанды ойлауы мүмкін емес логикалық тәсілдің келесі – контрапозиция заңдылығы талаптарын орындай отырып нәтижелерді шығару тәсілі. Осыған байланысты бір нәтиже әртүрлі негіздеменің байланысты болуы мүмкін екенін оқушылардың барлығы түсіне бермейді, сондықтан нәтиже бар болса болады деп негіздеменің бар екендігін тұжырымдауға болмайды. Мектептегі оқыту үрдісінің барлық кезінде қолданылатын логикалық ойлаудың өте маңызды тәсілі – топтастыру тәсілі болып табылады. Бұл тәсілдің қалыптасуы сатылап, түрлі оқулықтар материалында жүзеге асуы керек.

Отандық психологтардың зерттеулерінің көрсетуінше есті жақсартудың маңызды құралы болып арнайы мнемикалық әрекеттерді қалыптастыру бола алады. Оларды меңгеру нәтижесінде адам оған ұсынылатын материалды ерекше есте сақтау мақсатымен оның танымдық үрдісінің өзінің саналы ұйымдастырылуы арқасында жақсырақ еске сақтау қабілетіне ие болады. Зерттеудің көрсетуінше балада ондай әрекеттердің дамуы 3 негізгі кезеңнен өтеді. Олардың біріншісінде баланың мнемикалық танымдық әрекеті барлық маңызды бөлшектерінде ересек адаммен ұйымдастырылады. Екінші кезеңде мектепке дейінгі балалардың үлкендері өз

бетінше топтастырып, заттарды жалпы белгілеріне байланысты топтарға топтастыруға қабілетті болып келеді. Үшінші кезеңде бастауыш сынып оқушыларының құрылымды толық меңгеру мен таным мнемикалық әрекеттерін ойда жасай алатындығын байқауға болады.

Материалды есте жақсырақ сақтап қалу үшін оны ұйықтар алдында қайталау керек. Себебі, әдетте күн ағымында еске түсіп жататын хабар қалыптасып келіп еске сақтауға кедергі жасайды. Бірақ айтылған және басқа есті жақсарту ұсыныстарын қарастыру кезінде ойландыратын жай кез-келген тәсіл нақты адамға сәйкес келіп, ол өз үшін таңдап, бейімдеп алса ғана тиімді тәсіл бола алады. Есте сақтаудың тиімділігін кейде интерференция немесе бір хабардың басқасымен араласып кетуі, бір еске түсіру кестенің басқасымен алмасуы төмендетеді. Интерференция бір еске алулар есте бірдей оқиғалармен ассоциацияланып, олардың санада пайда болуы конкурентті бір уақытта еске түсуін туғызады. Бір материал ұзақ мерзімдік еске түсіп үлгермей келесі материалды жаттауда интерференция туады, мысалы шет тілі сөздерін жаттау кезінде.

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

ТҰЛҒАНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

ЗЕЙІН

Зейін туралы түсінік

Зейін өздігінен жеке-дара психикалық үрдіс те, жеке адамның қасиеті де болып саналмайды. Сөйтсе де ол әрқашан адамның өмір тәжірибесіндегі іс-әрекетіне, таным үрдістеріне тікелей қатысты болып, оның қызығуын бағытын көрсетеді. Зейін – кез-келген психикалық үрдістің тұрақты бір жағы. Сөйтіп ол адам іс-әрекетінің сапалы әрі нәтижелі болуына жәрдемдеседі. Зейін дегеніміз – сананың белгілі бір нәрсеге бағытталып, оның айқын бейнелеуін қамтамасыз етуі. Оны белгілі бір нәрсеге арнайы бір бағыттау және шоғырландыру қабілеті адамның белсенділігін білдіреді. Психиканың ерекше қасиеті ретінде зейін адамның еңбек үрдісінде қалыптасады. Мұндағы қажетті шарт – объектіні таңдап алып, сананы сол объектіге бағыттау. Зейін сыртқы орта құбылыстарына да, адамның өзінің ішкі психикалық күйлеріне де бағытталуы мүмкін.

Зейіннің физиологиялық механизмі өте күрделі. Оның негізі – жүйке жүйесінің әртүрлі деңгейде тұрған сезгіштік қызметі. Сезгіш дегеніміз – ми қабығының төменгі қатарында орналасқан ретикулярлық формациялар деп аталатын анатомиялық және функционалдық ерекшелік. Ретикулярлық формацияның өрлеуші, төмендеуші дейтін екі түрі бар. Ол бір импульстерді сиретіп тежеп, екіншілерін күшейтіп, ми қабығына талғап жеткізіп отырады. Осының нәтижесінде сананың айқындығы реттеледі.

Ми алаптары жұмысының реттеліп (қозып, тежеліп) тұруы нәтижесінде әрқилы психикалық әрекет жүзеге асады. Әртүрлі импульстер жоғарыдан (ми қабығынан) төменгі ми алаптарына (ми бағанасы т.б.) келіп, оларды өзіне бағындырады. Бұл төмендеуші ретикулярлық формация деп аталады. 1958-1960 ж.ж. АҚШ ғалым Г.Мэгун, Италия ғалымы Моруций импульстардың төменнен жоғары ми алаптарына жетіп, олардың жұмысына әсерін тигізе алатынын дәлелдеп берді. Мұны өрлеуші ретикулярлық формация дейді /54,55/.

Зейін механизмі мидың рефлекторлық қызметіне, жануарлардың И.П.Павлов /19/ ашқан шартсыз рефлексіндегі “Бұл не?” деген таңдану рефлексіне байланысты. Бұл рефлексінің биологиялық мәні жануарлардың қоршаған ортадан әсер ететін жаңа тітіргендіргіштерге тікелей байланыстығы айқын көрінеді. Зейіннің физиологиялық негізін қозудың оптималдық ошағы деп аталатын физиологиялық құбылыспен де түсіндіруге болады. Миға көптеген тітіргендіргіштер бір мезгілде әсер етеді. Солардың әсерінен ми жарты шарларының қабығында күштері әр түрлі қозу ошақтары

пайда болады. Қозудың оптималдық ошағының қарқынды болуы мидағы өзара индукция заңдарына байланысты.

Қозудың оптималдық ошағы құбылмалы. Тітіркендіргіштердің өзгеруі не олардың ми қабығының бір ғана бөліміне ұзақ уақыт бойы әсер етуі бірізділік индукция заңына орай бір жерден екінші жерге ауысып отырады. Тәлім-тәрбие істерінде мұғалімдер мен тәрбиешілер қозудың оптималдық ошағының жасалу заңдарына сүйенеді. Мәселен, “Балалар, дұрыстап отырыңдар, қане, қолдарыңды партаға қойып, маған қарандаршы!” деу арқылы ұстаз оқушыларға әсер етіп, олардың зейінін негізгі объектіге аударады.

Әйгілі физиолог, ғалым А.А.Ухтомский (1875-1942 ж.ж.) ми қызметінің заңдылықтарын зерттей отырып, доминанта принципі жөнінде ілім жасады. Бұл принцип бойынша мидағы қозу ошағының белгілі бір алабындағы қозу күшейіп, өзге алаптардың қызметіне үстемдік етеді. Сөйтіп, жаңадан пайда болған қозу ошақтарын тежеп қана қоймай, оларды өзіне бағындырып, жүйке жұмысын күшейте түседі. Доминанта принципі зейіннің бір затқа ғана ерекше бағытталып, басқа тітіркендіргіштерді елемей қалатын жағдайын түсінуге мүмкіндік береді. Зейіннің шоғырлануын адамның белгілі бір іске ықылас-ынтасымен берілгендігінен көруге болады. Зейіндік, сондай-ақ адамның сырт пішінінен де байқалады. Мысалы, адам бір нәрсеге зейін салғанда, қимыл-қозғалыс тежеліп, сезім мүшелерінің бәрі сол нәрсеге қарай бағытталады.

А.А.Ухтомский /57/ өзіне дейінгі ашылған жүйке орталықтарының жұмыс принциптері рефлекторлық реакция орталықтары ара-қатынасының үйлестік маңыздылығын түсіндіре алмайтындығын айтты, себебі олардың мазмұнында реакцияның таңбалық бағасы, яғни таңбалы үрдісті бейнелейтін жүйенің тарихының жоқтығы.

Ағзаның жұмыс қабілетін нақ сол таңбалы реакциялар жоғары және тұрақты қамтиды: *жаттығулар, белсенді демалыс, ойлау, шығармашылық әрекет* содан көрінеді. Осы айтылған доминанта ілімінің аумағы ешқандай авторлардың назарында болмаған, ал А.А.Ухтомский /57/ құрған еңбек физиологиясы лабораториясында осы мәселе тәжірибе жүзінде және теориялық тұрғыда дамытылып келді. Ол доминантаны жалпы маңызы бар жұмыс принципі ретінде қарастырды. Соның нәтижесінде доминанта жүйесін қарастырушы фактор ретінде А.А.Ухтомскийге көптеген күрделі сұрақтарды: мидың интеграциясын және тұтастығын ғана емес, қылықты да, жеке адамның рухани өмірінде, жалпы адамзатты тұтастай - психология және социология деңгейінде шешуге көмектесті. Осы айтылғандар А.А.Ухтомскийдің жекелік сапасында өзінің зерттеулері мен қызығушылықтарын жалпы адамзат міндетімен ұштастыратынын дәлелдейді.

А.А.Ухтомский доминантаның психологиясымен физиологиясының арақатынасын төмендегіше түсінді: бір жағынан сана өз әрекетін кортикалдық доминанта негізінде орындайды, ал басқа жағынан сананың

жемісті жұмысын қамтитын рецепциялардың, әсерлердің бағыттылығын, сипатын өңдейтін доминанталарды тәрбиелейді. Доминанта - орталықтар арасындағы теңдіктің бұзылуын көрсетеді. Ол өзінің бағыттылығымен ағзаны жаңа мүмкіндіктермен толықтырады.

Қазіргі кезеңде А.А.Ухтомскийдің доминанта принципін және И.П.Павловтың шартты рефлексін теориялық-эксперименталдық жоспармен жақындатып зерттеуші А.С.Батуев доминанттық принциптің маңыздылығына ерекше назар аудара: дәл жетекші мотивация (өз бетінше емес соңғы пайдалы нәтиже) деді, ал П.К.Анохиннің пікірі бойынша доминанттық принцип іс-әрекетті анықтайды /57/.

1926 жылы Л.С.Выготский /31/ психологтар үшін доминанта принципінің бағалылығын, психологияның негізгі сұрағына жауап беретінін “қылықтың бірлігін және тұтастығын білдіреді, реакциялар жиынтығын қылыққа айналдырады, жаңа химиялық дене сияқты бірқатар жаңа қасиеттер, оның құрамдас бөліктерінде берілмеген және оның құрамдас бөліктерінде болған бірқатар қасиеттерін жоғалтады” деп түсіндірді.

Қазіргі кезде ешқандай күмәнсіз А.А.Ухтомскийдің доминантасын жеке психикалық күйлермен ұштастырмай, бірқатар психология тұжырымдамаларымен, әсіресе Д.Узнадзең бағдар теориясымен және В.Н.Мясищевтің қатынас теориясын байланыстырған дұрыс /23/.

Белгілі доминантаны, яғни белгілі биіктікте механизмге (ағзаға) әсердің бағыттылығын қолдау үшін қоздыру импульстерін және функционалдық күйде біртіндеп нәзік күшпен көтермелеу қажет. "Олай болмаса, доминанта бір жақты әсер ретінде өзін жояды"//. Бірақ мұндай өзін-өзі тежеуі - уақытша күй, ол жаңа күйдің туылуымен ауысады, оның экзальтациясымен таңбалы үрдісте көрінеді және жасырын күйде сақталады, ол өзекті жағдай болғанда үдемелі түрде көрінеді, немесе онсыз да өздігінше, тысқары тітіркендіргіштермен сүйемелденеді.

А.А.Ухтомскийдің /57/ жорамалы бойынша, бастағы ми қыртысында және адамның іс-әрекетінде доминанттық механизм толығымен көрсетілген, соған байланысты соңғы жылдары ол белсенділікпен доминантаны зерттеудің табиғи жаңа, әсіресе адамдар, іс-әрекетінің табиғи формаларының моделдерін іздеді. Алғашқы рет "жұмысшы доминанта" термині Л.Л.Васильевпен бірге бұлшық ет жұмысына (1926 ж.) қолданылды, олар бірге доминанта принципін адам енбегіне пайдаланатын мүмкіндіктерін дәлелдеді. 30-шы жылдардан бері қарай доминанта принциптері және ырғақты игеру М.И.Виноградовтың /56/ жұмысқа қабілеттілік теориясына негіз болды. Ол теория бойынша, жаттығу "жұмысшы доминантаны" қалыптастыру сатылап ритмді игерудің негізі, ал шаршау доминантаның өзін-өзі тежеуі. Жаттығу шаршаудың көмегімен "іс-әрекет барысында" болады. Жұмысшы доминантаны қалыптастыру үрдісінде екі бір-бірі мен байланысты тенденция екені дәлелденген.

1-әрекетті максимизациялауды күшейту үрдісі - функцияларды топтау негізінде іске тарту;

2-әрекетті минимизациялауға ауысу – жүйке үрдістерін шоғырлау негізінде үнемдеу. Осындай біріккен арақатынас нәтижесінде екі тенденцияның қарама-қарсы күресі және алмасуы, А.А.Ухтомскийдің сөзімен: "Іс-әрекет дәстүрге бейімдеуге жинақталады, яғни дағды қалыптасады. Бірақ бейімделу тек қана минимизациялануға емес "жаңа факторды игеру", ритмді игеру А.А.Ухтомский бойынша, жаттығудың алғашқы кезінде функцияларды іске тарту және орталық жұмыс констелляцияларын кеңейту түрінде өтеді.

К.Д.Ушинский /22/ адамның психикалық іс-әрекетінде зейіннің алатын орнын ерекше атап көрсетіп, “зейін адам санасы арқылы қорытылатын және одан өтетін барлық ойды аңғартатын адам жанының жалғыз ғана есігі болып табылады” - деген болатын. Оның бұл пікірі жастарға тәлім-тәрбие беру ісі мен психологияда, дидактикалық зерттеулерде күні бүгінге дейін өзінің өміршеңдігін дәлелдеп келеді.

Зейіннің құрылымы мен қасиеттері

Зейін адамның еркіне қарай ырықты, ырықсыз және үйреншікті болып үш түрге бөлінеді.

Ырықсыз зейіннің психологиялық әдебиеттерде бірнеше синонимі бар. Кейбір зерттеулерде ол пассивті зейін, енді бір құралдарда эмоциялық зейін деп аталады. Бұл екі түрлі атау да мәні жағынан ырықсыз зейіннің ерекшелігін көрсетеді. Ырықсыз зейін нәрсеге бағытталған сананы шоғырландыру үшін ерік күшінің қажет емес екендігін білдіреді. Ал ырықсыз зейінді эмоциялық деп атау зейіннің объектісі және соған байланысты көңіл-күй мен эмоциялар, қызығулар, мақсат-мүдде арасындағы арақатынастың мәнін білдіреді. Ал ырықсыз зейінді эмоциялық деп атау зейіннің объектісі және соған байланысты көңіл-күй мен эмоциялар, қызығулар, мақсат-мүдде арасындағы арақатынастың мәнісін білдіреді. Сонымен, *ырықсыз зейін* деп сананың белгілі объектіге бағытталып, соған шоғырлануын айтамыз. Сан қилы тітіркендіргіштер ішінен күші басым тітіркендіргіш зейінді өзіне еріксіз аударады. Мысалы, сөреде қатар тұрған кітаптар арасынан мұқабасы қызыл кітап бірден көз тартады. Мұның себебі, қызыл түстің көзге әсер ету коэффициентінің күшті екендігінде. Осы орайда, мәнерсіз бірқалыпты айтылған сөз басқалардың назарын өзіне жөнді аудара алмайды. Ал мәнерлі, әсерлі сөздер адамның зейінін өзіне еріксіз тартып алады. Кез-келген тітіркендіргіштің адам зейінін өзіне аударуы оның әсерлілігіне байланысты. Сондай-ақ, тітіркендіргіштердің жаңалығы да ырықсыз зейін тудырады. Мәселен, жаңа маркалы автокөлік, не қабырға газетінің жаңа нөмірін көріп қалсақ, оған еріксіз назар саламыз. Зейіннің осындай қасиеттерін ескеріп, сабақта түрлі көрнекі құралдарды пайдалану

жемісті нәтижелер бермек. Әсер етіп тұрған тітіркендіргіштің басталуы мен аяқталуы – ырықсыз зейінді тудырудың қайнар көзі.

Адамның таным әрекетінде көңіл-күйге қатты әсер ететін нәрселер де ырықсыз зейін тудырады. Мысалы, бояуы қанық заттар, құлаққа жағымды әуенді дыбыстар, хош иісті өсімдіктер мен нәрселер. Адамды таңдандырып, сүйсіндіретін нәрселер де зейінді өзіне еріксіз аударады. Көркемөнер туындыларының адам сезіміне күшті ықпал етуі де ырықсыз зейін тудырып, танымдық үрдістер мен ойлау әрекетін күшейте түседі. Ырықсыз зейіннің тұрақты болуы адамның ықылас-ынтасы мен қызығуының артуына байланысты.

Ырықты зейін ерікті немесе активті зейін деп аталады. Мұндай атаулардың бәрі сананың белгілі объектіге шоғырлануындағы адамның шешуші рөлін көрсетеді. Сананың әрекеттің белгілі шарттарымен байланысты болып, бір объектіге бағытталуын ырықты зейін дейміз. Ырықты зейіннің психологиялық мазмұны адамның іс-әрекетіндегі алға қойған мақсатымен, ерік күшімен байланысты. Көлік жүргізуші шофер, есеп шығарушы есепші, тәжірибе жүргізуші ғалым алдын-ала мақсатын белгілеп, оны орындап шығу үшін соған саналы әрекетін бағыттайды. Олай етпеген жағдайда мақсатты ісінен нәтиже шығара алмас еді.

Мектептегі оқу-тәрбие істерінің бәрі де балалардың ырықты зейінін қалыптастырып, дамытып отыруды қажет етеді. Бұл үшін бастауыш сыныптарда оқу әрекеті балалардың шама-шарқына орай қызықты етіп ұйымдастырылуға тиісті. Талпынысының нәтижелі болуы баланың өзіне деген сенімін арттырады. Сабақты оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай түрлендіре жүргізіп, әртүрлі әрекет жасатып, ырықсыз зейінін ырықты зейінге аударып отыру керек.

Жұмыс орнының қолайлы болуы – ырықты зейіннің тұрақты болу шартының бірі. Жұмыс орнында кісінің көңілін бөгде тітіркендіргіштер алаңдатпауы керек. Мысалы, сабақ үстінде айтылған артық сөз баланың белсенді жұмыс істеп отырған көңілін бөледі. Ырықты зейінді дұрыс ұйымдастырудың маңызды шарты - адамның психикалық күйі. Шаршап-шалдығып отырған адамның зейіні тұрақсыз болады. Адамның сырқаты, жан қинайтын бөгде ойлар т.б. ырықты зейіннің сапасын нашарлатады. Ырықты зейінді күшейту үшін сөз арқылы қайталап айтып, алға қойған мақсатты тұрақтандыруға болады. Әрқилы жағдайларда жұмыс істей білу мен адамның әдеттері де ырықты зейіннің тұрақты болуына ықпал етеді.

Адамның күрделі мәселелерді шешуі, орфографиялық ережелерді қолданып, жазба жұмыстарын дұрыс орындауы, жаңа терминдер мен шет тілін меңгеруі – мұның бәрі де ырықты зейін арқылы іске асады.

Үйреншікті зейін – зейінің ерекше түрі. Атынан көрініп тұрғандай, ол ырықты зейіннен кейін жасалады. Сонымен, үйреншікті зейін дегеніміз – қажетті әрі құнды болып саналатын объектіге адам санасының шоғырлануы. Үйреншікті зейіннің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол қызығу негізінде

калыптасады. Бірақ бұл нәрсенің қасиетіне емес, адамның тіршілік мақсатына сәйкес мүделлі әрекетіне байланысты. Мұндағы маңызды нәрсе – істің нәтижесі.

Әрекет кезінде үйреншікті зейіннің пайда болуы - әркімнің өзіндік ерекшеліктері мен еңбектену әрекеттерінің жемісі. Кейбір адамдар ауыр деген жұмыстың өзін аса қиналмай-ақ, ойнап-күліп жүріп тындыра береді. Мұндай жағдайларда ырықты зейін үйреншікті зейінге оңай ауысады. Одан адам шаршағанын да байқамай қалады.

Зейіннің жоғарыда қарастырылған үш түрі де бір-бірімен тығыз байланысты. Адаманың іс-әрекетінде зейін түрлі алма-кезек өзгеріп, бір-біріне ауысып отырады. Ұстаздар оқу-тәрбие істерінде оқушы зейінін сабаққа бағдарлаумен ғана шектеліп қоймай, олардың өз зейінін басқара алатындай ерік сапаларын қалыптастыруға аса көңіл бөледі.

Сыртқы және ішкі зейін түрлері. Объектісінің орналасу жағдайына орай, зейін сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Зейінді меңгеру мен оның кейбір ерекшеліктерін дұрыс түсіну үшін сыртқы және ішкі зейіндер адамның дене әрекетін меңгеріп, реттеуге бағытталған. Мұны перцептивті зейін деп те атайды. Ішкі зейін – сананың және ішкі іс-әрекетке, ішкі дүниеге бағытталуы. Зейіннің бұл түрі адамға ғана тән. Ол жануарларда болмайды. Өйткені, олар өз жан дүниесінің сырын шолып біле алмайды. Сыртқы және ішкі зейіндер бірін бірі тежеп отырады. Себебі, сананың сыртқы әрі ішкі құбылыстарға бір мезгілде бағдарлау өте қиын. Ішкі зейіннің объектілері: сезімдер, елестер, ойлар. Бұлар адамның сыртқы қимылдары, жеке сөздерді айтып қалу, дене мүшелерінің түрлі қимыл-қозғалыстары арқылы байқалады. Ішкі зейіндер – сана мен өзіндік сананың дамуы үшін қажетті шарт. Онсыз адам болашақ қимыл қозғалыстарын, олардың нәтижесін болжай алмайды. Ойлай білу, ой арқылы әрекет жасау ішкі зейіннің жітілмеуімен байланысты. Ішкі зейін қалыптаспайынша, адамның ақыл-ойы, эстетикалық жағынан дамуы мүмкін емес. Жеке адамның дұрыс қалыптасуы үшін өткенді бағалау мен бастан кешкендерге, көрсетілген қылықтарға зейін аударып, талдау жасау саналы әрекетті жетілдіре түседі.

Ұжымдық, топтық, даралық зейін түрлері. Ұжымдық зейін – бір сыныптағы барлық оқушының зейінін белгілі бір іс-әрекет түріне жұмылдыру. Мұндай әрекетке мұғалімнің сабақ өтуі жатады. Бүкіл сыныптың зейінін ұзақ мерзім бойы бірқалыпты ұстау мүмкін емес. Мақсатты іске ұмтылған ұжым ішінде зейіні ауытқитындар да кездеседі. Мұндай жағдайда жетекшінің не ұстаз-тәрбиешілердің іс-тәжірибелері ерекше рөл атқарады.

Топтық зейін – бір ұжым ішіндегі жеке топтар зейінінің шоғырлануы. Топтық зейін сыныпта, лабораториялық тәжірибелер мен өзара тексеру жүргізгенде қажет. Бұл зейінді – ұйымдастырудың оқушы үшін де мұғалім үшін де қиын түрі. Өйткені, топтар жұмыс үстінде бірін-бірі алаңдатады. Осындай кедергіні жеңу үшін олардың тапсырманы мұқият орындап

шығуларына жете көңіл аударып, оны әрбір кезеңге бөліп жоспарлау керек болады.

Даралық зейін - өз міндетін орындауға әр адамның санасын бағдарлап, зейін шоғырланады. Бұл – зейіннің адам өзі оқығанда, есеп шығарғанда қолдануға тиісті аса қажетті түрі.

Зейіннің қасиеттері. Зейін келесі реттегі ерекшеліктермен сипатталады: бөлінуі, көлемі, шоғырлануы, тұрақтылығы, ауысуы.

а) Зейіннің көлемі – адамның бір көргенде –ақ қабылдаған нәрселердің саны.

Зейін көлемін анықтау үшін уақыттың 1/10 секунд ішінде 10-12 нәрседен тұратын сандар, әріптер не түрлі кескіндер жиынтығы көрсетіледі. Осы уақыт ішінде көріп қабылдау әбден жеткілікті, бірақ көргеннен барлық кескіндерді саналы түрде бейнелеуге уақыт аздау. Сыналушы адам тек бірнеше нәрсенің ғана атын анықтап, өзгелерден жөнді байқай алмайды. Ал көріп тұрған барлық нәрселерді саналы бейнелеу үшін әжептеуір уақыт керек. Ересек адамдардың зейінінің көлемі өзара байланыссыз 4-5 нәрсеге тән. Егер әріптерден мағыналы сөз құрастырсақ, онда көретін әріптердің саны едәуір көбейеді. Бірақ бұл жағдайда сөздің өзі тұтасқан бір объект болады да, сыналушы кісі сөз әріптерінің орны ауысқанын, кейбіреуінің түсіп қалғанын, дұрыс жазылмағанын аңғара алмайды.

ә) Зейіннің бөлінуі деп адамның кез-келген іс-әрекеті үстінде зейіннің бір мезгілде бірнеше объектіге бағытталуын айтады. Бір мезгілде өлең жаттап, әрі қарапайым қосу мен азайту амалын есеп шығарып көрсек, мұның оңай емес екенін бірден байқаймыз. Мұндай бір әрекет екінші әрекетке кедергі болды. Іс-әрекет үрдісінде зейін бір-ақ нәрсеге ауады. Себебі, оның физиологиялық негізі – ми қабығындағы оптималдық қозу ошағының жалғыздығы. Күнделікті өмірдегі іс-әрекетінде адам өзінің зейінін бөле білуді жетілдіріп, тәрбиелеу қажет.

б) Зейіннің шоғырлануы – адам санасының белгілі бір объектіге айрықша бағытталуы. Зейіннің шоғырлануы оның көлемімен, бөлінуімен де тығыз байланысты. Зейін бағытталған объектілер саны неғұрлым аз болса, шоғырлануы соғұрлым күшті болады. Іс-әрекетті дәл және ойдағыдай орындау үшін зейінді күшті шоғырландыра білуі керек. Зейін шоғырлануының физиологиялық негізі – қозудың оптималдық ошағы туғызатын, бір уақытта пайда болатын теріс индукция.

в) Зейіннің тұрақтылығы деп оның объектіге бағытталып, ұзақ уақыт бойы шоғырлануын айтады. Зейіннің бұл қасиеті жүйке үрдісінің күшіне, әдеттерге т.б. жағдайларға байланысты. Зейіннің алаңдауы – тұрақты зейінге қармақайшы сипат. Ол зейін толқуынан көрінеді. Зейіннің толқуын қосарланған кескін суреттерден байқауға болады. Егер квадрат салынған суретке бірнеше минут қарасаңыз, кіші квадрат үлкен квадраттың не алдына шығып, не артына кетіп, түбі сияқты болып көрінеді. Сонымен, осы аз ғана мерзім

ішінде квадраттардың орналасуы құбылмалы болып көрінеді. Бұл тәжірибе - мысал зейіннің толқуына арналған.

Физиологиялық тұрғыдан алғанда, зейіннің тұрақтылығын мидағы жүйке жасушалары бір тобының ұзақ мерзім бойы қозуы деуге болады. Жүйке жасушаларының ұзақ уақыт бойы қозу жағдайында болуы оның күштілігін байқатады. Мұндай зейін тұрақтылығынан адамның жоғары жүйке қызметінің жалпы типтік ерекшеліктері байқалады.

г) **Зейіннің ауысуы** деп оның бір объектіден екінші объектіге әдейілеп көшуін айтамыз. Зейіннің ауысуының толқудан айырмашылығы – оның саналы түрде болатындығы. Алаңдау кезінде адам бір объектіден екінші объектіге көшеді, ал зейінді ауыстыру белгілі мақсатқа байланысты өзгереді. Іс-әрекет үстінде адам алдына жаңа міндеттер қойып, зейіннің бір объектіден басқа объектіге не сол объектінің бір қырынан екінші қырына ауыстырып отырады. Зейіннің бұл қасиетінің физиологиялық негізі – қозудың оптималдық ошағының тежеліп, жаңадан жасалуы. Зейіннің ауысуы жүйке үрдістерінің қозғалғыштығына – қозу мен тежелудің тез ауысып отыруына байланысты. Жүйке үрдістерінің баяулығы зейіннің ауысуын қиындатады.

Зейіннің ауысуы объект ерекшеліктеріне де байланысты. Алғашқы сабақта математикадан бақылау жұмысын орындаған оқушының келесі сабақты бірден бастап кетуі қиынға соғады. Өйткені, олардың санасында әлі де “бақылау жұмысындағы есеп пен мысалдарды шығарудың жаңа жолдары мен амалдарын таптым ба” деген ойлар тұрады. Зейінді күшті тітіркендіргіштен әлсізге ауыстыру әрқашан да қиын болады. Зейіннің ауысуын оңайлату үшін әрбір нәрсенің қажеттілігі мен қызығуды жандандыру қажет.

Зейіннің қасиеттері бір-бірімен тығыз байланысты және олардың іс-әрекет кезінде өзара үйлесімді болуына тәуелді болып отырады.

СЕЗІМ ЖӘНЕ ЭМОЦИЯ

Сезімнің физиологиялық негізі

Жай қарапайым эмоциялар негізінде ми қыртысының қабатынан шығатын күрделі шартсыз рефлекс үрдістері болады. Бірақ эмоция әрекеттері И.П.Павлов /10/ айтқандай “Адам денесінде болып жатқан барлық құбылыстарды билеп-төстейтін” үлкен ми сыңарлары қыртысының жұмысы арқылы бақыланады. Бұл жерде екінші сигнал жүйесі үлкен рөл атқарады. Атап айтқанда, сөз ақыл-ой, өмірге және жағымсыз эмоция туғызатын қандай да болмасын құбылысқа саналы көзқарас осыларды басуға, жалпы алғанда сезімді басқаруға адамға күш-қайрат береді. Эмоциялардың сырт көрінісі де рефлекторлық сипатта болады.

Күрделірек сезімдердің физиологиялық негіздері үлкен ми сыңарындағы уақытша байланыс жүйесінің шартты рефлексі болып табылады. Сезімдердің пайда болуында динамикалық стереотиптердің мәні үлкен. И.П. Павлов былай деп жазды: “динамикалық стереотипті қондырып және қолдап тұрғандағы ми сыңарларының жүйке үрдістерін кәдімгі өзінің екі негізгі – жағымды және жағымсыз категориясы бар сезімдер, - деп айтатындығын ойлау керек”. “Күнделікті өмір салтты ауыстырғаннан, үйреншікті істеп жүрген шаруаны доғарғаннан, жақын жандардан айырғаннан туатын ауыр сезімдердің, тіпті ақыл-ойы тоқырап және сенімінен айырылуды айтпағанда, мейлінше, бірсыпыра жағдайларда оның бұрынғы динамикалық стереотиптің өзгеріп, бұзылып және жаңа стереотипті қондырудың қиындығы сияқты өзіндік физиологиялық негіздері болады”.

И.П.Павлов жағымсыз әсерлердің себебі қозу және тежелу үрдістерінің ол айтқандай соқтығысуында “қағысуында” деп есептейді. “Егер мен, мысалы, бірдеме істеп отырсам, мені белгілі тітіркену үрдісі басқарады, егер осы кезде маған “мынаны істей ғой десе”, менде реніш пайда болады. Бұл былай ғой, менде болып жатқан күшті тітіркену үрдісі мен тежеп, сонан соң басқасына көшуі керек. Бұл жөнінде тамаша мысалды ерке балалардан көруге болады. Сіз оларға бірдеме істей ғой деп бұйрық бересіз, яғни баладан бір тітіркену үрдісін тежеп екіншісін бастауды талап етесіз. Кейде мәселе насырға шабады. Бала еденге құлай кетіп, аяқтарымен жер тепкілейді т.б.”.

Эмоциялық өмірде атап айтқанда, көру дөңесі деп аталатын ми қыртысының төменгі бөлімі елеулі рөл атқарады. Сол жерден үлкен ми сыңарлары қыртысының бақылауындағы қозу келіп жатады. Егер ми қыртысы тарапынан болатын бұл бақылау не тежелу сәл әлсіресе (аурудың салдарынан, не басқа жағдаймен), онда адам әр нәрсеге ашу шақырып, өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға келеді.

Эмоция үшін симпатикалық жүйке үрдістерінің де едәуір мәні бар. Қатты абыржу үстінде адамның (не жануардың) бүйрегінің үстінен (үрейленгенде, қатты тітіркенгенде, ашуланғанда т.б.) адреналин дейтін

ерекше заттың бөлініп шығатыны тәжірибелер арқылы анықталған. Оның әрекетінен қанға қан көбірек барады. Осының барлығы бұлшық еттердің абыржу кезінде қимыл, қозғалысын күшейтеді.

Ішкі мүшелердің жұмысын жүргізетін вегетативтік жүйке үрдістерін басқаратын орталықтар ми қыртысының төменгі бөлімінде болғандықтан, эмоциялық жағдайлар да сол мүшелердің жұмысын өзгертіп отырады. Жануарларға жасаған тәжірибелерден электр тоғы мен мидың (өте белгілі) бір учаскесін тітіркендіргенде, онда тітіркену сезімін туғызады, екіншісінде – қорқыныш сезімі, үшіншісінде – рақаттанған сезім туғызады. Сөйтіп жануарлар миының әр бөлігіне тоқ жіберіп, олардың эмоцияларын басқаруға болады.

Сезімдер туралы ұғым

Адам қабылдағанына істеген ісіне, ойлағанына, арманына немқұрайлы карамайды. Заттардың адамдардың, әрекеттердің, оқиғалардың біреулері бізді қуантса, екінші бірі мұңайтады, ал үшіншісі ашу шақырып, зығырданыңды қайнататын жағдайға жеткізеді. Қатерлі жағдайда тұрып біз қорқынышты сезінеміз, жауды мұқатып жеңіске жету не қиын қыстау жағдайдан өту қуаныш пен шабдыққа кенелтеді. Алға қойған мақсатқа жету жолында әр адам өмір сүре, еңбек ете, көре отырып осындай және тағы басқа да көптеген әсерлерді бастан кешіреді.

Өзінің танып білгеніне және істеген ісіне адам қатынасының әсерлерін сезім “немесе эмоция” деп атайды.

Сезім көзі өзіміз қабылдайтын, айналысатын заттардың және құбылыстардың сапалары туғызатын қажеттіліктер, талап-тілектер болып табылады. Біздің істейтін әрекетіміз “еңбек, оқу, ойын”, оның жетістігі мен кемшіліктері де сезім туғызады.

Тұрмыстағы жай сөздерде “түйсіну”, “сезіну” деген ұғымдар араласып жүреді. Біз сөйлегенде, “мен қорқынышты түйсінемін”, “ауырғанымды сезіндім” дейміз, оны дұрысында: “қорқынышты сезіндім”, “ауырғанымды түйсіндім”, - деу қажет. Түйсік арқылы заттар мен құбылыстардың сапаларын танимыз, ал сезім болса, адамның ішкі көңіл-күйін, оның сол заттармен құбылыстарға қатынасын көрсетеді.

Сезім барлық психикалық үрдістермен тығыз байланысты, көптеген жағдайларда сол үрдістер сезімді туғызады да, ал сезім оларға өз тарапынан ықпал жасайды. Сезім көзінің бірі түйсік болады, ал түйсіктің өзі біздің әсерлеріміздің ықпалымен жиі өзгеріп тұрады. Көңіл-күйіне қарай адам бір затты әр түрлі қабылдайды. Жыртқыш аңдар туралы әңгімелерден шошынған бала, жай уақытта ешнәрседен үрейленбей жүріп өтетін жерден, қараңғы түссе шоғыр бұтаны қасқырға ұқсатуы мүмкін. Эмоция адамның есімен де тығыз байланысты. Біздің алған барлық әсерлеріміз яғни белгілі бір сезіммен

қабылдасақ, есімізде жақсы қалса, онда өткендерді еске алудың өзі бізде қандайда болсын бір сезім туғызады.

Адам – қоғамдық тіршілік иесі. Сондықтан оның сезімі де әлеуметтік сипатта болады. Сезімдер қоғам дамуына байланысты өзгеріп отырады. Бір-біріне ұқсас оқиғалар мен фактілерді әр кезеңде өмір сүрген адамдар әр түрлі бағалайды.

Сезім адамдардың әрекеттенуіне түрткі болады. Қандайда болмасын жұмыстың нәтижелі болуы ең алдымен оған деген көзқарасқа байланысты. Жұмыс жемісіне селқос, немқұрайлы қараған жерде, оның сапасы да төмен болмақ. Сезімнің шығармашылық жұмыста ерекше маңызы бар. Ақын суретші ғалым өнертапқыштардың жұмыс үрдістеріндегі көтеріңкі көңілі, шабытты сезімімен тығыз байланысты. Сезім адамның барлық таным үрдісінде үлкен рөл атқарады.

Оқу тәрбие жұмысында сезімнің қаншалықты маңызды екендігі педагогтың есінде болуы қажет. Мектеп оқушыларын немқұрайлылық туғызатын сабақтан гөрі, оларда күшті жағымды эмоция туғызатын білім тез де баянды игеріледі. Сабаққа үлгерімі және тәртібі үшін мақтау алудан балада, әдетте жақсы сезім пайда болады, ол оқуын одан әрі күшейте түсуге жақсы ықпал жасайды: құптамау, ұрсу, жазалаудан, әдетте, оқушыларға жағымсыз эмоциялық жағдай туады, сөйтіп осындай ренішті істі қайталамауға итермелейді. Тәжірбиелі мұғалім, тиісті әдепті сақтай отырып, балалардың жағымсыз эмоциясында пайдаланады.

Эмоция теориялары

Адам өміріндегі эмоциялардың орны аса маңызды. Адамның эмоционалды өмірінің мәні әр алуан болып келеді. Эмоциялар әр түрлі жағдайларда, іс-әрекет үрдісінде, ондағы нақты жетістіктерге бағалаушы қатынасты анықтайды. Өнер туындыларын қабылдауда, басқа адамдармен қарым-қатынаста пайда болатын ойлардың нәтижесінде тұлғаның даму үрдісінде адамның эмоционалды тәжірибесі өзгеріп толықтырылып отырады. Эмоциялар бұған қоса адамдардың қарым-қатынастары реттеуші ролінде көрінгендіктен, психологияда эмоцияларға психологтар көп көңіл бөліп, кеңінен қарастыруда. Бүкіл әлем психологтары адамның эмоционалды аймағының дамуына көңіл аударуда.

Психологтар, эмоциялар өндірісте, отбасында, өнерде, педагогика мен клиникада, шығармашылықта және адамның рухани дағдарыстарында, яғни адамның барлық іс-әрекетіне қатысады деп есептейді. Адамдардың эмоцияларының негізінің зерттелуі психологиялық-педагогикалық тұрғыда маңызды, өйткені өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі балаларға тек білімдердің, іскерліктер мен дағдылардың нақты жүйесін оқытуды ғана емес, сонымен қатар, олардың айналасындағы ақиқатқа және адамдарға нақты эмоционалды қатынасты қалыптастыруды болжайды.

В.К.Вилюнас /63/ эмоцияларды жеке үрдістер ретінде емес, тұлғаның бүтіндей қызмет етуінің көрінуі ретінде қарастырды. Автордың ойынша эмоционалды құбылыстың құрылымы бір жағынан қандайда бір бейнелеуші мазмұннан, екінші жағынан эмоционалды күйзелістің өзінен тұрады деп есептеген.

Эмоциялардың теориялық мәселелеріне Л.С.Выготский /62/ көп көңіл бөлген. Ол эмоцияларды ойлаудың субъектінің сезімдік-заттық іс-әрекетімен байланысының ішкі, психологиялық механизмі ретінде қарастырды. Олар ағзаның енжар күйі емес, оны белсенділікке ынталандырып, оның қоршаған ортамен өзара қатынасын оятады және реттейді.

П.Я.Якобсон /64/ өз уақытында сезімдер, көңіл-күй, аффектілер мен эмоциялар сияқты эмоционалды үрдістерді эмоционалды өмірмен байланыстырды. Адамда нақты заттардың немесе құбылыстардың шеңберіне арналған эмоционалды қатынас сезімі ең негізгі сыңары болып табылады.

А.Г.Ковалев /65/ сезімдерге жеке тұлғаның нақты заттық бағдарға ие тұрақты қатынастарын, яғни махаббат және жек көруді, сыйластықты қарастырды. Сезім-тұрақты құрылым немесе тұлға қасиеті, ал эмоция-сезімнің көрінетін үрдісі. Сонымен, сезімдер-нақты жағдайлардың жалпылану нәтижесі ретінде онтогенезде қалыптасатын эмоциялардың дамуының жоғары нәтижесі.

Өмір сүру барысында адамның, эмоциялары мен сезімдері күрделеніп және жіктеліп дамудың ұзақ жолынан өтеді. Адамның эмоционалды аймағында төмендегідей негізгі жағымды өзгерістер болады:

- а) жақсы мен жаманға барабар эмоционалды реакциялардың пайда болуы;
- б) жаманға мойынсынбауы;
- в) қоршаған өмірдің құбылыстарының кең шеңберіне дауыс беру іскерлігі сияқты эмоционалды қабілеттіліктің өсуі.

Эмоциялардың дамуы субъектінің іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы, оның қоршаған адамдармен өзара қатынастарының сипатына, оның нақты қоғамдық құндылықтар мен талаптарды меңгеруіне, мінез-құлықтың ережелерін меңгеруіне байланысты.

Леонтьев А.Н. /8/, Божович Л.И. /31/ эмоциялардың дамуы мінез-құлық мотивтерінің дамуымен, баланың жаңа қажеттіліктерімен қызығушылықтарының пайда болуымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Сонымен, авторлар өздерінің зерттеулерінде мінез-құлықтың жаңа мотивтерінің қалыптасу барысында баланың эмоционалды көріністерінің сипаты біршама өзгереді деген қортындыға келді.

Я.Рейковский /64/ эмоциялар, адамның әрекеттерін реттейді деп есептейді, яғни эмоционалды үрдістердің дұрыс жүрмеуі психикалық ауытқулардың бастамасы болып табылады.

Эмоциялар психикалық үрдістермен, атап айтқанда ойлаумен, еспен, қабылдаумен, киялмен т.б. тығыз байланысты. Адамның ойлауы эмоционалды компоненттерді қамтиды. Алайда психологтар интеллектуалды және эмоционалды аймақты бөліп қарастыруда.

О.К. Тихомирова /62/ ойлау іс-әрекетін дәл эмоциялар реттейді деп есептеген. Ол лабораториялық үлгілерде ойлау тапсырмаларын шешу барысында пайда болатын эмоциялардың пайда болу жағдайларын және қызметтерін шешуді ұсынған.

Соңғы жылдарда эмоциялардың саласына қатысты білімдер ұдайы өсуде. Бұл білімдер әртүрлі мамандықтардан алынуда, өйткені эмоция пән аралық мәселелердің бірі болып табылады. Әлеуметтік психологияның өкілдері эмоцияларды вербальды емес қарым-қатынас ретінде зерттеді. Тұлға психологиясы эмоциялардың басқа мотивациялы құрылымдармен байланыса алатын жолдарын көрсетіп, аффектілі күйлердің тұлғаның қызмет етуімен байланысы жайлы біздің білімдерімізді толықтыра түсті.

Сезім білдіру

Эмоциялар мен сезімдер адамның сырт пішінінен жақсы байқалады: олар адамның мінез-құлқына және жағдайына, сондай-ақ, ішкі мүшелерінің жұмысына да ықпал жасайды. Абыржу кезінде біз жүректің қатты соққанын, қан тамыры соғуының жылдамдауын басымыздан өткіземіз, біздің демалуымыз қиындайды, қол-аяғымыз дірілдей бастайды, кейде адамның ыстығы көтеріліп кетеді; керісінше де болуы мүмкін: маңдайдан суық тер шығады, қалшылдай бастайды, көзден жас сорғалайды. Сезім кісінің бет-әлпетінен де көрінеді. Халықтың қанатты сөздерінде “Адам жүзі – жанның айнасы”, деп босқа айтылмаған. Біздің бетіміздің бұлшық еттері өте қозғалмалы, ол адамның ішкі көңіл-күйіне тәуелді болғандықтан неше түрлі құбылады. Кітапқа жапсырылған суреттерді қараңыздар. Сол суреттер арқылы адам дәл сол кезде қандай сезім үстінде екенін айыру қиын емес. Бүкіл дене қимылдары (пантомимика) да, яғни қимыл, сымбат, дененің әдемі қимылы, адамның кейпі сезімді білдіреді.

Эмоцияны басқаларынан көрі толығырақ бере алатын біздің сөзіміз. Сөз тек ойды ғана білдіріп қоймай, сондай-ақ сүйіспеншіліктен бастап жек көрушілікке дейінгі, үрейленуден бастап жеңіс қуанышына дейінгі әр алуан сезімді білдіреді. Эмоцияны әсіресе айқын білдіретін – поэтикалық сөздер. Сөз ырғағыда үлкен рөл атқарады. Бір сөздің өзі айтылуына қарай не қуанышты, не қайғыны, не ашуды білдіруі мүмкін. Бейтаныс шетел тілін тыңдай отырып, оны сөйлеп тұрған адамның қандай көңіл-күйде екенін ажырату қиын емес.

Сезімді білдіруде өнердің, әсіресе музыканың үлкен мүмкіншіліктері бар. Сөзге қарағанда музыка тыңдаушыларының көңіл-күйін ауызекі айтып жеткізуге өте қиын терең сезімге бөлей алады.

Сезім сырттай көрінуі арқасында басқаларға оңай көшеді. Шынында да жылап тұрған адамды көргенде, тіпті көбіне оның қайғысының себебін білмесек те, біз мұңайып қаламыз. Керісінше, көңілді, шат адамды көргенде, біздің көңіл-күйіміз көтеріледі.

Хайуанаттарда да эмоция бар, бірақ олардың эмоциясы қарапайым келеді. Хайуанаттар эмоциясының сырт көрінісі дыбыс және қимыл, қозғалыс арқылы беріледі. Егер байлаулы иттің алдында оның иесімен бірге бөтен адам тұрса, онда ит біреуіне қыңсылап аяғына оралса, ал екіншісіне айбат шегіп үреді. Маймылдың адам күлкісі мен жылағанына ұқсас мимикасында байқауға болады.

Чарлз Дарвин маймыл мен адам эмоциясының сырттай көрінуінен көптеген ұқсастықтар тапқан. Ол біздің кейбір эмоцияларымызды көрсететін қимылымыз, арғы бабаларымыз – жануарлардың шабуылдарында, қорғаныстарында жасайтын қимыл-қозғалыстарының сарқыны деп есептеледі. Расында да, кейде қатты ашуланған кезде адамның жұдырықтары еріксіз түйіле түседі; үрейлену кезінде ол кірпідей жиырылып, тығылып қалғысы келгендей не каша жөнелердей басын бұғады.

Сезім және іс-әрекет

Сезімнің негізгі көзі адамның іс-әрекеттері болып табылады. Онда таным үрдістері үлкен орын алады. Біз айналамыздағы өмірді қабылдаймыз (біз үшін сүйкімді, әсем не ұсқынсыз жаманды көреміз, естиміз, пайдалы не зиянды, қауіпті т.б. байқаймыз), сөйтіп біз де осыларға сай: жағымды не жағымсыз сезімдер пайда болады. Заттардың не құбылыстардың сезімімізге әсер етуі көбіне өзімізге, біздің мұратымызға, қажетімізге, талғамымыз бен ықыласымызға, талабымыз бен тілегімізге, ой-арманымызға байланысты. Мәселен, бір көркем шығарма кейбір адамды қуаныш, шаттыққа бөлесе, екінші біреуде жағымсыз сезім туғызады. Өте жақсы оқитын бала үштік баға алса ренжиді, ал нашар үлгеретін оқушыны үштік баға қатты қуантады. Эмоцияның пайда болуына адамның өткен тәжірибесінің, оларды еске түсірудің едәуір мәні бар. Мысалы ауылдағы қарапайым шағын ғана үй алғаш көрген адамда ешқандай сезім туғызбайды, ал адам осы үйде балалық шағын қалай өткізгенін есіне түсірсе, онда бұл үй пішіні аса қуанышты не мұңлы сезім туғызады.

Адам эмоциясының көзі оның еңбектегі, оқытудағы және ойындағы іс-әрекеті де бола алады. Сүйсініп істейтін жұмыс шаттық сезім туғызады; ұнатпайтын іс еңбек адамды қажытады, көңіл-күйін төмендетеді. Жұмыс үрдісінде кездесетін қиыншылықтар адамдардың әр қилы эмоциясын туғызады. Бір жағдайларда адамда өкініш, дәрменсіздік, өз күшіне сенбеушілік сезімі пайда болады, екінші бір жағдайда кездескен қиыншылықтар адамды қайраттандыра түседі, ерекше сүйсінерлік сезім шақырып, бойды сергітіп, кедергіні жеңетіндей күрес шаттығына бөлейді.

Еңбектегі сәтсіздікке де адам әртүрлі қарайды. Біреулер еңсесісі түсіп, қайғырған, үмітссізденген және үрейленген сезімді басынан өткізеді, ал екінші біреулер сергек көңіл-күйін сақтап, күш-қуатын жиып, жұмыста көтеріңкі өрлеу үстінде болады. Осы барлық әсерлер белгілі дәрежеде

адамның өз алдында тұрған міндеттерге көзқарасына, борышын сезіне білуіне, алға қойылған мақсатқа жетудің қажет екенін қаншалықты түсінуіне байланысты.

Егер сезім көзі іс-әрекет болса, онда сезім де іс-әрекеттің сан алуан түрлеріне зор ықпал етеді. Мәселен, мұғалімнің өзі таңданып не қайран қалып (мысалы, ғылым ашқан жаңалықтарға) немесе шаттанып (көркем шығармаға) қилы сезімге бөленсе, онда ол осыларға сай оқу материалдарын тереңірек ойластырып, оны балаларға түсініктірек, эмоциялы етіп баяндап береді. Сөз, егер ол сезімге толы, эмоциялы бояулы болса, адамға күшті әсер туғызатынын есте сақтаған жөн. Сөйлеушінің (әртістің, шешеннің, мұғалімнің) күшті сезімі әдетте тыңдаушыларына да ауады.

Сезім сапалары

Адам сезімдері ерекшелігі, сапасы тіпті жай белгілері жағынан әр алуан. Сезім ерекшеліктерінің бірі – оның полярлығында, яғни біріне-бірінің қарама-қарсылығында. Мысалы, шаттық сезім үшін мұң, сүйсінуге – күйзелу, сүйіспеншілікке – көре алмаушылық, қорқынышқа - өжеттік жауынгерлік т.б. полярлық сезім болады.

Сезімді біздер үшін жағымды және жағымсыз сезімдер деп екіге бөлуге болады. Алғашқысы, оның әсерін басынан өткізіп отырған адам тұрғысынан алғанда, жағымды сезім болса, екіншісі жағымсыз сезім болады. Бұлардың аралығында көптеген орта аралық сезімдер болады, оларды алғашқысында, соңғысына да жатқызуға болады. Мысалы, қорқыныш кейде жауынгерлік әсерді, өзін қорғау үшін белсенді әрекетке дайындалуды көздейді, қорқыныш дүркірей қашуға да және батыл шабуылға да бастауы мүмкін. Жеңіс қуанышы кейде уайыммен қатар жүреді. Кейбір әсерлер соншалықты күрделі, әр алуан болғандығынан, олардың жағымды немесе жағымсыз сезімге жататынын айтудың өзі қиын.

Сезімдер активтігімен не болмаса пассивтігімен айғақ болуы мүмкін. Адам абыржу кезінде (мысалы, мектеп оқушысы емтихан алдында) не (шығармашылық жұмыс үстінде) ерекше өрлеуді сезінеді, оның сезімі мұнда актив. Ал керісінше енжар болған жағдайда адамның сезімі де баяу өтеді. Сезімнің активтігі оларды стеникалық етеді. Олар адамның күші мен қуатын арттырады. Керісінше, сезімнің енжарлығы оны астеникалық жағдайға апарып, адамның іс-әрекетін, қайрат-жігерін бәсеңдетеді. Стеникалық сезімдерге өжеттік сезімді, жауынгерлік әсерді, жеңу шаттығын жатқызсақ, ал астеникалық сезімдерге – сары уайым, үміт үзу, торығу т.б. сезімдерді жатқызуға болады.

Адамның эмоциялық жағдайлары

Эмоциялар адамның мінез-құлқын ерекше сезім сарынына бөлеп, азды-көпті ұзаққа созылатын өте берік әсерлер туғызады. Кейде сезім кенеттен пайда болып, қарқынды өтеді, бірақ біршама тез басылады. Осы ұзаққа созылатын не қысқа әсерлерді психикалық не эмоциялық жағдайлар деп атайды. Олардың қатарына көңіл-күй аффект, құмарлық, стресстік жағдайлар жатады.

Көңіл-күй деп біршама бәсен, бірақ әдетте әжептәуір ұзағырақ, психикалық үрдістер мен адамның барлық мінез-құлқында көрінетін жалпы эмоциялық жағдайларды айтады. Кім болмасын көңіл-күйі нашар болса, ешбір негізсіз көңілі жабырқап, не болса соған абыржып қалады. Ал кей кездерде адам ешбір себепсіз-ақ шаттық жағдайда болады. Осы кездерде оған барлығы да тамаша болып көрінеді. Басқа көңіл-күйде болса көңілін бөлмейтін нәрсеге ол қуанады. Былайша алғанда мұндай жағдайлардың себебін табу қиын секілді көрінеді.

Адамның көңіл-күйіне өзінің өмір сүріп және жұмыс жасайтын ұжымы үлкен ықпал жасайды. Уақытында жақсы ұйымдасқан, демалыспен ауысып келетін сапалы оқумен ұната істейтін еңбек, әдетте, адамның көтеріңкі және шаттық көңіл-күйін туғызады.

Кейде адамдарда психикалық жағдайлардың ерекше түрлері пайда болады, олар тез өтеді, бірақ күшті және өте қарқынды өтеді. Бұлар – аспектілер деп аталатындар. Әдетте олар ашу шақыру не қаһар төгу (ызы, шаттық т.б.) сипатында болып, осындай сезімдер билеген адамдар көбіне өз басына ие бола алмай қалады.

Аффектілік жағдайдың тууы ми қыртысында күшті қозу бөлігінің болуы мен байланысты. Осының салдарынан тежелу үрдісі бәсеңдейді және ми қыртысының төменгі бөлігіндегі орталықтарынан келіп жататын серпілістер тасқынын бақылап, басып отыру мүмкіншілігінен үлкен ми сыңарлары қыртысы айырылады. Сөйтіп ми қыртысы мен ми қыртысының төменгі бөлімінің аралық қажетті іс-әрекеттерінің тепе-теңдігі бұзылады. Бірақ мұндай эмоциялық қозулармен әрбір адам күресе алады. Мысалы, ашу қысқан сәтті сезе салып, өз ойыңды басқа бір нәрсеге бөліп жіберуге тырысу өте қажет. Бұл аффектіні ең басынан жойып, жаңа басталған қозуға жедел, енді тоқтата алмайтындай, қатты сезімге айналып кетпеуіне бөгет салуға көмектеседі.

Аффект жағдайына келген мұғалімнің табанда оқушыларға жаза беруіне болмайды, өйткені дәл сол уақытта педагог жазаны бір жақты, әділетсіз шешуі мүмкін, ал берілген жазаны бұзу қиынға түсетіні мәлім. Мұндай реттерде оқушыға: “Бара бер, саған қандай жаза қолдануды ойланайын”, - деген жөн. Біраз уақыт өткен соң мұғалім тәртіп бұзған істі толығынан объективтік жағдайда бағалайды, тіпті тентектік істеген оқушыны жазалаудың қажеті жоқ деп те табуы мүмкін. Жазаны күтіп жүрген оқушы

да, тентектікке неге бардым деген ойда қалады. Мүмкін, осындай жіберілген кері істі мойындауға жеткізсе, онда жазалаудың да керегі жоқ болады ғой.

Кейде жаман баға алған оқушылар аффектілік жағдайға түседі. Мысалы, ондай бала өксіп жылай бастайды. Баланың өзі-ақ өксігін басар деп, кейбір мұғалімдер оған көңіл бөлмейді. Осындай халдегі оқушыға ізет жасаса, шынында да оның аффектілігі күшейе түсетін кездері болады. Алайда, көбіне жақсы көретін мұғалімнің көрсеткен жылы шырайы, бағаны түзету үшін келесіде сабақ сұраймын деген уәдесі, баланы жұбатады, сөйтіп аффектілік жағдайдан құтылады.

Психикалық жағдайдың ерекше түрі – **құмарлық** болады, яғни қандайда болмасын бір мүддемен, талаппен іс-әрекетпен байланысты мықты да сонымен бірге ұзаққа созылатын, берік сезім. Мысалы, адам ғылымға, музыкаға, спортқа құмар болуы мүмкін.

Жеке адамның психикалық және теңдік хал жайына кеселін тигізетін құмарлықта адамдарда болады. Олардың ішінен ішімдікпен, нашақорлықпен, құмартатын ойындармен әуестенуді айтуға болады. Егер адам өзін - өзі билей алатын күш-қуат тауып, осы құмарлықтарын қоймаса, оның денсаулығы нашарлайды, тіпті өлімге жеткізуі мүмкін.

Кейбір құмарлық тұрақтылығы, ұзақтығы ерекше болып және адамды еліктіргенмен, біршама жайбарақат өтеді. Бірақ өте-мөте қатты білініп, пайда болған адамын өте терең күйзелуге салатын сезімдер де болады. Осындай эмоциялық қалыпты психологияда стрестік жағдай деп атау қалыптасқан. Стрестер өте ауыр психологиялық жағдайда: қуаіп-қатер төнгенде, іс-әрекеттің өте ауыр да жауапты кезеңінде, әл-қуатқа және ақыл-ойға салмақ түскенде, пайда болады.

Жоғары сезімдер

Мазмұны жағынан сезім адамгершіліктік, интеллектік және эстетикалық болып бөлінеді. Оларды үрей, дәлелсіз ашу, сондай-ақ мысалы, аштық пен науқастан болатын мүше қалпы сияқты эмоциялардан айыру үшін жоғары сезімдер деп атайды.

Қоғамда қабылдаған қағидалар негізінде іс-әрекеттерге, мінез-құлыққа берілетін бағалармен байланысты әсерлерді өнегелік сезімдер дейді.

Интеллектік сезімдер ой жұмысы үрдісінде туады және ол таным үрдістерімен және шығармашылықпен байланысты. Бұл – кейбір мәселелерді шешудегі іздену қуанышы, ал кей кезде оны шеше алмаған жағдайларда қанағаттанбағандықтан туған ауыр сезім. Шығармашылық жұмыстың қайсысы да интеллектік сезімдермен байланысты болады. Әуесқой болу және соған сай қанағаттану осындай эмоциялар туғызады. Ондайлар тек ересек оқушыларда болып қоймай, сондай-ақ жас оқушыларда да болады. Балалар мұғалімінен: “Бізге есептің қалай шығарылатынын айтпаңыз, өзіміз ойластырайық”, - деп сұрайды. Бұл олардың оқу үрдісінде жақсы интеллектік

сезім үстінде екенін көрсетеді, оны мұғалімдер жан-жақты дамытуы керек. Интеллектік сезімдерге таңдану, күмәндану немесе кейбір қиын мәселені шешуде пайда болатын сенім сезімдері жатады.

Эстетикалық сезім – бұл табиғаттан, өнерден және жалпы өмірден алынған тамаша немесе тұрпатсыз әсерлер. Өздері тығыз байланысты өнегелік сезімде тәрізді эстетикалық әсерлерде әлеуметтік өмірге байланысты, қоғамның даму сатысын көрсетеді.

Сезім саласындағы дара айырмашылықтар

Адамдардың сезімі бағыты, тереңдігі, тұрақтылығы және әсерлілігі жағынан әртүрлі болады.

Біздің әсерлеген затымызды анықтайтын, әсерлердің өзін туғызуға бағытталған сезім - өте қажетті сезім. Бір ұсақ зат үшін қуанатын немесе күйетін адамдар да бар. Әдетте ондай адамдар өмірге үстірт қарайды.

Сезім бағыты адамның принципшілдігіне, оның дүниеге көзқарасына сеніміне байланысты.

Адамдарды бір-бірінен сезімдерінің тереңдігі мен күшінен айыруға болады. Адамның мұндай сапалары оның ішкі жан-дүниесінің байлығы және мазмұнына байланысты. Жеңілтек жандардың әдетте құмарланыуға қабілеттері болады, бірақ олар шындап сүйе де, жек көре де алмайды. Олардың сезімдерінің ақыл-ойларымен, талаптарымен, өздерінің бүкіл өмір жолымен, алдына қойған мақсаттарымен байланысы аз болады. Терең сезімдер адамдарды бүкіл болмысымен билеп алады, оның өмірін тым толық және әдеттегідей, тым бақытты етеді. Мұндай сезімдер сыңар жақты және екі ұшты бола алмайды.

Терең және күшті сезім әдетте тұрақтылығымен көрінеді. Бұл тез ауысып жататын әуесқойлық емес. Жеке өмірде терең сезім адамға зор қанағат береді. Өзін терең және күшті сезімдерге баули алмағандар бүгін біреуге, ертең біреуге үстірт, кездейсоқ сүйіспеншілік білдіруге құштарланып тұрады. Бұл адам біртіндеп нағыз, байсалды сезім беретін қуанышты сөндіріп, ол тіпті жас шағының өзінде-ақ сүйікті адамымен жақындықтан, шын жүректен шыққан достықтан туатын бақыттан **ада** болады. Мұндай адамдар сайып келгенде өмірден түңіліп көбіне үлкен бақытсыздыққа ұшырайды.

Кейбір адамдар терең сезінеді, олардың сезімі ұзаққа созылатын, берік сипатта болғанымен, іс-әрекетке ешбір ықпал жасай алмайды деуге болмайды. Бұдан басқа мінездегі адамдар да болады, олардың сезімдері әрекетшіл келеді. Егер олар біреуді сүйсе, онда өз сезімдерін ашық білдіреді, сүйген адамына қамқорлық көрсетіп, ол үшін басын пайда етуге бар. Олардың қатыстығы да әсерлі, жауымен күреске шақырады, оларды мықты және ер жүрек жасайды.

Сезім және адам тұлғасы

Адамның ойы және еркімен қатар сезімде адамды сипаттайтын маңызды психологиялық үрдіс болып табылады. Шынында да, жеке адам туралы сөз еткенде, көбіне оның неден қалай әсерленетіне қарай айтуға болады. Адамның сезім сапаларының да бірталай маңызы бар. Өмір барысында және іс-әрекет үрдісінде сезімнің мұндай ерекшеліктері адамның жеке басының қасиетіне айналып отырады. Сезімнің бағытталғандығы, принциптігі, сондай-ақ әсерлігі адамды ісі мен сөзі бір жерден шығатын біртұтас адам тұлғасына айналдырады. Дағдылы (немесе жиі қайталайтын) психикалық жағдайға қарай көбіне аффектілік әсерлерде болатын адамдарды сіркесі су көтермейтін, ашуланшақ адамдарға бөледі. Көңіл күйі жағынан адамдарды көңілді, жарқын жүзді (оларды көбіне, көңіл күйі шат дейді), көңіл күйі жабырқанқы адамдарға бөлуге болады. Соңғылары сирек қуанады, түрлері қайғылы, тіпті қасіретті көрінеді.

Жеке адамды адамгершілік сезімдері адамды жақсы іс-әрекет жасауға бағыттаса, ол жеке адамның адамгершіліктік дәрежесінің жоғары екендігінің айғағы болмақ. Еңбекшілерге, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілік сезім, жолдастық және достық сезім, ісіне берілгендік, отаншылдық, гуманизм, мейірімділік, қайырымдылық сияқты жоғары адамгершілік сапаларына ауысады.

Қарама-қарсы сезімдер: адамдарды жек көру, тіпті өшпенділік, эмоциялық салқындық - адамды қайырымсыз, жаны ашымайтын, парықсыз, өзімшіл етеді. Мұндай адамдарды тәрбиелеу қажет, олар ұжымды тату-тәтті тіршілікке кесірін тигізеді.

Адам өмірінде өз эмоциясын басқара білудің үлкен маңызы бар. Өз сезімін жақсы басқаратын жеке адамдар жаман, еңсесін түсіретін әсерлерге жоғары тұрады, сөйтіп нағыз бағытқа бөленеді.

ЕРІК

Еріктің сипаттамасы

Оқушы еденге қалам сауытын абайсызда түсіріп алды, сөйтіп сыныптығы тыныштықты бұзды; мұғалім аңғармастан оған ақырып жіберді, кейіннен онысына өзі өкінді; солдат офицерді көре салып, аңғармастан оған қолын шекесіне апарып, сәлем берді, бірақ басында бас киім болмағандықтан, ол оны істемеуі керек еді; ол әңгімелесіп отырған адамды өкпелетіп алуы мүмкін болса да, жігіт қасындағы қайғылы әңгіме айтып отырған адамның үйісіп тұрған шашына көзі түсіп, күліп жіберді. Осы тәрізді әрекеттерді байқамаушылық, импульсивтік, аңғармаушылық деп атайды. Адамның барлық реакцияларының рефлекторлық сипаттары болады, бірақ

жоғарыда айтылған әрекеттердің айырмасы, олардың санасының бақылауынсыз немесе оның жеткіліксіз қатынасуымен, арнайы алдын ала ойламай жүріп жататындығында, сондықтан да оларды еріксіз немесе абайсыз іс-әрекеттер деп атайды.

Ал, әрбір адам сан алуан қарапайым және күрделі әрекеттер жасап жатады, олардың барлығы да саналы болып, белгілі бір мақсатты көздейді. Мұндай әрекеттерді еркіті немесе әдейі істейтін әрекеттер деп атайды.

Ақыл-ойдан туатын және алдында тұрған мақсаты бар ерікті түрде істелінетін барлық әрекеттерді **ерік әрекеттері** деп атауға болады. Адамның су ішкісі келді делік, ол қолын созып стақанды алды, су құйып, ішіп жіберді. Бұл - әдейі істелген әрекет, ал осыны орындау қиынға түспегенмен, ерік әрекеті болады. Алайда, әрбір адамға көздеген мақсатқа жету жолында әрқилы қиындықтарды жеңіп кедергілерден өту үшін, талай-талай іс-әрекет жасау керек. Мұндай әрекеттерді нағыз әрекеті деп атайды. Бұл жерде жеке адамның ақыл ойымен байланысты оның белсенділігі де көрінеді.

Шын мәнінде алдына қойған мақсатқа жету үшін ішкі немесе сыртқы кедергілерді, адамда туатын күштің арқасында жеңіп өтудегі психологиялық үрдіс ерік деп аталынып жүр.

Адамның жеңіп өтетін сыртқы кедергілері деп сол істің өзінің объективтік қиындықтарын оның күрделілігін, әр қилы бөгеттерді, басқа адамдардың қарсылықтарын, жұмыс жағдайындағы қиыншылықтарды т.б. есептейді.

Ішкі кедергілер - бұлар адам өзіне жұмыс істету қиынға соғатын, жалқаулық шаршап-шалдыққандық, алдында тұрған міндетке ешқандай қатысы жоқ басқа бірденелермен шұғылдануға құштарлық ететін, белгіленген мәселелерді орындауға кедергі жасайтын субъективтік, жеке ниеттен туатын кедергілер. Ішкі кедергіге құштарлық, тілек сияқта жат әдеттер жатады. Адамдар олардан ерік күшінің арқасында құтылады.

Ал “ерік” терминімен жеке адамның қасиетін де, қиындықтарды жеңе отырып табандылықпен және мақсатқа жету үшін әрекет жасау қабілетін де белгілейді.

Адам өмірінде еріктің маңызы орасан зор. Ерік кәдімгі күнделікті өмірде, әсіресе үлкен кедергілерді жеңіудегі ауыр кезеңдерде керек. Соғыстағы немесе еңбектегі қандай да болсын жасаған ерлік адам еркінің күшті болуын керек етеді. Керісінше, еркі әлсіз адамдар үлкен іс бітіру түгіл, күнделікті өмір қойған міндеттерді атқара алмай, жұмысқа қабілеті нашар болып, басқалардан көмек күтіп, қамқорлығында болғысы келеді. Осындайлардың кейбіреулері жаман іске құмартып, керексіз әдеттердің құрбаны болады, бұларды жеңіп шығуға олардың ерік күші жетпейді.

Еркі күшті адам тек парасатпен, еңбегімен жақсы өмір сүріп қана қоймай, сондай-ақ шын мәнінде қаһармандық іс жасауға қабілетті болады. Ерік қуаты барлық психикалық үрдістердің әрекеттерін жинақтап және жандандырып қана қоймай, сондай-ақ ішкі мүшелердің жұмысын жақсартуы

естің ауруын, тіпті өлімнің келуін де тоқтатуы мүмкін. Ұлы Отан Соғысы кезінде өлімші болып жарақаттанған ұшқыш, өліп бара жатқанын сезседе, қолынан ұшақтың штурвалын жібермеген. Ол ұшақтағы жарақаттанған жандардың өзімен бірге өлетінін түсінген. Міне сөйтіп ерік күшінің кереметтігінен ұшқыш ұшақты қондырған.

Біздің елде ерлік, батырлық, сабырлық, табандылық және басқа ерік сапалары, егер олар қоғам үшін пайдалы іске жұмсаса ғана жоғары бағаланады. Егер адам еркін басқа адамдардың есебінен күн көруге, өз басының сау-саламаттығы үшін басқалары қинауға пайдаланса, онда мұндай ерікті адамның жеке басының жақсы қасиеті деп қарауға болмайды.

Еріктің физиологиялық негіздері

И.М.Сеченов /72/ айтқандай, қандай іс-әрекет болсада оның болуының алғашқы себебі әрдайым сыртқы сезім беретін тозудан болады. Іс-әрекеттің детерменизмі осы болып табылады, соған қарағанда, адамның әрбір істеген әрекетінің өз себебі болады. Бұл жерде Сеченов алғашқы себеб туралы айтып отыр. Бірақ осыдан әрі көптеген іс-әрекетпен сезім беретін қоздырғышсыз-ақ немесе тіпті, оған қарсы, өмір тәжірибесіне сүйеніп туа береді. Айталық, сырт тітіркендіргіш, мысалы, теледидар адамды қызықты хабарды көруге шақырады, ал адам ойында тұрған бір істі орындауға немесе сол жұмыс орындалмаса, одан туатын жағымсыз жағдайларды еске алып, жұмыс істеуге отырады.

Ерік әрекетінің физиологиялық негізі, өткен тәжірибенің нәтижесінде ми қыртысында бұрын құралған жүйке байланысының екінші сигнал жүйесі толады. Ерік іс-әрекет жасау қарсаңында осы жүйелер қозғалысқа келеді, сөйтіп, шамалы күш жұмсауға мүмкіндік береді, сондықтан адам, теледидар өте қызықты нәрсе беріп жатса да, оны көрмей, өзін жұмыс істеуге мәжбүр етеді.

Ерік әрекетінде тітіркендіргіш ретінде сөздің рөлі ерекше. Сөз адамға сырттан ықпал жасайтын сигнал болуы мүмкін (мысалы, мұғалімнің нұсқауы), бірақ ол көбіне адамның өзіне-өзінің ішкі талабы, өзіне беретін бұйрығы болып табылады. И.П.Павлов сөз тек қана еститін және көретін (оқыған кезде) нәрсе емес сондай-ақ, өзімен-өзі отырғанда, ойда айтылатын нәрсе, - деп текке айтпаған. Барлық жағдайларда бұлар еркін жауап әрекет үшін нақтылы қоздырғыш болып саналады. Сөйтіп қозудың тұрақты ошағы болған жағдайда адам алдына қойған мақсатына жетеді.

Біздің қимылдарымызды басқаратын ми жасушалары үлкен ми сыңарлары қыртысының басқа жасушаларымен әрқашан да байланысты болады.

Бір адамның жекткілікті ерік күші болатындығын, керекті нәрсені жасауға өзін көндіре алатындығын, ал екінші адамның мұны жасай алмайтындығын, еркінің бостығымен көзге түсетіндігін немен түсіндіруге

болады? Физиологиялық түсінік төмендегідей бола алады: адамдардың біреуінде бас миының қыртысында байланыстардың неғұрлым тұрақты жүйесі түзіледі, екіншілерінде бұлардың тұрақтылығы аздау болады.

Айтылып өткендей қандай да болсын басқа бақылау мен коррекциясыз (түзетусіз) мүмкін болмайды. Ми жасушалары бір жағынан дене бұлшық еттеріне импульстерді жіберуінің, ал екінші жағынан қозғалыс мүшелерінен істелген іс жайында кері сигнал алуының арқасында адам өзінің қимылдары мен әрекеттерін басқару күйінде болады және шынында да басқарады. Мидың қыртысында ақпараттарды өңдеу болады. Әрі осы жерден қимылға енгізілуі керек күзетулер туралы сигналдар қайта жүреді. Бұл кері жүйке байланысы адамға өз әрекеттерін бақылап, бұларды саналы да еркін басқаруға яғни ерік әрекетін жасауға мүмкіндік береді.

Үлкен ми сыңарлары қыртысындағы тежеу үрдістері керексіз, еріктен тыс қозғалыстарды кідіртеді. Бұл үрдістер шамадан тыс қозуды басады (мысалы аффект күйінде) және ұстанымдылықтың өзін-өзі билеудің, байсалдылықтың, қимыл дәйектілігінің т.б. пайда болуына мүмкіндік жасайды.

Ми қыртысы төменгі бөлімінің жұмысын реттеп отыратын үлкен ми сыңарлары қыртысының қабілетіне еріктің тура тәуелділігі жалпы бар боп саналады. Ми қыртысының төменгі бөлімі адам мүшесіндегі көптеген қоздырғыштар үрдісінің (инстинктер, қызығулар аффектілер және басқалар) көзі болып саналады.

Ерік әрекетінің көздері

Ерік қимылын тікелей қоздырғыштардың қатарына адамның қажеті, оның мотивтері мен мақсаттары, қызығулары, тілектері т.б. жатады.

Бірнәрсені керексінуі ретіндегі қажеттілік әрекет жасау түпкі ниет болып есептеледі. Қажеттілік негізінде мотив, яғни қимылға ойысу себебі туады. Ал адам не нәрсеге тырысса, сол оның қимыл мақсаты болады. Егер де адам ұмтылып отырған мақсат пен оны осыған ойыстырған мотивтер айтылу болса, онда мұндай ұмтылыс тілек делінеді. Таңылып білінбеген ұмтылыс қызығу делінеді. Тілекке қарағанда, қызығу адамның ерік ұстамдылығын аз дәрежеде алады, сондықтан да қызығу мақсаты нақтылы жүзеге асуды сирегірек алады.

Ерік әрекетіне сезім маңызды ойыстырушы болып табылады. Бұларды қиыншылықтарды жеңіуді, қойылған мақсаттарға жетуге көндіреді.

Адамзаттың қоғамдық-тарихи дамуында ерік сапаларын қалыптастыру үшін еңбектің маңызы зор болады; нақ осы еңбек үрдісінде адамдар, мұнсыз қандай да болсын жұмыс ойға да енбейтін, өзінің еркін баулыды және баулып келеді. Адам еңбегінің әуел бастан ұжымдық болуының маңызы зор. Ұжымның мүшесі бола отырып, адам тіршілік үшін күресті, басқа адамдар мен бірге тіршілік ету құралдарына жетті. Ұжымдық еңбек оған белгілі бір

элеуметтік (қоғамдық) міндеттер жүктеді. Ал бұл адамның бойында борыш сезімінің дамуына әкеп соқты. Нақ осы өзінің міндеттерін орындау үшін біздің ішкі және сыртқы кедергілерді жеңіуге итермелейді. Күшті, жақсы ұйымдасқан ұжымда қоғамдық борышты орындау адамның табиғи, элеуметтік шартты қажетіне айналады.

Ерік амалын талдау

Ерік үрдісі қарапайым және күрделі болады. Біріншіге белгіленген мақсатқа қалтқысыз баратын адамды жатқызуға болады оған неге және қандай жолмен бұған жететіні айқын болады. Бірақ түрлі жағдайлардағы, кейде қарама-қайшы мотивтерде әрекет мақсатын таңдап алуда жиі толқуға тура келеді немесе қалай әрекет жасау керектігін шешуде қиыншылықтарды бастан өткереді. Бұл жағдайларда ерік әрекеті күрделі сипатқа ие болып екі кезеңге бөлінеді: 1) дайындық; 2) орындау кезеңі.

Дайындық кезеңіне қалау, мақсатты түсіну, кейде мотивтер күресі, қабылданған шешім жұмыс қандай жолмен жүргізілетіндігі жайында әдістерді таңдап алу кіреді. Мәселен, егер жас адамның жоғары оқу орнына түсуге үміті болса, ол жоғары білім алғысы келген мақсатын анықтайды, өзінің қайсы оқу орнына түсетіндігі қайсы факультетке баратындығы т.б. жайында мәселені шешеді, институтқа өзінің қалай дайындалатындығын: өз бетінше түсе ме немесе жоғары оқу орнының дайындық курсына түсе ме, осы жайында ойластырады. Осы мәселелердің барлығын ойластыра келгенде онда мотивтер күресі тууы мүмкін: бұлардың біреуі адамды күндізгі бөлімге түсуге ойыстырады, екіншілері кешкісіне түсуге икемдейді т.б.

Ақыры таңдау жасалады. Шешім қабылдаумен әрекет студенттің дайындық кезі аяқталады. Бірақ бұл егерде бұдан кейін шешімді орындау болып табылатын екінші кезең келмесе әлі де ерік шешімі болмайды. Бұл мысалда мұны орындау қабылдау емтихандарын өткізу, белгіленген жоғары оқу орнына түсу болып саналады.

Ерік амалындағы мотивтер күресі әрекет мақсатын немесе жұмыс әдістерін таңдап алуда ғана емес сондай-ақ белгіленген әрекетке бөгеп жасайтын басқа тілектер туған осы мақсатқа жету үрдісінің өзінде бола алады. Осы кезде борыш сезімі мен басқа ойысулардың арасындағы үрдіс жиі туады. Адамның еркі алға қойған мақсатқа жетуде бөгет болатын тілектерді жеңе білу қабілетінде, әрі оны қажымай-талмай жүзеге асыра білуіде болады.

Жеке бастың еріктік сапалары

Ерік әрекетін жасай отырып, адам іс-әрекет үрдісінде өз бойында жеке адам ретінде өзін сипаттайтын, әрі өмірі мен еңбегі үшін өте зор маңызы бар ерік сапаларын баулайды. Бір қасиеттер адамды неғұрлым белсенді етеді, бұл

ми сыңарлары қыртысындағы қозу үрдістерінің басым болуына байланысты, басқа бір қасиеттер қажеті жоқ психологиялық үрдістер мен әрекеттерді тежеуге, кідіртуде, басуда көрініс береді.

1. Белсенділікке байланысты қасиеттерге тоқ тамға келгіштік, батылдық, табандылық дербестік жатады.

Батылдық дегеніміз - адамның үрейлену және абыржу сезімін жеңе білу қасиеті. Батылдық адам өміріне қауіп төнген сәттегі қимылдарда ғана көрініп қоймайды. Батыл адам күрделі жұмыстан, үлкен жауапкершіліктен сескенбейді, сәтсіздіктерден қорықпайды. Батылдық шындық өмірге ақылға қонымды, айқын оймен қарауды талап етеді. Кейде қиял адамға іс жүзінде жоқ қауіп қатерді елестетеді. Бірақ ерік күш-жігерін жұмсап ол негізсіз қуған үрейді басады да, керек деп санаған ісін орындап шығады.

Батыл адам әдетте ерлікке ие, яғни қауіп қатер сәтінде мойынсынбайды, өзінің жолында ұшырайтын қиыншылықтарды табандылықпен көтере біледі.

Табандылық дегеніміз бұларға жететін жол қандай ұзақ та қиын бола тұрса да, алға қойған мақсатқа жете білетін қасиет болып саналады. Табандылық ішкі және сыртқы кедергілерді жеңе білуден көрінеді. Еркі күшті адам күш-жігерін үнемі ширақтыра алады, бұл арада қиыншылықтар, И.П.Павлов /72/ айтқандай, өзінің ісін жалғастыра беруде тек оның тілек-талабын ұлғайта түседі. Табандылық педагогтық жұмыста да өте керек. Табандылықты өз басының ұсақ түйек сезімімен қате шешімнен бас тарта алмайтын, адамның бір беткейлігімен теңестіруге болмайды. Бір беткейлік жеке адамның теріс қасиеті болып саналады.

Дербестік дегеніміз басқаның ықпалына берілмей, адамның шешім қабылдап, белгіленген істі атқара білу қабілеті. Осы ерік қасиеттерімен көзге түспейтін адамдар өзінің жолында қиыншылықтарға кездесе қалса, әдетте не істерін білмей қалады. Мұндай дәрменсіздіктің себептері баланы дербес жұмысқа үйретпегеннен және оның бойында өзінің іс-әрекеттері мен қылықтары үшін жауапкершіліктен қашқалақтауға ұмтылу дамыған сонау мектеп жасындағы тәлім-тәрбиенің ерекшеліктері арқылы жиі түсіндіріледі. Дербестік басқа адамның ақылға қонымды пікіріне ықыласпен кісінің құлақ асуын және егер олармен келісетін болса, олардың кеңесін қабыл алуды жоққа шығармайды.

Дербес әрекет ету дегеніміз өздерінің іс-әрекеттерін ұжымның пікірі мен еркіне бағындармау деген сөз емес. Бірақ ақылға қонымсыз жолдастардың зиянды ықпалдары үшін адам өзінің сезімдерімен әрекет істесе және “табындық сезім” дегенге беріліп кетсе, істің жайы нашарлайды. Мұндайда еріктің жеткіліксіздігі елес береді, өйткені адам өзі туралы басқалар не ойлап, не айтады деп, басқалардың шылауынан шыға алмай, оны дұрыс деп санай отырып, өз көзқарастарынан бас тартады. Көптеген нашар әдеттер(маскүнемдік, темекі тарту т.б.) дербестіктерінің жеткіліксіздігінен, иланғыш еліктеуге бейім, еркі бекім емес адамдарды билеп алады.

Іс- әрекеттерді дербес атқару өз күштеріне сенімділікті қалыптастыруға көмектеседі, бұл адамның маңызды ерік сипаты болып саналады.

Қаламайтын психикалық үрдістер мен іс-әрекеттерді тежеу мен байланысты ерік сапаларына ұстамдылық (өзін-өзі билеу), төзімділік, шыдамдылық, тәртіптілік пен жинақтылық жатады.

Ұстанымдылық немесе өзін-өзі билеу дегеніміз - адамның өзін-өзі ұстай білуі. Өзінің мінез құлқына толық бақылауды сақтай отырып, ол өзінің бойындағы қолайсыз ойысуларды, импульстік әрекеттерді, аффектілерді (мысалы ашу-ыза, үрей) жеңеді. Ұстамдылықтың болуы адамды өзіне сын көзімен қарайтын етеді, ақылға қонымсыз қылықтардан бойын аулақ салуға көмектеседі. Ұстамдылық, өзін-өзі билеу мұғалімге өте керек. Балалардың мінез-құлқын, олардың оқу материалын түсінбеуі мұғалімді жиі ренжітеді, әрі болып отырған жағдай талап ететіндей әрекет жасау үшін, үлкен ұстамдылық қажет. Өзін-өзі билеу мұғалімге шамданудан бой тартуға, қысылуды, абыржуды басуға, жасқаншақтыуды, тұйықтық және басқада ұжыммен жұмыс істегенде кейбір адамда туатын психикалық күйін жеңіуге көмектеседі.

Адамның жоқшылық пен күйзелуді (ауруларға, аштыққа, суыққа, тым ауыр жұмыс жағдайларына шыдау) басынан өткере алуынан көмектесетін төзімділік пен шыдамдылық сияқты ерік қасиеттері де өзін-өзі билеуге жақын тұрады. Қиындыққа қарамастан еркі күшті адам қойған мақсатқа жету ісін жалғастыра береді.

Әрине, жеке адамның барлық ерік сапаларын қозу немесе тежелу үрдістерінің басым болуына қарай қатаң екі топқа бөліп қою мүмкін емес. Кейде, бір іс әрекетті баса отырып, адам екіншілерінде белсенділік көрсетеді. Тәртіптілік пен жинақтылық сияқты ерік сапалары осы арқылы көзге түседі. Тәртіп ең алдымен ұжым талабына бағынудан көрінеді. Жинақы адам өзін, егер керек болса басқаларды да өнімді жұмыс істеуге көндіре алады. Ұқыпсыздық, міндеттеріне қалай болса солай қарау- осының бәрі тәртіптілік пен жинақтылықтың жоқтығының көріністері, бұлар берік күші жеткіліксіздігін білдіреді. Тәртібі жоқ адам басқалардың жұмысына да ойдағыдай басшылық ете алмайды.

Жинақтылық, дәлдік, ұқыптылық барлығынан көрінеді, бұлар тіпті ұсақ-түйектерден де күнделікті мінез-құлықтан байқалып отырады.

Темперамент

Темперамент жалпы түсінігі

Белгілі бір адамға тән және өмір әсерлеріне жауап реакциялардың динамикасы, тонуы мен бірқалыптылығында көрініс беретін мінез-құлықтың табиғи ерекшеліктерін темперамент деп ұғынуымыз керек.

Мінез-құлық тек әлеуметтік жағдайларда ғана емес, жеке адамның табиғи құрылымына да тәуелді. Адамның биологиялық жағын көрсететін қасиеттің бірі болып табылатын темперамент жас балалардың ойыны үстінде, түрлі қарым-қатынас жағдайында анығырақ және ертерек байқалады.

Темперамент тұлғаның барлық психикалық көріністеріне реңк беріп отырады, ол эмоция мен ойлауға, ерітік қимыл қозғалысқа, сөздің сарыны мен ырғағына әсер етеді. Бірақ темпераментке жеке адамның адамгершіліктік тәрбиесі, әлеуметтік бағдары әуестенуі, қызығуы тәуелді еместігін естен шығармаған абзал.

Темперамент туралы ілім ерте замандарда пайда болған. Гиппократ, кейіннен Гален сияқты дәрігерлер адамдардың мінез-құлықтарының дара көріністерін бақылау арқылы солардың өз ерекшеліктерін сипаттап жазуды, түсіндіруді ойластырады. Темперамент туралы ілімнің негізін салған ежелгі грек дәрігері Гиппократ болды. Гиппократтың пікірінше адамның тәнінде төрт түрлі сұйықтық болады: қан, шырын, сары және қара өт, олар дұрыс араласса адамның дені сау, дұрыс араласпаса сырқат болады. Ағзадағы сұйықтардың біреуінің басым болуы адамның темпераментін анықтайды. Сұйықтардың аттарына орайлас қойылған темперамент атаулары күні бүгінге дейін сақталып келеді. Мәселен, холериктік темперамент - chole(өт), санвинигтік темперамент – sanguis (қан), флегмативтік темперамент – phlegma (шырын), меланхоликтік темперамент – melanos chole (қара өт) деген сөздерден алынған. Гиппократ /72/ темпераменттер белгілі мөлшерде адамның тұрмысына, ауа райы жағдайларына тәуелді болады деп санады. Мәселен, отырып жұмыс істейтіндердің денесінде флегма жинақталса, үнемі қимыл қозғалыстағыларда - өт көбейеді, темперамент те осыған сәйкес анықталады. Гиппократ типтерді дұрыс сипаттағанымен, оларды ғылыми тұрғыдан түсіндіре алмады.

Кейінен темперамент жайлы осындай гуморальдық теориялардан басқа химиялық, физикалық, анатомиялық, неврологиялық және таза психологиялық теориялар да ұсынылды. Бірақ бұлардың бірде-біреуі де темпераменттің табиғатын толық және дұрыс түсіндірмеді.

Жоғары жүйке қызметінің негізгі қасиеттерін ашқан И.П.Павловтың /76/ ғылыми еңбегі ерекше. Ол темпераменттің осы қасиеттерінің туа үйлесуіне орай сипатталатындығын көрсетті. И.П.Павлов өзінен бұрынғылардан өзгеше жолмен, атап айтқанда, дененің сыртқы құрылымын зерттеген неміс психиатры Кречмерден, қан сауыттарының құрылымын зерттегендерден

(П.Ф.Лесграфт) басқаша ағзаларды біртұтас нәрсе деп қарап, ондағы ми қызметіне ерекше назар аударды. Ми біріншіден, барлық мүшелер мен ұлпалардың жұмысын реттейді, екіншіден, жүйедегі сан алуан бөліктердің қызметін үйлестіріп, біріктіреді, үшіншіден ол барлық мүшелердің импульстарынан әсер алып отырады да, осыған орай өз қызметін қажетті күйге түсіреді, төртіншіден, ол ағзаның сыртқы ортамен байланысын, бұлардың бейнелерін сәулелендіруді жүзеге асырып отырады.

Жоғары жүйке қызметінің типтері – темпераменттің табиғи негізі

И.П.Павлов /72/ шартты рефлексдер әдісі арқылы жоғары жүйке қызметінің және жүйке үрдісінің негізгі қасиеттері – қозу мен тежелудің заңдылықтарын ашты. Жүйке үрдістерінің негізгі қасиеттері: 1) күші, 2) тепе-теңдігі, 3) қозғалыштығы.

Жүйке үрдістерінің күші – бұл жүйке жүйесі мен жүйке жасушаларының жұмыс қабілеттілігінің көрсеткіші. Күшті жүйке жүйесі түрлі тітіркендіргіштерге төзімді келсе, әлсізі мұндайға шамасы келмей, “морт сынып” жатады.

Жүйке үрдістерінің тепе-теңдігі – бұл қозу мен тежелудің өзара саймасаылығын көрсетеді. Бұл үрдістер кейде бір-бірімен тепе-тең болып, кейде тең келмей, біреуі екіншісінен күшті болып отырады.

Жүйке үрдістерінің қозғалыштығы – бір үрдістің екінші үрдіспен алмасу шапшаңдығы. Бұл, мидың кездейсоқ және қолайсыз өзгерістерге бейімделуіне мүмкіндік береді.

Осы қасиеттердің түрліше араласып, қосылуы жоғары жүйке қызметінің түрлі типтерін сипаттайды.

Осылардың ішінде төрт тип жиі ұшырасады. Бұлардың үшеуін И.П. Павлов күшті типке, біреуін - әлсіз типке жатқызды. Күшті тип тепе-тең және тең емес типтерге, ал тепе-тең қозғалғыш және тыныш типтерге бөлінеді.

Жоғары жүйке қызметінің типтері:

Күшті	Әлсіз
Тепе-тең	Тең емес (ұстамсыз)
Ширақ	Тыныш

Жүйке жүйесінің типтері. Осыдан мына төменгі типтер жүйесі шығады:

1. Күшті тең емес (ұстамсыз) тип қозу үрдісінің күштілігімен және тежелудің әлсіздігімен сипатталады.

2. Күшті тепе-тең (қозу үрдісі тежелу үрдісімен сама-сай болады), қозғалғыш тип.

3. Күшті тепе-тең, енжар (сырттай тыныш) тип.

4. Әлсіз тип қозу мен тежелу үрдістерінің баяулығымен, олардың әлсіз қозғалысымен (енжар) сипатталады.

В.Д.Небылицин зерттеулерінде әлсіз типтердің ерекше сезімталдығы осыған орай олардың сыртқы ортаға тез бейімделетіндігі белгіленген.

Жүйке қызметінің осы типтері адамдар мен жануарларға отақ типтер болып табылады.

Жоғарыда айтылған жүйке жүйесінің төрт типі тұлғаның әртүрлі көріністерін барлық жағынан көрсете алмайтыны белгілі. И.П.Павлов бұл типтерді жиі және ерекше байқалып отыратын негізгі типтер дей келіп, бұлардың арасында ауыспалы, аралық тип түрлері де болатынын атап көрсеткен еді. Адамдарда негізгі типтердің алуан түрлі (вариациялары) кездеседі. И.П.Павлов адамдардың мінез-құлқын дұрыс аңғару үшін жүйке жүйесінің типтерімен қатар олардың ауыспалы және аралық формаларын да білу қажет деген еді.

Б.М.Теплов /30/ “жүйке жүйесін сипаттайтын жалпы типтік қасиеттермен қатар ми қабығының жекелеген бөліктерінің жұмысын сипаттайтын (мәселен, есту, көру қозғалысы аймақтары) парциальдық (шынара) типологиялық қасиеттер де болады. Егер жалпы типтік қасиеттер адам темпераментінің ерекшелігін көрсететін болса, парциальдық қасиеттер арнаулы қабілеттерді зерттеу де үлкен маңыз алады” деген еді.

Жоғары жүйке қызметінің аралық және ауыспалы формалары, сондай-ақ оның парциальдық типтері туыстан пайда болатын түрлі нышандарға орай, не жеке тұлғаның өмір сүру барысында негізгі қалыпқа түсетін типтерден туындайды.

Жүйке қызметті қасиеттерінің тұрақсыздығы. Жүйке қызметінің типі адаммен бірге туады және оның түгелдей өзгеріске ұшырауы мүмкін. Дегенмен И.П.Павлов /72/ жүйке қызметі типтерінің жекеленген қасиеттерін өзгертуге болатындығын тіжірибе жүзінде дәлелдеген. Мәселен, қозу үрдісі тежелуінен басым, күшті ұстамсыз тип машықтанып, жаттығу арқылы өзінің тежелу үрдісі күшін біршама арттырып, оны қозу үрдісімен теңестіргені байқалған. Осыдан Павлов: күшті қозғыш типтерді жаттықтыру арқылы тежелу үрдісінің күшін арттырып, бір-бірімен теңестіруге болады, - деген қортындыға келеді.

Бұл жағдай, мәселен, ұстамсыз типтің бірнеше варианттары болатындығына да негіз бола алады. Қозу үрдісі шегіне жетіп, тежелуі әлсірейтін тип те болуы мүмкін. Немесе екі үрдіс те күшті, бірақ қозуы шамадан тыс келетін тип те ұшырасады және тежелу, қозу үрдістерінің күші тепе-тең үшінші түрінің кездесетіндігі де байқалады.

Сөйтіп, И.П.Павлов айтқандай, “уақыт өткен сайын жай қайталанып отыратын жаттығулар арқылы ұстамсыздықты кейіннен біршама түзетуге болатындығын дәлелдейтін ерекше фактілерді жиі кездестіреміз” /78/.

И.П.Павлов шама келетін ұзақ жаттығу арқылы жүйке жүйесінің әлсіз типін шынықтыруға болады деген қортындыға келді. Жүйке қызметінің әлсіз типінің қасиеттері ерекше байқалған адамның да қолайлы тәрбие нәтижесінде кез-келген қиындықты ойдағыдай жеңе алатындығы сөзсіз.

Кейінгі зерттеулер жүйке үрдістерінің қозғалғыштығы мұндағы қасиеттердің онтогенездік дамуда ерекше өзгеріп отыратындығын байқатқан.

Темпераменттердің типтері және олардың психологиялық сипаттамасы

И.П.Павлов /72/ темперамент пен жүйке қызметінің типтерін бір-біріне балама құбылыс деп түсінді. Кейінгі зерттеулер жүйке қызметінің типтері темперамент типтерімен ылғи сәйкес келіп отырмайтындығын көрсетті. Шындығында да, темпераментке тек жүйке жүйесінің қасиеттері ғана емес, сондай-ақ жеке адамның соматикалық (дене) құрылымдары да әсер ететіндігі белгілі. Жүйке қызметінің типін темпераменттің нышаны ретінде ұғынған дұрыс. Мәселен, бір зерттеуде, біркелкі ортада, жүйке жүйесінің әлсіз типіне жататын жануарлар мінез-құлқының енжар-қорғаныстық түрі, ал күшті, жүйке үрдістері тең емес ағзаларда прогрессивті мінез-құлық байқалған.

Бұрын кейбір психологтар темперамент табиғатын адамның эмоциялық саласына байланысты түсіндіретін. Шындығында темперамент тек эмоциялық жағдайлардан ғана байқалмайды, ол ақыл-ой және ерік үрдістерінде де көрініп жатады. Адам темпераменті туралы сөз болғанда жекеленген психикалық үрдістердің динамикасы жайлы айтылмайды, мұнда жеке адамның тұтас мінез-құлқы бар синдромы (жүйесі) жөнінде сөз болады.

Сөйтіп, темперамент адамның жүйке қызметінің қасиеттерінен көрінетін, мінез-құлқының импульсивті-динамикалық көрінісінің жалпылама сипаттамасы болып табылады.

Холерик темпераменті. Бұл типтің өкілі аса қозғыштығымен соған орай мінез-құлқының ұшқалақтығымен көзге түседі. Холерик қарым-қатынаста күйгелек, бір беткей, шабуылға жаны құмар, іс-әрекетте пысық. Холериктер жұмысты үзіп-үзіп істегенді ұнатады. Олар айналысқан ісіне жан-тәнімен беріледі. Осы жолда кездескен қиындықтың бәрін жеңуге даяр тұрады, кедергілерді жеңіп мақсатына жетеді. Қайрат-жігеріне, өз мүмкіндігіне сенімі кетсе, еңсесі түсіп, еш нәрсеге мойны жар бермей қояды. Осылайша, тек көңілі ауғанда істеушілік, оның жүйке қызметінің бір қалыпты тепе-тең еместігінен болады. Бұл жөнінде Павлов былай дейді: “Байсалдылығы жоқ қажырлы адам кез-келген іске барлық күш жігерімен кіріседі де содан соң тез шаршап қалады, кейіннен зауқы аумай қояды...”

Сангвиник темпераменті. Бұл темпераменттің өкілін И.П.Павлов /19/ қызу қанды, іскер адам деп санайды. Бірақ ол ылғи қызықты іспен айналысқанда ғана осындай күйде болады. Мұндай іс жоқ кезде ол жабырқаңқы, сылбыр жүреді.

Сангвиникке қимыл қозғалыста белсенділік, өмір жағдайының өзгеруіне жеңіл бейімдеушілік тән. Ол адамдармен тез тіл тауып, шүйкелесе кетеді, жұртты жатырқамайды. Ұжым ішінде сангвиник көңілді, ақжарқын, іске бар ықыласымен кірісетін, әуесқой адам. Осылайша жалындап тұрғанымен іске

зауқы болмаса, яғни күнделікті күйбеңі, төзімділікпен ерінбей-жалықпай істеуді қажет ететін жұмыс тап болғанда суынып қалады.

Сангвиникте эмоция тез пайда болып, тез өзгереді. Бұл, оның көңіл күйінің қолайсыз түрінен тез арылып, өзін қызықтырған іске кіріскен кезде ақ жарқын, жаны жайсаң жағдайға түсе алатындығының белгісі. Мида жаңадан жасалатын уақытша байланыстардың тез өзгеріп, қайтадан өңделуі оның ақыл-ойының оңтайлылығын байқатады. Сангвиник ойға жүйрік, өткір тілді, жаңаны тез қабылдағыш, зейінді келеді. Әртүрлі, көп қырлы жұмысты нәтижелі атқарады. Бір қалыптылықты және шапшаңдықты тілейтін жұмыстар бұған өте қолайлы.

Флегматик темпераменті. Павловтың /19/ сипаттауынша бұл барлық уақытта да байсалды, ұстамды бір қалыпты, табанды және төзімді, еңбеккер адам. Жүйке үрдістерінің тепе-теңдігі мен баяулығы флегматикке қандай жағдай да болмасын бір қалыпты тыныштықта болуға мүмкіндік береді.

Қозу үрдісін бәсеңдететін күшті тежелу оның ырықсыз қимыл-қозғалыстары болып, ұсақ-түйекке алаңдатпай жүйелі жұмыс істеуге, бір қалыпты өмір сүруге жағдай жасайды, флегматик ұзаққа созылатын, бірақ күшті сарқып алмайтындай жұмысты жақсы атқара алады (шыдамды, зейінді, орнықты). “Мінез- құлықтың қалыпты жүйесі, өмір ағысының біркелкілігі менің жұмысым мен демалуымның және қозу, тежелу үрдістерінің бір қалыптылығынан екендігі түсінікті нәрсе”.

Флегматик салмақты адам, ол күшін босқа сарп етпейді, бастаған істі аяғына жеткізеді. Ол бәспелікті сүймейді. Жұрт пен қарым-қатынасы да бір сарынды жүріп жатады.

Баяулық пен селқостық флегматиктің осал жағы. Оған ырғалып-жырғалуға, жиналып, қамдануға біраз уақыт қажет. Селқостық оның стереотиптерінің оралымсыздығынан мінез-құлқының оңтайлы еместігінен, жаңа жағдайға тез үйлесе қоймайтындығынан жақсы байқалады. Дегенмен, бұл қасиет мінездің тұрақтылығын көрсетеді, істі аспай-саспай тыңғылықты аяқтауға мүмкіндік береді. Флегматиктер ұзақ уақыт жұмыс істеуге сабырлық пен әрекет етуге төзімді болады.

Меланхолик темпераменті бұл типтің өкілдері аса сезімтал соның салдарынан жаны тез жараланғыш келеді. Меланхоликтер тұйық, қиын жағдайлардан жол тауып шығуға олақ, адамдардан оқшау жүргенді ұнатады. Ол қауіпті жағдайлардан қорқады.

Қозу және тежелу үрдістерінің әлсіздігі бұлардың бір-бірімен тең келмеуі (тежелуі басым болады), кез-келген күшті әсер меланхоликтің қимыл қозғалысын баяулатып, онда шектен тыс тежелу туғызады. Меланхоликті әлсіз тітіркендіргіштер де мазалайды, одан да зор әсер алады, сондықтан да ол ұсақ-түйектің бәріне де қатты мұңаяды немесе қатты қуанады. Психологтар мұны меланхоликтердің күшті сезіне білу қабілетінен деп есептейді.

Үйреншікті жақсы, тату ұжым арасында меланхоликтер өзін жақсы ұстайды, жұртпен қарым-қатысқа түсіп, алаған ісін нәтижелі орындай алады, кедергілерді жеңіп, табандылық көрсетеді.

Темпераменттің негізі төрт типінің өкілдері бір қалыпты жағдайдың өзінде өздерін түрліше ұстайды екен. Бірде, темпераменттері әртүрлі төрт дос театрға кешігіп барады. Мұндай жағдайда олардан қандай мінез байқалған?

Холерик билет жыртушымен айтысып партердегі өз орнына барып отыруға әрекеттенеді. Ол, театрдағы сағат ілгері кеткен, жұртқа кесел келтірмей орныма барып отыра қоямын деп салғыласып, билет тексерушіні итермелей бастайды.

Сангвиник партерге жібермейтініне көз жеткен соң жоғарғы қабатқа көтерілудің қиынға соқпайтынын сезіп, баспалдаққа қарап жүгіріп кетеді.

Флегматик, залға жібермейтінін көріп: “Алғашқы көрініс онша қызық болмайды. Буфетке бара тұрайын”, - деп антракт болуын күтеді.

Меланхолик: “Менің әркез жолым болмайды. Өмірімде бір рет театрға келген едім, олда сәтсіз болды” дейді де үйіне тартып отырады.

Осылайша темперамент адамның белсенділік сипатынан (жұмыс істеу қабілеттілігі, әлеуметтік қарым-қатынастағы тіл табыса алу мүмкіндігі), мінез-құлықтың түрлі қалпынан үнемі өзгерістегі сыртқы ортаға бейімделе алу жағдайынан көрініп отырады.

Темперамент және жеке адамның қалпы.

Адамның мінез-құлқы оның туыстан пайда болған тип өзгешелігіне ғана тәуелді болмай, жүйке қызметінің тікелей өмір барысында қалыптасатын түрімен де байланысты екенін еске ұстау қажет. Кейде тыныш бір қалыпты флегматик холерикше эмоциясы бұрқанып, күйіп-пісіп, әлек болады, ал холериктің кейбір жағдайларда өз күшіне сенбейтін, енжар меланхоликтің қалпына түсіп кететін кездері де болады. Осындай көріністер кейбір психологтарды аралас темперамент те болады деген пікірге ашып келеді. Мұндай түсінікті дұрыс деуге болмайды. Аралық темпераменттер болады деген дұрысырақ.

Бір адамның өзінде де әр жағдайда түрлі мінез-құлық көрініп отырады, оны талдауда алғашқы кезде осы адамның типтік өзгешеліктері еске алынады, өйткені, мұндай жағдайларда жүйке жүйесінің түрлі типтерінде көңіл күйі түрліше байқалады. Мәселен, холерикке - көңілдің түсуі, бұрқануы, ал флегматикке - ұстамдылық, меланхоликке - өз күшіне сенімсіздік т.б. тән қасиет. Олай болса осы жағдайлар адамның типтік белгісі болып табылады. Егер адам сыртқы әсерге қалай болса солай жауап қарайтын болса, осы әсердің өзі қандай екенін зерттеу қажет. Мұндайда кездейсоқ реакцияның типтік болу шығыуы да ықтимал. Мәселен, флегматиктің ашуы мен эмоциялық күйіп пісуі ұзақ уақыт ішінде сан рет

қайталанған әсерден кейін туса холерикте осындай жағдай бірден пайда болады.

Өмірден алынған мына екі мысалды келтірейік. Холерик басқа адамның кез-келген ескертпесіне, әсіресе оның намысына тиетін сөзге ылғи ашу-ыза, кейіс білдіреді. Флегматик мұндайды бір рет айтылған ескерту деп қана ұғады, егер ол бірнеше күн бойы қайталанатын болса ғана одан ашуланған кейіп байқалады.

Холерик қуатын шапшаң жұмсаумен көзге түссе флегматик оны бөгеп, жинақтап, қозу тежелуді жеңе бастаған жағдайда ғана жұмсайды.

Адамның жабырқауы мен солқылдақтығы да осы тектес болады. Холериктерде бұл ұзақ зорығып жұмыс істеген кездегі қажудан туындаса, меланхоликтерде бұл жайт қарым-қатынас пен өмір жағдайының түбегейлі өзгеріске түскен кезінде немесе қысқа мерзімді күйзеліс үстінде белең береді.

Осы айтылғандарды ескеру және білу - адам темпераменттерінің ерекшеліктерін ажырату үшін қажет.

Темпераменттердің балалық шақтағы көріністері.

Темпераменттердің табиғи, қарапайым көріністері балалық шақта жақсы байқалады. Бала өскен сайын оның сыртқы ортамен қарым-қатынасы күрделене түседі де, оның одан алатын әсері де мол болады. Осыған орай темпераменттердің өзгеріске түсетін ерекшеліктері бүркемеленеді. Дамудың жоғары деңгейінде темпераменттерді анықтаудың қиынға соғатынының тағы бір себебін бұлардың мінез сапаларымен араласып, қарым-қатынастың жаңа формаларының ішіне еніп кететіндігінен деп ұғыну қажет. Сондықтан да біз кейде темперамент көріністерін мінез бітімі деп, керісінше, мінез бітімдерін темперамент ерекшеліктері деп шатастырамыз.

Жүргізілген зерттеулер жүйке қызметімен темпераменттің типтері өте ерте көріне бастайтындығын аңғартқан. Мәселен Е.П.Ересь үшінші сынып оқушыларының темпераменттерін зерттегенде (9-10 жастағылар), бұлардың арасынан темперамент айқын ажыратылған барлық типтерін тапқан. Бұл жөнінде И.В.Страхов/72/ зерттеулерінде де айтылады. Зерттеу объектісі болған 39 оқушының 33-інде темпераменттің анық түрлері кездескен де, бұлардың алтауы - аралық темпераментке жатқызылған. Сангвиниктердің таза типтері - 9 адам, холериктер - 10, флегматиктер - 9, меланхоликтер - 6 адам болған. Осындай көрсеткіштер бізге шәкірттердің көпшілігінде темпераменттердің типтік бітімі анық, айқын болатындығын көрсетеді.

Сөйтіп, темперамент жеке адам реакциясының негізгі түрі болып келетін балалық шақта ол “таза” күйінде де кездеседі. Өмір сүру барысында жеке адамның ішкі құрылымдары сапалық өзгерістерге түсіп отырады. Даму барысында темпераменттің бір белгісінің әлсіреп екіншісінің күшейуі, осының салдарынан мінез-құлықтың кейбір жақтарының өзгеріске ұшырап отыруы да ықтимал. Даму барысында туындайтын осындай сапалы

өзгерістердің осы күрделі үрдісінің бәрі сай келгенде адамның тұрмыс-салтына әрекеті мен тәрбиесіне тәуелді.

Өмір жағдайлары темпераменттердің материалдық негізі болып табылатын жүйке жүйесі қызметінің өзгешеліктеріне ықпал жасайды. Мәселен, бір жағдай психикалық үрдістердің әсерлілігімен эмоциялық қозуына, ағысы мен күшінің дамуына жағдай туғызса, басқа жағдайлар керісінше психиканың даму қарқынын баяулатып, оның белсенділігін басып, тежеуі мүмкін.

Темпераменттің және жеке адамның басқа қасиеттерінің өзара байланысы

Жеке адамды серпілісіті – динамикалық жағынан сипаттаудың оның мінез-құлқын түсіну үшін ерекше маңызы бар. Адамның қажырлық пен қажымас қайрат, құмарлық пен әуестенерлік қабілет, бір қалыпты мінез-құлық, қарым-қатынаста оңтайлылық пен динамизм, айналасындағылар мен оңай тіл табысып алушылық байқатуы оның еңбек әрекетінде, қоғамдық белсенділігімен мінез-құлқында таңбасын қалдырып, жеке адамның өзіне тән сапалылық өзгешеліктерімен мүмкіндіктерінің қандай екендігін көрсетеді.

Темпераментке байланысты адамның табиғи көріністері оның басқалармен қарым-қатынасқа түсуімен орай көлеңкеленіп, жасырынып отырады. Мысалы, көңіл-күйдің әсерленгіштігімен тепе-теңдігі, реакция күші қарым-қатынас жасау ерекшелігіне, көздеген мақсатына орай адамның қызығу, қажеттілігі мен талғамдарына тәуелді болып келеді.

Іс-әрекетке құлшына кіріскен кезде адам барлық күш жігерімен қимылдайды, ұзақ уақыт шаршамайды, жұмыстың қарқына мен ырғағы арта түседі. Керісінше, ол іске көңілсіз, енжар қарайтын болса, жұмыс қарқыны баяулайды, шаршағандық сезіле бастайды, істің тонусы төмендейді. Адамның эмоциялық көңіл-күйінің тонусы мен динамикасы оның өмірдің әртүрлі жақтарымен қалайша қарым-қатынасқа түсіп отыратынына ерекше тәуелді болады.

Олай болса, адамның мінез-құлқын талдаған кезде, оның сол кездегі көңіл күйін ғана емес, адамның бүкіл мінез ерекшелігін, тұрақты қарым-қатынастарын еске алу қажет. Тек осындай жағдайда ғана екі адамның бір-бірінен айырмашылығын, қажырлы-қажырсыздығын, байсалды-ширақтылығын ажыратуға мүмкіндік туады.

Темперамент және мінез-құлық мәдениеті.

Темперамент адамның жалпы мінез-құлық мәдениетіне тәуелді. Мәселен, кей адам өзін тежеп тізгіндеп отыру былай тұрсын керісінше жанталасу, өршелену, ашу ыза, қуаныш, күйіп пісу секілді эмоциялық жағдайларды әдейі жасап отырады. Кейбіреулер тіпті күйгелектікке түсіп,

көріне көзге өз темпераментінің күшті не әлсіз жақтарын паш етіп, басқаларда үрей немесе аяушылық сезімін туғызғысы келеді. Мұндайлар көбіне барлық жағдайды темпераментке, жүйкеге аударып, өзінің ұстамсыздығын дәрежелілігін, жөнсіз, әдепсіз, сотқарлығын ақтағысы келеді. Бұл, тәрбиесіз, мәдениетсіз адамның қылығы.

Адамның өз мінез-құлқын қоғамды қабылданған қағидаға сәйкес ұйымдастыра алуы мәдениеттілік болып табылады. Жеке адам басқалардың жағдайымен, көңіл-күйімен санасып отыруы керек. Оларға ілтипатмен қарап, көңіл қалдыратындай әсерлер туғызбауға тырысып отырған жөн. Бұл үшін ұстамдылық қажет.

Күйіп пісіп жүретін холерик өзін тежеп тізгіндейді басқалармен орынсыз дауласа бермейді, назарын басқа жаққа аударып, қолайсыз жағдайдан бойын аулақ ұстайды. Меланхоликтің өзін-өзі үрейге де, қорқынышқа да билетпей ұстауына болады.

Мінез-құлық мәдениеті өнегелі, мінез-құлық нормалары мен принциптерін білумен шектелмейді, ол адамда тұрақты қылық пен әдептің болуынан, адамның барлық адамгершілік қасиетінен туындайды. Әртүрлі темпераменттегі адамдардың өз жеке басын құрметтеп, сыпайы, бір қалыпты мінез-құлықпен жүріп тұруына болады. Қылықты, әсіресе, темпераментті меңгеруде адамгершіліктің қасиеттерімен қатар ерік-жігердің де маңызы зор.

Темперамент және ерік.

Белгілі бір темпераментте байқалатын ерік-жігер белсенділігі оның ерекшелігін жақсы көрсетеді. Мәселен, флегматик темпераментінің негізінде еріктің тәртіпті, интеллектуалды “ақыл парасатты” формасы, холерик темпераментінің негізінде эмоциялы, қарқынды формасы қалыптасады. Сондай-ақ іс-әрекетте көрінетін мінездің қалыптаса бастаған еріктің сапалары темперамент қасиеттерін басқарып, жетекке алуға жәрдемдеседі. Күшті ерік адамды тізгіндеп, өз эмоциясын меңгеруге, импульстерін тежеуге мүмкіндік береді.

Темперамент пен еріктің өзара шарттастығы әр кез бірыңғай жұп-жұмыр болып келе бермейді. Темпераменттің сүйекке сіңген жағымсыз сапалары мінездің еріктің сапаларының қалыптасуына кедергі келтіреді. Кейде импульсивтік қасиет, әсіресе, өмірдің шешуші кезеңдерінде парасатты ерікті тізгіндейді. Бірақ қалыптасып келе жатқан ерік біртіндеп темпераментке ықпал жасайды, қажет жағдайда оны өзіне бағындырады. Психикалық үрдістердің динамикасын іштей меңгеру – жаңа психикалық ырғақтың әдетке айналуы болып табылады. Соңында табиғи динамика мінез-құлықтың еріктің ырғағымен қосылып кететін болады.

Темперамент және іс-әрекет.

Кей жағдайда адамның іс-әрекеті күшті және реакция жасауды, енді бірде бірқалыпты, байсалды қимылдауды қажет етеді. Іс-әрекеттің әрбір түрінің өзіне тән белгілі қарқыны мен динамикасы болады және адам өзі араласқан істе қажетті сапаларды қалыптастырып, дамытып отырады. Алғаш жеке адамның табиғи ерекшеліктері іс-әрекетте табысқа жеткізу не бөгеуі мүмкін, бірақ, кейіннен белгілі бір әрекетпен сан рет жабдыққан соң байырғы қасиеттер іс-әрекеттің талаптарына сәйкес бейімделе бастайды.

Мәселен, холерикке алғашқы кезде шабан қозғалысты баяу және тыныш қарқынды қажет ететін әрекетке төселу қиын, өйткені оның тума ерекшеліктері осы іске қажетті сапаларға қарама-қарсы келеді. Холерик шыдамсыздық, оқыс қимыл қозғалыс, аптығушылық байқатады. Бірақ өз қатесін есепке алып, кемшіліктерін мойындаған соң онда психикалық үрдістердің динамикасы мен жаңа қарқына дамып, орныға бастайды, сөйтіп, ақырында темперамент іс-әрекеттің талабына көнетін болады.

МІНЕЗ

Мінездің сипаттамасы

Мінез – бұл адамның әлеуметтік мінез-құлқының ерекшелігі. Ол әлеуметтік топтағы жеке адамның өмір қалпын бейнелейді және жүктелген іске, адамдарға қарым-қатысынан көрініп отырады. Күнбе-күнгі тіршілікте адам әдетте менмен не көпшіл, қайырымды не сараң, биязы не дөрекі, батыл не солқылдақ, табанды, ержүрек не байбалаңшыл болып сипатталады. Бұл сөздер арқылы адамның бір нәрсеге (моральдық қасиеттер), не мінез-құлық амалына (жеке адамның ерік сапалары) қатысы аталады. Олай болса, мінез негізінде жеке адамның моралдық-еріктік қасиеттері жатады.

Жеке адамға не адамдар тобына тән өзіндік қарым-қатынастар, мінез-құлық пен қимыл қозғалыстардың тәсілдері кісінің танымы мен іс-әрекетінде, тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінде қалыптасады.

Іс-әрекеттің әр түрлі болуына және одан алатын әсерге мінездің толысуы мен күші тәуелді болады. Жеке адам тіршілігінің өрісі тар, ол қоғамдық дамудың негізгі бағытынан оқшау жүріп жатса (отбасынан әрі аспайтын болса), онда біртіндеп оралымсыз, тартқыншақ мінез қалыптасады. Бала мінезінің қалыптасуына жанұя мен мектеп өмірінің моралдық-психикалық жағдайы үлкен әсер етеді. Қоғамда адам жөргегінен бизнесменнің, не итаршы малайдың, не жұмысшы мен ұсақ қызметкердің, фермердің психологиясын бойына сіңіре өседі. Жолдастық өзара жәрдем, ынтымақшылдық өріс алған қоғамда кеңес адамдарының бойында ұжымдық, сергектік, ілтипаттылық

мақсаттылық және табандылық сияқты тамаша қасиеттер қалыптасып отырады.

Олай болса, нақты адамның мінезіне талдау жасағанда ол өмір сүріп отырған қоғамдық – тарихи жағдайды еске алумен бірге, оның тәрбиеленуі бағытын да ескеріп отырған дұрыс, өйткені бұл екеуі адамның белгілі мінез бітімін қалыптастыратын өзара байланысты себептер болып есептеледі.

Мінез құрылымы

Мінез адам қасиеттерінің тұтас жүйесі.

Мінез – бір-бірімен белгілі қатынас байланысы бар жеке адам қасиеттерінің жүйесі, тұтас құрылым болып табылады.

И.П.Павлов /19,72/ гештальт-психологтарды қатты сынға ала отырып, мінездің тұтас құрылым екендігіне ешкім күмән келтірмейді, ал бұл жүйені бөлшектеуге ешкім де кедергі жасамайды деген еді. Ол, тұтас жүйедегі жекеленген бөліктердің әртүрлі мағынасы бар, біреулері алға шықса, екіншілері бүркемеленеді, үшіншілері кейінге шегіншектеп тұрады деп көрсетті. “Егер сіз жекеленген бітістерді түгелдей оқшау деп түсінсеңіз, онда сіз адам мінезін тани алмайсыз, сондықтан бітістердің жүйесін алып, осы жүйені талдап көру қажет, бұлардың қайсысы ең алдымен көзге түседі, қайсысы еміс-еміс көрінеді, таптырмай қояды т.б.”

Адамның мінезін, оның құрылысын немесе құрылымын анықтау дегеніміз мінездің негізгі компоненттерін, не қасиеттерін ажырату және күрделі қатынас пен өзара байланыста туындайтын өзіндік бітістерді табу деген сөз. Жеке адамның өмір жағдайымен өзара әрекеті бейнелендіретін психикалық тұрпат, қасиеттерінің тұтас жүйесі ретінде мінез ықпал әсерімен нығайып, адамның нақтылы жағдайдағы мінез-құлқын сипаттайтын жүйенің негізгі буындарын немесе динамикалық стереотиптерді әр кезде анықтауға болады.

Мінез динамикасы сыртқы шындық динамикасына тәуелді болады, оның түрліше бітістері тек бұрынғы тәжірибеге ғана тәуелді болмай, адамның қазіргі кездегі жағдайларына, оған қойылатын талап - тілектерге тәуелді болып отырады. Сондықтан мінездің құрылысын жан-жақты зерттеп және жалпыламай, өмірдің сан саласындағы мінез-құлық көріністерін жекелеп талдап, оларды тәрбие мен қалыпқа түскен өмір жағдайларына орай үнемі даму тұрғысынан қарастырып отыру қажет.

Біз қалыптасқан мінез құрылымынан, ең алдымен, оның екі жағын – мазмұны мен түрін ерекшеленуіміз керек. Бұл екеуі бір-бірінен бөлектенбейтін, органикалық бірліктегі құбылыс болып табылады.

Жеке адамның мінез құрылымын талдағанда оның объективтік шындыққа жетекші жағы ретінде алға қойылуы тиіс. Қоғамдық әсерлер мен ықпалды бейнелейтін мінез мазмұны жеке адамның өмір бағытын, яғни оның

материалдық және рухани қажеттерін, мүддесін, мұраттары мен әлеуметтік бағдарын құрайды. Жеке адамның бағыты, мақсатты, адамның өмірлік жоспарын оның белсенділік деңгейін анықтайды. Мінез мазмұны белгілі бір өзіндік дара қатардан байқалады, ол адамның тағампаздық белсенділігін көрсетеді.

Сыртқы ортаның талабына сәйкес, тәрбие әсерлеріне, өмір жағдайларына байланысты мінез мазмұнында бірінші не екінші компоненттің алға шығатындығын есте тұту қажет. Мәселен, бір адам материалдық қажеттілікті өз жеке басының бақуат болуын қамтамасыз етуге ұмтылуды алға қойып, қалған мотивтерді кейінге ысырады, енді біреу керісінше, эстетикалық қажеттілікті алға шығарып, өз тірлігін өнерге бағыштайды, үшінші біреуді ғылыми ізденістер қызықтырады да соған беріледі.

Жеке адамның әртүрлі бағыты оның жеке ұмтылыс, талаптарын ғана емес бүкіл қатынастарының жүйесін белгілегендіктен сол адамның барлық мінез-құлқына сауле түсіреді. Бірақ аталмыш жүйеде әр кез қандай болмасын бір бітіс үстемдік етеді де, ол сол адамның мінезіне өзіндік рең береді.

Кеңес адамдарының жеке басының қажеттілігімен мүдделері қоғамдық мұқтаждықтарымен тығыз байланысты, сондықтан олар мақсатқа жету жолында адамды жан-жақты дамытуға жағдай туғызатын барлық адамның сан-алуан қажеттерін қамтамасыз ететін қоғамдық өндіріс, ғылым мен мәдениеттің дамуына қамқорлық жасайды. Ұжымшыл адамның мінезі осындай бағыт-бағдармен ерекшеленеді.

Мінездің әр түрінде темперамент пен мінез-құлықтың эмоциялық-еріктік өзгешеліктері бекіп нығайған қатынастары көрініп отырады. Адамдар бір-бірінен мінез-құлық әдет өзгешеліктерімен ерекшеленеді.

Қалыпқа түскен адамгершілігі айқындала бастаған мінездің негізгі компонентіне сенімдер жүйесі кіреді. Сенімділік адам мінез-құлқының принциптілігін күресте бас имейтіндігін, өз күш-жігерін жұмсайтын істің әділдігі мен маңыздылығына сенетіндігін анықтайды.

Адамының жеке бастық сенімінің негізі болып табылатын адамгершіліктік дүниетаным оған қоғамдық жағдайларды дұрыс бағдарлап отыруға, қоғамның мақсат-мүдделерін түсінуге қоғамдық және жеке мүдденің арақатынасын дұрыс түсінуге өз мінез құлқын анықтауға мүмкіндік береді.

Кеңес адамдарына тән сенімділік мінездің ұмтылушылық принциптілік, оптимизм, өзіне және басқаларға талап қоя білушілік сияқты сипаттарынан жақсы байқалады. Сенімі берік адам сынсағаттарында қоғамдық мәнге ие мақсатына жету үшін аяңбайды, қажет болған жағдайда жанын да пиде етеді. Принципсіз жеке басын ғана ойлайтын мансапқор адам бар күш-жігерін, белсенділігін өз қамына жұмсайды.

Қажеттілік пен мүдденің басымдылығына қарай адамның өзіндік мінезі қалыптасады. Рухани немесе материалдық қажеттілік пен мүдденің өктем

болуы адамның сезімдерін ғана емес, оның іс бағытын да анықтайды. Біреу тек құлқына үшін өмір сүреді, енді біреу өмір сүру үшін тамақ ішеді де өмірді қоғамға пайдалы қызмет шығармашылық белсенділік деп біледі. Дүниеқоңыз адамдар да болады, олар тек дүние жинау үшін ғана өмір сүреді, бұл олардың рухани, адамгершілік дүниесін жұрдай етеді: топтастықты, сараңдықты, күншілдікті арттырады.

Мінез құрылымында еңбек ету қажеттілігінің, қоғамдық мүдденің басым болуы адам мінезінің белсенділігі мен тұтастығын және қоғамға пайдалылығын көрсетеді.

Мінездің табиғи және әлеуметтік жағы.

Мінез туыстан пайда болмаса да, жүйке жүйесінің, адамның табиғи жағының ерекшелігі мінез көріністерінде, оның жекеленген бітімінің қалыптасуында байқалып отырады. Жүйке үрдістерінің тең не тең еместігі, шапшаңдығы не баяулығы, күштілігі мен әлсіздігі – бұлардың бәрі адамның іс-әрекетіне, мінез-құлқына, оның реакцияларына түрліше рең береді. Мәселен, екі адамның наным-сенімі бірдей болғанмен, оның бірі – қызба, шапшаң және албырт, ал екіншісі – байсалды, парасатты болуы ықтимал.

Жүйке жүйесінің типінен басқа мінезге ағзаның басқа да ерекшеліктері: жүрек, қан тамырлары, ас қорыту, эндокрин жүйелері де әсер етеді. Осы айтылған жүйелер қызметінің бұзылуы адам мінезінің күрт өзгеруіне соғатыны байқалған.

Сондай-ақ орныққан мінез бітісі де адамның табиғи қасиеттеріне ықпал жасап отырады. Мәселен, мінез туыстан берілген қасиеттердің бірін тұмшалап, екіншісін күшейте түсуі, жаңа рефлекс байланыстарының жасалу және нығаюы есебінен үшіншісін тежеуі мүмкін.

Әр адамның мінезінен тұрақты қасиеттердің бірлігін іздестіруіміз қажет. Мінездің негізі, оның бас желісі біртіндеп қалыптасады, өмір барысында ол нығаяды да сол адамның типтік ерекшелігіне айналады, ол мінездің нақты көріністері белгілі жағдайларда қарым-қатыс ықпалымен өзгеріске түсетін болады. Оңашада, адам өзімен-өзі болған шақта азды-көпті ақ жарқынданады немесе тұйықтана түседі, батылдық не батылсыздық, табандылық не солқылдақтық байқатады.

Мінез-құлықтың көзге түсерліктей өзгеруі психикадағы уақытша жағдайларға байланысты. Көңілді адам мазасыз, жабығулы, байсалды адам – күйгелек т.б. жағдайларға түсуі мүмкін. Адам қартайған кезде де мінезде кейбір өзгерістер байқалады. Сөйтіп, мінезді тұтастай алып қарағанда ол әлеуметтік ортадан алынған әсерлердің өзіндік интеграциясы болып табылады. Табиғи-ғылыми тұрғыдан алсақ, мінез жүйке жүйесі типтері бітімен ми қыртысында орныққан белгілі, уақытша жүйке байланыстарының қорытпасы іспеттес нәрсе. Бір қарағанда адам мінез-құлқында нақты жағдайларға тәуелсіз, сыртқы әсерсіз себепсіз туа қалатындай құбылыстар,

сайып келгенде бір кезде құралған жинақталған тәжірибе мен өмірлік әсерлердің көрінісі болып шыға келеді.

Мінез өмірлік әсерлердің күрделі жиынтығының бейнесі бола отырып, жеке адамның сыртқы ортамен белсенді қарым-қатынасы ретінде қалыптасады. Сондықтан мінез туа пайда болады деу дұрыс емес. Сыртқы ортамен өз ағзасының заңдарын білетін адам тұрмыс-жағдайын және мінез құлқын өзгерте алады. Ол сыртқы жағдайдың қолайсыз теріс әсерлерін жеңіп, қоғамдық алға басу қозғалыстың алғы саптағы күрескерлерінің қатарына қосыла алады.

Мінез тек қылықпен қимыл қозғалыстардан ғана емес, бет-әлпеттен және ымнан да байқалады. Мінез жеке адамның сыртқы кейпіне әсер етеді. Мәселен, беттегі әжім бұл адамның жасы ұлғайуының ғана белгісі емес, ол сондай-ақ беттегі бұлшық еттердің әдеттегі қозғалыстарының да нәтижесі. Кейбіреулер үнемі күлімсіреп жүрсе, енді біреулер түңеріп жүреді, біреудің бетінен таңданған пішінді, екінші біреуден жаратпаушылықты байқауға болады. Күлімсіреудің өзі мінез тұрғысынан түрліше болуы мүмкін, біреу көзімен күлімсіресе, екінші біреу мұны бүкіл бет пішінімен байқатады.

“Көз – адам жанының айнасы” деген сөз бар. Шынында да, көз мінез бен темпераменттің кейбір ерекшеліктерін байқатады. Мәселен, Толстой көзді айлалы, нұрлы, мөлдір, мұңды, суық, жансыз деп бөлген. Толстой шығармалары қаһармандарының көз жанарлары олардың моралдық-еріктік не эмоциялық ерекшеліктерін тайға таңба басқандай көрсетеді.

Мінез адамның сырт қалпынан да байқалады. Мәселен тәкаппар адамдар денесін шалқайта, кеудесін керіп, басын кекірейте ұстайды. Қарапайым адам көзге түсуді қаламайды, еңкіштеніп басын мойнына тығып жүреді. Жағымпаз адам, сөйлескен адамына жаутаңдай қарап, мүләйімсіп тұрады, көз түбінен қуланған күлкі болар – болмас байқалады.

Адамның алшандай немесе қысқа адымдап жүруі, тұрысы, қолын қандай қалыпта ұстайтындығы да мінезін сипаттайды.

Адамның сыртқы түріне қарап мінезін анықтау, әрине оңай нәрсе емес, өйткені, кейбіреулер өзінің жан дүниесін сыртқы жасанды қылығымен жасырғысы келеді.

Мәселен, жарамсақтық кейде айлакерлік пен сатқындықты бүркемелеп тұруы мүмкін. Әйтсе де, адам қандай қулыққа салынса да бірде болмаса бірде өзінің нағыз бет пердесін көрсетіп алады. Бұл әсіресе, қақтығыс үстінде оқыс жағдайларда кездеседі. Мінезді танып, білу үшін адамның сөзі мен ісін салыстырып оны өмірдің сан-алуан жағдайларында байқап көру қажет.

Мінездің маңызы

Мінез адам өмірін бейнелей отырып, сонымен бірге өмір салтына ықпал жасайды. Табанды, қажырлы қайратты кісі қандай кедергіні болса да жеңіп, өзінің көздеген мақсатына жете алады, осы жолда өз еңбегін, тұрмысын

тиімді етіп ұйымдастырады, барлық мүмкіндіктерді жете пайдаланады. Осындай мінезді адам қоғамға аса пайдалы болады, өйткені ол алда тұрған қоғамдық міндеттерді шешуде белсенділік қабілет көрсетеді.

Мінез адамның жеке өзі үшін ғана емес қоғам үшін де қажет. Ұжымдық өмір мен ондағы тіршілік әсіресе, жұмыстағы әр адамның көңіл-күйі осы адамдардың мінез бітімімен де сабақтасып жатады. Кейде мінезі ауыр бір адам бүкіл өндіріс ұжымына қырсығын тигізетін кездері болады. Осындай адамның әлегінен ұжымда, тартыс, қайшылықтар туады, өсек өріс алады, бұл қалған адамдардың жұмысына, көңіл-күйіне жаман әмер етеді. Мұндай жағдайлар отбасында да кездеседі. Керісінше, ақ көңіл, жайдары адамдар айналасындағылармен сыпайы, жолдастық қарым-қатынаста болады, жұртпен оңай шүйіркелеседі, жұмыста да, тұрмыста да бір-біріне ілтипатпен карап, әр адамның қызметі мен демалысына қолайлы жағдай туады.

Мінез және интеллект

Мінез туралы сөз болғанда ойлау үрдістері емес, ең алдымен, есте қалыптасқан ақыл сапасы жайы болады. Адам ақылының теориялық немесе практикалық сипатта қалыптасуы қызмет үшін де, қоғамдағы жеке адамның мінез-құлқы үшін де немқұрайды нәрсе емес.

Адамда байқағыш, жазбай танитын қасиеттің болу-болмауы, өзгермелі ортаны тез бағдарлауға мүмкіндік беретін орамды ақылдың немесе оған керісінше, оралымсыздық пен бояулықтың тән болуы, адамның құбылыстарды терең талдай алуы, не мәселеге үстірт қарауы – осының бәрі-бәрі жеке адамды сапа жағынан сипаттайды.

Ақыл-ой жұмысының әдеттері (жұмыстағы жоспарлылық, орнықтылық, үстірттілік, шашырандылық) қалыптаса келе адамның мінез сипатына айналады.

Мінез құрылымындағы ерік.

Қалыпқа түскен ұнамды мінездің өзегі – жеке адамның ерік – жігерлілік сапасы болып табылады. Ерік-жігері күшті адам талап – тілектерінің және қылықтарының анықтылығымен, өз бетінше әрекет ете алушылығымен көзге түседі. Ол көздеген мақсатына жетуде табанды және батыл. Адамның жігерсіздігі әдетте, мінездің ынжықтығымен орайлас келеді. Тіпті білімі мол, жан-жақты қабілетті адамның өзі де егер жігерсіз болса, сыртқы жағдайлардағы және өзінің ішкі жан дүниесіндегі бар мүмкіндіктерді толық жүзеге асыра алмайды.

Ерік-жігердің бекуімен бірге мінез орнығады. Ол сыртқы жағдайлар мен өзінің өмірді түсінуіне сайма-сай әрекет ететін болады. Егер бала импульсивті белсенділік байқатса (алған әсер бойынша әрекет жасауға бейімділік), не еліктеу арқылы қимылдайтын болса, еркі жетілген ересек

адам ойланып, толғанып барып шешімге келеді, өзін қоршаған жағдаймен санасады, жағдайды зерттейді, қимыл-қозғалыстарының салдарынан туындайтын нәтижеге көз тастайды.

Жігерлі мінез нақтылығымен, тұрақтылығымен және дербестігімен, көзделген мақсатқа жетуге беріктілігімен ерекшеленеді.

Мінез құрылымындағы сезім

Сезім дегеніміз - әлеуметтік және табиғи өмірдің сан алуан жақтарына эмоциялық қатынас. Мінез туралы сөз болғанда жеке адамның эмоциялық қасиеттеріне де назар аударылады. Бұлай ету орынды да: адам өзін сезім арқылы да ашады. Адамның нені сүйіп, нені жек көретіндігі, қандай нәрсеге салғырт қарайтындығы оның шын мәніндегі өмірлік позициясын білдіреді.

Сезімдер белгілі қажеттілік және мүдде, түсінік және ұғымдар, талғам және әдетпен байланысты және адамның психикалық тұлғасымен өріле бітіскен. Адамның өмір салтын бейнелейтін психикалық әлпетіне қарай оның сезім көріністерінің сипаты анықталады. Үстем тап өкілінің сезімі оның өзімішділік талпыныстарына, жеке басының бақуаттануына не бақуатсыздануына, қайырымдылық құнының артуына немесе түсуіне ғана т.б. байланысты. Ұйымшыл кеңес адамының сезімдері бұған керісінше, ол оның қоғамдық істерімен байланысты.

Сөйтіп, сезім адам мінезінің сапалық өзгешеліктерінің көрсеткіші болып табылады. Әлеуметтік қоршау мен өмір жағдайларына байланысты қалыптасқан мінез ерекшеліктеріне орай адам шынайы құрылыстарға жан-тәнімен құмарта немесе талдап селқос қарауы, жоғары дәрежедегі - саяси моралдық, эстетикалық, интеллектуалдық сезімге ие болуы немес керісінше, жұпыны сезімді болып, ұстамсыздық, дөрекілік, долылық (аффект) көрсетуі мүмкін.

Сезімнің көзге түсуінің сипаты әлеуметтік этикалық тежеулерінің өршіп өрістеуіне, ерікті игере алудың жетілуіне тәуелді. Біреу жартылысынан эмоциялық жағынан қызба болған мен, өзін тежеп ұстай алады, енді біреу керісінше, онша қызба болмаса да өзін-өзі бақыламайды, жүгенсіздік көрсетеді.

Чеховтің әйелі О.Л.Книппер - Чеховаға былай деп жазған еді: “Сен менің мінезіме қызғанатындығыңды жазыпсың, саған менің мінезімнің туыстан қаққыл, күйгелек болғандығын айтуым керек. Бірақ мен өзімді тежеуге үйрендім, өйткені парасатты кісі өзін бетімен жібермеуі тиіс. Бұрын мен талай сұмдықтарды істейтінмін”.

Мінез және темперамент

Мінездің табиғи негізі жоғары жүйке қызметінің типтерін көрсететін темперамент болып табылады. Темперамент мінездегі байсалдылық немесе

жаңғалақтық немесе сылбырлық тонусының көтеріңкі - төмендегі, үйірсектік немесе тұйықтық, жаңа жағдайға жаңа міндетке тез, не қиын бейімделу сияқты т.б. сипаттарды анықтайды.

Темперамент мінездің басқа да жақтарын, мәселен, сезімнің тонусына (құбылыуы) қозғалыстың сыртқы мәнеріне, сөз сақтауға әсер етеді, ол ерік жігер көріністерінен бірде ерік бұлқынысы түрде енді бірде бір қалыпты, тәсілді түрде көрініс береді: темперамент шыдамдылық және төзімділікті талап ететін қабілеттен байқалады.

Бірақ темпераменттер психикалық қасиеттердің басқа жақтарымен де байланысып жататындығын және бір жағының, осы қасиетке-темпераменттің кей көріністерін әлсіретіп, бүркемелейтіндігі, екінші жағынан, өмір талабына сәйкес оны күшейте алатынын, сондай-ақ бұрын қалыптасқан әлеуметтік бағдармен адамгершілік ұғым, әдеттерге де тәуелді болатынын есте ұстаған абзал.

Қалыптасқан әдетпен дағды, мінез бітістері темпераментке әсер етеді, мінез-құлықты өзгертеді. И.П.Павлов керенау флегматиктерден белсенді флегматиктерді ажыратқанда осы жағдайды ескерген болса керек. Бұл айтылғанның сангвиниктерге де қатысы бар, бұлардың бірі істе белсенділік көрсетсе, екіншілері әбігер, бос сөзді, той-даңазаға құмар келеді, флегматикпен сангвиниктердің, осы айтылғандардың мінез-құлықтары бәрінен бұрын олардың мінез бітістеріне тәуелді болып келеді.

Сөйтіп адамның психикалық тұрпатының жеке компоненттері тұтас мінезді құрайды, бұлар біріне-бірі әсер етіп тығыз байланыста болады, оларды бірінен-бірін бөлу қиынға соғады. Әр кісінің мінезінде оның негізгі өмірлік бағытын сипаттайтын белгілі талаптары мен мүдделер өктемдік етіп отырады. Бірақ нақтылы жағдайларға талап тілекке денсаулыққа байланысты мінездің түрлі бітістері бірінен соң бірі бірде өрбіп, бірде тежеліп отырады. Адам оңашада өзінің қимыл әрекеттерінің тонусын өзгерте алады, сезімдерін тежей басқарады, органикалық қажеттерінен туындайтын импульстарын тізгіндейді, өзін тиісті моральдық, талап-тілектерінің деңгейінде ұстауға үйренеді.

Адам мінезінің түрліше құрылымда болуына орай мінез құлықтың түрліше сипаты көрініс береді. Мінездің осындай сипаттары көп. Бірақ мінездің негізгі топтары немес түрлерін анықтауға болады. Бұларға мыналар жатады: а) моральдық (қайырымдылық, ілтипаттылық, сыпайылық), ә) еріктік (тоқтамдылық табандылық, беріктік), б) эмоциялылық (қызбалық, құмарлық, мейрімділік).

Ұнамды мінездің негізгі жинақты қасиеттерін (жинақты деп аталу себебі мұнда жеке адамның көптеген сапалары сөз болады) бұдан гөрі дәлірек көрсетуге болады. Бұлардың арасынан төмендегілерді ажыратады:

Мінездегі адамгершілік тәрбиелілік. Бұл адамды мінез-құлық формалары мен бағыты жағынан сипаттайды. Мәселен, ұнамды мінезі бар адам мархабатты келеді. Ол іскер, қайырымда ғана емес қарым-қатынаста сыпайы,

ізетті, ол тек ұйымшыл. Ұйымды сүйе ғана білетін адам емес онда өмір сүріп, жұмыс істей алатын кісі.

Мінездің толысуы. Бұл адамның талпынысы мен әуестігін жан-жақтылығын, іс-әрекетінің кеңдігін дәлелдейді. Мұндай адамдар жан дүниесінің байлығы және белсенділігімен ерекшеленіп тұрады.

Кесек мінезділік. Бұл - адамның психикалық тұрпатының тұтастығы, оның шындыққа қарым-қатысының үйлесімділігі, талабы мен мүддесінде қайшылық болмауы, сөзбен істің бірлігі. “Кесек мінезділік, - дейді Эрнс Тельман, - прогресшіл адам бойынан ажырамас қасиет болып табылады”.

Айқындалған мінез. Бұл, мінез-құлықтың тұрақтылығымен, барлық жағдайда да қалыптасқан сенімге сәйкес әрекет етуден, жеке адамның өмірі мен іс-әрекетінің мән-мағынасын құрайтын, моральдық-саяси түсінік пен ұғымнан негізгі бағыттан көрінеді. Мұндай адамдардың өмірдің алуан жағдайларда өздерін қалай ұстайтындығы жайлы алдын ала айтуға болады.

Мінездің күштілігі. Бұл - адамның көздеген мақсатына жетуге жұмсайтын қуаты, бұл - жан-тәнімен құмартуға және қиындықтар мен кедергілерге кездескенде қажырлық көрсетуге қабілеттілік, бұл - соларды жеңе білу.

Мінездің беріктігі. Бұл - адамның іс әрекеттің табандылығынан, қайсарлығынан, көзқараспен тоқтамға келген шешімді саналылық пен батыл қорғай алуан көрінеді.

Мінездің байсалдылығы. Бұл – іс әрекетте және адамдармен қарым-қатынаста ұстамдылық пен белсенділіктің мейлінше үйлесімді болуы, И.П.Павловтың /22/ тілімен айтқанда индивидке өзін қиын жағдайларда ұстай алуға, амал-тәсілдерді дұрыс пайдалануға мүмкіндік беретін мінез-құлықтағы бір қалыптылық.

Мінездің осы айтылған негізгі сапалары күрделі, кейде біріне-бірі қарама-қайшы қатынастарда болады. Мәселен, мінездің күштілігімен үйлес келетін мінездің сыңар жақты тар өрістілігінің немесе адамның өмірдегі негізгі мүддесі мүшеленіп ажыратылмаған жағдайда мінездің толысқандығы жеткіліксіз айқындалатындығы байқалады. Мұның соңғысында жан-жақтылық үстірттілік, шашырандылық пен үйлесіп жатады.

Мінездің толысқандығы, айқындығы, күштілігі мінездің басқада қасиеттері сияқты туыстан пайда болған табиғат тартуы емес, тәрбие мен өмір әсерлерінің нәтижесі.

Мінездің құрылымы, жеке адамның қылығы тек қазіргі жағдайларға тіршілік пен іс-әрекеттің ықпалына тәуелді болып қана қоймай сондай-ақ, оның мінезін айқындауға себепші болған барлық өткен өмір жолына, бұрынғы алған әсерлерге де тәуелді болып келеді. Сондықтан да, мінезді зерттеуде жеке адамның тек қазіргі өмір жағдайларын ғана қарастырмай, оның қалыптасуына әсер еткен барлық күрделі және сан алуан әсерлерді біліуіміз қажет.

Түрлі жағдайларда адамға өткенде және не қазірде қойылатын талап-тілектерге орай, ол бірде табанды, екінші жағдайда табансыздық көрсетуіміз мүмкін. Мәселен, мектеп оқушыларының мінез-құлқына байқау жүргізілгенде олардың кейбірінің жақсы оқитындығы, сабақтағы табыстарын мақтаныш ететіндігі бірақ ұйымдағы қоғамдық жұмысқа селқос қарайтындығы байқалған оқушылардың енді біреулерінің қоғам жұмысына қызу қатысатындығы алған тапсырмаларын бар ықыласымен орындап, үлкен күштарлық көрсететіндігі сабақ оқуға салқын қарайтыны аңғарылған. Сабақты жақсы оқитын қоғам жұмыстарына да белсене қатысатын, ұжымда өздерін жақсы ұстайтын кейбір оқушылар үйде ата-аналарына жәрдемдеспей, туыстарына дөрекі мінез көрсетіп, олардың ақыл кеңестеріне құлақ аспайтын болып шыққан. Осыған ұқсас мінез-құлық көріністерін ересек адамдардан да кездестіруге болады.

Кейбір адамдардың мінез-құлқында түрлі қайшылықтардың болуы, бір қалыптылықтың жоқтығы олардың мінез бітістеріндегі жеке қасиеттердің кемеіне келмеуінен болады. Мектепте баланың өміріне қажетті, мәнді талаптар үнемі қойылып отырады, бұлар біртіндеп оның өзіне-өзі қоятын талабына айнала бастайды, соның нәтижесінде оқушының өз қылықтарына белгілі көзқарасы қалыптасады. Екінші бір жағдайда осындай талапта тыңғылықты қойылып отырмайды, осыған орай оқушыда өз қылықтарына, бүкіл тіршіліктеріне белгілі көзқарас қалыптаспайды.

Әрине, қажетті жағдайларда осы айтылған талаптар меңгеріліп, белгілі қарым-қатынастар жүйесіне айналады. Жекелеп көрінген, бірақ әлі беки қоймаған мінез бітістерінің сапасын көтере отырып мінездің тобыса және кесектене қалыптасуына жетуге болады. Мінездің осындай құрылымы оның алғашқы формасынан сапа жағынан ерекшеленіп тұрады.

Сөйтіп мінездің толысуымен кесектігі оның айқындығы сөзбен істің бірлігі- табиғаттың сиы емес түрлі өмір жағдайларында адамға қойылатын аталап бірлігінің нәтижесінде қалыптасатын мінез-құлық бітістері. Қалыпқа түсе бастаған қарам-қатынастар жүйесі өмірде жиі қайталана берсе, ол бара-бара адамның әдетіне ауысып, оның тұрақты мінезіне айналады.

Мінез құрылымы өмір барысында үнемі өзгеріп отырады. Өсу, даму үрдісінде адамның іс-әрекеті де, өмір жағдайлары да өзгеріске түседі. Адамға қойылатын талаптар да өзгереді, бұл жағдай жеке адам құрылымында сапалық өзгерістер туғызады.

Мінездегі даралық ерекшеліктер

Мінезді оны қалыптастыратын өмір жағдайларынан бөліп алып қарайтын метафизикалық тұрпаттағы психология адам мінезіндегі даралық пен типтілік бітістердің өзара қатынасының мәнін ұға алмайды.

Идеалистер мінезді туа бітетін кең өмірде өріс алатын адамның рухани күші деп түсіндіреді. Идеалистік психологияның кейбір өкілдері бүкіл

адамзатты барлық уақытта да өмір сүретін мырзалар мен құлдардың мінездік типтері деп аталынатын өріссіз, жасанды сұлбаға сайғысы келеді. Осындай психологтардың басқа бір тобы мінез бітістері мен типтерінің қалыптасуындағы заңдылықтарды жоққа шығарып, адам бірінің мінезін екіншісі қайталамайды және адам жазмыштан берілген мінез-құлқын өзгерте алмайды дейді. Осы секілді метафизикалық көзқарастар адам өміріндегі жалпы мен жекенің бірлігін, осы жағдайды бейнелейтін мінездегі даралық пен типтіліктің арақатынасын түсінуге шамасы келмейді.

Мінез – қоғамдық – тарихи құбылыс олай болса, уақыт пен кеңістіктен тыс жатқан жалпыға ортақ мінез де болмайды. Белгілі тарихи дәуір туғызған белгілі типтік мінез, жеке адамдар мінезі ғана болады.

Мінез иесі болып табылатын жеке адам – қоғамның мүшесі, ол қоғамда түрлі қарым-қатынасқа түсіп отырады. Қоғамның мүшесі ол таптық қоғамда – таптың өкілі бола отырып, жеке адам қоғамның, таптың басқа мүшелері сияқты белгілі экономикалық, саяси, мәдени жағдайларға тәуелді болды. Мұндай жағдайлар мінездің жалпы типтік бітістерін қалыптастырады. Адамдар мен нақты адам мінезіндегі типтік бітістер дәуір мен таптың әлеуметтік өміріндегі маңызды жайттарды бейнелендіреді.

Типтікті осылайша түсіну мінез қалыптасуының негізгі заңдылықтарын (кездейсоқ және көлденеңнен кез болған құбылыстар емес) және бұған қоса келешекте, ертеңгі күнге лайықты сапалардың қалайша қалыптасатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Олай болса, типтік мінезді белгілі адамдар ортақ басты-басты бітістер деп ұғынған дұрыс. Мұндай негізгі бітістер өмірдің жалпы жақтарын бейнелендіреді және сол топтағы адамдарда қай-қайсында болмасын азды-көпті көрініс береді. Сөйтіп, типтілік бір жағынан нақты адамның даралығын, екінші жағынан сол адам экономикалық, саяси және мәдени байланысқа түсетін басқа адамдарды да сипаттайды.

Мәселен белгілі бір ұлттың адамдары сол ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру жағдайлары мен ұлттың, тұрмыстың өзіндік ерекшеліктерінен нәр алады, ұлттық тіл мен мәдениет ықпалымен дамиды. Сондықтан да бір ұлттың адамдары өздерінің тұрмыс салты, әдет ғұрпы, мінез бітістері жағынан басқа ұлт өкілдерінен ерекшеленіп тұрады.

Бірақ ұлттың өмір сүру жағдайлары өзгерген кездерде ұлттық мінездегі типтік бітістер де өзгеріске түсіп отырады.

Типтік мінез бітістерінің ұлттық өзгешеліктерімен қатар, тап өкілдерінің күресі мен өмірін бейнелейтін типтік мінездің ерекшеліктері туралы да айтылуы қажет.

Өмір сүрудің жалпы экономикалық, саяси және мәдени жақтарымен қатар адамның мінез-құлқына сәуле түсіретін оның іс-әрекетінің жалпы жақтарын да естен шығармауымыз тиіс. Осы айтылғандармен қатар, адамның табиғи құрылымында да мәселен, жоғары жүйке қызметінің де типтік ерекшеліктерінде ортақ белгілер кездеседі.

Жалпы жақтарымен қатар әр адамның тәрбиесі мен өмірінде жеке жағдайлар да орын алады. Жалпы жағдайлардың өздері де нақты жағдайларда өзіне тән жеке формада көрініс береді. Отбасы тұрмысында әр түрлі отбасылардың мүдделерінде айырмашылық бар, кәсіп, еңбек саласындағы айырмашылықтардың да маңызы үлкен. Осы айтылғандардың бәрі-бәрі де адамның мінезінен орын тебеді. Тұрмыстағы және тәрбиедегі жеке айырмашылықтар, түрлі ықпалдың, кейде кездейсоқ әсерлердің айырмашылықтары дара бейімділік пен мүддеден, қажеттілік пен талғамнан, сезімнен, ақыл болмысынан және адам мінезінен көрініс береді.

Тұрмыстағы, әсіресе қажеттілік пен талғамдық айырмашылықтар бір қоғамдағы біркелкі топтар өкілдерінің жеке ерекшеліктерін анықтайды.

Адам өміріндегі жалпылық пен даралық, сондай-ақ жеке адамның типтік және даралық бітістері бір-бірімен қатарлас тұрған нәрсе емес, олар органикалық тұтастықта болады.

Сөйтіп, жеке адамның мінез бітістерінде оның психикалық кейпін, мінез-құлық бейнесін құрап бірімен-бірі байланысып жатқан адамзатқа ортақ, ұлттық, таптық және даралық белгілерді айтуға болады.

Адам өмірінің типтік жағдайларын бейнелейтін ерекше, елеулі типтік бітістердің жиынтығы мінез типін құрайды.

Әр әлеуметтік дәуір қоғамдық аренаға белгілі типтік мінезді әкеледі. Мінез типтерінің қай-қайсыда қоғамдық қатынастардың тарихи дамуына қарай өзгеріске түсіп отырады. Мәселен, алғашында машинаның өзінің басты жауы тұтып, мұны талқандаған бүлікшіл жұмысшының мінез типі-күрес мақсатын айқын түсінген жұмысшының типіне ауысты.

Таптың, дәуірдің типтік мінезі адам мінезінде бар сан-алуан көріністерді қамти алмайды. Сондықтан да мінездің тап, қоғам өкілдеріне пән ерекше жалпы типтерімен қатар іс-әрекет пен өмір жағдайлары бір келкі нақтылы топтағы адамдардың мінез типтерін зерттеу қажеттігі туындайды. Мәселен, жоғары сынып оқушысының, студенттің т.б. мінез типтерін ажырату қажет. Осылайша қарау зерттеушіні педагогикалық мәні бар нақты даралыққа жақындатады. Сөйтіп, мінез типі типтік бітістерге қарағанда күрделі құрылым болғанмен, ол адамдардың кейбір топтарына тән негізгі типтік белгілерді ескергенде ғана дұрыс анықталады.

Мінез типі - біршама тұрақты құрылым, бірақ ол сонымен өзгермелі де келеді. Адамның өзіне-өзінің талап қоя білу деңгейі, қоғам қажеті мен тәрбие, өмір жағдайларының ықпалымен мінез типтері дамып және өзгеріп жатады. Мінез типтерін зерттеу оларды жіктеге, олардың қалыптасуы мен көріністерінің белгілі бір заңды байланыстарына әкеледі. Мұндай жіктеудің болмауы жеке типтерді сипаттаудың кездейсоқтығына, үстірт көзқарасқа соқтырады да оның теориялық және практикалық мәні елеусіз болады.

Психологияда мінезді жіктеуге талай рет талпыныс жасады. Мәселен, осындай бір жіктеуде мінез типтері адамның ақыл-парасаты, еркі мен эмоциясының басымдығына қарай анықтаған. Расында, өмірде кез-келген

нәрсені ой таразысына салып отыратын парасатты, көңіл-күйі сезіміне орай әрекет ететін эмоциялы жандарды, мақсатты, белсенді ерікжігермен қимылдайтын адамдарды кездестіруге болады. Кейбір психологтар бұл жіктеудің өрісі тар екенін көріп, бұған аралық типтерді, айталық, парасатты-жігерлі тип дегендерді енгізген, бірақ ол тығырықтан шығара алмайды.

Жеке адамның ішкі және сыртқы дүниеге деген бағытын негізге алаған жіктеу кеңірек тараған. Бұл тұрғыдан мінез екі типке - интраверттелген (тұйық, өзімен өзі болып жүретін ойшыл), экстраверттелген (аңқылдақ, белсенді, ақжарқын адам) болып бөлінеді. Бұл типтерде де шындықты бейнелендіреді, бірақ алғашқы жіктеулер сияқты бұлда бір жақты.

Ақырында жеке адамның дербестік дәрежесіне орай типтерге бөлуде бар. Мұнда типтер конформды және дербес болып бөлінеді. Мұның біріншісіне басқа біреудің ой пікірімен санасқыш, жұрттың айтқанына тез иланып, көне қоятын, айтқан сөзді сынамай-ақ қабылдайтын, стресс жағдайларына бейімделе алмайтын адамдар жатады. Екінші типке өзіндік нанымы бар дербес пікір және нақтылы шешімге келе алатын адамдар кіреді. Осы типтің өкілдері белсенді, қажырлы, қиын жағдайларда асып-саспайтын, өз пікірін басқаларға тыңдата алатын, стресстік жағдайларда еңсесі түспейтін кісілер болып табылады. Бұлай болу эксперименттік деректермен дәлелденген.

Жоғарыда аталған жіктеулердің барлығыда бір жақты, бұларда жеке адамның адамгершіліктік қасиеттері ескерілмеген.

Мінездегі типтілік пен индивидуалды ерекшелік жайлы мәселені дұрыс шеше білу зор педагогикалық мәнге ие.

Мектеп оқушылардың белгілі мінез типтерін тек ұжымға тән типтік жағдайлар жасалғанда ғана, барлық мұғалімдер, ата-аналар оларға біріңғай талап қоя білгенде ғана. Мектеп жаңа адамдардың мінез типтерін тәрбиелеу үстінде әр оқушының даралық ерекшеліктерін жай ескеріп қана қоймайды, бұл айтылғандармен санасып, оларға тиісті баға беріп отырады. Мектеп мінездің негізі типтік бітістерін тәрбиелей отырып, жай босбелбеу біреулер ғана емес жан-жақты жетілген жеке адамдарды қалыптастырады, олардағы өзіндік ғылыми және өндірістік мүдделерді, өзіндік икемділік пен талғамды өрістетеді. Осыдан мектептің үнемі даму жағдайында болатын бала психикасындағы жалпылылық және даралықпен негізделген оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі туындайды.

ҚАБІЛЕТ

Қабілеттің жалпы түсінігі

Адамның қабілеті жайлы сөз болғанда оның іс-әрекеттің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері есте болады. Мұндай мүмкіндіктер іс-әрекеттерді меңгеруде айтарлықтай табысқа, еңбекте жоғары көрсеткішке жетуге әкеледі.

Бір келкі тең жағдайларда (дайындық деңгейі, білім, дағды білік, жұмсалған уақыт, ақыл-ой дене күші) қабілетті кісі қабілеті төмендеу адамға қарағанда істе мейлінше жақсы нәтиже көрсетеді.

Қабілетті адамның жетістігі, оның жүйкелік психикалық қасиеттері кешенінің іс-әрекет талаптарымен сәйкес келуінің нәтижесі болып табылады.

Кез-келген іс-әрекет күрделі де сан қырлы болып келеді. Ол адамның психикалық және физикалық қуатына әртүрлі талап қояды. Егер жеке адамда бар қасиеттер жүйесі осы талаптарға сай болса, онда іс-әрекетті табысты, әрі жоғары дәрежеде орындай алады. Егер осындай сәйкестік болмаса, онда индивидте қабілет болмағаны.

Міне, сондықтан қабілетті адамның басқа бір қасиетімен (заттың түстерін жақсы айыру, пропорция сезімі, музыкалық есту т.б.) шатастыруға болмайды. Қабілет әр кезде де жеке адам қасиеттерінің жиынтығы.

Сөйтіп, қабілетті іс-әрекет талабына сай және онда жоғары көрсеткішке жетуде қамтамасыз етуде жеке адам қасиеттерінің бірігуі деп анықтауымызға болады.

Қабілет қоғамдық және жеке адамдық зор мәнге ие. Экономика мен ғылымның, өнердің дамуында әлеуметтік объективтік жағдайлармен қатар адамдардың қабілеттері де маңызды орын алады. Осы айтылғандармен қатар қабілеттілік адамның дамуын жеделдетеді, еңбекте шығармашылық табысқа жеткізеді, оған материалдық және рухани ләззат береді.

Қабілеттің құрылымы

Қабілеттің әрқайсысының құрылымы бар, ондағы басты және жетекші қасиеттерді айыруға болады. Мәселен, сурет өнерінің тірек қасиеті әрекет үстінде дамып жетілетін көру талдағыштарының жаратылысынан ырғақты, бояуды, жарық пен көлеңкені, форманы пропорцияны, сызықтарды жоғары дәрежеде сезгіштігі. Тірек қасиеттерге суретші қолының сенсомоторлық сапаларыда, сондай-ақ дамыған бейнелік ес те жатады. Жетекші қасиеттерге көркем шығармашылық қиялдау қасиеттері жатады. Солардың арқасында өмір құбылыстарындағы негізгі, елеулі нәрселер көзге түседі, жалпылау және тептендіру жүзеге асады, тың композиция жасалады. Белгілі бір эмоциялық күй және қабылданатын суреттелетін құбылысқа деген эмоциялық қатынас осындай қабілетке қажетті фон міндетін атқарады.

Қабілет деңгейі

Қабілеттердің құрылымы жеке адамның дамуына тәуелді. Қабілеттердің дамуын репродуктивтік және шығармашылық деп аталатын екі деңгейге бөледі. Қабілет дамуының бірінші деңгейіндегі адам білім игеруде, іс-әрекетті меңгеруде, оны белгілі үлгіде жүзеге асыруда жоғары іскерлік

көрсетеді. Қабілеттің дамуының екінші деңгейінде адам жаңа, соны туынды жасай алады.

Әрине, бұл деңгейлерді метафизикалық тұрғыдан қарастыру дұрыс емес. Біріншіден, репродуктивтік әрекеттің қандай түрінде де шығарманың элементі болады, ал шығармашылық әрекетке репродуктивтік енеді, мұнысыз шығарма болмайды. Екіншіден, қабілет дамуының аталмыш деңгейлері өзгермейтін қатып қалған нәрсе емес. Білімді және іскерлікті игеру үрдісінде, іс-әрекет үрдісінде деңгейлердің біріншісінен екіншісіне “ауысып” отырады, осыған орай оның қабілетінің құрылымында да өзгеріске түске. Тіпті өте дарынды адамдардың өздері де өмір жолын біреуге еліктеуден бастағаны тек тәжірибеге ие болғаннан кейін ғана шығармашылыққа ауысқаны белгілі.

Қабілеттің дамуымен көрінісінің ең жоғары деңгейі “талант”, “дана” деген терминдермен аталады. Талантты және дана адамдар өнерде, ғылымда зор қоғамдық мәне бар нәтижеге жетеді. Дана адам әдебиет, өнер, өндіріс, ғылым саласында бұрым сонды болмаған, соңғы жаңалықтар ашады. Талантты адам да жасампаз, бірақ өзімдік жаңалықты белгілі идеялар, бағыттар, зерттеу тәсілдері шеңберінде жасайды.

Таланттылық даналықтың қалыптасуына аса қолайлы жағдайлар жеке адамның жан-жақты дамыған кезінде туады. Мәселен, Леонардо да Винчи, Гете, Ломоносовтар шығармашылық қызметтегі даналықтың және адамның жан-жақты дамуының үлгісі болып табылады.

Қабілет түрлері

Қабілетті осындай деңгейлермен қоса оның бағыт-бағдарына, мамандық ерекшеліктеріне қарай түрлерге бөлу қажет. Әдетте, психологияда осы бағытта жалпы және арнаулы қабілеттерді зерттейді.

Жалпы қабілет ретінде жеке адамның білім меңгерудің жеңіл де нәтижелілігін салыстырмалы түрде қамтамасыз ететін интеллектуалды қасиеттер жүйесі ұғынылады. Шетел психологиясында қабілеттің бұл түрін *intelligens* деп атайды, бұл “ақыл-ой қабілеті” деген сөздің мағынасын береді.

Арнаулы қабілет – іс-әрекеттің, мәселен, әдебиет, сурет өнері, музыка, сахна өнері т.б. арнаулы салаларда, жоғары нәтижеге жетуге жәрдемдесетін жеке адам қасиеттерінің жүйесі.

Қабілеттің аталған осы екі түрінен басқа практикалық іс-әрекетке қабілеттілік дейтін үшінші түрін де атауға болады. Бұған конструктивті-техникалық, ұйымдастырғыштық, педагогтық қабілеттер кіреді. Қабілеттердің осындай жіктелуінің негізінде іс-әрекеттің жекеленген түрлерінің (ғылым, өнер, практика) адамға қоятын өзіндік талап, тілектерін ажырата білушілік жатады.

Өмір шындығының көрсетуі басқаша.

Біріншіден арнаулы қабілеттер жалпы, ақыл-ой қабілеттерімен табиғи байланыста. Адамның жалпы қабілетінің жақсы жетілуі оның арнаулы қабілетінің өрістеуіне ішкі жағдай туғызады. Арнаулы қабілеттер өз тарапынан белгілі жағдайларда ақыл-ойдың (интеллект) дамуына жақсы әсерін тигізеді.

Екіншіден әр түрлі: әдеби, математикалық, ғылыми, өнерлік қабілеттері жоғары дәрежеде дамыған жеке адамдар аз кездеспейді. Бұл жайт қабілет түрлерін бір-біріне қарсы қоятын концепциясының жалған екендігін көрсетеді.

Үшіншіден практикалық қабілеттер шығармашылық әрекетте жоғары деңгейде дамыған ақыл-ойсыз дамымайды және іс жүзіне аспайды. Мәселен, адамның конструктивтік-техникалық қабілеті көбіне үлкен ғылыми дарынмен байланысты, дарынды өнертапқыш жиі-жиі өндіріске ғана емес, ғылымға да жаңалық енгізеді. Дарынды ғалымда үлкен конструкторлық қабілетте болуы мүмкін (Жуковский, Циолковский, Эдисон, Фарадей т.б.).

Сөйтіп, іс-әрекеттің қай-қайсысы да қабілеттің жалпысына да, арнаулысына да белгілі бір талап қояды. Адамды тар өрісті мамандыққа баулудың, қабілет аясын тарылтудың дұрыс емес екені осыдан шығады. Тек жеке адамның жан-жақты дамуы ғана жалпы және арнаулы қабілеттің көрініс беруіне, қалыптасуына көмегін тигізеді. Бұдан, әрине, адам қабілеті мен бейімділігі байқалған салада маманданбауы керек деген қорытынды шықпайды.

Демек нұсқалып отырған жіктеудің ақиқатты негізі бола тұрса да қабілеттердің нақты түрін талдайтын жеке жағдайдың әрқайсысында жалпы және арнаулы компоненттері ескерілуі тиіс.

Қабілеттер концепциялары

Психологияда қабілеттердің үш концепциясы бар. Олардың бірі – қабілеттері жеке адамның биологиялық анықталған қасиеттері, олардың көрініс беруі және дамуы атадан мұра болып қалған қорға тәуелді екенін қолдайды. Мұндай пікірді психологтар ғана емес, сондай-ақ ғылым мен өнердің (математиктер, жазушылар, суретшілер) кейбір өкілдері де қуаттайды. Мұның біріншілері өз көзқарастарын нақты зерттеулерден алған деректермен дәлелдегісі келеді. Мәселен ХІХ ғасырда өмір сүрген Гальтон таланттың тұқым қуалаушылық жолымен болатынын көрнекті қайраткерлердің өмірбаяндарын зерттеу арқылы дәлелдегісі келген. Гальтонның көзқарасын ілгері дамытқан Котас адамдарының деңгейін белгілі адамдарға энциклопедиялық сөздікте берілген орын санымен анықтаған. Гальтон мен Котас талант тұқым қуалайды, ал қоғамның айрықша жағдайлы топтарының өкілдерінде мұндай мұра ерекше мол деген тұжырымға келген /72/.

Осы ғалымдардың зерттеу әдістемесінің ғылыми сынды көтере алмайтындығын, ал тұжырымдарының бір жақтылығын айта кету керек. Халықтан шыққан атақты адамдар есімінің тарихта аз болу себебі - нағыз талант иелерінің, тіпті даналардың аштықтан, әділетсіздікпен күрес жолында қажы қаза болуынан танылмай қор болып өткендігінен деп түсіну қажет.

Қабілеттілік адам мен бірге туады дейтін канцепцияның соңғы кездегі өкілдері өз пікірлерін бір аналық ұрықтан пайда болған егіздерді зерттеу арқылы дәлелдеуге тырысуда.

Қабілеттілік тұқым қуалайды дейтін көзқарастың шындық пен сәйкес еместігін өмір шындығы көрсетіп отыр. Мұны мен бірге атақты адамдардың өмір баяндарын объективті тұрғыдан талдау көп жағдайда көрнекті адамдардың ерекше дарыны жоқ отбасынан шыққандығын, сондай-ақ, атақты адамдардың балалары жеке мен немере-шөберелері дарындылық көрсетпегенін дәлелдейді. Бұған бірнеше музыкант пен ғалымдар отбасы ғана жатпайды.

Батыс Германия теоретигі Г.Вальтер /72/ өзінің “Қабілетті балалардың мектеп қабырғасында өту жолының әлеуметтік айырмашылықтары” дейтін еңбегінде қабілеттіліктің өскен ортаға тәуелділігі шамалы, ол түгелдей әуелде орын тебетіндікке, яғни, тұқымқуалаушылыққа байланысты деп жазды. Сөйтіп, жеке адам қасиеттері тұқым қуалайды деген теория сияқты даму мәселесін жоққа шығарады.

Батыс Европаның кейбір прогресшіл пиғылдағы ғалымдарын да тұқым қуалау теориясына қарсы екенін атап өткен жөн. Мәселен Швейцария психологы В.Бобен осы жасанды доктринаға орай тәрбие шараларынан бас тарту қылмыс олар еді деп атап айтқан. Алдыңғы қатарлы ағылшын педагогы Саймон реакциялық теорияға бұдан да батыл және принципшылдықпен қарсы тұрады. “Көп типті мектепке оқушыларды іріктеп алу жүйесі негізінен таптарға бөлінген қоғамға қызмет етеді”. Онда өзінің барлық азаматтарының қабілетін пайдалануға жағдай жоқ, сондықтан да олардың дамуына шек қойылады. Қоғамның әлеуметтік құрылымы саудада өндірісте, азаматтық қызметте, армия мен юриспруденцияда жоғары қызметтердің барлығы да негізінен адамдардың шағын тобының еншісіне тиетіндей болып құрылған”.

Қабілет жайлы бірінші концепцияға қарама-қарсы екінші концепция - қабілетті түгелімен орта мен тәрбие анықтайды. Мәселен 18-ғасырда Гельвеций тәрбие арқылы даналықты қалыптастыруға болады деп жариялады.

Соңғы кездердегі көрнекті американдық ғалым У.Эшби қабілет, тіпті данышпандықтың өзі де өмірде жүре пайда болған қасиеттер мен, атап айтқанда, балалық шақта, одан кейінгі кезеңдерге, білім алу үрдісінде саналы түрде ақыл-ой әркетінің бастапқы және кейінгі бағдарламасын қалай қалып алғандығымен анықталады дейді. Біреулерге бағдарлама шығармашылық міндеттерді шешу, ал енді біреулерге тек репродуктивтік міндеттерінің шешу міндеттерін береді. Эшби еңбекті қабілеттің екінші

факторы деп санайды. Мың рет сәтсіздікке ұшырап, мың бірінші рет жаңалық ашқан қабілетті, ал екінші реттен соң мәселені шешпей тастайтын адам қабілетсіз дейді ол.

Сыртынан қарағанда екінші концепция жеке адамның дамуына шек қоймайды, адамның мүмкіндіктеріне күмән туғызбайды. Бірақ, бұл теориямен бұрында қазірде ғылыми келіспеушіліктер бар.

Өмірдегі байқаулар мен арнаулы зерттеулер қабілеттің табиғи алғы шарты болатындығын жоққа шығармайды. Іс-әрекеттің бірқатар арнаулы түрлерінде олар ерекше маңыз алады. Кейде біреудің қолайсыз ортада болғанмен қолайлы жағдайдағы адамнан қабілеттілікті артығырақ көрсететіндігі сондықтан. Керісінше, әлеуметтік тең жағдайда, мәселен, ағалы-інілілер жағдайында қабілеттегі, оның дамуындағы елеулі айырмашылықтары байқалады. Ғалымдар мидың анатомиялық құрылымында да ерекшеліктер болатындығын, бұлардың психикалық функцияларға әсер ететіндігін атап көрсетеді. Қорыта келгенде, физиологтар жүйке қызметінің туыстан болатын типтік ерекшеліктерін бұлардың да қабілеттердің қалыптасуына әсер ететінін дәлелдеп отыр.

Қабілеттегі табиғи және жүре пайда болатын қасиеттердің диалектикасы. Көптеген психологтар қолдайтын қабілет жөніндегі үшінші концепцияның өкілдері әлдеқайда дұрыс позицияда тұр.

Ғалымдарының қабілет концепциясы табиғатынан барлық адамдарға адамдық даму мүмкіндіктері тән екендігін анықтайды. Осымен бірге кеңес психологтары белгілі бір қабілеттің қалыптасуына, дамуына дара табиғи нышандардың болуының да жақсы әсер ететіндігін мойындайды. Қабілеттер қолайлы әлеуметтік жағдайларда іс-әрекет үстінде қалыптасып отырады.

Бұл концепция практика және арнаулы зерттеулермен дәлелденіп отыр.

Нышан және қабілет

Психологтар С.С.Костюк, А.Г.Ковалев, В.Н.Мясищев /7,19/ нышандарды тек анатомиялық-физиологиялық жағынан қарастырмай, мұны бәрінен бұрын жас бала іс-әрекетті алғаш меңгере бастаған кезеңде немесе кей жағдайда, белгілі бір қызметпен жүйелі түрде айналыса қоймаған ересек адамдардан байқалатын психофизиологиялық қасиеттер деп қарайды. Бұл, мәселен, заттардың түстерін жақсы ажырата алу, көру есі, музыкалық есту т.б. нышан әрекет үстінде байқалады. Мәселен, біреуге музыка, енді біреуге сурет өнері күшті әсер етеді. Бірақ бұл әлі де аздау. Жоғары сенсорлық-моторлық сапалар мен бейімділік сәйкес келетін салаларда болған күш сынаудың шешуші мәні бар.

Былайша айтқанда, нышанды әлі дами қоймаған, бірақ іс-әрекетте алғаш сынаудан-ақ көрініс беретін, қабілеттің бастапқы табиғи негізі деп білуіміз керек.

Қабілеттің мидың құрылымының белгілі бір тума анатомиялық ерекшеліктерімен, ең алдымен, оның шағын құрылымының ерекшеліктерімен байланысты болатыны сөзсіз. Мұндай ерекшеліктер жеке адамның мінез-құлқынан және бейнелендіру үрдісі сипатынан аңғарылады.

Н.С.Преображенская мен С.А.Саркисовтың зерттеулері /72/ адамның ми қыртысының үлкен жарты шарындағы жасушалардың орналасуында айтарлықтай дара айырмашылықтар болатынын дәлелдеді. Сондай-ақ ми жасушалары қабаттарының құрылымында дара айырмашылықтар болатындығы бұлардың ми қызметіне атап айтқанда қабілеттердің көрініс беруіне қатысы болатындығы талып өтілді.

Қабілеттер және жүйке қызметінің типтері

Мидың тума ерекшеліктері өмір әрекеті үрдісінде өзгеріске ұшырап отыратын адамның типтік ерекшеліктерінде тікелей көрініс береді.

Балада өте ерте байқалатын типтік ерекшеліктер-нышандар, немесе алғашқы табиғи қасиеттер болып табылады. Бұл жерде типтік ерекшеліктердің мәні көп қырлы екендігін ескерте кеткен жөн. Олар қабілет пен мінездің алғы шартын құрайды. Жалпы типтердің ерекшеліктері (белсенділіктің күші немесе тонусы, бір қалыптылық, сезгіштік және бейнелендіру үрдісінің шапшаңдық дәрежесі) қабілеттердің қалыптасуына сөзсіз әсер етеді. Мәселен, жүйке үрдісінің күші оның бірқалыптылығы және шапшаңдығымен үйлесіп (ширақ тип) жеке адамның қоғамдық белсенділігімен ұйымдастырғыштық қабілеттің қалыптасуы үшін аса маңызды көптеген ерік-жігер және коммуникативтік қасиеттерінің құрылуына қолайлы әсер етеді. В.Д.Небылициннің /69/ айтуынша жоғары сезімталдыққа ие жүйке жүйесі суреткерлік қабілеттің дамуына жағдай жасайды.

Бүкіл жүйке жүйесінің ерекшеліктерін тұтасынан сипаттайтын типтің жалпы қасиеттерінен басқа жеке талдағыштар жүйелер қызметі ерекшеліктерін сипаттайтын парциальдық типтер де болады. Осы соңғы типтік қасиеттер арнаулы қабілеттерге бәлкім тікелей қатысы болар.

Адамның ми қызметінде “төтенше үстеме” – екінші сигналдық жүйе құрылды, ол бірінші сигналдық жүйеге сүйене отырып, әлемде толығырақ, тереңірек, жан-жақты бейнелендіруге мүмкіндік береді /10/. Сол үстеме және адамдардың өмір сүру әрекетінің өзіндік ерекшеліктері арқасында адамның бүкіл мінез-құлқына, сондай-ақ таным әрекетіне ізін қалдыратын жоғары жүйке қызметінің арнаулы типтері құрылды. “Екі сигнал жүйесінің арқасында, - деп жазды Павлов және әуелден келе жатқан әртүрлі өмір салтының әсерімен адамдар суреткер, ойшыл және орта типтерге бөлінді. Соңғысы екі жүйенің жұмысын тиісті мөлшерде біріктіріп отырады”.

И.П.Павлов /10,69/ шындықты бейнелеу арқылы бейнелендіретін бірінші сигнал жүйелері басым келетін адамдарды суреткер типіне (музыкант,

жазушы, суретші) жатқызды. Екінші сигнал жүйесі басым келетіндерден дерексіз ойлауға бейім ойшыл типтер қалыптасады. Екі жүйе бір-бірімен тең түскен жағдайда ортаңғы типті құрайды.

Ортаңғы типтің өкілдері суреткер және ойшыл типтердің көптеген бітістерін өздеріне жинақтайды.

Суреткер тип, біріншіден, шындықты тұтас, толық жанды қабылдайтындығымен, ал “ойшылдар бытыратып уатады, сөйтіп оны жансыздандыратындығымен” сипатталады. Екіншіден суреткерден абстрактылы қиял басым болады. Үшіншіден, суретші тип аффект эмоциялық әсерге берілгіш келеді. Ойшыл типте керісінше екінші сигналдық жүйе біріншіден басым болады.

Бейімділік. Бейімділік - туа бастаған қабілеттің ең алғашқы белгісі, симптомы. Бейімділік баланың (не ересек адамның) іс-әрекеттің белгілі түріне (сурет, музыка) ұмтылысынан, ынтықтығынан көрінеді.

Қабілеттің табиғи алғы шарттары белгілі бір талдағыштардың сыртқы әсерді сезінгіштігінен тұрады.

Шынайы бейімділік болған жағдайда әрекетке деген зор ынталылық қана емес, шеберлікті шапшаң игеру, елеулі нәтижелерге жету байқалады. Жалған немесе алдамшы бейімділік бір нәрсеге үстірт жай таңдана қараудан немесе беріле әрекет еткенмен орташа ғана нәтижеге қол жететіндіктен байқалады. Көбінде бейімділіктің мұндай түрі иланудан, не адамның өзін-өзі иландыруынан, кейде осы екеуінің дамудың потенциалды мүмкіндігінсіз бірігіп келуінен болады.

Сөйтіп, қабілет адамның табиғи және жүре пайда болтын қасиеттерінің сомдалып құйылуы. Бірақ табиғи қасиеттер тума болғанымен еңбек үрдісінде, тәрбие жағдайында өңделіп, дамып жетіледі. Іс-әрекет үстінде бабысты қызмет үшін қажетті жаңа қасиеттер де және жетіспей жатқан табиғи қасиеттерді ауыстырғыштар да (компенсаторлық механизмдер) құрылады.

Кәсіби (педагог мысалында) қабілет және оның құрылымы

Педагогтық қызметте табысқа жету бірқатар себептермен: мұғалім білімінің тереңдігі және кеңдігімен, оның жалпы мәдениет деңгейімен, әдістемелік қарулануымен, ақырында оның жеке басының ерекшеліктерімен анықталады. Осы айтылғандармен қатар табысқа жетуде, ең бастысы қызметтің шығармашылық сипатта болуында педагогтық қабілеттің елеулі мәні бар.

Дәл болмағанмен кісідегі кейбір елеулі белгілер бойынша педагогтық қабілеттің бар-жоғын топшылауға болады. Ол белгілер: тұрақты педагогтық байқағыштыққа бейімділік, педагогтық қиялдау.

Педагогтық қызметке бейімділік

Мұғалімдік қызметке деген бейімділік ұстаздық жұмысқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға қажетті ішкі жағдайдан тұрады. Егер адамда мұғалімдік жұмысқа деген бейімділік болса, онда ол педагогтық қызметтен ләззат алады да, бар күш-жігерін өзі сүйген іске жұмсауға талпынады. Осындай бейімділіктің, ал кейінен істі жан-тәнімен сүюдің негізінде бастапқы кезде саналы түрде болмаса да балаға деген үйір сезімі, ал содан соң оларға деген айқындалған саналы сүйіспеншіліктің жатуы мүмкін.

Педагогтық жұмысқа бейімділік мектепте оқып жүрген жылдардың өзінде көрініс беруі мүмкін. Ол тек мұғалім боламын деген талаптан ғана емес, сондай-ақ жас шәкіртермен жүргізілетін қоғамдық жұмысқа ынтадан да білінеді.

Педагогтық қызметке бейімділіктің тұрақтылығы мен күшіне қарай сол адамдағы педагогтік қабілеттің қандай дәрежеде екендігін анықтауға болады. Іс-әрекет үстінде педагогтық қабілеттің негізгі қасиеттері жай көрініп қана қоймайды, одан әрі дамиды.

Байқағыштық

Мұғалімге тән жіті байқағыштық – педагогтық қабілеттің өзекті қасиеті. Бұл оқушыны ұғынуға, оның әртүрлі эмоциялық жағдайының ұшыраған қиындықтарының басты себептерін байқауға жәрдемдеседі. Байқағыштық қасиет арқасында мұғалім шәкірт мінез-құлқындағы көзге түсе бермейтін өзгерістерді қалт жібермейді және оның болашағын болжай алады. Осындай педагогикалық байқағыштық оқушыларға білім беру және тәрбиелеуді білгірлікпен жүзеге асыру жолында мұғалімнің сүйеніші болатын жеткілікті материал береді.

Педагогикалық қиялдау

Ұстаздық қабілеттің жетекші қасиеті – педагогикалық қиялдау. Бұл мұғалімге шәкірттің дамуын жобалауға қажетті. Баланың өткен және қазіргі өмірін терең білуге сүйені, мұғалі оқушының келешекте қандай жағдайда қандай болатынын топшылай алады. Логикалық оймен біте қайнасқан шығармашылық қиял педагогтық талантқа тән педагогтық тапқыштықты қамтамасыз етеді. Талантты мұғалім – жаңашыл.

Ұстазда болатын тағы басқа қабілеттер

Балалар ұжымымен істес болатын мұғалімдерге ұйымдастырғыштық қабілет қажет. Мұғалімнің мамандығына орай (тарихшы, математик, физик т.б.) басқа да арнаулы қабілеттер қажет болады. Мәселен, әдебиет пәнінің

мұғалімі көркемдік талғаммен қоса әдеби шығармашылық қабілетке ие болса, нұр үстіне нұр.

Арнаулы қабілеттерінің өрісі кең ұстаздар оқушылардың пәнге деген ынтасын арттырып қана қоймай, шығармашылықпен ойлауға машықтандырады.

Сөйтіп, педагогтық қабілетке міндетті түрде ие бола отырып, оның әртүрлі қабілеттер мен үйлесімін табу ғана жас жеткіншектерді оқыту. Тәрбиелеу ісінде зор жетістіктерге жеткізе алады.

Қабілеттердің жеке адамның басқа қасиеттерімен өзара байланысы

Қабілет – жеке адамның оқшауланып тұратын құрылымы емес. Ол адамның тұтас психикалық қалпындағы басқа қасиеттерімен табиғи бірлікте болады.

Көптеген ғалымдар мен жазушылардың айтуынша адамның іс-әрекетіне, әсіресе шығармасына оның нанымы із қалдырады.

Маңызды әлеуметтік талпыныстар адамның белсенділігін арттырады. Егер адам халқына қызмет етуді, адамзатты, тым болмаса ұжымын материалдық немесе рухани жағынан байыта түсуді мақсат тұтса, онда осы мақсат алдағы міндетті орындауға қажетті қуат береді. Керісінше, идеялық талпынысы жоқ, күнделікті күйкі тіршілікпен өмір сүретін адам қоғамдық іске күш жұмсағысы келмейді, қабілетті дамытуға қажетті қуат пен белсенділік көрсете алмайды.

Іске деген сүйіспеншілік, оған шын берілгендік – талант пен қабілеттің дамуы мен көрініс беруінің басты шарты.

Іске беріле, құмарта қарау, әрекеттің әлеуметтік маңыздылығын, оның нәтижелерін, табиғат пен қоғамдық өмір құбылыстарының (адамның шығармашылық ісінің объектісі ретінде) жеке адамға қалайша әсер етуінің күш-қуатын түсіне білумен тығыз байланысып жатады. Эмоциялық әсерлену күші бір жағынан объектінің сипатымен, екінші жағынан адамның сезімталдығымен анықталады.

Шығармашылық істің қандай болмасын адамның барлық күш-қуатын жұмсауды қажет етеді. Шабыттану мен көңіл тасудың уақытша жылт етуі үздіксіз қажырлы еңбек етуді қамтамасыз ете алмайды: бұл үшін жүйелі және белгілі тәсілмен еңбек етуге қол жеткізетін, кедергілерді жеңуге мүмкіндік беретін жігер қажет.

Мақсаттан қайтпау, батылдық, ерлік және өзін-өзі ұстай білу, табандылық және дербестілік – бұлар аса дарынды, көрнекті қайраткерлер де бөлек емес болатын ерік сапалары.

Жеке адамның еңбек сүйгіштігі мен жұмысқа аса қабілетті болуы оның іске берілгендігі мен жігеріне байланысты іске берілген адамның барлық уақыты мен күш-жігерін өзінің сүйікті ісіне арнайтыны табиғи нәрсе. Сондықтан көптеген дарынды адамдардың өз жетістіктеріне баға бергенде

еңбекқорлық пен жұмысқа қабілеттілікті бірінші орынға қоятыны тегін емес. Эдисон өз жетістігіндегі еңбек пен дарын рөлін бағалай келіп, мұнда тек бір пайыз қана даналық, ал оның есесіне 99 пайыз маңдай тері бар деген.

Жұмысқа деген зор қабілеттілік еңбек үрдісінің және мұрат тұтқан нәтижесінің салдары ретінде туады, сондай-ақ ол тұрақты еңбек әдетінің нәтижесі. Жұмысқа қабілеттілікте, әрине, табиғи ерекшеліктің де, мәселен, типологиялық қасиеттердің де (төзімділік) үлесі бар. Өнімділік жұмысты тиімді ұйымдастыруға, демек, жеке адамның жинақылығына тәуелді. Еңбек сүйгіштік қабілеттің дамуына, тәжірибенің молайуына, білімнің, іскерлік пен дағдының қалыптасуына тәуелді. Іс-әрекет үстінде қабілеттердің негізін құрайтын жүйке жүйесінің табиғи қасиеттері де дамып, машықтан түседі және әрекеттің құрамына енетін компенсаторлық және қосымша механизмдер жасалады. Соларға қарай қабілет туралы белгілі пікірге келуге болады.

Оқушыларды бақылай отырып, мұғалім біреулерін қабілеті жақсы, екінші біреулерін қабілеті шамалы деп, негізсіз айта салмайды. Былайда болып шығады: оқушы математикаға қабілетті, бірақ өз ойын ауызша не жазбаша білідруге нашар немесе тіл, әдебиет, жалпы гуманитарлық ғылымдарға деген қабілетін көрсете алады, бірақ оған математика, физика, техниканы үйрену қиынға түседі.

Қабілеттілік деп адамның білімді, ептілікті, дағдыны біршама жеңіл меңгеруіне және қандай да бір іс-әрекетпен ойдағыдай айналысуына көмектесетін психикалық қасиеттерді айтамыз.

Қабілеттілік тек іс-әрекетте ғана көрінеді. Қабылдауда, мысалы, бояу түстерінің болмашы айырмашылығын байқау, заттарды бірден “көре білу”, пропорционалды қатынастарды түсіну (суретші жұмысында), абсолюттік есіту (музыкамен айналысқанда), байқағыштық (іс-әрекеттің өте көптеген түрлерінде) т.б. көрінеді. Кейбір қабілеттіліктер жадында жақсы қалдырумен байланысты (мысалы, оқу материалын тез де берік игеруге қабілеттілік, оны жеңіл және дәл қайта айтып беру). Адамның ойлау қызметінде (материалды түсінуі, қиын есептерді шығару, ойының тереңдігі, сыншылдығы, тапқырлығы) қабілеттілік айқын көрінеді. Қабілеттілік үшін, әсіресе жазушы, өнер тапқыш еңбегінде қажетті, шығармашылық қиялдың үлкен маңызы бар.

Қабілеттілік білім, ептілік, дағды негізінде көрініп, дамығанмен, олармен ғана шектеліп қоймайды. Сондықтан баланың білімінің шамалылығын, оның қабілетінің жоқтығынан деп қалмас үшін оқушылардың қабілеттілігін анықтауда өте сақ және ұқыпты болу керек. Қандайда бір себептерден мектепте нашар оқыған, болашақта ірі ғалым болып шыққандар жөнінде кейде осындай қателіктер жіберілген. Осы себептен де қабілеттілік туралы қабілеттінің нашарлығы емес, білімінің аздығын көрсететін кейбір қасиеттері негізінде ғана қорытынды шығару дұрыс болмас еді.

Қабілеттілік жалпы және арнаулы қабілеттілік болып бөлінеді. Жалпы қабілеті күшті адам қызметтің әр түрімен де ойдағыдай айналыса береді.

Жалпы қабілеті бар оқушыларға әдетте, барлық пән жеңіл түседі де жақсы оқиды. Арнаулы қабілеттілік адамның қызметтің белгілі бір түрімен табысты түрде айналысуына мүмкіндік береді. Мысалы, математикаға, техникаға. әдебиетке, музыкаға, бейнелеу (көркем) өнеріне т. б. қабілеттілік.

Қандай да бір іс-әрекеттің әсіресе табысты, дербес және соны түрде шешілуіне жағдай жасайтын аса үздік қабілеттіліктердің ұштасуы талант деп аталады. Талантты адамдардың қатарына шығармашылық қызметке қабілеттілер жатады. Таланттылықтың жоғары сатысы данышпандық деп аталады. Қоғамдық өмірде, ғылымда, әдебиетте, өнерде т.б. принциптік тұрғыдан жаңа нәрсені ашқандар данышпан болып есептеледі.

Данышпан адам шығармашылығының өнімі іс-әрекеттің қандайының болса да дамуындағы маңызды кезең болып табылады. Данышпан адамдар адамзат дамуындағы жол көрсеткіш жарық жұлдыз қызметін атқарады, тарихи тұлға болып табылады.

Адамның қабілеттілігі, жоғарыда айтылғандай, оның бейімділігімен тығыз байланысты. Сондықтан қандайда бір іске ынта қою, оны мен жиі айналысу іс-әрекеттің осы түрдің қабілетінің барлығын көрсетеді.

Қабілеттілік таза ой еңбегі үстінде, мысалы, ғалым, жазушы, конструктор т.б. айналысатын еңбекте ғана көрініп қоймайды. Қабілеттілік дене еңбегінде де, әсіресе қызметті “жоғары” және “төмен” деп бөлмейтін, қарапайым жұмысшыны немесе ауыл шаруашылық еңбеккерлерін техникалық озық шығармашылықпен айналысуға жаңалық табуға, жоғары өндірістік көрсеткіштерге жетуге бастап отырған біздің елімізде көрініп отырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. М.: Педагогика, 1989. Т.1. 209-295б.
2. Ярошевский М.Г., Анцыферова Л.И. Развитие и современное состояние зарубежной психологии. М.: Педагогика, 1974. 230-250б.
3. Джемс У. Психология. –М., 1999. 55-75б.
4. Абрамова Г.С. Практическая психология. – М.: 2001. 44-56б.
5. Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. М.: Наука, 1991. 30-66б.
6. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: 1 т. М.: Педагогика, 1980. 160-170б.
7. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. Курс лекции. М.,1988. 66-80б.
8. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. М.: Педагогика, 1983. Т.1. 142-185б.
9. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1990. 25-30б.
10. Павлов И.П. Мозг и психика. М., 1996. 22-40б.
11. Лурия А.Р. Эволюционное введение в психологию. М., 1975. 36-66 б.
12. Выготский Л.С. Собрание сочинение. Т.2. –М., 1983. 140-225б.
13. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М., 1982. 29-4-78б.
14. Давыдов В.В., Ломшер Й., Маркова А.К. Формирование учебной деятельности школьника.- М., 1982.35-50б.
15. Абрамова Г.С. Введение в практическую психологию. М., 1995.22-60.
16. Общая психодиагностика / Под.ред. В.В. Столина, А.А. Бодалева. – М., 1987. 38-55б.
17. Муқанов М. Ми және психика. ҚМБ, Алматы, 1956.
18. Грановская Р.М. Элементы практической психологии. Л., 1988. 32-42б.
19. Гамезо М. Атлас по психологии. –М., 2001. 41-69б.
20. Милнер П. Физиологическая психология. М.: Мир, 1973. 38-55б.
21. Намазбаева Ж.И., Сарсенбаева Л.О. Специальная психология. – Алматы., 1997. С44.
22. Ярошевский М.Г. История психология. М.: Мысль, 1985. 330-355б.
23. Ждан А.Н. История психологии. М.: Изд-во МГУ, 1990. 240-295б.
24. Фрейд З. “Я и Оно”. – Тб 1991. 120-175б.
25. Жан Пиаже. Речь и мышление ребенка. М., 1997. 65-88б.

26. Беннис У., Шепард Г. Теория группового развития // Современная зарубежная социальная психология. М.: Изд-во МГУ, 1984. 124-145б.
27. Донцов А.И. Психология коллектива. М.: Изд-во МГУ, 1984. 65-90б.
28. Узнадзе Д.И. Общее учение об установке // Хрестоматия по психологии. М.: Просвещение, 1987. 102-110 б.
29. Коломинский Я.Л. Психология взаимоотношений малых групп. Минск, 1976. 55-70б.
30. Теплов Б.М. Избранные труды. Т.2. М.: Педагогика, 1985. С. 16-70.
31. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. М., 1968. 44-98б.
32. Выготский Л.С. Психология развития как феномен культуры. М., 1996. 20-35б.
33. Столин В.В. Самосознание личности. М.: Изд-во. МГУ, 1983. С.8- 70.
34. Платонов К.К. Структура и развитие личности. – М.: наука, 1986.44-50б.
35. Мерлин В.С. Структуры личности. Самосознание. Пермь. 1990. 59-75б.
36. Сарсенбаева Л.О. Современные подходы к проблеме направленности личности в психологии // Абай атындағы Алматы университеті, Хабаршы, Психология сериясы. №1(2), Алматы. 2003. 21б.
37. Фельдштейн Д.И. Психологические основы общественно полезной деятельности подростков. М.: Педагогика, 1982. 9-55 б.
38. Немов Р.С. Психология Т.-1, 2, 3.
39. Запорожец А.В. Избранные психологические труды: В 2 т. М: Педагогика, 1986. 154-221б.
40. Лурия А.Р. Ощущение и восприятие. М.: Изд-во МГУ, 1975. 4-30б.
41. Гоноболин Ф.Н. Психология. Алматы, Алматы, “Мектеп”, 1976. 75б.
42. Бодалев А.А. Восприятия человека человеком. М., 1982. 55-63б.
43. Бодалев А.А. Личность и общение. М.: Педагогика, 1983. 14-45б.
44. Гончаров В.С. Типы мышления и учебная деятельность. Свердловск. 1988 5-40б.
45. Петухов В.В. Психология мышления. - М. 1987. 6-85б
46. Ушаков Т.Н. Речь человека в мышлении. М. 1984. 40-109б. 28-40б.
47. Станкин М.И. Психология общения. – М., 2004. 22-65б.
48. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. –Алматы., 1996.
49. Выготский Л.С. Воображение и его развитие в детском возрасте // Хрестоматия по психологии. М.: Просвещение, 1987. 317-327б.
50. Брушлинский А.В. Воображение и творчество // Научное творчество. М.: Наука, 1969. С. 340-357.
51. Дьяченко О.М. Воображение дошкольника. М.: Знание, 1986.
52. Гиппенрейтер Ю.Б. Романов В.Я. Психология памяти. -М., 1999. 36-45б.
53. Громова Е.А. Эмоциональная память и ее механизмы. М., 1980. 66-85б.
54. Лурия А.Р. Внимание и память М. Изд-во МГУ, 1975. 44-99б.
55. Гальперин П.Я. К проблеме внимания // Хрестоматия по психологии. –М.: Просвещение, 1987. 166-175б.

56. Гоноболин Ф.Н. Внимание и его воспитание. М.: Педагогика, 1972. С. 5-43.
57. Ухтомский А.А. Собр. соч., Т.1 Учение о доминанте – М.:МГУ, 1950.
58. Добрынин Н.Ф. О теории и воспитании внимания // Хрестоматия по вниманию. М.: Изд-во. МГУ, 1976. С. 243-259.
59. Намазбаева Ж.И., Андреев И.В. Психокоррекция дефицита внимания // Абай атындағы Алматы университеті, Хабаршы, Психология сериясы. №1(2), Алматы. 2003. 21б.
60. Страхов В.И. Психология внимания. Саратов: Изд-во СГПИ, 1992. 56-74б.
61. Выготский Л.С. Эмоции и их развития в детском возрасте // Собр. соч., М.: Педагогика, 1982. Т.2. С.415-435.
62. Вилюнас В.К. Психология эмоциональных явлений. М.: Изд-во МГУ, 1976. 40-60б.
63. Вилюнас В.К. Психологические механизмы мотивации человека М., 1990. 218-300б.
64. Васильев И.А., Тихомиров О.К. Эмоции и мышление – М., 1980. 40-60б.
65. Богословский В.В. Жалпы психология. Алматы. “Мектеп”, 1980. 77б.
66. Гуревич П.С. Психология. –М., 1999. 55-75б.
67. Зимин П.П. Воля и ее воспитание у подростков. Ташкент: Узбекистан, 1985. 55-68б.
68. Рувинский Л.И., Хохлов С.И. Как воспитать волю и характер. М.: Просвещение, 1986.
69. Немов Р.С. Общая психология. – М., 1999.
70. Стреляу Я. Роль темперамента в психическом развитии. М.: Прогресс, 1982. 34б.
71. Симонов П.В., Ершов П.М. Темперамент, характер, личность. М.: Наука, 1984. 78б.
72. Психологический словарь / Под ред. В. Копорулиной – М., 2003.
73. Оролов Ю.М. Самопознание и самовоспитание характера. М.: Просвещение, 1987.
74. К.Жарыкбаев. Психология. Алматы, “Мектеп”, 1982.
75. Вейн А.М. Память человека. М., 1973. 60-104б.
76. Галин А.Л. Личность и творчество. Новосибирск, 1989. 8-35б.
77. Горбатенко А. Общая, прикладная психология. – М., 2002.
78. Климов Е. Основы психологии. –М., 1997. 44-56б.
79. Небылицын В.Д. Основные свойства нервной системы человека // Избр. психологические труды. М.: Педагогика, 1990. 33-45, 312-335б.
80. Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы, “Қазақ университеті”, 1993. 22-38б.
81. Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы развития современного общества // Материалы Республиканской научно-практической конференции. Алматы, 2005. 3-12б.

82. Намазбаева Ж.И. Разработка психологических проблем высшего образования. Вестник КазНПУ им.Абая Серия «Психология» – Алматы, 2002. №5
83. Намазбаева Ж.И. Психологические вопросы реорганизации образования в вузе // Международное научно-пед. издание. Алматы. 2004. 245-256б.
84. Симерницкая Э.Г. Мозг человека и психические процессы. Москва, 1989. 304б.
85. Платонов Г.К. Система психологии и теория отражения. Москва, 1986. 238б.
86. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. Алматы, Казак университеті. 2004. 312б.
87. Современная психология: справочное руководство. Москва, 1999. 688б.
88. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни. Москва, 1991. 344б.
89. Рубинштейн С.Л. Человек и мир. Москва, 1983. 240б.
90. Годфруа Ж. Что такое психология. 2 т. Москва, 1992
91. Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. Москва, 1989. 340б.
92. Намазбаева Ж.И. Что такое личность. Вестник АГУ им.Абая. Алматы, 1994. 16б.
93. Чеснокова И.И. Проблема самосознания в психологии. Москва, 1977. 420б.
94. Столин В.В. Самосознание личности. Москва, 1992. 240б.
95. Фромм Э. Душа человека. Москва, 1992. 283б.
96. Маслоу А. Новые рубежи человеческой природы. Москва, 1999. 180б.
97. Василюк Ф.Е. Психология переживания. Москва, 1989. 175б.
98. Намазбаева Ж.И. Психология. Алматы, 2005. 294б.
99. Намазбаева Ж.И., Сангилбаев О.С. Орысша-қазақша психологиялық сөздік. Алматы, 2005. 249б.
100. Темірбеков А., Балаубаев С. Психология. Алматы, 1966.

МАЗМҰНЫ

Автордан.....	3
---------------	---

Бірінші бөлім. Жалпы психологияға кіріспе

Жалпы психологияның пәні	4
Жалпы психологияның міндеттері.....	11
Қазіргі кезеңдегі психология және оның ғылымдар жүйесіндегі орны мен салалары	13
Жалпы психологияның принциптері	20
Жалпы психологияның әдістері	23
Психиканың даму кезеңдері туралы қазіргі кездегі түсініктер, сана туралы ұғым	33
Жануарлардың әлемінің эволюциялық дамуы	37
Жануарлардың құбылмалы дара мінез-құлқы.....	39
Жануарлардың интеллектуалдық мінез-құлқы.....	43
Адам және жануарлар психикасының айырмашылықтары.....	48
Адамның санасы мен тілі.....	50
Сананың негізгі қасиеттері.....	52
Өзіндік сана сезім.....	53
Сана және санадан тыс құбылыстың байланыстары	56

Екінші бөлім. ПСИХИКАНЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Орталық жүйке жүйесінің құрылысы мен қызметі. Қоршаған әлемді қабылдау	58
Ақпаратты қабылдау, өңдеу және сақтау блогы.....	62
Іс-әрекетті бағдарламалау, реттеу және қадағалау блогы.....	63
Мидың қызметінің негізгі физиологиялық механизмдері туралы жалпы түсініктер.....	64
Психиканың рефлекторлық сипаты.....	66

Үшінші бөлім. ШЕТЕЛ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Бихевиоризм.....	70
Фрейдизм.....	72
Гештальтпсихология.....	73
Жан Пиаженің генетикалық психологиясы.....	75
Батыс елдер психологиясының дамуының негізгі тенденциялары	77

Төртінші бөлім. ТҰЛҒА ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТ

Тұлға мәселесіне теориялық тұрғыдан шолу.....	79
Балалар тұлғасының қалыптасуы.....	82
Адам іс-әрекетінің психологиялық сипаттамасы	84
Адам іс-әрекетінің құрылысы.....	91
Іс-әрекеттің түрлері.....	101
Іс-әрекеттің психологиялық сипаттамасы.....	103
Топ және ұжымдағы тұлғааралық қатынастар.....	107

Бесінші бөлім. ТОП ЖӘНЕ ҰЖЫМДАҒЫ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

108

Алтыншы бөлім. ПСИХИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Түйсік және қабылдау	123
Түйсік пен қабылдаудың түрлері	125
Қабылдаудың негізгі ерекшеліктері	135
Ойлау және сөйлеу	139
Ойлау мен сөйлеудің арақатынасы	140
Ойлаудың түрлері және оның даралық ерекшеліктері	143
Сөйлеудің физиологиялық механизмі	147
Сөйлеудің түрлері	148
Қиял және елес	151
Қиял және оның өзге психикалық үрдістерімен байланысы	151
Елестің түрлері	156
Ес	161
Ес жайындағы теориялар	161
Естің түрлері	164
Естің даралық және типтік ерекшеліктері	168

Жетінші бөлім. ТҰЛҒАНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Зейін	178
Зейіннің құрылымы мен қасиеттері	181
Сезім және эмоция	186
Сезімнің физиологиялық негіздері	186
Эмоция теориялары	188
Жоғарғы сезімдер	194
Ерік	196
Еріктің физиологиялық негіздері	198
Жеке бастың еріктік сапалары	200

Темперамент	201
Темпераменттің типтері және олардың психологиялық сипаттамасы	206
Темперамент және ерік	211
Мінез	212
Мінездің табиғи және әлеуметтік жағы	215
Мінездегі даралық ерекшеліктер	221
Қабілет	224
Қабілеттің жалпы түсінігі	224
Қабілеттер концепциялары	227
Әдебиеттер тізімі	243

